ЕР ЕСІМІ — ЕЛ ЕСІНДЕ

Үш соғыстың ардагері



Ұлы Жеңістің 60 жылдық мерейтойы қарсаңында Ескелді аудандық ономастикалық комиссиясының ұйғарымымен, Бақтыбай (Елтай) ауылы тұрғындарының қалауымен Карл Маркс көшесі Өкімбай Саурамбеков көшесі болып өзгертілген болатын. Көшеге мемуарлық тақта орнатылып, үйлердің қабырғасына атамыздың есімі жазылды.

Күнде таңертең атамыздың көшесімен мектепке беттеп бара жатқан жас жеткіншектерді көріп, Өкімбай Саурамбеков есімі өшпес тұлғаға айналған екен-ау деп қуанамын. «Ер есімі ел есінде» деген осы болса керек!

1916 жылы дүниеге келіп, 1938 жылы Қызыл Армия қатарына шақырылған, 1939-1945 жылдар аралығында жапон, фин, Ұлы Отан соғысына қатысып, белуардан қан кешіп, туған ауылы Өтенайға омырауын орденге толтырып оралған Өкімбай Саурамбеков атамыз пәни дүниеден өткенше мәңдай терін төгіп, елінің еңсесін көтерген азаматтардың алды болды.

Қалықтап биік жерге қыран қонған,
Жақсы көп ел ішінде жыр-ән болған.
Қазақтың тарихында батырлар көп,
Есімі ел ішінде ұран болған.

«Болар бала – бесіктен»
бабам айтқан,
Қан майданда ерлікпен дараланған.
Өкімбай омырауы орден толы,
Сұрапыл үш соғыстан аман қайтқан.

Ерлігің атақ берді өлмейтұғын,
Тәуелсіздік ту тіктік өрлейтұғын.
Ұрпағы бар, елі бар Өкімбайдың
Намысы мен шырағы сөнбейтұғын.

Мақтанышы – ұл-қызы қазағымның,
Әрқашан төріндесің санамыздың.
Көшемізде есімі жазулы тұр
Саурамбеков Өкімбай атамыздың.

Төлеухан ӘБІЛХАМИТОВ,
қарт ұстаз, ҚР білім беру ісінің үздігі.
Ескелді ауданы.

Құттықтаймыз!



Бар ғұмырын елдің өркендеуіне арнаған, 20 жыл бас агроном, 20 жылдай бөлімше меңгерушісі, бас экономист, тәуелсіздік алғаннан бастап «Дихан ата» кооперативі және «Мұрагер» шаруа қожалығының төрағасы, Ұйғыр ауданының Құрметті азаматы, ардақты әкеміз **АҚЫЛБЕКОВ Әсетті** 75 жасқа толған мерейтойымен және аяулы анамыз **ТАУБЕКОВА Күлмариямен** шаңырақ құрғандарының 55 жылдығымен құттықтаймыз!

Отбасында үш ұл, үш қыз тәрбиелеп, 21 немере, 10 шөберенің ортасында шуақтарын шашып отырған шаңырағымыздың құты – әкешіміз бен анашымыздың өмірлері бәрімізге өнеге.

Әкешім – асқар тауым мәпелеген,
Біздерді биіктерге жетелеген.
Арқаңда ойнап-күліп, шалқып жүрміз,
Бақыт қой бір өзіне еркелеген.

Тамырыңнан нәр алып, жайқаламыз
Мақтанышпен атыңды айта аламыз.
Анамызбен елу бес жыл отасқан,
Ғұмырларың жазылмаған жыр-дастан.

Екеуің де ұрпақтың айбары боп,
Береке мен бірліктің қаймағы боп.
Құдай берген ғұмырды бірге жасап,
Жүріңдер үлгі-өнеге қайнары боп.

ІЗГІ ТІЛЕКПЕН: бауырлары – **Серікбай-Ырсалды,** балалары – **Ерлан-Шакизат, Еркін-Нұржан, Алик-Клара, Нұрлан-Балжан, Аман-Ғалия, Азамат-Меруерт, Назым-Дәурен,** немерелері – **Назгүл-Дәурен, Гүлназ-Бақтыбай, Дархан-Айнұр, Айбек-Бота, Дастан-Әйгерім, Дарын, Еркебұлан, Мирас, Жасұлан, Дана, Темірлан, Марғұлан, Дәулет, Айшолпан, Әния,** жиендері – **Айнұр, Айбар, Әлібек, Шыңғыс, Абылай, Шернияз, Бекарыс, Кәусар, Айерке,** шөберелері – **Еңлік, Азамат, Нұртас, Елдана, Бектас, Айбатыр мырза, Іңкәр, Бағым ханшайым, Айжұлдыз** және **Санжар төре.**



Қаратал ауданы, Қарақұм ауылының тұрғыны, асыл анамыз **НАМАЗБЕКОВА Нұрсәлімді** 75 жылдық мерейтойымен құттықтаймыз!

Өз бақытын, қуанышын өзі әкелген перзенттерінің қылығынан, қызығынан іздейтін аяулы Анам менің! Сізге әлемдегі бар жақсы ізгі тілекті үйіп-төксемде аз.

Алла сізге ең алдымен мықты денсаулық берсін! Әрқашан жүзіңізден мейірім нышаны кетпей, айналаңызға нұрыңызды шашып, аналық бақытқа кенеліп, әкеміз **РЫМЖАН** екеуіңіз қол ұстасып, бала, немере, шөберелеріңіздің ортасында бірге жүре беріңіздер!

ІЗГІ НИЕТПЕН: балаларыңыздың атынан ұлыңыз – **Тілеш,** келініңіз – **Айгүл,** шөбереңіз – **Тәуекел.**



Балқаш ауданы, Бақанас ауылының тұрғыны, асыл аға, ардақты бауырымыз **ДЕМЕУҚҰЛОВ Жеңіс Жұмағалиұлын** 9 мамырда 70 жасқа толған торқалы тойымен шын жүректен құттықтап, қардан да аппақ көңілден ізгі тілегімізді жолдаймыз. Отбасы бағын ұрпағы, ұл-қызы, жары ашқан, сыйластығы жарасқан отбасының, ұлды-қызды бауырларының, ағайын-туыс, әулетіңнің ақылман, тірегі болып, қарапайым болмысыңдағы қамқор пейіл, жанашыр көңіліңмен ортамызда биік беделге, мәртебелі мерейге ие болған, аяулы аға, туған күніңіз құтты болсын! Қуанышыңның арнасы, өміріңнің жалғасы әлпештеп өсірген перзенттеріңнің қызығына кенеліп, басыңыз аман, деніңіз сау, ғұмырыңыз ұзақ болып, Алланың нұрына бөлене беріңіз!

Жол бастаған Ақ кемеміз желкенді,
Емен-тірек, асқар тауым еңселі!
Бөлене бер, рахымына Алланың,
Ұрпағыңмен қанат жайып өркенді!
Ақ тілегі бауырлардың, Жан Аға,
Әулетіңнің шаттық-тойын базарлап,
Бүгіннен де нұрлы болсын ертеңің.

ІЗГІ ТІЛЕКПЕН: бауырларыңыз – **Әділхан-Зәуреш, Мұрат-Күләш, Дәулет-Гүлшат, Аманқұл-Гүлнәр, Қуат-Динаш.**



Панфилов ауданы, Әулиеағаш ауылының тұрғыны асыл жар, асқар таудай әке, ардақты ата, ауылдық округтің бас маманы **БҮЙЕНБАЕВ Игембай Тұрағалдыұлы** 9 мамыр 60 жасқа толып отыр. Асқаралы жасқа жеткенше айналасындағыларды ренжітпей, бәрінің көңіліне қарап келген. Сол арқылы туысқа сыйлы, досқа адал, маңайына жағымды. Ұрпағына адал жол көрсетіп, олар үшін аянбай тер төгіп, еңбектенуде. Баласы үшін барын беретін жанның жүрегі шуаққа, бойы қуатқа толы.

Ардақты жан мерейлі мерекеңіз құтты болсын! Басыңыз бақты, астыңыз тақты болсын. Өмір атты сапардағы, әр күніңіз сәтті болсын, көңіліңіз шатты болсын. Немерелеріңіз бен шөберелеріңіздің ортасында шаттанып, бақ тауып жүре беріңіз. Сізден өнеге алған ұрпағыңыз мақтанып, шынайы қуанышпен күле берсін.

Кереметтен құралсын көңіліңіз,
Тамашамен тоғысып өміріңіз.
Ұрпағыңыз текті де тәрбиелі,
Болашаққа артады сеніміңіз.

Күн нұры бойыңызға шуақ берсін,
Санаңызға тек жақсы сұрақ келсін.
Жүзге дейін жаңылмай жететіндей,
Жаратқан бойыңызға қуат берсін.

ҚҰТТЫҚТАУШЫЛАР: зайыбы – **Лашын,** балалары – **Әлібек-Жанат, Медет-Динара,** немерелері – **Жанарыс, Шұғыла, Әліби, Бұлбұл, Бекарыс, Абдулрахман,** жолдастары – **Нұрдәулет-Ардақ, Дәулетқазы-Жаңыл.**



Жамбыл ауданындағы Шолаққарғалы орталау мектебінің орыс тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі **БЕКЕНОВА Жанат Төлешбайқызын** мерейлі 50 жасқа толуымен шын жүректен құттықтаймыз!

Әріптесіміздің білім ордасында жұмыс істегеніне жиырма жылдың жүзі болды. Осы жылдар ішінде Жанат Төлешбайқызы ұжымға өз ісін жетік білетін білімді маман, білікті басшы, шәкірттеріне ұлағатты ұстаз ретінде танылды. Көп жылдар бойы мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары қызметін жемісті атқарып, оқу-тәрбие жұмыстарының ұтымды ұйымдастырылуына өзіндік үлкен үлесін қосты.

Ұлағатты ұстаз кәсіподақ комитетінің төрайымы ретінде мектептің қоғамдық өміріне де белсене қатысады. Жұбайы Марат екеуі бүгінде ұлынан балдан тәтті немере сүйіп отырған бақытты ата-әже.

Сыйлы әріптесіміз Жанат Төлешбайқызына еңбегіңіз жемісті болып, алдағы уақытта да әріптестеріңіз бен шәкірттеріңіздің, ағайын-туған мен ауылдастарыңыздың құрметіне бөлене беріңіз деген ақ тілегімізді арнағымыз келеді.

Құтты болсын алдағы
Елу – мерей жасыңыз.
Сізге айтар ақ тілек –
Өрге қарай қашанда
Домаласын тасыңыз.
Шөбереден, шөпшектен
Босамастан қасыңыз,
Кезегімен келетін
Сексен, тоқсан дейтұғын
Белестерден асыңыз.
Қуаныштар көбейіп,
Шашу ғана шашыңыз, –

деген ең бір ізгі тілектермен әріптестер атынан құттықтаушы – **Ләззат Жиенқұлова.**



Алматы қаласының тұрғыны, әулетіміздің берекесі, барлығымыздың ақылшымыз, шаңырағымыздың көркін киргізіп отырған асыл анамыз **НҮСКЕНҚЫЗЫ Гүлнарды** 50 жасқа толған мерейтойымен шын жүректен құттықтаймыз! Бүкіл өмірін балаларына арнап, өмірлік серігіне адал жар, ардақты ана бола білген, бүгінде ұлын ұяға қондырып, немерелерінің сүйікті әжесі болып отырған ардақты, ана сізге қажымас қайрат, зор денсаулық тілейміз. Айналаңызға шуағыңызды шашып, ұзақ өмір сүріңіз демекпіз.

Мінезіңнің міні жоқ майда қоңыр,
Бір жымисаң кетеді жайнап өңір.
Ризамыз пейіліңе дархан дала,
Айырмасын шаттықтан қайран өмір.

Мейірімнің нұры тұнып жанарыңа,
Қарайсың әкеміздің жанарына.
Балаларың бақытқа бөленеді,
Көзіңнен күннің нұры тамады да.

Төріңнен күн жоқ қонақ толастаған,
Күй шалқып, отауыңда жарасқан ән.
Ананы қазақ тәнір санапты ғой,
Өзіңнен бұл фәниде жан аспаған.

Анажан, түсір күткен келініңді,
Жоғалтпа ұрпағыңа сеніміңді.
Жүре бер шаңырақтың құты болып,
Аспанға атайын мен бөрігімді.

ІЗГІ НИЕТПЕН: Ербол әулеті.

БӘРЕКЕЛДІ!

«Жасыл экономиканың» жүлдегері

Астанада Жасыл экономиканы қолдау және G – Global-ды дамыту коалициясының ұйымдастыруымен «Жасыл Қазақстан» атты I республикалық форум өтті.



Форумда «Жасыл баспасөз» республикалық байқауының жеңімпаздарын «Үздік телехабар», «Үздік телесюжет», «Үздік радиобағдарлама», «Газеттегі үздік мақала», «Үздік интернет-ресурстағы ақпарат» номинациясы бойынша марапаттады. Аталмыш байқауда әріптесіміз, облыстық «Жетісу» газетінің тілшісі **Қажет АНДАС** «Газеттегі үздік мақала» номинациясы бойынша жүлделі екінші орынды жеңіп алды. Елімізде тұңғыш рет өткізіліп жатқан байқауда жүлделі орыннан көрінген жалғыз облыстық газет журналисі екенін айта кеткеніміз жөн. Бұл – қаламы қарымды тілшіні тәрбиелеген ата басылымның мақтанышы, жеткен жетістігі.

Экология тақырыбында қалам тербеп, тұрмыстық қалдықтарды қайта өңдеу саласын зерттеп жүрген Қажет Андас биылдың өзінде Еуропалық одақтың Орта Азиядағы Internews өкілдігі жүзеге асырып отырған «Орталық Азиядағы қоршаған орта және табиғи ресурстар мәселелерін тиімді жариялауға арналған медиа» жобасында жеңімпаз атанған болатын. Мұнда ол «Қатты тұрмыстық қалдықтарды қайта өңдеу» тақырыбындағы жобасын сәтті қорғап шықты.

Республикалық «Жасыл экономика» байқауының жүлдегері, халықаралық дәрежедегі жобаның жеңімпазы, қадірлі әріптесіміз Қажет Андасты шын жүректен құттықтаймыз! Тың тақырыптарға түрен салып жүрген ізденімпаз тілшімізге қаламыңыз мұқалмасын, жазарыңыз таусылмасын демекпіз.

«ЖЕТІСУЛЫҚТАР».

Облыс бойынша 7-12 мамырға арналған ауа райы болжамы

7 мамыр күні түнде жаңбыр жауады. Кей жерлерде найзағай ойнап, шығыстан және оңтүстік-шығыстан секундына 9-14 м. жел соғады. Ауа температурасы 7 мамырда түнде 10-15, кей жерлерде 18, 8-9 мамырда 10-15, кей жерлерде 7 градус жылы, мезімнің екінші жартысында температура 20-25, 27-32 градусқа дейін көтеріледі.

РЕГАТА

Желкенді жел көрнеді

Туризм саласы экономиканы дамыту көздерінің бірі болып саналады. Елімізде туризмді дамыту үшін барлық қажетті мәдени, тарихи, географиялық және климаттық жағдайлар жеткілікті.

Осы орайда облысымызда көптеген іс-шара жолға қойылып, туризмді дамытуға және халықты туризм саласына тартуға жағдай туғызып келеді. Оның бірі жыл сайын ақ желкенін көтеретін Іле-Балқаш регатасы.

Мамырдың алғашқы күні Іле өзені жағалауындағы «Таңбалы тас» шатқалында регатаның ашылу салтанаты өтті. Іле-Балқаш регатасының ашылу салтанатында облыстық туризм басқармасы бастығының міндетін атқарушы Бақытжан Оразбаев сөз сөйлеп, қатысушыларды Қазақстан халқының бірлігі күнімен құттықтап, сәт сапар тіледі. Жиынға «Табиғат» экологиялық одағының президенті Мэлс Елеусізов, аталмыш фестивальдің жетекшісі Владимир Покусов қатысты.

Жыл сайын ұйымдастырылатын халықаралық регатаға бес мыңнан аса турист жиналып, Іле бойын дүбірге бөледі. Салтанатты шараны негізгі ұйымдастырушы облыстық әкімдік пен «Табиғат» экологиялық одағы. Тағылымы мол істің бастамашысы Мэлс Хамзаұлы туризмді дамыту жолдарын қарастырып қана қоймай, Іле-Балқаш регатасына тартып, Балқаш пен Іле өзенінің экологиялық жағдайы жайлы әңгіме қозғап келеді.



Биылғы регатада қызықты ойындар көп болды. Спорттық шара бойынша Іле өзенінің айдынына желкенді қайықтар шықса, жағада тау туризмінен «Іле – 2017» атты республикалық жарыс ұйымдастырылды. Тауға өрмелеген жас альпинистердің қарасы көп. Барлығы да мықты дайындықпен келгенін көрсетіп, шеберліктерін шыңдай түсті.

Ұлттық спорттық ойындар да назардан тыс қалмады. Салтатты қыз-жігіттер қонақтардың көңілін көтерді. Көкпар мен қазақ күресі өз алдына бөлек әңгіме. Боз кілемге шыққан балуандар талайға таңдай қақтырды. Биыл «Регата бөрісі» деген атаумен ұйымдастырылған күресте нағыз сен тұр, мен атайын деген жігіттер белдесті. Оның сыртында жағажай волейболы мен пейнбол бәсекесі де ұйымдастырылды. Ең қызығы, кешкітұрым, күн ұясына кіргесін жағалауға алау жағылып, регатаға келушілер гитарамен ән шырқады.

Ресми ашылудан кейін дәстүрлі әншілеріміз бен эстрада жұлдыздары әннен шашу шашып, жастардың көңілін көтерді. Бір айға созылатын регата мамырдың 28-і күні мәреге жетеді. Осы аралықта Іле өзенімен сапар шегетін қайықтар Балқаш көліне жетуі керек. Еш кедергісіз, уақытынан бұрын мәреге жеткен қайықшы жеңімпаз деп танылып, арнайы жүлдеге ие болады. Тек қайықшылар ғана емес, регата кезінде ұйымдастырылған барлық мәдени шараның жеңімпаздары анықталады.

Әмір САНА.

Газетіміздің келесі саны 11 мамыр, бейсенбі күні шығады.

Жетісу

ҚҰРЫЛТАЙШЫ: Алматы облысының әкімдігі

Меншік иесі: "Өлке тынысы" ЖШС

Директоры: Мейрам ЖАНӘДІЛОВ

Директордың қабылдау бөлмесі: 41-09-51

Бас редактор: Әміре ӘРІН

Эл. мекенжайымыз: WWW.Zhetysu-gazeti.kz Эл. поштамыз: Jetisu2002@mail.ru

Газет Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитетінде 2015 жылғы 4 желтоқсанда тіркеліп, № 15725-Г куәлігі берілген.

Қабылдау бөлмесі және факс – **41-10-46**, *бас редактордың орынбасарлары* – **41-10-47, 41-10-49,** *жауапты хатшы* – **41-10-50,** *бөлімдер* – **41-10-43, 41-10-68, 41-10-71,** *уақыт және әлеуметтік мәселелер бөлімі* – **41-10-52,** *фототілшілер* – **41-10-53,** *жарнама бөлімі* – **41-10-51**.

Алматы қаласындағы тілшілер қосыны – **279-13-37** *(факс),* **279-13-86, 279-36-43.**

Меншікті тілшілер: Панфилов – **9-12-27**, *Іле және Қапшағай қаласы* – **8-777-016-44-11**, *Жамбыл* – **8-701-254-97-55**, *Талғар* – **8-701-400-28-49-96**, *Қарасай* – **8-701-347-60-32**, *Еңбекшіқазақ* – **8-701-212-00-96.**

Газет табыс етілмесе – 8 (7282) 60-11-21 телефонына хабарласу керек.

Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты.

Компьютерде 16-шы қаріппен терілгенде 6 беттен асқан материал қабылданбайды.

"Жетісу" газетінің компьютер орталығында теріліп, беттеледі.

Газет аптасына үш рет — сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.

Суреттердің сапасы үшін редакция жауап береді.

БІЗДІҢ МЕКЕНЖАЙЫМЫЗ:

Талдықорған қаласы, Жұмахан Балапанов көшесі, 28-үй, 4-қабат

Газет Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32-үйде, "Алматы — Болашақ" АҚ филиалы "Офсет" баспаханасында басылады.

М. 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10 П. 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10

Тапсырыс — 676.
«Өлке тынысы» ЖШС басылымдарының жалпы таралымы 58 639, оның ішінде «Жетісу» газетінің таралымы — 34 586.
Индексі — 65469.

Кезекші редактор: Мәулен ӘНЕРБАЙ.

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru



Серік МҰҚАНОВ,
Алматы облыстық
Мәслихат хатшысы:


- Ұлыстың ұлы күні Наурыз - ежелгі заманнан қалыптасқан жыл бастау мейрамы. Қытымыр қыстың беті қайтып, күн мен түн теңеліп, табиғат ана гүлденіп, күллі тіршілік иесі қайта түлеген шақ.

НАУРЫЗ – тек қазаққа тән мейрам емес, бүкіл шығыс халықтарында мыңдаған жыл бойы тойланып келеді. Бұл күнді халық арадағы реніштi ұмытып, кінәні кешіретін, жастары жасамысына сәлемін, қарттары ұрпағына батасын беретін күн деп біледі.

Осы орайда, Жетісу жұртшылығын ырыс пен молшылықтың мерекесі Ұлыстың ұлы күнімен құттықтаймын!

СЕМИНАР

МЕМЛЕКЕТТІК-ЖЕКЕМЕНШІК
әріптестік тетігі сөз болды



«Біз Алматы облысын мемлекеттік-жекеменшік әріптестік шеңберіндегі жобаларды жүзеге асыруда көшбасшылардың бірі деп есептейміз», - деп атап өтті «Қазақстандық мемлекеттік жекеменшік әріптестік орталығы» АҚ төрағасының орынбасары Ғалымбек Мамраев Талдықорған қаласында ҚР Ұлттық экономика министрлігімен бірлесіп өткізген көшпелі семинары кезінде сөйлеген сөзінде.

Семинар барысында облыс әкімінің міндетін атқарушы Лаззат Тұрлашов Мемлекет басшысының тапсырмасын орындау мақсатында облыста МЖӘ дамыту бағытында ауқымды жұмыстар атқарылып жатқанын атап өтті.

Биылғы жылы 20 млрд. теңгеге 11 жобаны жүзеге асыру жоспарланып отыр. 2018 жылы құны 36,6 млрд. теңге болатын 47 жоба қолға алынған. Атап айтқанда, 37 балабақша, тұрмыстық қатты қалдықтарды жинақтайтын 9 полигон, 1 музей.

- Мемлекет басшысы «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» атты Жолдауында МЖӘ мемлекет пен бизнестің бастығы жалпыұлттық міндеттерді қалай бірлесіп шешетінінің айғағы ретінде атап көрсеткен еді. Сондықтан біз бұл бағытта нәтижелі жұмыс істеуге тырысудамыз. Ол үшін инвестор тарту жұмысы белсенді жүргізілуде. Жалпы 2020 жылға дейін Алматы облысында мемлекеттік-жекеменшік әріптестік негізінде құны 56,6 млрд. теңге болатын 66 жобаны жүзеге асыру көзделіп отыр, - деді Л. Тұрлашов.

Семинар барысында Ұлттық экономика министрлігінің Бюджеттік инвестиция және МЖӘ дамыту департаментінің директоры Н. Аязбаев сөз алды. Өз сөзінде Н. Аязбаев бүгінгі күні МЖӘ дамытудың елімізде нормативтік-құқықтық базасы қалыптасып, жеке серіктесті анықтаудың процедуралары оңайлатылғанын тілге тиек етті.

МЖӘ жобасының типтік конкурстық құжаттамалары, экономиканың жекелеген салаларында МЖӘ-ні жүзеге асыру тәсілдері бойынша МЖӘ-нің типтік келісімшарттары туралы «Қазақстандық МЖӘ орталығы» АҚ төрағасының орынбасары Ғалымбек Мамраев түсіндіріп берді.

Семинар барысында кәсіпкерлер мен жергілікті атқарушы органдардың алдынан шыққан алғашқы кездердегі проблемалық мәселелер туралы талқыланды. Сол сияқты семинарды ұйымдастырушылар қойылған сауалдарға толықканды жауап берді.

Семинарға Алматы облысы мен Алматы қаласы әкімдіктерінің өкілдері қатысты.

Дерккөз:
zhetysu.gov.kz.

БРИФИНГ

ЖАҢА ЖОБА АВТОРЫ



Еуропалық Одақтың Орта Азиядағы өкілдігі саналатын Internews жүзеге асырып отырған «Орталық Азиядағы қоршаған орта және табиғи ресурстар мәселелерін тиімді жариялауға арналған медиа» жобасы аясында ұйымдастырылған байқауда облыстық «Жетісу» газетінің тілшісі Қажет Андастың «Қатты тұрмыстық қалдықтарды қайта өңдеу» тақырыбындағы жобасы жеңімпаз атанып, Еуропалық Одақтың грантын ұтып алды. Бұл туралы жаңа жоба авторы өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен кезекті брифингте айтып берді.

Әлемдік экологиялық жағдайды орнықтыру мәселесімен Еуропалық Одақ біраз жылдан бері күресіп келді. Өткен жылдың маусым айында аталған одақтың Орта Азиядағы өкілдігі «Орталық Азиядағы қоршаған орта және табиғи ресурстар мәселелерін тиімді жариялауға арналған медиа» жобасын іске асырған болатын. Ондағы мақсат Орта Азия елдерінде экология тақырыбын қозғайтын журналистер желісін құру және осы арқылы қоғамның қоршаған ортаға деген көзқарасын қалыптастыру.

- Бұл байқауға Орталық Азияның бірнеше елінен 16 жоба ұсынылды. Үш күнге созылған сайыс барысында мен ұсынған жобам үздіктер қатарына ілікті. Өткен жылдың желтоқсанынан биылғы наурыз айына дейін Еуропалық одақтың грант комитеті мен облыстық «Өлке тынысы» ЖШС ортасында құжаттар әзірленіп, жақында ғана екі тарап ресми келісімге отырып, аталған жобаны атқару жұмыстарын бастап та кеттік. Осы ретте, аталған жобаның Орталық Азияда қазақ тілінде алғаш рет қорғалған жоба болғанын айта кеткім келеді. Жалпы гранттың құны 3500 еуро көлемінде тұрақтанды. Ал, енді жобаны іске асыру үшін «Жетісу» телекомпаниясы, І. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университетінің физика-математика факультеті, облыстық экология департаменті және «ЭкоСервбис-Арман» ЖШС-лармен серіктесіп жұмыс жасауға келістік, - дейді жоба авторы.

Брифинг барысында әріптесіміз өңірде қатты тұрмыстық қалдықтарды өңдеу ісінің артта қалғандығын да тілге тиек етті.

- «Өкінішке орай, өңірімізде медицина қалдықтарын жоюды жүзеге асыратын Іле ауданы мен Талдықорған қаласында «Интермед» ЖШС, қағаз қалдықтарын өңдейтін Қарасай ауданындағы «Қазақстан қағазы» АҚ, шыны сынықтарын шығаратын Іле ауданындағы «САФ» АҚ, пайдаланылған аккумуляторларды өңдеуді жүзеге асыратын Талдықорған қаласындағы «Қайнар АКБ» ЖШС-дан өзге арнайы қалдық өңдейтін өндіріс жоқ деуге болады. Бұдан өңірімізде қатты тұрмыстық қалдықтарды қажетке жарату ісінің артта қалғанын көруге болады», - деді ол.

Спикердің сөзіне сүйенсек, Жетісу өңірінде жыл сайын 800 мың тоннаға жуық тұрмыстық қатты қалдық шығарылатындығы анықталған. Оның 350 мыңы Алматы қаласына тиесілі болса, қалған 450 мың тоннасы өңір елді мекендерінің еншісінде деген сөз. Ал, бүгінде облыста жинақталған қалдық көлемі 9 млн тоннаға жеткен. Облыстық экология департаментінің ақпаратына сенсек, өңіріміздегі 741 елді мекенде жалпы көлемі 1113,6 гектар 513 заңдастырылған күл-қоқыс үйіндісі мен полигоны бар. Ондағы тұрмыстық қалдықтарды жинау және тасымалдау міндеті облыстағы 17 мемлекеттік коммуналдық кәсіпорын мен 20 жекеменшік кәсіпорынға жүктелген. Олар бүгінгі таңда тек 254 елді мекендегі қоқысты полигондарға тасымалдауға ғана қауқарлы. Осының салдарынан өңірлерде өндірістік және тұрмыстық қалдықтармен айналысу саласындағы заңбұзушылықтар жиілей түскен.

Мәселен, Панфилов ауданындағы «Жаркент – Арасан» шипажайына таман тау беткейлеріндегі ескі уран кеніштерінен шығарылған үйінділер мен ұңғымалар радибелсенділікпен ластанудың қаупі аймақтың экологиялық қауіпсіздігіне үлкен қатер төндіруде. Бұған, облыстық мәслихатының 2005 жылғы шешімімен осындағы екі бірдей уран ұңғымасынан шыққан үйінділерді өңдеуден өткізіп, жерді қайта қалпына келтіру жұмыстарына 16 миллион теңге ақша бөлінген. Ал, қалған бес барлау ұңғымасының радиациялық жағдайы зерделенбеген. Қала берді, Текелі және Рудничный кеніштеріндегі кен қалдықтары қоймасындағы жағдай да тура осындай.


Қ. НҮСІПБАЙ.

Сайт: WWW.Zhetysu-gazeti.kz e-mail: Jetisu2002@mail.ru

Жетісу
1918–2017

№42 (18318), 15 сәуір, 2017 жыл

ТҰСАУКЕСЕР



Әсем табиғатымен тамсандырған, шаттықтан шапағатты ән салдырған, аспанмен астасқан асқар тауы мен айна көлдерінен көркемдік төгілген Алакөлде кеш өтті. Қасиетті өлкеде жаңа кітаптың тұсауы кесілді. Талайдың тісі бата бермейтін тарих тақырыбын тереңнен толғап жүрген әріптесіміз Қазақстан Журналистер одағының мүшесі, ақын, зерттеуші Қажет Андастың «Ұлы Дала шежіресі» жинағы жалпы жұртқа жария болды.

Ұлы Даланың өткені мен бүгінін саралап, қазақ құндылығын даралап, қатпар-қатпар тарихтан тарқатылған туындының тұсаукесері Үшаралда өтуінің ерек сыры бар. «Әдебиет әлемі» баспасында басылған кітап облыс әкімі Амандық Баталовтың қолдауымен жарық көрген. Аудандық кітапхана ұжымы ұйымдастырған салтанатты шараға жиналғандардың қарасы қалың. Олай болуы да заңдылық. Салтанатты шараның алғы сөзін алған қаламгер жұртшылыққа жинақтың мақсатын таныстырды. Ол өз сөзінде:

– *Біз қазақ мәдениетінің тарихы тек бір-екі жүз жылдықтан емес, сонау арғы дәуірден бастау алатынын естен шығармауымыз керек. Ендеше айтар ойымды сонау ежелгі, ескі тарихтағы біздің өңірге қатысты ақиқаттардан бастап, оны сол құндылықтардың жалғасы болған Қазақ хандығы және сол тұстағы тұлғалар өмірімен өріп, бүгінгі дәуірмен ұластыруды жөн көрдім. Қазір мемлекетіміз қалыптасқан белесінде, біз өз тарихымызды осы заманғы ғылымның биігінен пайымдауға және ұлттық тарихтың бөлінбейтін бейнесін қалыптастыруға тиіспіз,* – деп жинақтың жазылу жөнін жеткізді.

Қаламгер жайында бірі білер, бірі білмес. Сондықтан шара басында Қажет Андас жайлы бейнеролик көрсетіліп, қысқаша өмірбаяны таныстырылды. І. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университетінің ғылыми қызметкері, бірнеше кітаптың авторы, ҚХР ШҰАР университетінің заң, ШҰАР пединститутының қазақ тілі мен әдебиеті факультетін, І. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университетінің журналистика факультетін және «қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығының магистратурасын бітірген. Көптеген облыстық, республикалық жыр мүшәйрасының жеңімпазы. «Парасат жолы», «Жетісу баспасөзінің тарихы», «Өткен күнде белгі бар», «Алты жол өлең», «Жерұйық мекен» жинақтары жарыққа шығып, ел мерейіне бөленген. Сондай-ақ, «Алматы облысының мәдениеті мен өнері» кітабы Тұңғыш Президент кітапханасына сақтауға алынған. Осының өзінен қаламгердің қарымын, ерекше дарынын байқауға болады. Оқырманның көңілін жаулаған туындылары «Көкжиек», «Елдіктің алтын тұғыры» атты альманахтарға енгендігі де сөзімізге дәлел болса керек. Баспасөз беттерінде мыңдаған мақаласы жарық көріп, түрлі ғылыми-танымдық басылымдарда жүзге жуық ғылыми зерттеуі жарияланған. Қаламгер кейінгі жылдары аударма және драматургия саласында қалам тербеп жүр.

Танымдық, ақпараттық тақырыптар топтастырылған жинақты қолына алып, оқып шығуға әркім құмар-ақ. Себебі мұнда қазақ хандығы жайындағы күрделі сұрақтардың жауабы мен тың деректер тоғысқан. «Ұлы Дала шежіресі» халқымыздың руникалық жазба мұралары, ежелгі дәуір тарихы мен әдебиетін және фольклорын зерттеуде табылмайтын жинақ. Қасиетті өлкенің тарихына көз жіберіп, ол жерді мекендеген халықтың салт-дәстүрін зерделеп, көне ғасырдан сыр шертетін жәдігерлерді зерттеп, кейінгі ұрпаққа мұра етіп қалдыруды мақсат тұтады. Сол арқылы да оқырманға көп мағлұмат берері даусыз.

Бір сөзбен айтқанда бүгінгінің жетістігі кешегі бабалар салған сара жолда сайрап жатыр. Міне, сол ұлы істердің ізі болып, қазірге дейін жалғастырып келе жатқан ұрпақ екендігіміз зор мақтанышпен тарқатылады. Кештегі лебіздер шымылдығын түрген аудан әкімінің орынбасары Алмас Абдинов қаламгермен алғаш танысқан тұсты тілге тиек етіп, өткен өмірді тарихи таным тұрғысынан жеткізген жинақтың құнын жоғары бағалады. Салтанатты түрде кітаптың тұсауын кескен аудан ақсақалдары ақын Тезекбай Садиев пен Жеңіс Жұманов жазушыға мемлекет тарихын зерттеудің жауапкершілігін сезіне отырып, том-том тарих пен толағай тұлғалар туралы нақты жазғаны үшін алғысын айтып, ризашылығын жеткізді. Ақын Тезекбай Садиев қаламгер турасында қиынға соғатын тарих тақырыбына жүрексінбегендігін батылдыққа балап, көп ізденгендігін, әр тақырыпқа түйіндеме жасай отырып, толық мағлұмат бергендігін айтып өтті. Қаламгердің әріптесі, ғасырлық тарихы бар облыстық «Жетісу» газетінің тілшісі Құралбек Сәбитов бас редактор Әміре Әрін бастаған ақ тілекті ағайынның құттықтауын жеткізіп, ақынды ардақтаған алакөлдіктерге алғысын айтты. Жалпы, үлкен екі бөлімнен тұратын жинақтың алғашқысында жазушы тарихи сабақтастықтың Қазақ хандығымен өзектесіп жатқанын жеткізсе, екінші бөлімінде түркітану мәселелеріне мән беріліп, көне түркі танымында ұғымдарды үлкен танымменен айтып өткен. Сондай-ақ, Ұлы Даланың шежіресінде ел үшін, жер үшін жарғақ құлағы жастыққа тимеген тұлғалармен қатар қазақ әйелдерінің қадір-қасиеті де қаламға арқау болған. Біз бұдан жазушының анаға деген құрметін байқаймыз. Анасын қадірлеген қаламгердің анасы да Алакөлге ат басын бұрды. Перзентіне деген ақ тілегін, алғаусыз көңілін жеткізген ақжаулықты Әуезхан Мазай ұлының иығына шапан жауып, тұңғышының тынымсыз еңбегін тілге тиек етті. Шара барысында сөз алған жазушының қаламдас әріптестері ақын Ерлан Жүніс, сазгер Жангелді Немеребаев, әнші Жандос Смағұлов ақынның шығармашылық өрісінің өркендеуіне сәттілік тіледі.

Ауданның ардақтысы, зейнеткер ұстаз Үлдаш Ерғалиқызы шаттықты тілегімен, ақ батасын беріп шара шымылдығын жапты.

Ай НИСА.

ЖҮЗ ЖАСАҢЫЗ!

ОБЫРДЫҢ ЕМІ – алдын алу

Ауырмаудың жолын іздеген дұрыс-ақ. Бірақ кейде кеш қалатынымыз рас. Ағзада сырқат белгісі байқалған жағдайда емді жылдамырақ бастаған жөн. Денсаулықты уақытымен тексертіп, күмән туындаған жағдайда ем-шара жасатудың қатерлі ісік дерті үшін маңызы зор. Еліміз бойынша жылына 30 мың адам обыр дертіне шалдығады екен. Зерттеушілер скрининг жүйесі бойынша кеселді ерте анықтап, асқынудың алдын алмаса дертке шалдығушылар санының бұдан да арта түсетінін айтып, дабыл қағуда. Талдықорған қаласындағы облыстық онкология диспансерінің директоры Болат СЕЙІТҚАЗИН сырқаттанудың алдын алу жайлы кеңінен айтып берді.

– Қатерлі ісік созылмалы ауру қатарына жатады. Қатерлі ісіктің бірінші жасушасы пайда болғаннан рентген, эндоскопия, УДЗ зерттеулерімен анықтауға болатын кезге дейін 10 жылдай уақыт өтеді. Оған дейін анықтау мүлде мүмкін емес. Кеселдің тез дамып, өсетін түрі бар. Ол көбінесе нәрестелерде кездеседі. Шарана дертке анасының құрсағында жатқанда душар болады. Бірақ ондай сырқат өте сирек кездеседі, – дейді облыстық онкологиялық диспансердің директоры Болат Ахметұлы. Дәрігердің айтуынша, бүгінде қатерлі ісікті сегізінші-тоғызыншы жылдары анықтау мүмкіндігі туындаған. Белгілері байқала қоймаған 0,1,2 сатыларда анықтаудың емі сөзсіз нәтижелі болар еді. Бұл орайда скринингтік жүйе қолданылуда. Скрининг – сүт безі, жатыр мойны, тоқ ішек, тік ішек қатерлі ісіктерін ерте кезде анықтауды мақсат етеді. Адамдарды скрининг бағдарламасы бойынша зерттеу тегін. Тексертуге шақыртылған адамдарда сырқат сол жаста жиі кездесетінді дәлелденген. Дүниежүзі бойынша зерттеу нәтижесі осылай. Нысаналы жастағы адамдардың денсаулығы жіті қадағаланатыны сондықтан. Зерттеу өте қымбатқа соғатындықтан, барлық адамды бірдей тексеру мүмкін емес. Скрининг – көбінесе ісікалды ауруларын анықтауда медицина қызметкерлерін машықтандыру мақсатында жүргізіледі. Денсаулық сақтаушылар тұрғындардың скринингтік тексеруге баруда әлі де шабандық танытып жатқандығын айтады. Нысаналы жастағы адамдарды скрининг зерттеулеріне шақыру оңай емес көрінеді. Дәрігерлер тұрғындардың тексерілуге он шақты рет шақырғаннан кейін әреңкелетінін айтады. Кейбіреулер зерттеуден үзілді-кесілді бас тартатын көрінеді. «Басқа салғанын көреміз. Бәрі Жаратушының қолында», – деушілер асықпайды екен. «Сақтансаң сақтаймын» деген тәмсілдің де бары оларды ойлантпайтын көрінеді. Күнделікті тұрмыс-тіршіліктің күйбеңімен тексерілуді ұмытып, естен шығарып алатындар үшін бүгінде скринингтік жүйенің жұмыс істеп жатқаны жайлы халық көп жүретін жерлерде радио арқылы хабарланып жататынын құлағымыз шалып қалады. Бірақ бойкүйездік денсаулығымызды тексертуге жар бермейтіні шындық.



– Қатерлі ісіктің алғашқы белгілеріне себепсіз салмақ жоғалту, тәбеттің төмендеуі, қатерлі ісік пайда болған органның жұмысының нашарлауы жатады. Мысалы, өңеш қатерлі ісігінде жұтқыншақ тырнап, ауырсынып, кептеледі. Асқазан қатерлі ісігінде тамақты аз көлемде ішкеннің өзінде ұзақ уақытқа дейін тамақ толып тұрғандай, қорытылмағандай, батып ауырғандай сезіледі.


Тоқ ішек пен тік ішектің қатерлі ісіктері – дәретте қан немесе қанның іздері байқалады. Ішек кеуіп, дәреттің зорға шығуы, кейде себепсіз іш өтіп, бұрап ауырады. Көзге көрінетін қатерлі ісіктерге: тері қабыршығы, ауыз қуысы, сүт безі, қалқанша без, қынап, жатыр мойны және тік ішектің ісіктері жатады. Егерде аталған органдарда түйін, жара байқалса дереу учаскелік дәрігерге көріну керек. Ал учаскелік терапевт ары-қарай қай маманға, қандай зерттеуге жіберу керектігін шешеді. Сырқаттануға не себеп екені болатыны жайлы пайымдайықшы. Зерттеушілердің айтуынша, басты себеп – зиянды әдеттер. Темекі шегу – өкпе, кеңірдек, ерін, өңеш, асқазан, ұйқы без, қуық органдарының қатерлі ісігіне әкеліп соғуы мүмкін. Арақты мөлшерсіз ішу – асқазан, бауыр, ұйқы безі, өңеш обырының пайда болуына әкеліп соғады. Дене қимылының аздығы, сондай-ақ, артық салмақ тоқ ішек пен тік ішек, сүт безі қатерлі ісігінің пайда болуына себепкер. Сары аурумен ауырған адамда бауырдың ісігі жиі кездеседі. Жыныстық қарым-қатынастың мәдениетін сақтамағанда – жатыр мойны, жатыр сарбезі, ерлердің қуық асты безі обыры пайда болады. Сүрленген, қақталған, кептірілген, консервіленген тағамдарда ащы, тұзды заттар шамадан тыс көп болады. Тағамда көкөністердің аздығы, не болмауы ағзаның ауруға қарсы тұру мүмкіндігін азайтады. Мысалы, американдықтар иммунитетті жақсарту үшін тамақ алдында шырын ішіп, тамақтан кейін жеміс-жидек жейді. Арақ-шарапты минералды сумен араластырады. Сондықтан да, американдықтарда асқазан рагі өте сирек кездеседі. Американдықтар тамақты мөлшерсіз көп ішкеннен тоқ ішек пен тік ішек, сүт безі, жатыр мойны, ерлерде қуық асты безінің обыры жиі кездеседі.

Адам осы аурудың барына сезіктенсе қайда қаралу керектігін назарыңызға сала кетейік. Ағзаңыздағы өзгерісті байқап, күмәндансаңыз бірден учаскелік дәрігерге барған дұрыс. Себебі, жолдамамен тексерілсеңіз барлығы тегін. Өз бетінше қаралатындар, асқазаны ауырса – фиброгастроскопия, өкпе ауырса – флюрография, рентген, бауыр, бүйрек, ұйқы безі –УЗИ, компьютерлік томография, тоқ ішек пен тік ішек ауырса – колоноскопия, сүт безі ауырса – маммолог дәрігерге, жатыр қынап, ішкі жыныс органдары ауырса – гинеколог дәрігерлерге көрінген дұрыс. Сырқат тұқым қуалай ма деген сұрақ төңірегінде Болат Ахметұлын сөзге тарттық. Өйткені, кез-келген сырқаттың атаанадан берілетіні жайлы жиі естиміз.

– Егер ата-анасы, әпке, аға, бауырлары ауырса балаларында міндетті түрде қатерлі ісік пайда болады деп айтуға болмайды. Дегенмен, қатерлі ісіктің пайда болуына қауіп жоғары екені рас. Сондықтан туысында обыр ауруы анықталса, міндетті түрде алдын алу шараларын жасау керек.

Қатерлі ісік – өмірдің соңы емес. Бірақ әлемді сырқат дерті меңдеп тұрған қауіпті шақта дәрігерге уақытымен тексеріліп тұрған абзал. Адам денсаулығының 80 пайызы өмір сүру салты мен күтінуіне, 10 пайызы қоршаған ортаның өзгерісіне, қалған 10 пайызы ғана медицинамен байланысты екенін тағы бір ескерте кетейік.

Гүлжан ТҰРСЫН



Фумырдария

Ұзақ жасаудың сыры



Табиғаты тұмса, ауасы ерек, көркемдігі бөлек Жетісуда ұзақ жасаған жандар жетерлік. Оған себеп өңіріміздің тамаша табиғаты болса керек. Сөзімізге дәйекті дәлел келтірсек, облысымызда 100 жастан асқан 92 қария бар. Ғасыр жасаған қарттардың ең үлкені – 114 жаста. Бүгінгі заманда бұндай жасқа жетудің өзі бір арман. Ғасыр жасаған ғажайыптың сырын білу үшін Талдықорған қаласындағы 103 жастағы тыл ардагері, ардақты ана Күләнда Мықтыбаеваның өнегелі сөзін естіп, көзін көріп қайттық.

Технология дамып, табиғи өнім қалып бара жатқан заманда ұзақ жасаған жандардың өмірі еріксіз елеңдетеді. Жүз жасаған жандар біздің өңірде де баршылық екендігі көңіл қуантады. Облыс орталығында жасы ұлғайған 9 қарт бар. Көңілі толып, тасыған дария, жақсылығы өзгелерге жария болған қариялардың өмір өнегесі әрқилы. Міне, сондай ардақтының бірі – Күләнда әжеміз. Жасы жүзден асса да қоғамда айрықша орны бар анамыздың қалын біліп, ширақтығын ұғынып, шаттанып қалдық. Негізгі жасы 103. Бірақ біздің көзімізге көңіл сергектігінен бе әжеміз, 80-ді алқымдағандай көрінді. Сөзі тың, жүрісі нық, көңілі тоқ. Басты бақытын балаларым, ұрпағым деп біледі. Тұла бойы жылылыққа тұнып тұрған кейуананың 5 баласы, 17 немере, 22 шөбересі бар.

– Бүгінгі күнімізге мың да бір шүкір. Қазіргі ұрпақтың амандығына, тыныштығына қашан да тәубе етіп, Аллаға алғысымды айтып отырамын. Біз бұл жасқа келгенше көптеген сара жолдан өттік, небір сұрапылды, небір қиындықты өткердік. Ұрпақ үшін аянбай еңбек еттік, ыстық-суыққа шыдам таныттық. Ұйқысыз, күлкісіз күндер мен тынымсыз түндерді де көп көрдік. Аш құрсақ болдық, жыладық, құладық, бірақ тағдырдың тезіне сынбадық. Сөйте жүріп, күле білдік, сыйластық пен шаттықтың бағасын біле білдік. Адамдық құндылықты қашан да алға қойдық. Жақсылық ойлап, соны ғана үміт етіп оянып, соны ғана үміт етіп көз ілдік. Міне, сол мол мейірім, кең пейіліміз осы жасқа жетелеп келді. Балаларыма айтарым адам жүз жасап, ұзақ өмір сүргісі келсе татулықты тірек етіп, кең болулары керек. Бастысы ұзақ жасау – ең үлкен бақыт. Сын сағаттар ешқашан болмасын, Жаратқан жастарымды қорғасын, – деп ел амандығын тілеген ақжаулықты ана ақ батасын берді.

Иә, қарияларымыз үшін басты бақыт – балалар қуанышы. Сол үшін де аянбай еңбек етіп, тынбай тер төкті емес пе?! Жасы жүзге жетсе де әдемі әзілімен, кестелі сөздерімен сыр төгіп әңгімесін айтқан ана жүрегінен таусылмас жылылықпен қатар ұзақ жасаудың сырын сездік. Дуалы аузынан, телегей-теңіз ақылынан жас күніндегі келбетін аңғардық.

Құралбек СӘБИТҰЛЫ.

Тақырыпқа орай:

Қатерлі ісікке қарсы тағамдар



● *Сарымсақ иммунитетіңізді көтеріп, қанды тазартады. Қатерлі ісіктің алдын алу үшін күніне екі сарымсақ жеген дұрыс.*



● *Сәбіз – қуықасты безінің қатерлі ісікке шалдығуынан сақтайды. Оның құрамында бета-каротин мен антиоксиданттар өте көп.*




● *Саңырауқұлақ – обырды болдырмауға көмектеседі.*



● *Көк шай – қатерлі ісікке қарсы қолданатын сусын. Оның құрамындағы антиоксиданттар бүйректің қатерлі ісігін баяулатып, ас қорыту жолдарын жақсартады.*



● *Қызанақты күн сайын жеңіз. Бұл – қатерлі ісікпен белсенді күресетін көкөніс түрі. Қызанақтың сыртын қызыл түске бояйтын ликопен ағзаңызды зиянды заттардан қорғап, жүрек ауруын болдырмайды.*



● *Куркума – қуықалды безі қатерлі ісігінен қорғайды. Өйткені, оның құрамында көптеп кездесетін куркумин жасушалардың өсуін баяулатып, санын азайтады. Бұл емдеу әдісін қатерлі ісіктің бірнеше түріне қарсы қолданады.*

КОЛЛЕДЖ МЕРЕЙІ

Жеміс ті он жыл

Талдықорған қаласындағы Бизнес, құқық және жаңа технологиялар колледжі өзінің 10 жыл тарихында өңірімізге аса қажетті 3 мыңға жуық мамандарды даярлады. Ғылым мен техниканың жедел дамыған, озық ақпараттық мәліметтер ағыны күшейген заманда өңіріміздің әлеуметтік – экономикалық дамуына аса қажетті орта кәсіптік білікті мамандарды даярлау колледжіміздің негізгі міндеті болып келеді.

Еңбек нарығының сұраныстарына талдау жасай отырып, түлектердің жұмысқа орналасуы, мамандықтардың сұранысына қарай экономика, заң, ақпараттық, аудармашылық қызмет, білім беру бойынша кадрларды дайындайды. Колледждің 10 жыл ішінде атқарылған жемісті жұмыстары жетерлік. Алға қойған міндеттері мен талаптары да жоғары.

Тәжірибелі, кәсіби сауатты, білікті кадрлық құрамы қалыптасқан колледж 2006 жылы құрылған. Бүгінгі таңда жоғары білімді, білікті 32 оқытушы дәріс береді. Оқу орны екі мәрте мемлекеттік аттестаттаудан өтіп, №KZ39LAA00006095 мемлекеттік лицензиясын алған. Колледждің материалдық техникалық базасында 0201000 «Құқықтану», 0516000 «Қаржы (салалар бойынша)», 0512000 «Аударма ісі (түрлері бойынша)», 0105000 «Бастауыш білім беру», 1305000 «Ақпараттық жүйелер (қолдану салалары бойынша)» мамандықтары бойынша оқу кабинеттері жабдықталған. Сонымен қатар, колледж кітапханасы оқулықтар, оқу әдістемелік кітаптар, электрондық оқулықтар, ғылыми әдістемелік басылымдармен қамтамасыз етілген.

Бәсекеге қабілетті мамандар даярлауда колледждің ғылыми әдістемелік қызметі 2010 жылдан бастап қала, облыс көлемінде ғылыми практикалық семинар, конференциялар, байқау, әдістемелік кеңестер ұйымдастырып келеді. Облыс көлемінде 10 ғылыми іс-шара өз деңгейінде ұйымдастырылып өткізілді. Жыл сайын жас мамандармен толығып отыратын колледж жас ұстаздарға арналған «Жас маман» байқауын өткізеді. Сонымен қатар, тәжірибелі ұстаздар арасында шебер сынып, үлгілі ашық сабақтар, ашық тәрбие сағаттары, тренингтер, дебаттар, дөңгелек үстел, кеңестер, кездесулер ұйымдастырылды.

2012 жылы «Үздік кәсіптік білім беретін мекеме» облыстық байқауында колледж «Жетістік жолында» номинациясы бойынша облыстық білім басқармасының Құрмет грамотасымен марапатталды.

Оқу орны оқытушылардың біліктілігін арттыру мәселесіне көп көңіл бөледі. Жыл сайын «Өрлеу» біліктілікті арттыру орталығынан, «Кәсіпқор» Холдингінен, педагогикалық шеберлік орталығынан кәсіби біліктіліктерін шыңдайды. Аймақтық облыстық ғылыми практикалық семинар конференцияларға білімгерлерді қатыстырып, ғылыми жұмыстарын, жобаларын қорғап келеді. Оның дәлелі – жыл сайын ұйымдастырылатын Кіші Ғылым Академиясы ғылыми тәжірибелік конференциясында білімгерлердің жоғары жетістікке жеткендігі.

Колледждің тәрбие жұмысы сегіз бағыт бойынша жұмыс істейді. Колледжішілік мерекелік іс-шаралар жоспарлы түрде өз деңгейінде өткізілуде. Белсенді студенттерден құралған колледж парламентарийі өз жұмысын атқаруда. Студенттер облыстық, қалалық жарыстарға, кездесулерге, форумдарға, «Жасыл ел» еңбек жасақшылары қатарына белсенді қатысуда. Осы орайда таланты, дарынды студенттерден құралған «Шапалақ» КВН командасының жетістіктері өте көп. Биылғы жылы студенттер күніне орай Астана қаласында «Жастар күбегі» жайдарман ойындарында колледжіміздің түлектері бас жүлдені иеленді.

Күндізгі және сырттай оқу бөлімдері бойынша жыл сайын 200-ден астам түлек колледжді бітіріп, мамандық біліктілігіне сәйкес әр салада қызметке орналасады. Кәсіптік тәжірибе барысында өз біліктіліктерін көрсеткен машықтанушылар тәжірибе базаларына жұмысқа шақырылады.

Жуырда колледж студенттері жыл сайын ұйымдастырылатын К.Ғ.А. ғылыми практикалық конференциясына қатысып, өздерінің ғылыми жұмыстарымен бөлісіп кайтты. Нәтижесінде үш білімгеріміз республикалық Кіші Ғылыми Академиясының конференциясына жолдама алды. Ал оқытушыларымыз болса, І-ші халықаралық ғылыми педагогикалық конференциясына қатысып, өз іс-тәжірбелерін ортаға салды. Бұл конференция қорытындысы бойынша да оқытушыларымыз құр алақан болған жоқ, І, ІІ, ІІІ-ші дәрежелі дипломдарды иеленді. Облыстық әдістемелік кабинетпен тығыз байланыста жүргізілетін, облыстық деңгейде өтетін, семинар, конференция, тренинг, фестиваль, т.б іс-шаралары мен тәжірибе бөлісу жұмыстары тағы бар.

Жастарымызға айтпағым, біздің тамаша білім ошағымыздың түлектері болуға шақырамыз!

С. ЖҰМАДІЛОВА,
Бизнес, құқық және жаңа технологиялар колледжінің өзін-өзі тану пәнінің оқытушысы.

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

САҒЫНЫШ

Жәрменке жүрек жақсы аға



Адам өмірі қызықты әрі екіншті. Қызықты болатыны – осынау тіршілік дүниесінде естен кетпестей өмір лаззатын татып, жақсылармен жақын жүріп, жақсы істермен еншілесіп, әр күнің мағыналы тірліктен өткізгенің болса, екіншті болатын тұсы – мезгілсіз қимас жандарыңнан айырылып, көңілің елсіз жұрттай құлазып, жүрегің жұдеп, көңіріңе өксік тығылып, беймаза күй кешіп, жапанда жалғыз қалғандай кезің екен. Мен бүгінде осындай көңіл-күйде жүргенімді қалай жасырайын. Тірлікте тірі жанға қиянаты жоқ, қолынан келсе бүкіл жұрттың қиындығын еңсеріп тастауға дайын тұратын, адамгершілігі арлылыққа ұласқан, таза пейілімен талғамын ұштап, табандылығымен талай биік қырды асқан Аңдас Омарақынұлының биік мұратын сағынып, асыл азаматтығын ауық-ауық еске алып қоямын.

Аңдас аға екеуіміз ауылдаспыз. Екеуімізді өнер кеңішіне, өлең өрісіне кенелдірген де, кемдігімізіді бүтіндеп, парасатымызды асырған құтты мекен Кеңсу деп аталатын ерісті жер. Іле мен Жоңғар Алатаулары түйісетін түрка орын тепкен құтты мекен екенін сақтардың батырлығын еншілеп, күндерінің күдіретті қасынына жайлау болған өңір, Үйсін патшалығы алғашқы іргесін қалап, Қытай елімен құдандалы болып, түрік жасауылдары жорықта ат шалдырған жер. Кешегі Абылай ханның қыс қыстауы болса, Қабанбай батырдың құбас атпен ата жауды тере қуып, батырлық аңыздары жұрт назарына сіңірген мекені де осы Кеңсу. Осындай қасиеттің мекеңде Аңдас аға екеуіміз туылып, болашаққа үлкен мақсатпен бұйығып, даланың саумал самалына елітіп, мөлдір бұлағына жуынып ержеткен ұрпақпыз. Ағамыздың жасының шамалы үлкендігіне қарап, өлең өлкесіндегі тағылым-талабының тереңдігіне бала кезден тәнті болып, ұстаз санап, өлең-жырларынан өнеге алып, ақындығымның алғашқы бастауына жол көрсеткен ұстазым ретінде ерекше қадірлеп, құрметтеп өттім. Ағамыз да мені туған інісіндей көріп, аялап «Жақаш» деп еркелетіп, ақыл-кеңесін аямай, жайдары жүзімен жаныма шуақ шашып, әрдайым алдағы күндеріме сәттілік тілеп, жебеп, демеп келгенін қалай ұмытайын.

Әлі есімде 1985 жылы маусым айының соңғы күндерінің бірінде Күнес аудандық ақындар айтысы көрікті Ақкезен жайлауында осы жылдың 17 шілдесінде өтетіні туралы ел-жұртқа хабар айтылып, әр ауылдың айтыскер ақындарының тізімін аудандық өкіметке жіберу туралы хабарлардыру жіберілген еді. Сондай хабарландырудың бірі Кеңсу ауылдық округіне де келді. Ол кезде бұғанам енді-енді қатайып, ақындық өнерге талпынып жүрген кезім. Алайда, отбасы жағдайымыз аса тәуір емес. Әкеміз ертерек қайтыс болып, бір отбасының барлық қиындығы менің мойнымға артылып, жерден напақа тауып, үпі-тапы тірлік кешіп жүрген кезім. Ол кезде Аңдас ағамыз Күнес аудандық №3 орта мектебінде қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі еді. Ал ағаның жақын досы Уәлибек Ахметұлы ауылдың Мәдениет үйінде қызмет атқаратын.

Бір күні түс кезі біздің үйге Аңдас пен Уәлибек ағалар келе қалды. Сыртынан ақындығына тәнті болсақ та, жақындап танысуға батылымыз жетпей жүрген ағаларымды көргенде төбем көкке жеткендей қуандым.

– Жақында Ақкезен жайлауында ақындар айтысы өтеді. Соған ел арасындағы талантты балаларды таңдап жүрміз. Сіздің ұлыңыз да өлең жазып, өнерге талпынып жүргенін естіп, оны осы айтысқа жіберіп, сынап көрсек деген оймен келіп едік. Рұқсатыңызды берсеңіз, тұсауын осы жолы кессек, – деп жүрекжарды тілектерін айтты.

Анам да ағаларымның ақ тілегін құптап:

– Баратын болса барсын, – деп аналық мейірін төкті. Қуанышымда шек болған жоқ. Ақыры аңсаған, армандаған, асыға күткен уақыт та келіп жетті. Сол айтыста әріптестерімнің бәрін жеңіп, I дәрежелі жүлдені қанжығама байладым. Содан бері талай биікке шығып, талай жүлдені иеленсем де сол жолғыдай керемет әсерлі болған емес. Сол үшін де өмірімнің өзгеше ерілуіне ықпал етіп, алғаш рет сахнаға көтеріліп, ел алдында өнерімді көрсетуге мұрындық болған Аңдас ағама алғысым мен құрметім ерекше. Аяулы ағам өмірден өткенше ұстазым ретінде қолдан келген бар құрметімді көрсетіп, алғашқы ұстазым ретінде сыйлап өттім.

Аңдас ағаның мен қадірлейтін бір қасиеті – без біреуперше қызғаншақ, атаққұмар емес. Өнерлі жастарға құшағы ашық, қиналғандарға көмектесуге дайын тұратын, адал, тұрашыл әрі кеңшіл, кішіпейіл. Сондықтан да қайда жүрсе де алдынан құрметтейтін халқы құшақ жая қарсы алды. Артынан ақызға берпсіз жақсы еңгімелер, жарқын естеліктер ерді. Билігі биікке илген жоқ, жұпыны жандарға шалқаймады. Өмірлік ұстанымы қалай болса, солай өмір сүрді.

1989 жылы Аңдас аға Күнес аудандық өкіметтің орнапастыруымен халық ауыз әдебиеті мұраларын жинау, топтау, баспадан шығару жұмысына жауапты болды. Сол маңызды тапсырманы жауапкершілікпен үстіне алған ағамыз ауыл, кенттерді аралап, дария кеуде тау мүсін қарттармен еңгімелесіп, олардың жадында сақталған ел мен жердің тарихына қатысты аңыздарды, мақал-мәтелдерді, қисса-дастандарды, ертегілерді жалықпай жинады, қадеге жаратты. Сол жылдары біздің ауылға да жиі-жиі келіп тұрды. Әр келген сайын мені жанынан тастамай, ертіп алып, ағалық мейірін төгіп, білгенін үйретіп, жазған-сызған өлеңімді көріп, оны тексеріп, сын-ескертпесін айтып, түлғалардың тағылымды өмірін оқырмандармен жүздестіріп, жұрттың алғысына бөленді.

Аңдас ағаның өмір кешірмелері мен қызмет тарихына ойыссақ, жастық шағы мәдени төңкерістің боз боранына ұшырап, бай баласы деп айып тағылып, оқудан шеттетілді. Десе де, сол жылдардағы қиыншылықты жеңе отырып, өзінің талантының арқасында қатарластарынан қалған жоқ. Әдебиет майданына 70-жылдардың ортасында оралса да шығармашылықпен шындап айналысып, жұртқа тез танылды. Ойранды он жыл біткен соң ағамыздың жолы ашылып, шығармашылығына еріс бітті. Сонымен 1975 жылы сәуірден 1978 жылдың сәуір айына дейін Үрімші қаласында шығарылған «Шұғыла» журналы мен «ШинЖиян халық баспасының» алғашқы негізін қалаушы болып есімі тарихқа енді.

Қоғамдық жұмыс, жасампаздық түлеу, баспасөздегі жауапкершілік жан-жақтан қыспақтаса да шығармашылықтан қол үзбей, халықтың жанын жадырататын тартымды дүниелерді бұрқыратып жазумен қатар, сол тұстағы ақындар айтысына қатысып, басқа қырын да танытып үлгерді. 1974 жылдан 1977 жылға дейін аудан, облыста өткен ақындар айтысында бас бәйгені бермеді. 1977 жылы шілде айында Алтайдың Болбадай жайлауында өткен ақындар айтысында сол тұстағы азулы айтыскер ақындар Жамалқан, Жұмағали, Бердықандарды жеңіп, тамаша айтыс өнерін көрсеткені әлі күнге ұмытыла қойған жоқ. Осы кездегі Аңдастың Жамалқанмен айтысы, Аңдастың Жұмағалимен айтысы 1977 жылы «Дала дабылы» деген жинаққа басылып шығып, оқырмандардың іздеп оқитын туындысына айналғанын да білеміз. 1979 жылы «Ақ сұңқар» деген дастаны Шинжиян халық баспасы жағынан шығарылған «Жоңғар жолаушылары» деген дастандар жинағына еніп, үлкен марапатқа ие болады.

Бұдан бөлек ағамыздың «Жылдар ізі» (өлеңдер жинағы), «Тарих талғарындағы тарландар» (эссе-зерттеу мақалалар топтамасы), «Дода айтыс» (айтыстар жинағы), «Сарыкөзең сазы» (өлеңдер жинағы) қатарлы кітаптары халқының игілігіне айналып, әр шаңырақтың төрінде тұр. 2006 жылы күзде «Жылдар ізі» атты шығармашылық кешін өткізіп, өнер жолындағы атқарған істерінен халқына есеп берді. Шарапа қаламгер достары, ақын-жазушылар келіп, әдебиеттегі орнын тұрақтандырып, жылы лебіздерін білдірсе, жергілікті билік өкілдері ат мінгізіп, оқалы шалан жауып, үлкен құрмет көрсетті. Әсіресе, Күнес аудандық өкіметі мен туған жері Кеңсу ауылдық өкіметі үкілеп арғымақ мінгізіп, абырой-беделін асырды. Ақын қуанышына ортақ болған біз де ағамыздың ыңына оқалы тон жауып, шәкірттік көңілімізді білдірдік.



Шіркін, уақыт неткен жүйрік еді. Сондай тату-тәтті, берекелі-мерекелі күндер адам санасына сағыныш деген сарала жапырақты тастап кете береді екен-ау.

– Дүние өтер-кетер соққан желдей,

Жақсының жүрген жері рулы елдей, – демекші, қашанда қалтқысыз пейілмен халқына үлес қосуды ойлаумен өткен ағамыздың орны бөлек қой. 2007 жылы маусым айының орта шенінде Кеңсу ауылы аудандық ақындар айтысына орай жас ақындарды жинап, дайындық жұмысының тізгінін Аңдас ағамызға ұстатқан еді. Қашанда ел тілегін екі етпейтін елгезек мінезімен, без біреуперше бұлданып, ақы тілемей, қасына қызы Мақпалды ертіп келіп, жас ақындарға сабақ беріп, қазақ айтыс өнерінің тарихы, Күнес өлкесінің тарихы туралы лекция оқып, балапан ақындарға ыстық ықылас білдіріп, аталық мейірім көрсетті. Курс аяқталған күні көңсулық ақын Батырғазы Мұхаметбекұлы Аңдас ағаны бастаған ақындарға ақсарбас атап сойып, дастарқан жайып, қошемет көрсетті. Дастарқан басында өнерлері өмірпаздар ән мен күйден шашу шашып, тарихи әңгіме-толғауларымен ерекшеленіп, ағаның ақындық қуатын, ақындық болатын. Сол жолы ағамызбен бірге келген танымал тілші Есбол Мұратжан ақын сөзіне жазылған әндерді орындап, Аңдас ағаны ағынан жарылып, өлеңдерін оқыды:

Жақсы ақын шақырғанда Батырғазы,
Көңсудың жиылыпты ақындары.
Жақыпнұр, Науаттайын шәкірттерім,
Айтыста ел мерейін асырғаны.
Жаңанұр, Шаймардан мен Заманнұрлар,
Толысып келеді екен ақылдары.
Нұрболат, Қайсар менен Тұрғанәлі,
Ақын боп танытасың атыңды әлі.
Бұл өнер сендер бар да өлмейді әлі,
Жалғанар қазағымның тасырға әні, – деп көңінен толғанып, жас ақындарға үміт пен сенім бағыштаған еді.

Халқының мәдениеті мен тарихына жаны күйіп, қашан болсын жарқылдап жүретін ағамыз кейінгі жылдары денсаулығы сыр беріп, жиі емханаға түсіп жүрді. Сонда да тектілігінен алыстамай, қажыр-қайратынан қайтпай, жігерін мұқалтпай, шығармашылықпен талжылмай айналысты. Мен Аңдас ағаның төл шәкіртімін. Ол кісінің айтқан базыналы әзілдері, ақыл-кеңесі менің санамнан өшқашан өшпейді.

Осы тұста айта кету керек шығар. Ақын ағамыздың шығармалары Қазақстанда шығатын басылымдарда да жарияланып, шәкірттеріне тағы да үлгі болды. Айталық, «Мұқағали» журналына «Мұқағали біздің елде» атты мақаласы жарияланса, Алматы облыстық «Жетісу», «Алатау» газеттерінде өмірі жайлы мағлұмат беріліп, өлеңдер топтамасы жарық көрді.

2015 жылы 20 маусым күні Кеңсу ауылы дүркіретіп тағы бір айтыс өткізбекші болып Аңдас ағаны кеңеске шақырды. Туған елі өткізбек болған мерекеге зайыбы Әуез бен қызы Мақпалды ертіп келді. Қарбалас жұмыс болып ағаның келгенін білмей қалыппын. Бір кезде зайыбым Науат Шәкүбайқызы:

– Жақыпнұр, Аңдас аға келіпті. Амандасып қайтсаңшы, – деп ескерткенде барып алдынан шығып қарсы алып амандастым.

Ағамыздың жүзі сынық, едәуір арықтап қалған екен. Дауысы да басең:

– Жақаш, сендер шақырған соң келдім, – деп жай өңгімесін айтып амандық сұрады.

Амандық-саулықтан кейін жата жастанып еңіме дүкен құрыстық. Бір күн қонды да ағамыз қалаға аттанып кетті.

Бұл менің аяулы ағаммен ең соңғы кездесуім, төгіле сырласуым болып қалатынын ол кезде білген жоқпын. Осындай көптен бері көз алдында асқар таудай болып ақыл-кеңесі мен үміт-тілегін білдіріп жүрген қаншама арыстарымызды уақыт қатал тезіне салып, өкінішке орай өтетін сәттері көпақ.

Қадірлі ұстазымыз 2015 жылы қоңыр күзде қайтқан құстың тізбегіне ілесіп, туған ел, өскен жеріне орны толмайтын өкініш арқалатып, мәңгілік сапарға аттанып кетті. Бар өмірін халқының қасиетін арттыруға жұмсаған ағаның қайтыс болғаны бізге де, өзгеге де орны толмас өкініш арқалатты. Тірлігінде қадірін білмеген пенделер пендешілік ағаттығын сол бір арыстың азаматы қайтыс болғаннан кейін түсініп жеткендей болды.

Бейне халқымыз:

Жақсылар жақсымын деп айта алмайды,
Жамандар жақсымын деп айқайлайды.

Өтегінде жүрген соң күнде көріп,
Таулардың биіктігі байқалмайды, – дегендей, Аңдас ағаның асқақ рухын халық санасына ұялатып, биіктете береді. Халық жүрегінде өзінің аяулы да қадірлі ұрпағы арқылы екінші рухани өмірі басталып, өнегелі істері анық болып айтылары анық.

Жақыпнұр ОҚАСҰЛЫ,
айтыскер ақын, Қытайдағы қазақ айтыс өнерінің бүгінгі белді өкілі, халықаралық жыр додаларының жеңімпазы.

Жыр – арнау

ЕСІЛ АҒА

Елімнің ағасы едің,
Тонымның жағасы едің.
Құлазып келіп тұрмын,
Орнына ағa сенің.

Ардақты ардагерім,
Салмақты маңғаз едің.
Өлеңмен өмірінді,
Өрнектеп жалғап едің.

Ішінде іріпердің,
Асылдың сынығы едің.
Көңілің көжиектей,
Бастаудай тұнық едің.

Қатпарлы қартым едің,
Ұлылар сарқыны едің.
Қаймағын қара сөздің,
Қаламмен қалықып едің.

Өткізсем тізіп алдан,
Соңғақта ізі қалған.
Көңілде сызы қалған.

Тасырқап тастақтарда,
Таңылдың аспақтарға.
Сонда да намысыңды,
Тырыстың таптатпауға.

Аяз да, қатқан қар да,
Тоң шаптың ақтандарда.
Қайырылып қарамадың,
Балақтан қалқандарға.

Алмасып ақ пен қара,
Жармасып жалқан жала.
Сынбадың иілгенмен,
Жай түсіп жатқанда да.

Есікте, терде болдың,
Еңісте, өрде болдың.
Айналып жыл құсындай,
Ақындық көлге қондың.

Сергек ой, сезім қуып,
Жыр жазудың төгілдіріп.
Қара өлең қасиетін,
Халқыңа сезіндіріп.

Тар ойға шектелмеген,
Зерделі зерттермен ең.
Айтыссаң әріптесті,
Көкпардай бөктерген ең.

Тәйпалған қайқандармен,
Әр сала майталманы ең.
Ағалап барғанымда,
Дәсімді қайтармап ең.

Сұңғыла, салмақты ерек,
Қоғамдық қайраткер ең.
Ақындық қонып еді,
Маған да аздап сенем.

Халықшыл, көпшіл едің,
Тарихшы, текшіл едің.
Билікті би-шешендей,
Білімді өткір едің.

Ел бастар серкем едің,
Келіп тұр еркелегім.
Келместей кер тебелге,
Неге аға ерте қондың.

Тыңдасам құлақ түріп,
Ақпайды бұлақ күліп.
Сен жоқсың жоқтауымды,
Оқыдым жылап тұрып.

Оралбай Расбекұлы,
шәкірті.

Сайт: WWW.Zhetysu-gazeti.kz e-mail: Jetisu2002@mail.ru

Жетісу

1918–2017

№112 (18388), 7 қазан, 2017 жыл

КОНКУРС

«Қазақстан Тәуелсіздігі және Елбасы» байқауы

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасының кітапханасы мен Қоры баспа және электрондық бұқаралық ақпарат құралдары қызметкерлері арасында Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күніне арналған **«Қазақстан Тәуелсіздігі және Елбасы»** тақырыбы бойынша таңдаулы материалдарға жыл сайынғы дәстүрлі ашық конкурсын жариялайды.

Конкурстың мақсаты – елдің тәуелсіздік жылдарындағы жетістіктерін көрсету. Қазақстан мемлекеттілігінің негізі ретінде «Назарбаев моделін», Елбасының идеялары мен бастамаларын танымал ету.

Конкурс төрт номинация бойынша өткізіледі:

1) **«Үздік теледидар материалы»;**
2) **«Үздік радиоматериал»;**
3) **«Газеттер мен журналдардағы үздік мақала»;**
4) **«Ғаламтор-БАҚ-тағы үздік жарияланым».**

Номинациялардың әрқайсысы бойынша жеңімпаздарға **1 миллион теңге** мөлшерінде ақшалай жүлде беріледі, ал екінші және үшінші орындар үшін тиісінше – **500 мың** және **200 мың теңге** беріледі. Одан басқа, барлық жүлдегерлерге дипломдар мен төсбелгілер тапсырылады.

Конкурсқа кәсіпқой журналистер жеке және ұжымдық негізде қатыса алады.

Конкурсқа **2017 жылғы 1 қаңтардан бастап 10 қазан аралығында** мемлекеттік және орыс тілдерінде ресми жарияланған (басылған, эфирге шығарылған, ғаламторда орналастырылған) бірегей материалдар қабылданады.

Конкурстың қорытындысын құрамына белгілі журналистер, Қазақстанның көрнекті мемлекет және қоғам қайраткерлері енген комиссия шығарады.

Жеңімпаздарды марапаттаудың салтанатты рәсімі Тәуелсіздік күні қарсаңында өткізіледі.

Конкурсқа қатысуға өтінімдер **2017 жылғы 1 маусымнан бастап 10 қарашаға** дейінгі мерзімде әкеліп беру тәртібімен немесе поштамен жөнелту арқылы мына мекенжайда: Z05S5X1, Қазақстан Республикасы, Астана қаласы, Ә. Бөкейхан көшесі, 10, 213-каб, «Қазақстан тәуелсіздігі және Елбасы» конкурсына» деген белгісімен қабылданады. Байланыс тел.: **8 (7172) 69-30-57, 69-30-52, 69-30-50, 69-30-53, 69-30-56.**

Конкурсты өткізудің шарттары мен уақыты туралы барлық ақпаратпен www.presidentlibrary.kz, www.presidentfoundation.kz сайттары арқылы танысуға болады.

ІЛТИПАТ



Карттарға құрмет көрсетті

«ҚАРТЫ БАР ҮЙДІҢ ҚАЗЫНАСЫ БАР», – ДЕП БЕКЕР АЙТЫЛМАҒАН. ТӨРДЕ ОТЫРҒАН АҚСАҚАЛДАР МЕН АҚЖАУЛЫҚТЫ ӘЖЕЛЕРІМІЗДІ КӨРГЕНДЕ ТӨРТ ҚҰБЫЛАМЫЗ ТЕҢ ЕКЕНІ СЕЗІЛІП, БАЙЛЫҒЫМЫЗ БЕН БАЗАРЫМЫЗ КӨБЕЙІП, КӨҢІЛІҢ БІР ЖАЙЛАНЫП ҚАЛАДЫ. НЕМЕРЕСІН ҚҰШАҒЫНА АЛЫП, МЕЙІРЛЕНГЕН АТА-ӘЖЕЛЕР БАҚЫТТЫ БЕЙНЕСІМЕН-АҚ ШАҢЫРАҚТЫҢ БЕРЕКЕСІН КІРГІЗІП ЖІБЕРЕДІ. АЛТЫН БУЫН АСЫЛДАРЫМЫЗДЫ ҚҰРМЕТТЕУДІ ҚАЗАҚ БАЛАСЫ ЕШ УАҚЫТ ЕСТЕН ШЫҒАРҒАН ЕМЕС. ОСЫ ОРАЙДА ТАЛДЫҚОРҒАН ҚАЛАСЫНЫҢ ӘКІМІ БАҒДАТ ҚАРАСАЕВ ҚАРТТАР КҮНІНІҢ ҚҰРМЕТІНЕ ОБЛЫС ОРТАЛЫҒЫНДАҒЫ ЖҮЗ АРДАГЕРДІҢ БАСЫН ҚОСЫП, ІЗГІ ІЛТИПАТЫН БІЛДІРДІ.

Жетісу

Ришад ТҰРҒАНБАЕВ

Халықаралық мереке аясында «Заңғар» мейрамханасына жиылған ата-апалардың құшағы гүлге толып, кеудесін қуаныш кернеген. Жайылған ақ дастарқан басындағы ақсақалдарымыздың алдына Бағдат Әбілмәжінұлы шығып, құттықтау сөзін арнады.

– Елдің киесі де, иесі де сіздерсіздер, құрметті ата-апалар, – деп бастаған қала әкімі Талдықорған қаласының даму барысына тоқталды. Қаламыздың жайнап, құлпыруына қариялардың да үлестері бар екенін айтқан әкім бар ақсақалдарымыздың ұлағатты сөзі мен көрсеткен тағылымды шаралары бүгінгі жастардың қанаттануына көп септігін тигізіп отырғанын жеткізді.

Әр уақытта қоғамдық жұмысқа белсене атсалысатын ардагерлердің еңбегі өлшеусіз. Ақсақалдардың игілікті істерін тілге тиек еткен қала әкімі карттарымызды төл мерекесімен құттықтап, естелік сыйлықтар табыс етті. Сонымен қатар, жастарға ата дәстүрді насихаттауда, қоғамдық жұмысқа атсалысып, ұрпақ тәрбиесіне көңіл бөлуде көп еңбек сіңірген Тортай Ізбасқанов, Марат Байханов, Сағым Қабақбаев, Білімдік Қасенов, Дәнекүл Сейтқұлова, Адалят Шарафеев, Барыс Қауысов және Роза Ақжеркенова, Арман Махатов, Елдос Баялышбаев сынды белсенді буын өкілдеріне қала әкімінің Алғыс хаты мен грамотасы табыстады.

Өнер иелері карттарымызға арнап әннен шашу шашса, ақсақалдарымыз кезек-кезегімен шығып, құттықтау сөзін арнап, құрмет көрсеткен қала әкіміне және оның аппаратына ризашылықтарын білдіріп, ақ батасын арнады. Бақыт пен шаттықтың құшағында көңілдерін бір серпілткен ардагерлер әуезді әнге би билеп, жайылған ақ дастарқаннан дәм татып, қуанышпен тарқасты.

САҒЫНЫШ



▼ ӘКЕМ ЖАЙЛЫ ЖАЗУДЫ БАСТАҒАНДА БІРДЕН ЖОРҒАЛАТЫП АЛА ЖӨНЕЛЕМІН ДЕП ОЙЛАҒАН ЕДІМ. БІРАҚ КОМПЬЮТЕРДІҢ АЛДЫНА ОТЫРҒАНДА КӨҢІЛДЕГІ КӨРІКТІ ОЙЛАР САН-САҚҚА ШАШЫРАП, НЕ ЖАЗАРЫМДЫ БІЛМЕЙ ДАҒДАРЫП ҚАЛДЫМ. ӨЙТКЕНІ, КӨКЕЙГЕ ТОЛЫ САҒЫНЫШ КӨРІКТІ ОЙЛАРДЫ ТІЗБЕЛЕЙ ЖӨНЕЛУГЕ КЕДЕРГІ КЕЛТІРДІ. ӘУ БАСТА НЕ ЖАЗАРЫМДЫ БІЛМЕЙ ДАҒДАРЫП ҚАЛҒАНЫМ ШЫНДЫҚ. ОСЫ ТҰСТА ӘКЕМНІҢ ӨМІРБАЯНЫН ТІЗБЕЛЕП, МАҚАЛА ЖАЗСАМ ҚАЛАЙ БОЛАР ЕКЕН ДЕП ТЕ ОЙЛАНДЫМ. ОНЫҢ ДА ҚИЮЫ ҚАБЫСПАДЫ. АҚЫРЫ КӨПТЕН БЕРІ «ӘКЕМ ЕКЕУМІЗ» ДЕГЕН АТПЕН ЖАЗЫП ЖҮРГЕН КӨЛЕМДІ ЕҢБЕГІМНІҢ КӨРНЕКІ ТҰСТАРЫНАН ҮЗІНДІ АЛЫП, САҒЫНЫШЫМДЫ БАССАМ ДЕГЕН ОЙҒА ТОҚТАДЫМ.

ӘКЕ РҰҚСАТЫ

бес жыл күткен басты құжат

Қазақ ұғымында үйдің үлкені ата баласы саналады. Әпкем екеуміз бала күнімізде атамыздың баласы болып өстік. Сондықтан үлкендердің үйретуімен әкешешеміздің атын атап кеттік. Атамды ауылдастар «Омарақын зәңгі» деп атайтын. Оның қандай мәртебелі атау екенін ержеткенде білдік. Атам ел осылай атаған сайын бойын аулаққа салып, сыпайы күліп, жанына жуытпауға тырысатын. Бала көңіл оның байыбына бармасақ та, атамның әр нәрседен сақтанып, әр жұмысты байыптап, сабырмен салмақтап істейтінін іштей сезінетінбіз. Ал әкем болса үйге көп келмейтін. Ауылдастар кешкі асқа отырған кезде Ұрымхан апам әпкем екеумізді жетелеп, ауылдың маңындағы төбешікке шығатын да: «Әкелерің анау жақта тұрады», – деп қолын ебедейсіз сермеп, әлдебір алысты нұсқайтын. Одан кейін көз жасын бізге көрсетпей сығып алып жататын. Балғын көңіліміз әкеміздің жақын арада қасымызда болмайтынын ғана сезетін.

Атам өмір бойы бес уақыт намазын қаза қылмаған тақуа адам еді. Намаз уақытында әпкем екеуміз есік күзетінде тұратынбыз. Әлдебіреу біздің үйге келе жатса атама дереу хабар жеткіземіз. Құлшылығын өтеп болғаннан кейін төрде ілулі тұрған көнетоз қаптадағы жұқалтаң кітапшаны алып, әр бетін еппен парақтап, ұзақ сүрелерді күбірлеп оқитын. Апам әлгі кітапшаны «Әптиек» деп атайтын. «Әптиектің» не екенін атамнан сұрауға батпай, әпкем екеуміз апамның мазасын алатынбыз. Бірақ апам: «Ол атаңның кітабы», – дейтін де қоятын. Шешемізден сұрай қалсақ, бізге шапалақпен ғана жауап беретін. Десе де, біз үлкендердің күдікшіл әрекеттерінен үйдегі құпияны сыртқа шығармау керектігін мықты меңгердік.

Осындай мұқияттылықтың мәнін кейін ес білгенде, Қытай еліндегі күрделі саяси жағдай жылымық тартқанда барып түсіндік. Сөйтсек, бұл кез атамыздың «Жұртты азғырып, қызыл өкіметке қарсы шыққан, көнелікті жақтап, жаңалықты шеттеткен, ұлтшыл, кері төңкерісші, халық жауы» деген мәртебелі атақтарға ие болып, бақылауда жүрген кезі екен. Жасы ұлғайған адам болғандықтан және денсаулығының нашарлығы себепті үйқамақта отыруға бұйырыпты. Ал әкеміз жастайынан қолына қалам алып, өлең мен өнер қуып ержеткендіктен, «Сары өлең жазып, сары ән орындаушы, Ухан, Жыңтоның (Қызыл өкіметті мойындамаған қытайлық жазушылар) Кеңсудың басына қағып кеткен қазығы» деген айып тағып, еңбекпен өзгертуге жіберіліпті.

Бір күні біздің үйде таң атпастан абырсабыр басталды да кетті. Көптен бері есігімізді ашпаған туыстарымыз, «Ассалаумағалейкум» деп алақанымызды ала жүгірсек, теріс айналып кететін ағайлар атамның айналасынан табылды. Есіктің алдындағы қара ағашта байлаулы тұрған ақсарбас қой шиыршық атады. Сол күні әкеміз үйге оралды. Жұрттың аузынан «Төрттік төбе талқандалып, заман тыншыды», – деген сөздерді жиі еститін болдық. Оның не екенін қайдан білейін, әйтеуір әкеміздің ортамызға келгеніне бала көңілмен барынша мәз болдым. Сол күні ауылдық өкіметте істейтін жас жігіт атамның Қаракер атын әкеліп берді. Құлағын қайшылап, маңына жақындағандарға оскырына қарап, тықыршып тұрған жануар атамды көргенде басын мама ағашқа тіреп, тыныш қалды. Араға алты жыл салып барып қайта табысқан атам мен Қаракер біразға дейін көңілімен сыр бөлісіп, сағынышын тарқатқандай болды. Сосын Қаракердің тізгінін әкеме ұстатты. Осыдан кейін әкемді қонаққа шақыратындар көбейді. Қайда барса да мені ертіп алады. Атам денсаулығы сыр беріп жүргеніне қарамай таң атпастан тұрып, Қаракерге жем-суын беріп, ертеп қоятынды әдетке айналдырды. Күншілік жолға шыққанда майда жүрісінен бір танбайтын Қаракер кейін ауыл арасындағы көкпар тартыста мертікті. Атам оны сойдырды да етін ауылдастарға толығымен бөліп берді. Тек қос жауырынның астынан өніп шыққан құстың қанаты сияқты сүйемдей ғана екі сүйекті өзіне алып қалды. Қаракер аттың қанатын қайтыс болғанша басына жастап жатты. Өсиеті бойынша жылдық нәзірін бергенде киізге орап, зиратының басына көміп қойдық. «Ат – ердің қанаты» деген ұғымды бала күнімнен осылай біліп өстім.



Жетісу

Қажет АНДАС

Әкеммен бірге өткізген қызық күндер көпке барған жоқ. Бір күні пошташы қарт алыстағы Үрімжі қаласынан келген хатты үйге жеткізді. «Сол жердегі ақындар әкеңді шақырып, хат жіберіпті», – деп түсіндірді шешеміз. Ол кезде біз қалам ұстағанның бәрін ақын деп есептейтінбіз. Ал Үрімші деген қаланың атын естісек те, оның қай жақта орналасқанын білмеуші едік. Бірақ қазақта «қара шаңырақ» деген ұғым бар. Әкем қарашаңырақтың иесі болғандықтан отбасымыздың Үрімжіге көшуіне туыстар қосылмады. Ақыры үлкендердің шешімімен қара шаңырақ ауылда қалатын болды да, әкем Үрімжіге салт барып, қызмет істеуге аттанды.

Ол кезде Қытайда тұрмыс төмен, ауылдың жағдайы да қиын еді. Ауылдағы жалғыз дүкенге айында бір рет қана тауар келетін. Оның өзін қолында билеті барлар алатын. Әкеміз үлкен қалада жұмыс істейтіндіктен біз елдің баласы кимегенді киіп, жемегенді жеп өстік. Әкеміз келген сайын ауылдағылардың түсіне де кірмейтін неше түрлі затты әкеліп беретін. Қысқасы, біз өскен ауылда бірінші рет ағаштан әдемілеп жасап, әлем-жәлем киіндірген қуыршақ баламен ойнап, ішіне неше түрлі дәмдеуіш себілген конфет, печенье жедік, велосипедті алғаш бізептік, қолыңа көтеріп кете беретін шағын радио аппарат біздің үйде болды. Ел аузында бір кездегі жаудың баласы енді болған біздер жаһанды жалпағынан басқан байдың баласы атанып шыға келдік. Кешке қарай ауылдың маңындағы төбеге қалың бала жиналып, радио тыңдаймыз. Ол кезде әкеміздің есімі радиодан түспейді. Өлеңі оқылып, айтыстары беріліп жатады. Бала болсақ та мақтануды білеміз. Сондай кезде төбем аспанға бір-ақ қарыс жетпей тұрады.

Әлі есімде, Іле қазақ автономиялы облысының бірінші рет ұйымдастырған ақындар айтысы Алтай аймағының Болбадай жайлауында өтті. Әкемнің сол айтыста барлық ақынды жеңіп, бірінші жүлдені қанжығасына байлағанын радиодан естідік. Айтыс өткеннен кейін облыстың барлық ақыны бас қосып, біздің ауылға қонаққа келді. Ол кезде біз жеңіл көлікті көңке деп атайтынбыз. Анау алыстан қатар-қатар тізіліп, ауылға беттеп келе жатқан бір топ көңкені көргенде ауылдастар абыржып қалды. Айына бір-екі рет дүкенге тауар әкелетін жүк көлігі болмаса, тау сағалаған жұпыны ауылға мұндай көлік тізбегі бірінші рет келіп отыр. Әкем бастаған қонақтардың қарасы көрінгенде атам мені Қаракердің алдына мінгізіп, қонақтарды қарсы алуға барды. Ол кезде денсаулығы сыр беріп жүрсе де білдіргеуге тырысатын. Қалың ақын атаммен сыпайы амандасып, мені бірінен соң бірі көтеріп алып, бетімнен сүйіп, әбден әлпештеді. Танымал жазушы Сұлтан Мәжит ырымдап аузыма түкірсе, айтыскер ақын Буырылхан апам шалғайына орап, батасын берді. Қалың ақын біздің ауылда бір апта қонақ болды. Күн сайын жыр-думан. Бір жағында ақындар айтысса, бір жақта балуандар күш сынасып, ат бәйгесі ұйымдастырылды. Құлжа мен Үрімші қаласынан арнайы шақырылған аспаздар түрлі тағам әзірлеп, ауылдастарды қызықтырды. Сол күннің естелігі мен жеген астың дәмі әлі күнге есімнен кетпейді. Бұл жаны жүдеп жүрсе де берекесін қашырмаған қазақы қасиеттің белгісі еді.

Өкінішке орай, сол жолы атамның сырқаты ауырлай түсті. Ақындар Үрімшіге қайтқанда әкем атамды қимай ауылда қалып қойды. Егер әкем сол жолы Үрімжіге кете бергенде өмірі басқаша өрілер еді. Атама деген адал перзенттік борышы атақ пен даңқты сырып тастады. Алайда әкем өмір бойы бұл шешіміне өкінген емес. Қайта өле-өлгенше атама деген құрметті қастерлеп өтті. Өмірде әкесіне деген шынайы сүйіспеншілікті қастерлеп өткен адам екеу болса бірі, біреу болса ол менің әкем еді. Кейде мен өзіме: «Адамгершілік пен атақ қатар келсе қайсысын таңдаймын?» – деп сұрақ қойып көремін. Алайда нақты шешімін айта алмаймын. «Әке көрген оқ жонар», – деген ғой. Әкемнің жолын қуатын шығармын.

Жұпыны ауылдың жұтаң тіршілігі әкемнің еңсесін әбден түсірді. Арада ауылдағы орта мектепке мұғалім болып жұмысқа шықты. Бірақ көкірек сарайы таяз, әпербақан, менменшіл жандардың қақпайына көп ұшырады. Әкемнің бір мінезі ешкімнің алдында жалтақтап, кішіреймейтін. Көңіліне жақпаса бетің-жүзің демей айтып тастайтын. Осы мінезімен де талай олжадан қағылды. Тағы бір жағынан қызыл өкіметке де сенбей өтті. Талай рет коммунистік партия қатарына өту туралы ұсыныс жасалса да өмір бойы партияға өтпей кетті. Ол да адымын аштырмай, артқа тартты. Кейде: «Егер мен осындай таңдауға бетпе-бет келсем не істер едім?» – деп сұрақ қоямын. Нақты жауап тағы да айта алмаймын.

«Таза мінсіз асыл тас су түбінде жатады. Су түбінде жатқан тас жел толқытса шығады» дегендей, өмірден біраз жыл қағажу көрген әкем қайта орнынан тік тұрды. Оған 1988 жылы Қытайда халық мұраларын жинау, реттеу, халық қажетіне жарату мақсатында қолға алынған үлкен бастама себеп болды. Бұл міндетті біздің өңірде әкемнен басқа ешкім орындай алмайтыны белгілі еді. Сонымен 1988 – 1993 жылдар аралығында өлкені шарлап, қазыналы қариялармен сұхбат құрып, табанынан тозып жүріп, «Күнес ауданының қисса-дастандары», «Күнес ауданының аңыз-ертегілері», «Күнес ауданының өлең-жырлары», «Күнес ауданының мақалмәтелдері» атты төрт кітапты жазып, баспадан шығарып, ел алғысына бөленді. Осыдан кейін, яғни, 1994 жылы «Күнес ауданының тарихи материалдары» деген желілес кітапты жазу міндеті жүктелді. Бұл кітаптарда қазақ тарихында ең алғаш ірге қалаған Үйсін патшалығынан тартып, бүгінгі Іле өңіріндегі елеулі оқиғалар жайлы тарихты түгендеген 10 кітап жазып, баспадан шығарды. Оның төртеуі қытай тіліне, бір кітап ағылшын тіліне аударылды. «Жылдар ізі», «Сарыкезең сазы» атты жыр жинағы, «Дода» атты айтыстарының жинағы, «Тарих талғарындағы тарландар» атты тарихи зерттеулер кітабы жұрттың ықыласына бөленген еді. Осы еңбектері арқылы Қытайдың Мемлекеттік сыйлығын еншіледі. Айта кетерлігі, әкемнің өмірінде ең алғашқы, ең соңғы, ең бағалы сыйлық осы біреу ғана. Бірақ әкем миллиардтар еліндегі екінің біріне әрең бұйыратын марапатқа ие болғанын айтып, мақтанып, шаттанғанын көрген жоқпын. Басқалар сияқты баспасөзге жазып, жарнамалаған да жоқ.

Әкем бала тәрбиесіне ерекше қатаң қарайтын. Біз үш бөлмелі жер үйде тұрдық. Біреуі ас үй, енді бірі жатын бөлме, енді бірі күн сайын үзілмейтін әкемнің достары мен анамның қонақтары түнейтін бөлме. Ас үйге екі жер үстел қойылған. Бірінде тамақ ішеміз, ал бірінде сабаққа дайындаламыз. Әкем үйде болғанда бізбен бірге жатып, бірге тұратын. Біз сабаққа дайындалсақ, ол кісі шығармашылықпен айналысатын. Әкемнің осы қасиеті балаларының бәріне дарыды. Бірақ әлдебір тапсырманы толық орындамай немесе кездейсоқ кемшілік жасасақ, оған бола ашу шақырып кінәламайтын. Күлетін де қоятын. Соның өзі өңменімізге қанжардай қадалатын.

Еліміз тәуелсіздік алған алғашқы жылдары атажұртқа оралуды қанша армандағанмен, әкемнің рұқсатын ала алмай бес жыл күттім. Төлқұжаттың уақыты бітуге 15 күн қалған кез еді. Ол кезде бәріміз ержетіп, біріміз үйлі-баранды болсақ, енді біріміз алыс қалада оқуда жүрген кез. Бір күні әкем жетеуімізді үйге шақырды. Сол күні Құран оқылып, тілеу тіленді. Кешкі астан кейін төрде отырған әкем маған қарады да:

– Сен шынымен Қазақстанға кеткің келе ме? – деп төтесінен сұрады.

Мен де:

– Иә, – деп жауап бердім.

– Менің де, әулеттің де жалғыз ұлы сен емессің, бірақ атаң сенен үлкен үміт күтетін. Атажұртқа барам десең бетіңді қақпаймын. Онда да алдыңның жарық сәуле шашылатыны анық. Менің өкінішімді қайталап жатсаң ешкімнен көрме, – деді.

– Иә,– дедім.

Осы уәде мені әлі күнге алға жетелеп келеді. Әр қадамымды басқан сайын жаны жомарт, көңіл көкжиегі кең, пейілі шалқар адамдар алдымнан шығып, биікке жетелейді. Әкем менің де, басқа балаларының да жетістігін көріп, немере-шөберелерінің маңдайынан иіскеп, көңілі жадырап өмірден аттанды. Әрине, аталарымыздың сүйегі жат елде қалса да әкеміз іргемізде жатыр. Жұма сайын зиратына барып, іштей рухымен сырласып, жетістігіммен бөлісіп қайтамын.

Жыр – арнау

Жолбасшы

Арман, мұрат қатар қойдым өлшемін,
Туған елің арқалатты зор сенім.
Әлпештеді өскен ортаң мейлінше,
Ел деп соққан жүрегіңнің бөлшегін.

Асқақ еді арманыңыз, мұратың,
Мығым еді қаламгерлік қуатың.
Мықтымын деп жүргендердің ішінде,
Сіздің орын бөлекше боп тұратын.

Ұстазым ең маған білім сыйлаған,
Шәкіртім деп жамандыққа қимаған.
Том-том болып мұраң қалды артында,
Еңбектеніп ел аузынан жинаған.

Сағынады туған мекен Күнесің,
Оған да мол сіңді асыл үлесің.
Аспан таулар арасында енді, аға,
Жас буынға жолбасшы боп жүресің.

Әлнұр ІСКЕНДІРҰЛЫ,
шәкірті.

ФАКТЫ, СОБЫТИЯ, ХРОНИКА

■ МОЛОДЕЖНАЯ ПОЛИТИКА

Шаг к снижению безработицы



В нашей области вопросам занятости молодого поколения отводится особое внимание. Так, в ходе крупной в региональном масштабе ярмарки вакансий «Первый шаг к успеху» для безработных юношей и девушек было предложено 2599 вакантных мест в различных предприятиях и учреждениях области.

Хасан ЕСПАНОВ

А организовали ее специалисты областного управления по вопросам молодежной политики совместно с местным центром занятости населения.

В ярмарке приняли участие 9 учреждений. Среди них лидировал Алматинский областной филиал общенационального движения «Жасыл Ел», принимающий на сезонную работу 1875 человек. 107 вакантных мест предложил городской центр занятости, 62 места - областной центр занятости, 490 мест – департамент Агентства по делам государственной службы и противодействия коррупции.

- В прошлом году с участием свыше 2000 человек были организованы 6 ярмарок вакансий. В ближайшие месяцы планируется проведение подобных мероприятий в районах нашей области, - отметила главный консультант Центра обслуживания молодежи Мадина Атайбаева.

- В связи с переводом супруга по работе, мы переехали с Восточно-Казахстанской области в этот регион. В течение 4 месяцев я искала работу, оставляла резюме в разных организациях и ждала ответа. На данную ярмарку пришла, увидев объявление в социальных сетях. И, как видно, не зря! Сегодня вот получила направление на трудоустройство преподавателем в специализированный колледж. Спасибо молодежному центру за проведение подобных мероприятий, - поделилась участница ярмарки Мадина Капкенова.

К слову, ярмарку вакансий посетили 387 человек, из них 77 получили направление на постоянные рабочие места.

■ БРИФИНГИ

Журналисты - на страже природы

На днях Региональная служба коммуникаций провела брифинг с победителем конкурса по реализации проекта «Медиа для эффективного освещения вопросов окружающей среды и природных ресурсов в Центральной Азии» - корреспондентом газеты «Жетісу» Кажетом Андасом. Эта грантовая программа реализуется международной организацией по развитию СМИ «Internews» при финансировании Европейского Союза.

Бейбит МАМЛЕЕВ

По словам спикера, из 60-ти предоставленных проектов были отобраны 16, среди которых его работа - «Переработка твердых бытовых отходов». На реализацию этого проекта предоставлен грант с заключением договора с ТОО «Өлке тынысы». Деловыми партнерами стали телеканал «Жетісу», ТОО «ЭкоСервис-Арман», физико-математический факультет Жетысуского государственного университета им. Ильяса Жансугурова.

По замыслу Европейского Союза формируется сеть журналистов по всем странам мира, популяризующим защиту окружающей природной среды. Впервые защита проекта состоялась на казахском языке. Отрадно, что Республику Казахстан будет представлять наш коллега Кажет Андас. «В рамках моего проекта газетные публикации, ролики на телевидении, информационное содержание материалов в социальных сетях должны быть направлены на формирование экологического мышления казахстанцев, жителей нашей области. Точнее, эта идеологическая работа посвящена утилизации ТБО», - отметил автор проекта.

Кажет Андас в качестве положительного примера привел пути решения этого вопроса в КНР. ТБО у населения соседней страны скупает профессиональное сообщество людей с целью перепродажи в пункты приемки. Власти города Чанша в провинции Хуань установили три интерактивных автомата по сбору сортированного мусора. В качестве стимулирования этого процесса разработана программа поощрения активных пользователей устройства. Человек, сдавший сортированный мусор, на сенсорном экране данного оборудования может ввести свой адрес проживания или номер мобильного телефона, на счет которого начисляются баллы. Ими горожане могут оплачивать покупки в определенных магазинах, получать скидки на оплату коммунальных услуг или произвести пожертвование на реализацию экологических программ.

Автор проекта, опираясь на мировой опыт высокой рентабельности предприятий по переработке твердых бытовых отходов, призывает казахстанских бизнесменов заняться этим делом. Его прибыльность будет опираться на выгодные для населения расценки, мотивирующие осуществлять раздельный сбор ТБО.

■ АКТУАЛЬНО

Пришло время укрупняться

Недавно в районном акимате состоялся семинар-совещание, на котором присутствовали специалисты Министерства сельского хозяйства, акимы сельских округов, работники отдела сельского хозяйства, руководители фермерских хозяйств. Открыл совещание заместитель акима района Нурлан Куматаев.

Рамазан ЕЛЕШЕВ,
Илийский район.



Перед собравшимися выступил главный аналитик министерства сельского хозяйства Ерлан Ильясов. Докладчик напомнил собравшимся выдержку из Послания Главы государства «Третья модернизация Казахстана: глобальная конкурентоспособность» от 31 января 2017 года: «Поручаю Правительству и акимам областей в течение 5 лет создать все условия для объединения более 500 тысяч домашних хозяйств и малых фермерств в кооперативы».

С помощью слайдов аудитории были разъяснены принимаемые в этом направлении Минсельхозом меры по развитию сельхозкооперации и обеспечению продуктивной занятости сельского населения. На сегодня в стране 45% самозанятого населения трудятся в ЛПХ (личные подсобные хозяйства), и все они относятся к так называемой категории непродуктивно занятого населения. Доля импорта молочной продукции у нас в стране остается по-прежнему высокой: по маслу сливочному – 35%, сырам и творогу – 40%. Но 75-80% молока и мяса и половина валового выпуска сельскохозяйственной продукции производится в ЛПХ. Сокращения импорта планируется достичь за счет использования потенциала личных подсобных хозяйств для увеличения объемов производства продукции АПК, решения вопросов продовольственной безопасности.

Аудитории были продемонстрированы графики производства и переработки говядины за 2015 год, количества семейных откормочных площадок, схемы организации закупа продукции у ЛПХ и создания СКК и т.д. Директор Алматинского областного филиала «Фонд финансовой поддержки сельского хозяйства» Мади Ибадуллаев рассказал о появившихся возможностях для мелких фермерских хозяйств, отдельных семей заняться новым, перспективным бизнесом. Это такие направления, как: создание сети пунктов по приему молока и убойных пунктов; семейные откормочные площадки; семейные теплицы; пункты сортировки; семейное птицеводство; товарное рыбоводство и т.д.

На примере проекта «Приобретение оборудования для молокоприемных пунктов емкостью от 1 тонны молока в сутки» было показано, что государство возмещает кооперативу до 50% понесенных затрат. Оказывается государственная поддержка кооперативам на откорм бычков, ягнят, производство молока, комбикормов и т.д.

Важны детали. Увеличена сумма льготного кредитования до 18 млн тенге и продлен срок кредитования с 5 до 7 лет. Залог сельхозкооперативам не требуется, в качестве него выставляется само приобретаемое оборудование. Создан бесплатный Call-центр (8 800 080 80 10) по вопросам создания кооперативов. В поддержку создания крупных сельхозтоваропроизводителей в республике, главным образом на юге, выступила директор департамента стратегического прогнозирования Казахского национального Аграрного университета Укиляй Керимова.

Конечно, были вопросы, предложения от глав крестьянских и личных подсобных хозяйств. В частности, по субсидированию процентной ставки на полученный кредит для закупки скота. Животноводам, решившим приобрести скот, приходится теперь платить банку процент полностью, без объявленных ранее льгот. Как объяснили на семинаре, это временная финансовая проблема и государство все свои обязательства в этой части выполнит. Фермер, депутат районного маслихата Михаил Кошалко интересовался, есть ли нормативы по количеству земель, с которым собственник может войти в кооператив.

Ерганат Батталханов, много лет возглавлявший сельхозкооператив в Караойском сельском округе и ныне работающий в этой отрасли, также имеет свою особую точку зрения. Он считает, что сама идея создать крупные сельхозформирования неплоха: важно, что предусматриваются финансирование этой программы и поддержка государством. Но принципиальным в данном процессе является механизм внедрения, чтобы этим занимались грамотные, знающие тему специалисты в сельских округах, в районе, в области, в республике. Чтобы это не стало очередной «кампанейщиной», «рапортоманией».

Например, те же откормочные площадки нужно создавать только там, где есть орошение, где можно выращивать сочные, разнообразные корма. Было бы правильным на первом этапе привлекать в село крупных инвесторов из города, чтобы они имели возможность поддержать сельхозкооперативы до того, пока аграрии «станут на ноги». Еще нужно признать, что до сих пор многие фермеры не имеют (в силу разных причин) всего пакета правоустанавливающих документов на землю, имеющиеся на ней строения (например, кошары), и это тоже будет тормозить объединение. А без залога никакой банк не будет иметь дел с крупным кооперативом. Тут селянам нужна юридическая помощь на уровне республики, министерств и ведомств. То есть, считает Батталханов, надо подойти к этому вопросу очень серьезно, без «шапкозакидательства», встречаясь с самими крестьянами на местах, узнавая их мнение и проблемы. Тогда мы получим искомый результат.

МАҢЫЗДЫ

ЖЕР ТЕЛІМДЕРІН ҚАЙТАРУ БАСТАЛАДЫ



Елбасы тапсырмаларына сай, Алматы облысында ауқымды жобалар қолға алынуда. Алайда, оларды жан-жақты жүзеге асыру үшін өңірдегі бірқатар жекеменшік жер телімдерін мемлекетке қайтаруға тура келген. Бүгінде облыс аумағында жекеменшік жер телімдерін қайтарып алып, ел мүддесіне пайдалануға тиісті 21 инвестициялық жоба басталса, оның 11-і инфрақұрылымды дамыту жөніндегі республикалық бағдарламалар аясында атқарылатын істер. Атап айтсақ, ол «Үлкен Алматы айналма автокөлік жолы», «Алматы-Қапшағай», «Бірлік-Ақбұлақ», «Батыс Еуропа-Батыс Қытай», «Алматы-Өскемен», «Ұзынағаш-Отар», «Астана-Алматы», «Алматы 1-Шу», «Алматы-Бішкек» автокөлік жолдарының жекелеген бөліктері сондай-ақ, «Қазыбек Бек-Жетіген» темір жолының құрылысы.

Бұл туралы жақында облыс әкімдігінде өңір басшысы Амандық Баталовтың төрағалығымен өткен аймақтағы жер қатынастары басқармасының, аудан, қала әкімдері аппараттарының жер учаскелерін мемлекет мұқтажы үшін мәжбүрлеп иеліктен шығару мәселелерін қарау бойынша өткен басқосуда айтылды. Сондай-ақ, жиналған қауым алдында баяндама жасаған облыс әкімінің орынбасары Серік Тұрдалиев: *«Аталған көлік жолдары құрылысының белдеуіне жалпы көлемі 6,9 мың гектарды құрайтын 2939 жер учаскесі енеді. Әрі оның 3166 гектардан асатын 2247 учаскесі яғни 76 пайызы сатып алуға жатады. Қазірге дейін аймақтағы өр аудан, қала әкімдіктері тарапынан түсіндіру жұмыстары жүргізіліп, 16,7 млрд. теңге қаражат жұмсалып, барлығы 1472 жер телімі қайтарылып алынған. Соның ішінде біраз жер иелері түсініспікпен қарап 240 учаскені мемлекетке еш өтеусіз берсе, 172 меншік иесіне тең бағалы жерлер табысталды. Дегенмен, бұл жұмыстар төңірегінде әлі де біраз олқылықтар бар. Мәселен, Іле ауданында 2013-2015 жылдар аралығында сатылып алынуға тиісті 15 жер телімі Әділет мекемесінде тіркелген хабарлама бола тұра қайта сатылып кеткен»* -деді.

Осыдан соң облыстық жер қатынастары басқармасының басшысы Жолан Омаров жалпы аймақтағы маңызды жобалардың жүзеге асырылуы жөнінде айта келіп, бұл бағыттағы жұмыстар атқаруда кейбір аудан, қала әкімдерінің де кемшіліктерге жол беріп отырғанын тілге тиек етті. Ал, Қарасай ауданының басшысы М. Бигелдиев белгіленген инвестициялық жобаларды жүзеге асыру бағытында аудан аумағындағы қажетті жер учаскелерін қайтарып алу жайында жасалып жатқан жұмыстарды кеңінен таныстырып шықты. Өз кезегінде Талдықорған қаласының әкімі Б. Қарасаев шаһардың Оңтүстік-Батыс шағын ауданын дамыту, «Азаматтарға арналған үкімет» әкімшілік ғимаратын абаттандыру, «Жастар» саябағын кеңейту мәселелеріне кеңінен тоқтала келіп, жер мәселесінде осыған 33 жер телімі бағаланып, оның 9-на заңды шешім шығарылғанын атап айтты.

Әрбір аудан қала басшыларының баяндамасын тыңдап, атқарылып жатқан жұмыстарға баса назар аударған облыс әкімі көңіл толмайтын кейбір істерге сын-ескертпе жасады. Сонымен бірге, Амандық Ғаббасұлы: *«Инвестиция тарту, тұрақты жұмыс орындарын ашу, жаңа кәсіпорындар құру – Мемлекет басшысы алдымызға қойып отырған маңызды міндеттер. Бұл мақсатта қажетіне қарай жекеменшік жер телімдерін сатып алу керек. Алайда, ол оңай-оспақ іс емес. Мұның бәрі де мемлекет мұқтажы үшін жасалып жатқан жұмыс. Сондықтан, меншік иелерінен жер телімдерін қайтарып алуда заң талаптары қатаң сақталуы тиіс. Ал, тапсырмаларға құлақ аспай, өз міндеттерін орындамағандар жауапқа тартылатын болады»*, - деп ескертті.

А. БАЙТАЙЛАҚОВ.

ҚОРЫТЫНДЫ

АЙМАҚТЫҚ АРДАГЕРЛЕР ҰЙЫМДАРЫНЫҢ ҚЫЗМЕТІ

Өткен жылдың 20 сәуірінде Астана қаласында «Ардагерлер ұйымы» республикалық қоғамдық бірлестігі өзінің кезекті VII-съезін өткізді. Онда Орталық кеңестің жұмысы және ардагерлер қозғалысын одан әрі нығайту мен дамыту жөніндегі міндеттер туралы ауқымды есеп тыңдалды.

Орталық кеңес оң жұмыстарды бағалай отырып, съезде ардагерлер ұйымдарын ардагерлер қозғалысын тереңдету мен одан әрі дамыту жөніндегі күш-жігерін жалғастыра түсуге шақырды.

Қоғамдық өмірдің барлық салаларында, әсіресе, зейнеткерлердің тұрғылықты жерлері бойынша ардагерлер ұйымдарының қатысуын қамтамасыз ету мәселесіне басты назар аударылды. Съезде ардагерлердің, ең алдымен отбастарындағы және тұрғылықты жерлердегі жұмысына бағдар бере отырып, ардагерлер Кеңестеріне жастарға «Мәңгілік Ел» жалпыұлттық идея рухында патриоттық және адамгершілік тәрбие беру жөніндегі қызметті табандылықпен жандандыру ұсынылды.

Ардагерлер ұйымдарының назарын қарт адамдардың әлеуметтік құқықтары мен мүдделерін қорғауға, тыл еңбеккерлері үшін қосымша жеңілдіктер мен префенциялар беруге, кедейлікті, әсіресе, жалғызбасты және егде адамдар арасындағы кедейлікті болдырмауды жәрдемдесуге шақырды.

Талдықорған қалалық ардагерлер ұйымы осы съезд шешімдерін орындау барысында қаламызда толып жатқан игілікті істерді жүзеге асырып жатыр деуге әбден болады. Ардагерлерді қолдау, көмек көрсету, олардың дұрыс демалыстарын ұйымдастыру, сонымен қатар, өскелең ұрпақтың ұлттық, елжандылық тәрбиесіне өздерінің тиісті үлестерін қосу барысында талай шараларды атқарып жатыр. Бұған осы күнгі қолға алынып, қала тұрғындары арасында кеңінен қолдау тауып отырған бағдарламалардың орындалып жатқаны дәлел бола алады. Әрине, мұның бәрі осы ардагерлер үйіндегі, 2-3 адамның ғана еңбегі емес, бұл осындағы кеңес мүшелерінің, рухани кеңесшілердің, тұрақты комиссия мүшелерінің, сонымен қатар, аймақтық ардагерлер кеңестерінің бірлесіп, ұйымдасып істеп жатқан қажырлы еңбектерінің арқасы. Бүгінгі әңгіменіз негізінен аймақтық ардагерлер ұйымдарының қызметіне байланысты болғандықтан, осы мәселеге ерекше тоқталғым келіп отыр. Өйткені бұл бүгінгі таңдағы күрделі де көкейтесті мәселелердің бірінен болып отырғаны ешкімді де таңқалдырмайды. Бізде қалалық ардагерлер ұйымының жұмыс шеңбері 11-аймақтық кеңестерге бөлінген. Олар:

1. Өтенай аймақтық ардагерлер ұйымы, жетекшісі – **АХМЕТЖАНОВ Мұрат.**

Орналаскан жері: №21 орта мектеп.

2. «Еркін» аймақтық ардагерлер ұйымы, жетекшісі - **ІЗБАСҚАНОВ Тортай.**

Орналаскан жері: №11 орта мектеп

3. «Шығыс» аймақтық ардагерлер ұйымы, жетекшісі - **ЖАҚАНБАЕВ Сельмар.**

Орналаскан жері: №15 орта мектеп.

4. «Қаратал» аймақтық ардагерлер ұйымы, жетекшісі - **ЖАМАУБАЕВ Көнжебек.**

Орналаскан жері: №9 орта мектеп.

5. «Самал» аймақтық ардагерлер ұйымы, жетекшісі - **ТҰРЛҰҒҰЛОВА Қаламқас.**

Орналаскан жері: №12 орта мектеп.

6. «Жастар» аймақтық ардагерлер ұйымы, жетекшісі - **ҚОЙЛЫБАЙ Амантай.**

Орналаскан жері: №14 орта мектеп.

7. «Жетісу» аймақтық ардагерлер ұйымы, жетекшісі - **ЖАҚСЫҒҰЛОВ Айтбек.**

Орналаскан жері: №10 орта мектеп, №25 орта мектеп.

8. «Ғарышкер» аймақтық ардагерлер ұйымы, жетекшісі - **БЕГАСЫЛОВ Назарбек.**

Орналаскан жері: №19 орта мектеп

9. «Мүшелтой» аймақтық ардагерлер ұйымы, жетекшісі - **БАКИРОВ Серік.**

Орналаскан жері: №17 орта мектеп.

10. «Хутор» аймақтық ардагерлер ұйымы, жетекшісі - **КЕРІМБАЕВА Гүлнәр.**

Орналаскан жері: №8 орта мектеп.

11. «№6,7 шағын аудандары» аймақтық ардагерлер ұйымы, жетекшісі - **БЕКМЕТОВА Серік.**

Орналаскан жері: №7ш/а 21б, 2 қабат.

Өткен жылы, олардың жұмыс орындары нақты белгіленіп, өздерінің аймақтық шеңберіндегі мекеме, ұйымдардың базасынан жұмыс кабинеттері бөлініп берілді. Қала әкімдігінің қолдауымен жұмыс бөлмесіне қажетті құрал-жабдықтар, шкаф, стол, орындықтар жеткізілді. Кейбіреулері байланыс құралдарымен, телефонмен қамтамасыз етілді. Осының бәрі қалалық кеңестің ұдайы назарында болды. Осы игілікті іске қолдау көрсетіп, демеушілік жасаған еңбек ұйымдары мен олардың басшыларына дән ризамыз. Өткен жылы Республикалық ардагерлердің қоғамдық бірлестігі жастар арасындағы тәлім-тәрбие жұмыстарына байқау ұйымдастырып, соның қорытындысы бойынша Талдықорған қаласының ардагерлер ұйымы жүлделі 1-орынды жеңіп алған болатын. Бұл біздің жұмысты бағалағандық, тәрбиелік шараларымыздың бағыты дұрыс екендігін көрсетеді. Ал, үстіміздегі жылдың жаз айында Республикалық ардагерлер ұйымының көшпелі сессиясы осы Талдықорған қалалық ардагерлер ұйымының базасында өтпекші. Біздің іс-тәжірибемізбен алмасуға Астанадан, басқа да облыстардан делегаттар келеді деп күтілуде. Олардың жұмыс жоспарларында, аймақтық, цехтық, бастауыш ардагерлер ұйымдарының жұмыстарын көріп танысу да бар. Бұл бізге үлкен міндет пен жауапкершілік жүктеп отыр. Сондықтан да, аймақтық ардагерлер кеңестері өз жұмыстарына соны серпін беріп, жандандыруы тиіс. Жұмыс орындарының безендірулері, іс-қағаздарының ретке келулері кезек күттірмейтін болу қажет. Мектептермен байланыс та өз дәрежесінде болуы қажет. Мектеп басшылары мен директордың тәрбие жөніндегі орынбасарларымен өзара бірлесе қимылдайтын уақыт жетті. Біз «Ата-баба дәстүрі - ұрпаққа аманат» бағдарламасының мектептің тәрбие жөніндегі жоспарларының ішінен орын алатын жағдайын шешуіміз керек. Мектептердегі ардагер әжелер топтарымен келісе отырып, жастар тәрбиесін қолға алатын кез туды. Міне, осының бәріне аймақтық ардагерлер кеңестері үлкен мүдделілік тудыра отырып, өз жұмыстарын қарқынды түрде алға бастырулары керек.

Бұл ретте қалалық ардагерлер кеңесі өз аумағындағы аймақтық кеңестердің жетекшілеріне, олардың мүшелеріне үлкен сенім артады. Қызметтерінің нәтижесінен үміт күтеді және оларға қолдан келген көмегін, қолдауын үнемі көрсетіп отырады. Ардагерлер мен зейнеткерлерге көмек қолын созарда, жас ұрпақты тәрбиелеу жолында аймақтық ардагерлер кеңесі әлі талай асулар алатыны сөзсіз.

Айтмұханбет ЕРАСЫЛОВ,
Қалалық ардагерлер кеңесі төрағасының орынбасары.

ЖАҢА ЖОБА

ТАБИҒАТ ТАЗАЛЫҒЫ - ҒАЛАМДЫҚ МӘСЕЛЕ



Жыл сайын Алматы облысы аумағыннан 800 мың тоннаға жуық тұрмыстық қатты қалдық шығарылады. Оның 350 мың тоннасы Алматы шаһарының еншісінде болса, қалғаны Жетісудың әрбір ауыл, аудан, қалалары мен басқа да елдімекендеріне тән. Дәл осындай өзекті мәселелер төңірегінде орамды ой қозғап, тұрмыстық қатты қалдықтарды қайта өңдеу тақырыбында тың бастама көтерген облыстық «Жетісу» газетінің тілшісі Қажет Андас Орта Азиялық экология тақырыбында жазатын журналистер арасында өткен байқауда жеңімпаз атанған. Бұл туралы жақында Алматы облыстық өңірлік коммуникациялар қызметі ұйымдастырған баспасөз мәслихатында айтылды.

Жалпы Еуропалық Одақтың Орта Азиядағы өкілдігі саналатын Internews жүзеге асырып отырған бұл жоба 2016 жылғы маусым айында басталған болатын. Ол «Орталық Азиядағы қоршаған орта және табиғи ресурстар мәселелерін тиімді жариялауға арналған медиа» жобасы. Оның Қазақстан, Қырғызстан және Тәжікстан сынды елдерде арнайы өкілдіктері бар. Жобаның мақсаты – аталмыш елдерде «Экология және қоршаған орта» тақырыбында сапалы материалдар әзірлей алатын журналистер желісін құру және сол арқылы қоғамның экологиялық ойлау жүйесіне әсер ету. Осыған сәйкес, өткен жылы желтоқсанда Алматы қаласында Орта Азиялық экология тақырыбында жазатын журналистер арасында жобалар байқауы өткен болатын. Оған Қырғызстан, Өзбекстан, Тәжікстан және Қазақстаннан жалпы 16 жоба қатысқан. Үш күнге созылған дүбірлі додада Алматы облыстық «Жетісу» газетінің тілшісі Қажет Андастың «Қатты тұрмыстық қалдықтарды қайта өңдеу» тақырыбындағы тұңғыш рет қазақ тілінде қорғаған жобасы үздік деп танылып Еуропалық Одақтың 3500 еуро көлемінде грантын жеңіп алды. Жобаның шартында көрсетілгендей, журналист өз жобасын жұмыс істейтін медиамен бірлесе отырып, жүзеге асыру көзделген. Сондықтан, журналистің жұмыс орны Алматы облыстық «Өлке тынысы» ЖШС мен Еуропалық одақтың грант комитеті 12 наурыз күні келісімшартқа отырып, жобаны әрі қарай жүзеге асыруға қатысты жұмыстарын бастап кетті.

Ал, басқосуда БАҚ өкілдерінің қойған сауалдарына жауап берген жоба авторы: «Қазір бұл бастама аясында газеттерге экология тақырыбында мақала жариялау, бейнеролик түсіру және оны телеарналар арқылы тарату көзделген. Онда мүмкіндігінше барлық әлеуметтік желілерді пайдаланып, өңіріміздің экологиялық жағдайы және қоршаған ортаны қорғау барысында атқарылып жатқан жақсы бастамаларды жұртқа жария ету. Жоба бойынша дайындалған материалдар Алматы облыстық «Жетісу» газетінде басылса, Алматы облыстық «Жетісу» телекомпаниясы, І. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университетінің физика-математика факультеті, «Эко-Сервис-Арман» ЖШС-мен жұмыс атқарады. Сондай-ақ, өңірдегі экологтар, «ЭкоСервис-Арман» ЖШС директоры Гүлнар Мадыбаева, І. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университетінің физика-математика факультетінің деканы, профессор Ерлан Андасбаев, Айжан Рысқұлова «KazWaste» қайта өңдеу мекемелерінің қазақстандық қауымдастығы үйлестіруші сарапшы ретінде бірлесе жұмыс жүргізеді.

Десе де, қазақ тілді басылымның мүмкіндігін көрсететін жобаның сәтті аяқталатыны да белгілі. Ең бастысы, дайындалған материалдар еуропалық Одақ аясында таратылып, әлем жұртының өңіріміздің экологиялық ахуалын білуге және халықаралық қаржы ұйымдарының қазақстандық қоршаған ортаны қорғау мәселесіне қаржылай немесе басқа да жолдармен көмек көрсетуіне ықпал ететін болады» - деді.

Айдын КӘЛІМХАН.

Кабанбай батыр көшесі, 32
Тел: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ҚАЛДЫҚСЫЗ ӘЛЕМ

Жордаланған қоқыстан қашан құтыламыз?

ҚАЗАҚ ЖҰРТЫ «ЖЕРҰЙЫҒЫ ЖЕТІСУ» ДЕП ӘСПЕТТЕЙТІН АЛМАТЫ ОБЛЫСЫНДАҒЫ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ЖАҒДАЙ АЛАҢДАТАРЛЫҚТАЙ. ЕЛІМІЗДЕГІ ЖЕРДІҢ НӘРІ – МҰНАЙЫ СОРЫЛЫП, КЕНІ ҚАЗЫЛЫП ЖАТҚАН ӨҢІРЛЕРГЕ ҚАРАҒАНДА ЖАҒДАЙЫМЫЗ БІРШАМА ТӘУІР ДЕГЕНМЕН, ТАБИҒАТТЫҢ БАРЛЫҚ БЕЛДЕУІ МЕН ТАУСЫЛМАСТАЙ КӨРІНГЕН ТАМАШАСЫ ОРНАЛАСҚАН АЙМАҚТА ДА ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУҒА, ТАБИҒИ ТЕПЕ-ТЕҢДІКТІ САҚТАУҒА ҚАТЫСТЫ АЙТЫЛҒАН, АЙТЫЛМАҒАНЫ БАР ПРОБЛЕМАЛАР ЖЕТЕРЛІК. ТІПТІ, ДАБЫЛ ҚАҒАТЫН ЖАҒДАЙЛАР ДА КЕЗДЕСЕДІ. МҰНЫ ҚАЛА, АУЫЛДА ШАШЫЛЫП ЖАТҚАН ҚАТТЫ ТҰРМЫСТЫҚ ҚАЛДЫҚҚА, ПОЛИГОНДАРДА ҮЙІЛІП ҚАЛҒАН ТАСТАНДЫ ЗАТТАРҒА, БАҚЫЛАУСЫЗ ҚАЛҒАН КЕНІШТЕРДІҢ РАДИАЦИЯЛЫҚ ҚАЛДЫҚТАР ҮЙІНДІЛЕРІНЕ ҚАТЫСТЫ АЙТУҒА БОЛАДЫ.



Алматы облыстық экология департаментінің мәліметінше облыс аумағына жыл сайын 800 мың тон-наға жақын тұрмыстық қатты қалдық шығарылады. Оның 350 мың тоннасы Алматы қаласының, қалғаны облыс елді мекендерінің еншісінде. Бүгінде облыстағы жинақталған қалдық көлемі 9 млн. тоннаға жетті. Сондықтан облысымыздағы қатты тұрмыстық қалдықтарды қажетке жарату ісі бүгінгі күннің талабынан шығып отыр деп айта алмаймыз. Әрине, дамыған мемлекеттер сияқты қоқысты керекке жаратып, одан өміріміз бен тіршілігімізге тиімді заттарды өндіретін уақыт та келер. Ондай мүмкіндікке жету үшін жұрт болып жұмылған жөн. Сондықтан тұрмыстық қалдықты қайта өңдеуден бұрын оны есепке алу, жинау, сұрыптау жолын, сондай-ақ, қауіпті қалдықтарды залалсыздандыру, жоюдың әдіс-амалын үйренгеніміз дұрыс. Ол үшін қатты тұрмыстық қалдықтардың өміріміз бен табиғатқа келтірер зияны мен қаупін білгеніміз жөн.

Облыстық экология департаментінің ақпаратына сенсек, өңіріміздегі 741 елді мекенде жалпы көлемі 1113,6 гектар 513 заңдастырылған күл-қоқыс үйіндісі мен полигоны бар. Ондағы тұрмыстық қалдықтарды жинау және тасымалдау міндеті облыстағы 17 мемлекеттік коммуналдық кәсіпорын мен 20 жекеменшік кәсіпорынға жүктелген. Олар бүгінгі таңда тек 254 елді мекендегі қоқысты полигондарға тасымалдауға ғана қауқарлы. Осының салдарынан өңірлерде өндірістік және тұрмыстық қалдықтармен айналысу саласындағы заңбұзушылықтар жиілей түскен.

Мұның себебі – стандарттарды, нормаларды және экологиялық талаптарды сақтамау, өндірістік және тұрмыстық қалдықтарды орналастыру ережесін бұзу, өндірістік және тұрмыстық қалдықтарды жою және залалсыздандыру, есебін жүргізу ережесін орындамауға байланысты орын алуда. Жоғарыдағы кемшіліктерді жою үшін, алдымен, аса қауіпті өндірістік және тұрмыстық қалдықтарды есепке алып, өңдейтін және залалсыздандыратын халықаралық экологиялық талаптарға сай полигондар құрылысын қолға алған дұрыс.

Қазақстан Республикасы Экологиялық кодексінің 299-бабында 2-сыныпты қауіпсіз, ірі қатты тұрмыстық қалдықтар полигонына қойылатын талаптар көрсетілген. Қарасай ауданындағы «PLASMA Energy Inc» ЖШС, «Тазалық-Чистота» ЖШС, Іле ауданындағы «Қарасу» ЖШС, «Утилит» ЖШС, «МПП ЖКХ» ЖШС, «BIO-GARBAGE» ЖШС, Талғар ауданындағы «Тазар» МКК, «Эко Тазарту» ЖШС, Алакөл ауданындағы «Бағалы Алакөл», Қапшағай қаласындағы «Іскер-Т» ЖШС, «Туризм и зона отдыха» ЖШС, Кербұлақ ауданы Сарыөзек кентіндегі, Ескелді ауданы Қарабұлақ кентіндегі, Жамбыл ауданы Ұзынағаш ауылындағы қатты тұрмыстық қалдықтар полигоны ғана осы талапқа сай келеді.

Экономикасы қарыштап дамып, демографиялық ахуалы әлемді алаңдата бастаған көрші Қытай елінің ішкі өзен-көлдері мен су қоймаларын пайдалану салыстырмасының артуы сол елден елімізге ағып кіретін өзендердің су мөлшерін азайтып жіберді. Соның салдарынан өзен аңғарлары қоқыс төгетін заңсыз полигонға айнала бастады.

Арыға бармай-ақ қоялық, Алматыға барған сайын жол үстіндегі Қапшағай су қоймасының жағдайын көріп, жүрегің ауырады. Оның үстіне арнасы тартылып, құрғап жатқан өзеншелердің қатары жыл өткен сайын көбейіп келеді. Кейінгі кездері Өзбекстаннан Қазақстанға кіретін өзендердің ластану деңгейі жоғары. Оған Сыр өзені суының егістікті суғаруға жарамайтын деңгейде ластанғаны дәлел бола алады. Қырғыздан кіретін Шу өзенінің де тазалық жағдайының төмендігі жайлы ғалымдар дабыл қаға бастады. Іле мен Шу өзендеріндегі су көлемінің азаюы, ластануы Балқаш көлінің экологиялық жағдайын бүлдіре бастады. Оның зардабы Жетісу жеріндегі бай табиғатқа тиіп жатыр.

Алматы облысындағы экологиялық жағдайға талдау жасағанда дәл қазіргі кезде облыс тұрғындарының 50 пайызы тазалығы мен сапасы, пайдасы жағынан қойылатын талаптардың біразына сәйкес келмейтін ауыз-суды тұтынып отырғанын білуге болады. Жылдам өріс алып баратын жерасты суларының ластануы таза ауызсу көздерінің азаюына әкеліп соқтыруда. Оған бей-берекет төгілген тұрмыстық қалдықтар араласып, адамзаттың денсаулығын мейлінше улап жатырмыз. Тіпті, тұрғындар жол бойындағы ұңғымаларды күл-қоқыс төгетін полигонға айналдырып алыпты. Жолшыбай көлікпен өтіп бара жатып, қолындағы целлофанын лақтыра салатын мәдениетсіздікті тежейтін бірде-бір ұнамды шараны көріп тұрған жоқпыз. Ал, облыс бойынша бұдан басқа қаншауы бар, санын тап басып айту қиын. Сонымен бірге, Үйғыр ауданындағы Шонжы – Қалжат трассасының бойындағы ыстық су көздері орналасқан жер түгелімен жекеменшікке беріліп, көптеген демалыс-сауықтыру орындары салынып кеткен. Ағылтегіл, еш бақылаусыз ағып жатқан ыстық сулардың адам денсаулығына қаншалықты пайдалы екендігі белгісіздігімен қоса сол суды есепсіз тұтыну кесірінен осы өңірдегі жер астындағы таза ауызсу бассейндері ластанумен бірге таусылуға жақындаған.

Кейде пайдалы қазба байлықтардың көп болуының пайдасы мен зияны қоса жүре ме деп те ойлайсың. Жер қойнауынан қазылып алынған кен мен сорылып алынған қара алтынның орнын толтырудың оңайға соқпайтынын өмірдің өзі дәлелдеп отыр. Оған осыдан біраз ғана бұрын Шығыс Қазақстандағы Риддер қаласында тұтас үйдің бір сәтте жер астындағы кені алынған бос кеңістікке құлап кеткені дәлел бола алады. Сонымен бірге, қажеттісі ажыратылып алынған, зиянды элементтері бар кен қалдықтарын дер кезінде өңдеуден өткізбеу, кеніш маңын қалпына келтірмеу мен қалай болса солай қалдыру да аса үлкен қатер көздерінің пайда болуына жол ашады. Осындай көзі ашық қатердің бірі Текелі қаласының желкесінде тұр. Кезінде қорғасын мен мырышты суытып, одан кейін далаға ығыстырылған су көлге айналып қалған. Текелідегі кеніш жабылғалы біраз жыл болғанымен көл сол орнында тұр. Улы суда бірде-бір тіршілік белгісі жоқ. Демек, құрамында тіршілікті өлтіретін улы зат көп. Өзенге қосылып жатқан у адамдардың денесіне тарап жатқан жоқ деп кім айта алады.

Облыстық прокуратураның мәлімдеуінше, Жетісу жерінде радиобелсенді қалдықтарды тереңге көму мен жоюға қатысты проблемалар жылда көтерілгенімен әлі шешімін таппаған. Мәселен, Панфилов ауданындағы «Жаркент – Арасан» шипажайына таман тау бөткейлеріндегі ескі уран кеніштерінен шығарылған үйінділер мен ұңғымалар радио белсенді ластанудың қауіпті көзі ретінде аймақтың экологиялық қауіпсіздігіне үлкен қатер төндіруде.

Алматы облыстық мәслихатының шешімімен осындағы екі бірдей уран ұңғымасынан шыққан үйінділерді өңдеуден өткізіп, жерді қайта қалпына келтіру жұмыстарына тиісті қаржы бөлінген. Қалған бес барлау ұңғымасының радиациялық жағдайы зерделенбеген. Ондағы радиацияның әсері радиобелсенділіктің зиянсыз ұйғарымды мөлшері болып табылатын 0,34 мкзв/с-дан жеті есеге артық болып, сағатына 2,51 микрозиверді құрапты. Текелі және Рудничный кеніштеріндегі кен қалдықтары қоймасында да тура осындай проблема бар. Сонымен бірге, өңірде құрамында сынап бар қалдықтарды қайта өңдеуден өткізетін кәсіпорынның жоқтығы да алаңдатады.

Естеріңізге сала кетелік, 1987 жылы Кеңес одағы орта және жақын қашықтыққа ұшырылатын ядролық ракеталарды Қазақстанның елсіз мекендеріне жару туралы қаулы қабылдайды. Бұл шара 1989 жылдың 27 қарашасына дейін екі жылға жалғасады. Ал, сондағы құжатта елсіз мекен деп көрсетілген жердің Көксу ауданына қарасты Тырнақ деп аталатын мал жайылатын учаске екенін бүгінде біреу білсе, біреу білмейді. Жалғыз Тырнақта емес, құпия әскери бөлімдер бұл жоспарын Алғабас елді мекенінің Мақпал мал жайылым учаскесінде де атқарған. Ал, осы Тырнақ мал жайылымы Кербұлақ ауданының Сарыбұлақ ауылдық округінен 10, Сарыөзек кентінен 35, Айнабұлақтан 16, Алғабастан 30 шақырым жерде орналасқан. Ракета жарылғанымен әлі күнге ол мекенді залалсыздандыру жұмысы жүргізілген жоқ. Беті ғана жасырылған қалдықтар әлі де аспанға зәһар шашып, сол маңдағы табиғат пен адамдардың денсаулығын бүлдіріп жатыр.

1989 жылы Талдықорған қаласындағы қорғасынды-аккумулятор зауыты ауаны ластағаны және адам денсаулығына зиян келтіргені үшін сол тұстағы облыстық ауруханаңың дәрігері Ғалия Әрінова сотқа береді. Сол арыз бойынша тексеріс жүргізген облыстық СЭС-тің мамандары зауыттың құю учаскесіндегі ауадағы қорғасынның қалыпты мөлшерден 150-200, қайта құю учаскесінде 250-300, кесу учаскесінде 250-300 есе артық екендігін анықтаған. Жылына Талдықорған қаласының әр азаматы 600 грамнан астам қорғасын жұтады екен. Міне, осыдан кейін қорғасын ұнтақтарын ауаға таратпай ұстап қалатын қондырғы орнатылыпты. Ал, қазір бір Талдықорғанның өзінде бірнеше зауыт бар. Оның сыртында қайта өңдеу цехтары жұмыс істейді. Олардан шыққан қатты қалдықтар зауыт маңында үйіліп жатыр. Өкінішке қарай, қазір бұл туралы ешкім де бас қатырып жүрген жоқ.

Жаппай үнемдеуге көшкен жұртшылық насихатына бола сынабы бар энергоүнемдеуші шамдар мен құралдарға көшкелі қашан. Олардың тозғанын өткізетін орын таппайтындар сынабы бар дүниелерін қоқыс контейнерлеріне тастай салатынын күнделікті көреміз. Мұның соңы онсыз да дер кезінде өңделмейтіндіктен айналасын әбден бүлдіріп болған қоқыс полигондарының қауіптілігін еселеп арттырары сөзсіз. Ресми дерек бойынша әлемде соңғы 50 жылда адамдар қажеттілігі үшін өндірілген өнімдер адамзаттың өткен ғасырдың алғашқы жартысына дейінгі тұтынған тауарларының көлемімен бірдей екен. Соның салдарынан өсімдіктер мен жан-жануарлардың жүздеген түрі жойылып, өңделетін жерлердің үстіңгі құнарлы қабатының 5/1 мүлде жарамсыз қалыпқа келген.

Дүниежүзілік тамақ өндірісінде азықтық қоспаның үш түрін қолдануға тыйым салынған. Олар Е-121 қоспасы – қызыл цитрус тағамдық бояуы, Е-123 – амарант бояуы, Е-240 – формальдегид консерванты. Жақында Швейцария ақпарат құралдарында таңғаларлық деректер жарияланды. Бұдан отыз жыл бұрын жерленген адам мүрделері сол күйінде бұзылмай сақталған. Ғалымдар бұл жағдайды зерттей келе денелердің бұзылмай сақталуына жеген тамақтарының құрамындағы консерванттардың тікелей қатысы бар екенін анықтады. Малдың немесе құстың тамағына қосылатын антибиотиктер мен етті өңдеуде қолданылатын химикаттар оның құрамында сақталып қалады. Соңғы кездері ет өнімдерінен уланудың көбейіп кеткені содан. Демек химиялық заттар жылдар бойы ағзамызға шөгіп, ішкі мүшелерімізді зақымдап жатыр.

Азық-түліктің сақталу мерзімін ұзарту – тамақ өнеркәсібімен айналысатын көптеген компаниялардың басты мақсаты. Олар өнімді ұзақ мерзімге сақтаудың түрлі тәсілін қолданып бағады. Сенімді ақпарат көзіне сүйенсек, қазіргі сауда орындарында сатуға шығарылған азық-түлік заттарының 80 %-ы алдын ала өңдеуден өткен екен. Сол азық-түліктің тұтынудан артылғаны полигондарға жөнелтіледі. Оның құрамындағы химиялық заттар сол өңірде тотығып, адам болашағына үлкен қауіп төндіретін қосылыстарды жасап жатыр.

Айта берсек, экологиялық проблемалар жеткілікті. Сондықтан Қоршаған ортаны қорғау министрлігінен бастап, оның барлық деңгейдегі құрылымдарының құзыретін кеңейтіп, қосымша уәкілеттіктер берумен қатар ондағылардан өз міндеттерін орындауды қатаң талап ету керек. Сонымен бірге, табиғат қорғау заңын бұзғандарға қатысты жауапкершілікті барынша күшейткен жөн.

Қажет АНДАС.

Кабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-89-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ӨНДІРІС ОРНЫ

ОЙҚАРАҒАЙ КӨМІР КЕНІШІ

ТӘУЕЛСІЗ ОТАНЫМЫЗДЫҢ ЖЕРІНІҢ АСТЫ ДА БАЙЛЫҒЫНА ТҰНЫП ТҰР. СОНЫҢ БІРІ – РАЙЫМБЕК АУДАНЫ АУМАҒЫНДАҒЫ ОЙҚАРАҒАЙ КӨМІР КЕНІШІ.



Бұл кеніш Алматы қаласынан шығысқа қарай 440 шақырым жерде көршілес Қытай Халық Республикасы мен екі арадағы шекара маңына орналасқан. Теңіз деңгейінен 3500 метр биіктікте тұр. Ғылыми зерттеулер бойынша мұнда негізінен Б – 3 маркалы 80 миллион тонна қоңыр көмір қоры бар деп есептелінген. Соның 40 миллион тоннасы ашық әдіспен өндіруге қолайлы деп табылған. Кеніштегі көмір қабаттарының жасы ортаңғы юра кезеңіне жатады. Қабатының қалыңдығы 45 метрден 110 метрге дейін барады. Ұзындығы 8 шақырымға дейін созылып жатса, 2-3 шақырымды құрайтын ені оңтүстік шығысқа қарай 5 шақырымға дейін еңістеп кетеді. Б – 3 маркалы қоңыр көмірдің күлділігі төмен, қызуы қалыпты деңгейде. 12-14 сағатқа дейін шоқтанып жататын көмір тамызықты көп қажет етпейді.

Ойқарағай деп аталатын табиғаты тамылжыған, жасыл шырша, тау өзені, орман-тоғай көрік берген кең жазиралы өңірден табылған көмір кеніші 1990 жылдардан бастап қазылып алына бастаған. 2000 жылдардан бері қарай Ләззат Ботабекова басқаратын ЖШС «Бүркіт» отын-энергетикалық компаниясы қарамағына алып, жұмыстар жүргізіп келеді. Олар Қазақстан Республикасының «Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану» туралы заңның аясында әрекет жасауда. Көмір кенішіндегі жұмыстарға Жарас Нұрғазиев жетекшілік жасайды.

– Жердің бетінен көмірдің қабатына дейінгі жер қыртысы 25 метрден 40 метрге дейін жетіп отыр. Сәуір айынан бастап 6-7 ай көлемінде қыс маусымында өндірілетін көмірдің бетін аршуға арналған ауыртпалығы мол жұмыстар тынбай жүргізіледі. Сол арқылы кеніш қыс бойы тоқтаусыз көмір өндіреді. Сұраныс иелерін қамтамасыз етіп отырады, – дейді «Бүркіт» компаниясының басшысы Ләззат Ботабекова.

Бұрнағы жылдары аталған кеніштен 22 мың тонна көмір өндірілсе, 2016 жылы 24 мың тонна көмір өндірілді. Ең бастысы, Райымбек ауданының Нарынқол, Кеген өңірінің тұрғындары пайдаланып, шаңырақтарын жылытып, берекелерін кіргізіп отыр. Аудандағы бірсыпыра білім, дәрігерлік шаңырақтар, мекемелер аталған көмірді пайдаланып келеді. «Бүркіт» отын-энергетикалық компаниясы 2014 жылы «Сала көшбасшысы» атанып, Ұлттық сертификатқа ие болды. Өткен жылы Шымкент қаласында өткен республикалық «Сауда үздігі» конкурсына қатысып, 1 орынды иеленді. Ел игілігін құрап отырған компания қызметі жемісті бола берсін! Көмір кенішіндегі азаматтардың қолдары қуатты болсын демекпіз!

Қ. БІРЖАНСАЛ.

РАЙЫМБЕК АУДАНЫ.

КАЛДЫҚСЫЗ ӘЛЕМ

ҚАТТЫ ҚАЛДЫҚТЫ ӨҢДЕУ – УАҚЫТ ТАЛАБЫ

Облыстық экология департаментінің ақпаратына сүйенсек, жыл сайын облыс аумағынан 800 мың тоннаға жақын тұрмыстық қатты қалдық шығарылса, оның 450 тоннасы Алматы қаласының, қалған 350 тоннасы елді мекендердің еншісінде екен.

Бүгінде облысымыздағы жинақталған қалдық көлемі 9,0 млн. тоннадан асады. Ал, бұл қалдықтың қаншасын өңдеп, керекке жаратып жатқанымыз туралы нақты ақпарат жоқ. Қайта полигондар мен қоқыс орындарының нормативтік талаптарға, санитарлық, экологиялық және құрылыс нормалары мен талаптарына сәйкес жабдықталмауы, көп сандағы жабайы қоқыс орындарының әлі де сақталуы экологиялық жағдайды қиындата түсуде. Бұл тұрғындар мен кәсіпорын жұмысшыларының денсаулығына елеулі қауіп тудырады.

Қатты қалдықтармен айналысу жүйесінің негізгі көрсеткіштерінің бірі – оны жою дәрежесі. Тұрмыстық қатты қалдықтарды алғашқы сұрыптау немесе механикалық жолмен кәсіпорындарда өңдеу арқылы одан қара және түсті металл, пластмасса, шыны, қағаз сияқты бағалы бөлігін алуға және қатты қалдықтардың негізгі массасын органикалық тыңайтқышқа, жылу энергиясына, құрылыс материалдарына айналдыруға болады. Бірақ, бүгінгі таңда зауыт құрылысын қаржыландыру көзінің жүйелі жұмыс істемеуінің салдарынан тұрмыстық қатты қалдықтарды сұрыптап, өңдеу проблемасы облыста ашық күйінде қалуда.

Осы және басқа да келеңсіздіктердің алдын алу үшін облыстық экология департаменті облыстық мамандырылған табиғат қорғау прокуратурасымен, жер қатынастары басқармасымен бірге жабайы заңсыз үйінділер орналасқан жер учаскелерін және жер иелерін анықтауға түгендеу жүргізген. Нәтижесінде, облыстағы 370 жер учаскесінен көлемі 1000 гектардан асатын тұрмыстық қатты қалдық жабайы қоқыс үйіндісі орналастырылған аумақ анықталыпты. Осыған орай, 2015 жылы 56 заңбұзушылық анықталып, 55 айыппұл салу туралы шешім қабылданып, 1 714,4 мың теңгенің айыппұлы салынған. Ал, өткен жылы жергілікті атқарушы органдарға 101 тексеру жүргізіліп, 104 заңбұзушылық анықталып, нәтижесінде құны 3 022,4 мың теңгені құрайтын 104 айыппұл салынды. Осыған орай, экологиялық мәселелердің тізім-реестрі жасалып, бекітілген. Оған тұрмыстық және өндірістік қалдықтарды жою, атмосфералық ауа қабатын бақылау, мамандандырылған экологиялық бекет жұмысын ұйымдастыру, Балқаш көлі мен Іле өзені төңірегінде туындаған мәселелер енген.

Өндірістік және тұрмыстық қалдықтармен айналысу саласындағы заңбұзушылықтың себебі – стандарттарды, нормаларды және экологиялық талаптарды сақтамау, өндірістік және тұрмыстық қалдықтарды орналастыру ережесін бұзу, өндірістік және тұрмыстық қалдықтарды жою және залалсыздандыру, есебін жүргізу ережесін орындамауға байланысты орын алады. Мысалы, «Искер-Т» ЖШС-нің тұрмыстық қатты қалдықтар полигонына жүргізілген тексерісте олардың жерді қайта өңдеу іс-шараларына тарату қорын құрмағаны, қоймалау, залалсыздандыру және көму технологиясының бұзылғаны, шаруашылық жұмыстарын жүргізу нәтижесінде топырақтың мұнай өнімдерімен ластануына жол бергені анықталып, заңды тұлғаға 169680 теңге айыппұл салынып, өндірілген. Көксу және Қаратал аудандарының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық



және тұрғын үй инспекция бөлімі полигондардағы табиғат пайдалану шарттарын орындамағаны, қалдықтарды қабылдау рәсімінің іске асырылмағаны себепті лауазымды тұлғаларға 190890 теңге айыппұл салынған. Талдықорған қаласындағы «Көркем-Талдықорған» ШЖҚ ҚКК-ға жоспардан тыс тексеріс өткізіліп, 2015 жылға қауіпті қалдықтар есебін өткізбегені, мемлекеттік экологиялық сараптаманың қорытындысына сәйкес бақылау ұңғымасының жоқтығы, тұрмыстық қатты қалдық толған қазаншұңқырдың топырақпен жабылмағаны, қоқыс тасу автокөліктеріне дезинфекция, залалсыздандыру жүргізілмегені себепті 296940 теңге көлемінде айыппұл салынған.

Жоғарыдағы кемшіліктерді жою үшін, ең алдымен, аса қауіпті өндірістік және тұтынған қалдықтарды есепке алып, өңдеу және залалсыздандыратын халықаралық экологиялық талаптарға сай полигондар құрылысын қолға алған дұрыс болар. Ол үшін қалдық иелерінен алдағы кезеңде өздері шығаратын қалдық мөлшерін азайту шарасын енгізуін талап ету және екінші қайтара игерудің ұтымды жолдарын қарастыру керек.

Қ. АНДАС.

Тәуелсіздік – біздің мандайға басқан бағымыз!
Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ.

Жетісу

АЛМАТЫ ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ, ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ГАЗЕТ

Газет 1918 жылғы маусымнан шығады

WWW.Zhetysu-gazeti.kz Jetisu2002@mail.ru

№ 35 (18311)
Бейсенбі, 30 наурыз, 2017 жыл.

БРИФИНГ

Жаңа жоба жүзеге асады

Еуропалық Одақтың Орта Азиядағы өкілдігі саналатын Internews жүзеге асырып отырған «Орталық Азиядағы қоршаған орта және табиғи ресурстар мәселелерін тиімді жариялауға арналған медиа жобасында облыстық «Жетісу» газетінің тілшісі Қажет Андастың «Қатты тұрмыстық қалдықтарды қайта өңдеу» тақырыбындағы жобасы жеңімпаз атанған болатын. Осыған орай Журналистер үйінде өңірлік коммуникациялар қызметінің ұйымдастыруымен брифинг өтті.

Жетісу
Айдар ҚАЛИЕВ

Жиында облыстық «Жетісу» газетінің тілшісі Қажет Андас тұрмыстық қалдықтарды қайта өңдеу жайлы келелі әңгімеледі.

– Облыс аумағына жыл сайын 800 мың тоннаға жуық тұрмыстық қатты қалдық шығарылады. Оның 350 мың тоннасы Алматы қаласының, қалғаны облыс елді мекендерінің еншісінде. Бүгінде облыстағы жинақталған қалдық көлемі 9 млн. тоннаға жетті. Сондықтан қатты тұрмыстық қалдықтарды қажетке жарату ісі бүгінгі күннің талабынан шығып отыр деп айта алмаймыз. Облыстық экология департаментінің ақпаратына сүйенсек, өңіріміздегі 741 елді мекенде жалпы көлемі 1113,6 гектар 513 заңдастырылған күл-қоқыс үйіндісі мен полигоны бар. Ондағы тұрмыстық қалдықтарды жинау және тасымалдау міндеті облыстағы 17 мемлекеттік-коммуналдық кәсіпорын мен 20 жекеменшік кәсіпорынға жүктелген. Олар бүгінгі таңда тек 254 елді мекендегі қоқысты полигондарға тасымалдауға ғана қауқарлы, – дей келе соның салдарынан өңірлерде өндірістік және тұрмыстық қалдықтармен айналысу саласындағы заңбұзушылықтардың жиілей түскендігін айтты.

Сонымен қатар әр аудандардағы жағдайға тоқталып, экологиялық өзекті мәселелерді атап өтті. Еліміздің көркеюі және саф ауамен тыныстануы үшін экология мәселесін басты назарда ұстап, қатты қалдықтарды өңдейтін зауыттар салу керектігін айтты. Жиын соңында тілшілердің сауалына тұшымды жауап беріп, тың идеялармен де бөлісті.

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ БАЙЛАНЫС



ҚЫТАЙ ИНВЕСТОРЛАРЫМЕН КЕЗДЕСТІ

Облыс әкімі Амандық БАТАЛОВ Қытай Халық Республикасы Бас консулдығының Алматы қаласындағы сауда жөніндегі Консулы және «Beijinq Lonhua Yang Guang Investment Co. Ltd» компаниясы мен «Лунянь Жетісу» ЖШС өкілдерімен кездесті. Ресми түрде өткен басқосуда «НТК Лунюань» Қытай және «Дос Жетісу» ЖШС – Қазақстан компанияларының бірлесуімен жүзеге асырылатын жоба жайында сөз өрбіді.

Жетісу
Айгүл БАЙБОСЫНОВА

Алдымен Амандық Ғаббасұлы ресми қонақтарға Алматы облысының ел экономикасын дамыту бағытындағы зор мүмкіндіктері жайында жан-жақты айтып берді.

– Жер жаннаты атанған Жетісу өлкесіне қош келдіңіздер! Біріншіден, инвестиция тарту бағытында Елбасы тапсырмасының жүзеге асырылуына үлкен үлес қосып жүрген «Лунянь Жетісу» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің құрылтайшысы, белгілі кәсіпкер Болат Әбіловке ерекше ризашылығымды білдіргім келеді. Бізде де қазір көптеген кәсіпорындар ашылып жатыр. Біз былтыр Шынжаң Ұйғыр автономиялық ауданына барып, басшылармен және ірі кәсіпкерлермен жүздесіп, бизнес форум өткізген болатынбыз. Облысымыз Қытай елімен шекаралас жатыр. Жетісу – Ұлы Жібек жолының Шығысқа шығатын басты қақпасы. «Қорғас – Шығыс қақпасы» еркін экономикалық аймағы, Алтынкөл стансысы ел экономикасын өркендетудегі қуатты жаңа нүктелер болып табылады. Олар тек біздің облыстың ғана емес, сондай-ақ бүкіл Қазақстанның экономикасын дамытуға әсер етеді. Барлығы 224 мың шақырымды алып жатқан өңіріміз елдегі ірі аймақтың бірі саналады. Бұл Елбасының туған өлкесі. Өңіріміз аграрлы аймақ. Ауылшаруашылығы саласымен айналысуға өте қолайлы. Жалпы республика бойынша ауылшаруашылығы өнімдерінің он алты пайыздан астамы Алматы облысында өндіріледі. Өңірімізде мүйізді ірі қара да, ұсақ мал да жетеді. Бізге заманға лайықты жаңа технология бойынша өнімді терең өңдейтін кәсіпорындар керек. Біз Сіздермен осы бағытта жұмыс істейтін боламыз, – деді облыс басшысы.

Бұдан соң Болат Мұқашұлы жаңа салынатын кәсіпорын жайлы қысқаша мәлімет беріп, облыс басшысының жылы ілтипатына ризашылығын жеткізді. Сондай-ақ ол аталған жобаның алғашқы кезеңінде 15 млн. АҚШ доллоры көлемінде инвестиция тартылатынын, ал кластер толық іске қосылғанда инвестиция көлемі 80-100 млн. АҚШ доллорына жететінін айтып өтті. Келесі сөз кезегі «НТК Лунюань» компаниясының бас директоры Ян Гуанға берілді.

– Көрсетіп жатқан қолдауларыңыз үшін үлкен рахметімді айтқым келеді. Біраз уақыттан бері ауылшаруашылығы бойынша сараптама жүргізіп, нәтижесінде Алматы облысының аталған жобаны жүзеге асыруға қолайлы аймақ екендігіне көз жеткіздік. Сол себепті ет комбинатын осы өңірге салуды жөн санадық. Бұл жобаны жүзеге асыруға сіздердің тараптарыңыздан да көп көмек көрсетілуде. Егер осы кәсіпорынды өсіп тұрған ағашқа теңесек, сол талды суаратын су табылды деп есептейміз. Аталған жоба ойдағыдай іске асатын болса Талдықорған қаласы экономикасының өркендеуіне айтарлықтай оң әсерін тигізеді деп білеміз. Ол үшін жұмыс істеп, біраз тер төгу керек. Жобамыздың ауқымы кең. «Лунянь Жетісу» ЖШС-нің ауылшаруашылығы кластерлік тізбегін қалыптастыру бағытындағы жоба-жоспарларымыз көп. Олар май, құрама жем, органикалық тыңайтқыштар зауыты, бордақылау алаңы, асыл тұқымды құс фабрикасы болып табылады. Жалпы, бұл жобалар Алматы облысында жүзеге асырылады. Ал ет комбинатына заман талабына сай жаңа құрылғылар орнатылады. Кәсіпорында өндірілген өнімдер сапалы әрі табиғи жағынан таза болады. Сондықтан сіздерге инвесторларға жасап жатқан жақсы жағдайларыңыз үшін алғысымызды білдіреміз. Біз де сіздердің қоғамдарыңыздың жақсаруына өз үлесімізді қосатын боламыз. Сондай-ақ, ауыл-аймақтарға балабақша да салу ойымызда бар, – деді ол.

Жылы жүздесуден соң Амандық Ғаббасұлы осы бағыт бойынша барлық жағынан қолдау көрсетілетінін алға тартты. Себебі, өндіріс орындарының көптеп ашылуы салық түсімінің молаюына және елдің тұрмыс-тіршілігінің жақсаруына мүмкіндік тудыратынын сөз етті. Сондай-ақ, өңір басшысы тамшылатып суару құрылғыларын шығаратын зауыт салынса, бой көтеретін жаңа өндіріс орындарының құрылысына өзіміздің отандық бұйымдар қолданылса деген тілегін жеткізді.

Жылы жүздесуден кейін ресми қонақтар «Шығыс» шағынауданындағы Индустриалды аймаққа барып, аталған өндіріс ошағындағы құрылыс жұмыстары жүретін орынды көрді. Сонымен бірге жаңа салынатын ет өңдеу комбинатының иргетасы қаланды. Бұдан соң салтанатты жағдайда екіжақты меморандумға қол қойылды.

Айта кетейік, аталған жобаның жалпы ауданы 25 гектар, соның 5 гектары ет комбинатына, қалғаны мал бордақылау алаңына арналған. Бұл жоба ірі қара мал өсіріп, халал стандарттарына сай сапалы ет өнімдерінің барлық түрін дайындайтын кешенді өндіріс ошағы болмақ. Жоба ауылшаруашылығын индустрияландыруға, мал шаруашылығының дамуына және шаруалардың тұрақты табыс табуына ықпал етпек. Жобаның құрылысы наурыз айының соңынан басталып, бірінші қыркүйекке дейін жалғаспақ. Барлығы үш мың бас ірі қараға арналған бордақылау алаңы жылына он мың бас ірі қараны ет комбинатына дайындап, өткізеді. Мал сою және технологиялық желілері жылына елу мың бас ірі қараны союға есептелген.



Суреттерді түсірген Д. ЕРОФЕЕВ.

ЖАҢҒЫРУ — ЖАСАМПАЗДЫҚ ЖОЛЫ

ҚОҒАМНЫҢ ҚОЗҒАУШЫ КҮШІ

Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаевтың биылғы «Қазақстанның Үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» атты Жолдауы еліміздің әрі қарайғы дамуын айқындап берді. Тәуелсіздіктің 25 жылында Елбасы мен халқымыз орасан зор жұмыстар атқарып, барлық отандастарымыз үшін дамудың мол мүмкіндіктерін қалыптастырды.

Бұл шын мәнінде еліміздің ширек ғасырда жеткен жетістіктерін түйіндеп, жаһандық бәсекелестікке қабілеттілігімізді арттыруға бағытталған маңызды құжат болды. Еліміздің ең басты жетістіктері дегенде, әсіресе «ЭКСПО – 2017» халықаралық көрмесін өткізудің орны ерекше. Қазіргі таңда біздің мемлекет әлемнің дамыған 30 елінің қатарына қосылуға үздіксіз ұмтылыс үстінде. «Нұрлы жол» және «100 нақты қадам» Ұлт жоспарының арқасында тұрғындардың әлеуметтік жағдайын жақсартуға арналған көптеген игілікті істер жүзеге асырылды. Бұл ел экономикасын одан әрі өркендетуге, сонымен қатар кәсіпкерлікті қолдауға мол мүмкіндік туғызады.

Бүгінде әлемдегі жағдай түбегейлі өзгеріп келеді. Бұл жаңа жаһандық ахуалды біздің ел де қабылдауы керек. Әлемде Төртінші өнеркәсіптік революция басталды. Сондықтан Мемлекет басшысы алдымызға Қазақстанның Үшінші жаңғыруы міндетін қойып отыр. Бұл ретте Жолдауда белгіленген бес басымдықты жүзеге асырудың маңызы зор. Әлемді қамтыған түбірлі өзгерістерден өз үлесімізді бәсекеге қабілетті болған жағдайда ғана ала алатынымызға Жолдауда ерекше назар аударылған. Осы мақсатта Елбасы мемлекеттің билік тармақтарын қоғамның әрбір буынын қозғаушы күшке айналдыратындай әлеуетті жүйемен құруды ұсынды. Мәселен, агроөнеркәсіптік кешенді дамыту арқылы ауыл еңбеккерлерін демеу, жаппай кәсіпкерлікті дамыту бағдарламасын енгізу, отбасылық бизнесті қолдау сияқты салаларға Жолдаудың нақтылы тармақтары арналып, қиын түйіндерді шешудің бірегей жоспары жасалды. Ең қуанарлығы, бұл құжат қазақ қоғамының әрбір мүшесін белсенді әрекетке, шаруақорлыққа бастайтын жолдарды көрсетіп берді.

Елбасының бастамасымен Ата Заңымызға өзгерістер мен толықтырулар енгізілді. Конституциялық реформа – ел ахуалын жақсартудың даңғыл жолы. Парламент пен Үкіметтің әлеуметтік-экономикалық бағдарламаларын іске асуына тікелей жауапты болуы – олардың құзыретін арттырып қана қоймай, жауапкершілігін күшейтеді. Конституцияға енгізілген өзгерістер алдағы уақытта мемлекеттің дамуына жол ашатын берік көпір болмақ. Себебі, бұл өзгеріс жалпыхалықтық бірлік пен келісімге, азаматтардың жақсы өмір сүруіне негізделген.

Доғдыркүл МОЛДАХАЛЫҚОВА,
облыстық мәслихат депутаты,
Жамбыл аудандық орталық ауруханасының директоры.

EXPO 2017 • Future Energy • Astana Kazakhstan

ҚАУІПСІЗДІК қамтамасыз етіледі

«ЭКСПО – 2017» көрмесінің сәтті өтуіне қауіпсіздікті қамтамасыз ету және ақпараттық-байланыс шаралары да айтарлықтай ықпал етеді. Осыған орай көрме алаңында ІІМ ішкі істер бөлімінің ресми ашылу рәсімі өтті.

Жетісу
Қажет АНДАС

Жиын барысында Астана қаласы бойынша ішкі істер департаментінің басшысы Амантай Әубәкіров бұқаралық ақпарат құралдары өкілдеріне жаңадан ашылған ішкі істер бөлімінің құрылымын таныстырды. Онда заманауи инфрақұрылыммен жабдықталған кабинеттер, тир және спортзал, тағы да басқа бөлмелер бар. Осы орайда журналистер «Астана ЭКСПО – 2017» Ұлттық компаниясы мен құқық қорғау органдары бірігіп әрекет етуге бағытталған ортақ жоспардың таныстырылымының куәсі болды.

– ЭКСПО аумағында қауіпсіздікті қамтамасыз етуге 9 мыңға жуық құқық қорғау органдарының өкілдері, Ұлттық гвардия мен Қорғаныс министрлігінің әскерилері, сондай-ақ, жеке күзет құрылымы мен еріктілер жұмылдырылады. Шетел азаматтарының өтініштеріне дер кезінде назар аудару үшін полиция қызметкерлеріне ағылшын тілін меңгеру курстары жүргізілуде, – деді Астана қаласы ІІД басшысы Амантай Әубәкіров.

– Жұмыс қорытындысы бойынша «ЭКСПО – 2017 кешенді қауіпсіздік жүйесі» жобасы құрылып, жүзеге асырылады. Сонымен қатар, тексеру құралдарымен жабдықтау, көрме аумағында қонақтарға жайлылық пен қауіпсіздікті қамтамасыз ету талап етіледі. Мүмкіндігі шектеулі азаматтар мен жүкті әйелдерге, балаларға арналған бөлек жол қарастырылған, – деп түсіндірді Ұлттық компания қауіпсіздік департаментінің директоры Рустам Чакенов.

Тағы бір айта кетерлігі, ЭКСПО аумағында жедел әрекет ету үшін Астана қаласы ІІД оперативті басқару орталығына қосылған 2 мыңнан астам бейнебақылау камерасы орнатылған және адам тану міндеттерін атқаратын 140 бейнекамерасы сақадай сай.

Қауіпсіздік қызметімен қатар ақпараттық хабар тарату және байланыс қызметтері де жолға қойылған. Бұл туралы ҚР Ақпарат және коммуникация министрі Дәурен Абаев және «Астана ЭКСПО – 2017» ҰК басқарма төрағасы бұқаралық ақпарат құралдары басшыларымен өткізген жиналыс барысында айтылды. Жиналыста баспасөз құралдарының өкілдері басылымдар мен редакциялық саясаттың бірегейлігін қамтамасыз ету мәселесін қозғады.

– Еліміз бұл шараның қалай өткендігін ақпараттық тұрғыдан насихаттау арқылы биік беделге ие болатынын білемін. Сондықтан бар күшімізді саламыз. Ол туралы кешенді бағдарламалар дайындалып жатыр. Өз кезінде көрермендер үшін тиімді жұмыс атқарылатын болады, – деп атап өтті Ақпарат және байланыс министрі.

Осы кездесу барысында немістің белгілі ішекті квартеті мен танымал виолончелисінің 25 маусымда Астанада өнер көрсететіні белгілі болды. «Нью-Йорктегі Карнеги-Холл, Амстердамдағы Консертгебоу, Лондонның Вигмор холында, Берлин филармониясында және көптеген қалаларда өнер көрсеткен берлиндік «Кусс квартет» өзінің бірегей классикалық туындыларымен және қызықты музыкалық бағдарламасымен көрме қонақтарын тәнті етпек.

ІССАПАР

Облыс әкімінің орынбасары Жақсылық ОМАР Алакөл ауданының әлеуметтік саласымен танысты. Өңірдегі жөндеуді қажет ететін бірқатар нысандарды аралап, жай-күйіне қанықты.

Жетісу
Мәулен ӘНЕРБАЙ

Бірінші кезекте Үшарал қаласының Зейнеп Қойшыбаева атындағы Мәдениет үйіндегі кітапханаға бас сұқты. 76 мың кітап қоры бар кітапханаға айына тек 63 адам келетін көрінеді. «Оқырмандарды тек кітаппен емес, сауда-саттық, туризм секілді салаларға қатысты республикалық, шетелдік түрлі журнал, аудио, бейнематериалдармен және деректі фильмдермен қамтуға тиіссіздер», – деді Жақсылық Мұқашұлы. Сондай-ақ, ол кітапхана ұжымына оқырман санын арттыруды тапсырды.

Мәдениет үйінің ғимаратында Алакөл ауданының әлеуметтік саласына жауапты басқарма басшылары атқарған жұмыстары мен жобаларын ұсынды. Аудандағы 15288 жастың 224-і жұмыссыз жүр. Олардың қатысуымен 2016 жылы 124 қылмыс тіркелген. Сондықтан ең алдымен жұмыссыздықты жою керектігі тілге тиек етілді.



Суретті түсірген Аслан КАЖЕКЕЕВ.

ЖАҢА МІНДЕТТЕР жүктелді

Жалпы өңірдегі 12439 оқушының 7%-ы ғана қосымша біліммен қамтылған. Қосымша біліммен қамту мақсатында Үшарал қалалық шығармашылық орталығында 548 бала жаттығады, жыл сайын олардың саны артып келеді. Сол себепті нысан таршылық етуде. Басшылық аудандық орталық аурухана жұмысымен танысып, Алакөл гуманитарлық-техникалық колледжіне де бас сұқты. 500 орынды білім ордасында қазіргі таңда 243 студент оқуда. Күрделі жөндеуді қажет ететін колледж ұжымына білімгер санын арттыру керектігі айтылды. «Былтыр 90 студент оқуын бітірсе, қазір соның жартысы жұмыссыз жүр», – деген облыс әкімінің орынбасары жастар арасындағы қылмыстың көбіне жұмыссыздық салдарынан жасалатынын ескертті.

Облыс бойынша Алакөл ауданы ҰБТ-дан орта есеппен 74,1% балл жинап, соңғы орындарда келеді. Білім сапасы – 54,5%. Алакөл аудандық білім бөлімі басшыларының назарына білім сапасын арттырып, үш тілді оқу жүйесін дамыту керектігі салынды. Бүлдіршіндерді балабақшамен қамту 91,2 пайыз, бұл жақсы көрсеткіш.

– «Мектеп жанынан мүмкіндігі шектеулі балаларға арнап интернат ашсақ, олар сау балалармен қатар білім алатын болады. Сонда өзгелерден өздерін төмен сезінбей, қоғамға оңай бейімделеді» деген мәселе бойынша ата-аналардың ойын біліңіздер, қолдап жатса, нұр үстіне нұр болмақ, – дей келе Жақсылық Омар үйде отырған мүгедек балаларға назар аудару керектігін айтты.

Іссапар соңындағы актив жиынында ауданға 15 дәрігер мен 29 мұғалімнің жетіспейтіндігі атап өтілді. Сондықтан аудан әкімі Әлібек Жақанбаевқа жыл соңына дейін жетіспей жатқан мамандарды іздестіру тапсырмасы жүктелді.

Алакөл ауданы.

Алматы облыстық қоғамдық-саяси, әлеуметтік-экономикалық газет Сайт: WWW.Zhetysu-gazeti.kz e-mail: Jetisu2002@mail.ru Газет 1918 жылғы маусымнан шығады

ҚАЛДЫҚСЫЗ ӘЛЕМ

ҚАТТЫ ТҰРМЫСТЫҚ ҚАЛДЫҚТАРДЫҢ ЗИЯНЫ мен ҚАТЕРІ

Қазақ жұрты «Жеруйығы Жетісу» деп әспеттейтін Алматы облысындағы экологиялық жағдай алаңдатарлықтай. Еліміздегі жердің нәрі – мұнайы сорылып, кені қазылып жатқан өңірлерге қарағанда жағдайымыз біршама тәуір дегенмен, табиғаттың барлық белдеуі мен таусылмастай көрінген тамашасы орналасқан аймақта да қоршаған ортаны қорғауға, табиғи тепе-теңдікті сақтауға қатысты айтылған, айтылмағаны бар проблемалар жетерлік. Тіпті дабыл қағатын жағдайлар да кездеседі. Мұны қала, ауылда шашылып жатқан қатты тұрмыстық қалдыққа, полигондарда үйіліп қалған тастанды заттарға, бақылаусыз қалған кеніштердің радиациялық қалдықтар үйінділеріне қатысты айтуға болады.

Алматы облыстық экология департаментінің мәліметі бойынша, облыс аумағына жыл сайын 800 мың тоннаға жақын тұрмыстық қатты қалдық шығарылады. Оның 350 мың тоннасы Алматы қаласының, қалғаны облыс елді мекендерінің еншісінде. Бүгінде облыстағы жинақталған қалдық көлемі 9 млн. тоннаға жетті. Сондықтан облысымыздағы қатты тұрмыстық қалдықтарды қажетке жарату ісі бүгінгі күннің талабынан шығып отыр деп айта алмаймыз. Әрине, дамыған мемлекеттер сияқты қоқысты керекке жаратып, одан өміріміз бен тіршілігімізге тиімді заттарды өндіретін уақыт та келер. Ондай мүмкіндікке жету үшін жұрт болып жұмылған жөн. Сондықтан тұрмыстық қалдықты қайта өңдеуден бұрын оны есепке алу, жинау, сұрыптау жолын, сондай-ақ, қауіпті қалдықтарды залалсыздандыру, жоюдың әдіс-амалын үйренгеніміз дұрыс. Ол үшін қатты тұрмыстық қалдықтардың өміріміз бен табиғатқа келтірер зияны мен қаупін білгеніміз жөн.

Облыстық экология департаментінің ақпаратына сенсек, өңіріміздегі 741 елді мекенде жалпы көлемі 1113,6 гектар 513 заңдастырылған күл-қоқыс үйіндісі мен полигоны бар. Ондағы тұрмыстық қалдықтарды жинау және тасымалдау міндеті облыстағы 17 мемлекеттік коммуналдық кәсіпорын мен 20 жекеменшік кәсіпорынға жүктелген. Олар бүгінгі таңда тек 254 елді мекендегі қоқысты полигондарға тасымалдауға ғана қауқарлы. Осының салдарынан өңірлерде өндірістік және тұрмыстық қалдықтармен айналысу саласындағы заңбұзушылықтар жиілей түскен.

Мұның себебі – стандарттарды, нормаларды және экологиялық талаптарды сақтамау, өндірістік және тұрмыстық қалдықтарды орналастыру ережесін бұзу, өндірістік және тұрмыстық қалдықтарды жою және залалсыздандыру, есебін жүргізу ережесін орындамауға байланысты орын алуда. Жоғарыдағы кемшіліктерді жою үшін, ең алдымен, аса қауіпті өндірістік және тұтынған қалдықтарды есепке алып, өңдейтін және залалсыздандыратын халықаралық экологиялық талаптарға сай полигондар құрылысын қолға алған дұрыс.

Қазақстан Республикасы Экологиялық кодексінің 299-бабында 2-сыныпты қауіпсіз, ірі қатты тұрмыстық қалдықтар полигонына қойылатын талаптар көрсетілген. Қарасай ауданындағы «PLASMA Energy Inc» ЖШС, «Тазалық-Чистота» ЖШС, Іле ауданындағы «Қарасу» ЖШС, «Утилит» ЖШС, «МПП ЖКХ» ЖШС, «BIO-GARBAGE» ЖШС, Талғар ауданындағы «Тазар» МКК, «Эко Тазарту» ЖШС, Алакөл ауданындағы «Бағалы Алакөл», Қапшағай қаласындағы «Іскер-Т» ЖШС, «Туризм и зона отдыха» ЖШС, Кербұлақ ауданы Сарыөзек кентіндегі, Ескелді ауданы Қарабұлақ кентіндегі, Жамбыл ауданы Ұзынағаш ауылындағы қатты тұрмыстық қалдықтар полигоны ғана осы талапқа сай келеді.

Экономикасы қарыштап дамып, демографиялық ахуалы әлемді алаңдата бастаған көрші Қытай елінің ішкі өзен-көлдері мен су қоймаларын пайдалану салыстырмасының артуы сол елден елімізге ағып кіретін өзендердің су мөлшерін азайтып жіберді. Соның салдарынан өзен аңғарлары қоқыс төгетін заңсыз полигонға айнала бастады.

Арыға бармай-ақ қоялық, Алматыға барған сайын жол үстіндегі Қапшағай су қоймасының жағдайын көріп, жүрегің ауырады. Оның үстіне арнасы тартылып, құрғап жатқан өзен-шелердің қатары жыл өткен сайын көбейіп келеді. Кейінгі кездері Өзбекстаннан Қазақстанға кіретін өзендердің ластану деңгейі жоғары. Оған Сыр өзені суының егістікті суаруға жарамайтын деңгейде ластанғаны дәлел бола алады. Қырғыздан кіретін Шу өзенінің де тазалық жағдайының төмендігі жайлы ғалымдар дабыл қаға бастады. Іле мен Шу өзендеріндегі су көлемінің азаюы, ластануы Балқаш көлінің экологиялық жағдайын бүлдіре бастады. Оның зардабы Жетісу жеріндегі бай табиғатқа тиіп жатыр.

Алматы облысындағы экологиялық жағдайға талдау жасағанда дәл қазіргі кезде облыс тұрғындарының 50 пайызы тазалығы мен сапасы, пайдасы жағынан қойылатын талаптардың біразына сәйкес келмейтін ауыз-суды тұтынып отырғанын білуге болады. Жылдам өріс алып бара жатқан жерасты суларының ластануы таза ауызсу көздерінің азаюына әкеліп соқтыруда. Оған бей-берекет төгілген тұрмыстық қалдықтар араласып, адамзаттың денсаулығын мейлінше улап жатырмыз. Тіпті, тұрғындар жол бойындағы ұңғымаларды күл-қоқыс төгетін полигонға айналдырып алыпты. Жолшыбай көлікпен өтіп бара жатып, қолындағы целлофанын лақтыра салатын мәдениетсіздікті тежейтін бірде-бір ұнамды шараны көріп тұрған жоқпыз. Ал, облыс бойынша бұдан басқа қаншауы бар, санын тап басып айту қиын. Сонымен бірге Үйғыр ауданындағы Шонжы – Қалжат трассасының бойындағы ыстық су көздері орналасқан жер түгелімен жекеменшікке беріліп, көптеген демалыс-сауықтыру орындары салынып кеткен. Ағыл-тегіл, еш бақылаусыз ағып жатқан ыстық сулардың адам денсаулығына қаншалықты пайдалы екендігі белгісіздігімен қоса сол суды есепсіз тұтыну кесірінен осы өңірдегі жер астындағы таза ауызсу бассейндері ластанумен бірге таусылуға жақындаған.

Кейде пайдалы қазба байлықтардың көп болуының пайдасы мен зияны қоса жүре ме деп те ойлайсың. Жер қойнауынан қазылып алынған кен мен сорылып алынған қара алтынның орнын толтырудың оңайға соқпайтынын өмірдің өзі дәлелдеп отыр. Оған осыдан біраз ғана бұрын Шығыс Қазақстандағы Риддер қаласында тұтас үйдің бір сәтте жер астындағы кені алынған бос кеңістікке құлап кеткені дәлел бола алады. Сонымен бірге қажеттісі ажыратылып алынған, зиянды элементтері бар кен қалдықтарын дер кезінде өңдеуден өткізбеу, кеніш маңын қалпына келтірмеу мен қалай болса солай қалдыру да аса үлкен қатер көздерінің пайда болуына жол ашады. Осындай көзі ашық қатердің бірі Текелі қаласының желкесінде тұр. Кезінде қорғасын мен мырышты суытып, одан кейін далаға ығыстырылған су көлге айналып қалған. Текелідегі кеніш жабылғалы біраз жыл болғанымен көл сол орнында тұр. Улы суда бірде-бір тіршілік белгісі жоқ. Демек, құрамында тіршілікті өлтіретін улы зат көп. Өзенге қосылып жатқан у адамдардың денесіне тарап жатқан жоқ деп кім айта алады?..

Облыстық прокуратурадағылардың мәлімдеуінше, Жетісу жерінде радиобелсенді қалдықтарды тереңге көму мен жоюға қатысты проблемалар жылда көтерілгенімен әлі шешімін таппаған. Мәселен, Панфилов ауданындағы «Жаркент – Арасан» шипажайына таман тау беткейлеріндегі ескі уран кеніштерінен шығарылған үйінділер мен ұңғымалар радиобелсенділікпен ластанудың қауіпті көзі ретінде аймақтың экологиялық қауіпсіздігіне үлкен қатер төндіруде. Алматы облыстық мәслихатының шешімімен осындағы екі бірдей уран ұңғымасынан шықкан үйінділерді өңдеуден өткізіп, жерді қайта қалпына келтіру жұмыстарына тиісті қаржы бөлінген. Қалған бес барлау ұңғымасының радиациялық жағдайы зерделенбеген. Ондағы радиацияның әсері радиобелсенділіктің зиянсыз ұйғарымды мөлшері болып табылатын 0,34 мкзв/с-дан жеті есеге артық болып, сағатына 2,51 микрозиверді құрапты. Текелі және Рудничный кеніштеріндегі кен қалдықтары қоймасында да тура осындай проблема бар. Сонымен бірге, өңірде құрамында сынап бар қалдықтарды қайта өңдеуден өткізетін кәсіпорынның жоқтығы да алаңдатады.

Естеріңізге сала кетелік, 1987 жылы Кеңес одағы орта және жақын қашықтыққа ұшырылатын ядролық ракеталарды Қазақстанның елсіз мекендеріне жару туралы қаулы қабылдайды. Бұл шара 1989 жылдың 27 қарашасына дейін екі жылға жалғасады. Ал сондағы құжатта елсіз мекен деп көрсетілген жердің Көксу ауданына қарасты Тырнақ деп аталатын мал жайылатын учаске екенін бүгінде біреу білсе, біреу білмейді. Жалғыз Тырнақта емес, құпия әскери бөлімдер бұл жоспарын Алғабас елді мекенінің Мақпал мал жайылым учаскесінде де атқарған. Ал осы Тырнақ мал жайылымы Кербұлақ ауданының Сарыбұлақ ауылдық округінен 10, Сарыөзек кентінен 35, Айнабұлақтан 16, Алғабастан 30 шақырым жерде орналасқан. Ракета жарылғанымен әлі күнге ол мекенді залалсыздандыру жұмысы жүргізілген жоқ. Беті ғана жасырылған қалдықтар әлі де аспанға sahap шашып, сол маңдағы табиғат пен адамдардың денсаулығын бүлдіріп жатыр.

1989 жылы Талдықорған қаласындағы қорғасынды-аккумулятор зауыты ауаны ластағаны және адам денсаулығына зиян келтіргені үшін сол тұстағы облыстық ауруханаңың дәрігері Ғалия Әрінова сотқа береді. Сол арыз бойынша тексеріс жүргізген облыстық СЭС-тің мамандары зауыттың құю учаскесіндегі ауадағы қорғасынның қалыпты мөлшерден 150-200, қайта құю учаскесінде 250-300, кесу учаскесінде 250-300 есе артық екендігін анықтаған. Жылына Талдықорған қаласының әр азаматы 600 грамнан астам қорғасын жұтады екен. Міне, осыдан кейін қорғасын ұнтақтарын ауаға таратпай ұстап қалатын қондырғы орнатылыпты. Ал қазір бір Талдықорғанның өзінде бірнеше зауыт бар. Оның сыртында қайта өңдеу цехтары жұмыс істейді. Олардан шыққан қатты қалдықтар зауыт маңында үйіліп жатыр. Өкінішке қарай, қазір бұл туралы ешкім де бас қатырып жүрген жоқ.

Жаппай үнемдеуге көшкен жұртшылық насихатына бола сынабы бар энергоүнемдеуші шамдар мен құралдарға көшкелі қашан. Олардың тозғанын өткізетін орын таппайтындар сынабы бар дүниелерін қоқыс контейнерлеріне тастай салатынын күнделікті көреміз. Мұның соңы онсыз да дер кезінде өңделмейтіндіктен айналасын әбден бүлдіріп болған қоқыс полигондарының қауіптілігін еселеп арттырары сөзсіз. Ресми дерек бойынша әлемде соңғы 50 жылда адамдар қажеттілігі үшін өндірілген өнімдер адамзаттың өткен ғасырдың алғашқы жартысына дейінгі тұтынған тауарларының көлемімен бірдей екен. Соның салдарынан өсімдіктер мен жан-жануарлардың жүздеген түрі жойылып, өңделетін жерлердің үстіңгі құнарлы қабатының 5/1 мүлде жарамсыз қалыпқа келген.

Дүниежүзілік тамақ өндірісінде азықтық қоспаның үш түрін қолдануға мүлдем тыйым салынған. Олар Е-121 қоспасы – қызыл цитрус тағамдық бояуы, Е-123 – амарант бояуы, Е-240 – формальдегид консерванты. Жақында Швейцария ақпарат құралдарында таңғаларлық деректер жарияланды. Бұдан отыз жыл бұрын жерленген адам мүрделері сол күйінде бұзылмай сақталған. Ғалымдар бұл жағдайды зерттей келе денелердің бұзылмай сақталуына жеген тамақтарының құрамындағы консерванттардың тікелей қатысы бар екенін анықтады. Малдың немесе құстың тамағына қосылатын антибиотиктер мен етті өңдеуде қолданылатын химикаттар оның құрамында сақталып қалады. Соңғы кездері ет өнімдерінен уланудың көбейіп кеткені содан. Демек химиялық заттар жылдар бойы ағзамызға шөгіп, ішкі мүшелерімізді зақымдап жатыр.

Азық-түліктің сақталу мерзімін ұзарту – тамақ өнеркәсібімен айналысатын көптеген компаниялардың басты мақсаты. Олар өнімді ұзақ мерзімге сақтаудың түрлі тәсілін қолданып бағады. Сенімді ақпарат көзіне сүйенсек, қазіргі сауда орындарында сатуға шығарылған азық-түлік заттарының 80 %-ы алдын ала өңдеуден өткен екен. Сол азық-түліктің тұтынудан артылғаны полигондарға жөнелтіледі. Оның құрамындағы химиялық заттар сол өңірде тотығып, адам болашағына үлкен қауіп төндіретін қосылыстарды жасап жатыр.

Айта берсек, экологиялық проблемалар жеткілікті. Сондықтан Қоршаған ортаны қорғау министрлігінен бастап, оның барлық деңгейдегі құрылымдарының құзыретін кеңейтіп, қосымша уәкілеттіктер берумен қатар ондағылардан өз міндеттерін орындауды қатаң талап ету керек. Сонымен бірге, табиғат қорғау заңын бұзғандарға қатысты жауапкершілікті барынша күшейткен жөн.

Қажет АНДАС,
жоба жетекшісі.
Andas_Kazhet@mail.ru



Бұл басылым Еуропалық Одақ қолдауымен әзірленген. Басылымның мазмұны автордың жауапкершілігіне жатады және Еуропалық Одақ көзқарасын білдірмейді.

● Қайта өңдеу

Ғалымдар мен қоғам белсенділері планетамыздың түтін мен күл-қоқысқа тұншығып жатқанын айтып дабыл қағуда. Әсіресе, өнеркәсібін дамытуды ойлап, экологияға мән бермейтін елдерде жағдай күрделене түскен. Қазақстан да, өкінішке қарай, бұл қауіптен ада емес. Қарасай ауданына қарасты Абай ауылында жұмысын жолға қойған «Kagazy recycling» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің қызметі, міне, осындай мәселелерді шешуге бағытталған.



ҚАҒАЗ ҚОРАП

Жетісу
Қуат ҚАЙРАНБАЕВ

– Біздің кәсіпорын шикізат ретінде тұрмыс қалдықтарын, пайдаланылған қағаздарды, атап айтқанда, газет-журналдарды, кітаптар мен буклеттерді, қолданыстан шыққан кеңсе қағаздарын пайдаланады, – дейді серіктестіктің бас директоры Виктория Горобцова. – Бұл табысты бизнес болумен қатар қоршаған ортаның экологиясын жақсартып, миллиондаған түп жасыл желекті аман сақтап қалуға мүмкіндік береді. Себебі, адамзат бүгінгі күнге қағаз атаулыны ағаштан жасап келеді емес пе? Ал, тал жапырақтарының улы түтінді бойына сіңіріп алып, ауаға таза оттегін қайтаратынын, орманды алқаптар топырақтың ылғалын сақтайтынын еске алар болсақ, әрбір кесілген талмен бірге өмір сүру кеңістігіміздің де ластана түсетінін ұмытпағанымыз жөн.

Шын мәнінде біз тұрмыс қалдықтарын, қораптар мен газет-журналдарды өртеп жатқан жайларды күнде көріп жүрміз. Озық технологияны жолға қойған мемлекеттер қала маңында тау-тау болып үйіліп жататын күл-қоқысты пайдалы бизнеске айналдырып алған.

Әрине, жылына 50 мың тонна қағаз қалдықтарын өңдеуге қабілетті кәсіпорынды шикізатпен қамтамасыз етіп отыру да оңай емес. Бұл үшін серіктестік қағаз өнімдерін көп мөлшерде пайдаланатын мекемелермен шартқа отырып, тұрақты түрде тасымалдауды жүзеге асырады. Қағаз қалдықтары Қазақстанның барлық аймақтарынан жеткізіледі. Мұнда шикізатты тұрғындардан жинау жобасы да табысты орындалуда. Бір ғана Алматы қаласында тұрмыстық қағаз қалдықтарын қабылдайтын бес арнайы дүңгіршектер жұмыс істеп жатыр. Бұл, бір жағынан, тұрғындарды үйден шығарылатын күл-қоқысты сұрыптап, бөлек жинауға дағдыландыруда.

Жан-жақтан тайланып әкелінген жарамсыз қағаз кәсіпорында қайта өңделіп, бірыңғай қағазға айналғаннан кейін тапсырыс берушілердің қалауы бойынша кез келген қалыптағы қораптарға айналдырылады. Мұндай қораптар өлкеміздегі өнім шығаратын кәсіпорындар үшін ауадай қажет. Осылайша серіктестік «Қазақстандық мазмұн» жобасын да табысты жүзеге асырып келеді.

Заман талабына сай озық технология бойынша жұмыс істейтін компания 2015 жылы «ISO14001: 2008» экологиялық менеджментінің, «ISO14001: 2004» денсаулық сақтау мен еңбекті қорғау менеджментінің және «OHSAS 18001: 2007» халықаралық стандарттары бойынша үздік деп танылған болатын.

«Kagazy Recycling» компаниясы қайырымдылық шараларына да белсене атсалысып келеді. Осылайша американдық сауда палатасымен әріптесе отырып, «Табиғатты қорғау – балаларға көмек» атты жобаны қолға алған. Қорға жинақталған қаржы мүмкіндігі шектеулі балаларға күтім жасауға, оқытуға, емдеуге жұмсалып келеді.

«Іс тетігін маман шешеді» дейді емес пе. Осы орайда компания жұмысшыларды шетелден шақырудан бас тартып, жергілікті тұрғындарды мамандыққа баулуды басты мақсат етіп алған. Мысалы, 2016 жылы ғана 300-ге жуық жұмысшы кәсіби біліктілігін жетілдіру курстарынан өтіп келді. Сол сияқты, компанияның 6 қызметкері халықаралық көрмелер мен семинарларға қатысып қайтты. Елімізде ұйымдастырылып тұратын семинарлар мен тренингтерге тұрақты түрде өз мамандарын жіберіп отырады.

Алматы қаласы мен ауылдардан қатынап істейтін жұмысшыларды жеткізу, тегін аспен қамтамасыз ету жүзеге асырылады. Жалпы, зауыттың табысты болуы адамдарға байланысты болғандықтан мұндағы жұмыс орындарының жайлы, таза әрі қауіпсіз болуы басты назарда. Орташа жалақы мөлшері 124 мың теңге көлемінде болғандықтан мамандар жиі ауыса бермейді. Бұл да кәсіпорынның өркендеуіне ықпал ететін фактор болса керек.

Қаншама адамды жұмыспен қамтып, өздеріне табыс әкелумен қатар қоршаған орта тазалығына үлесін қосып жүрген компанияның келешекте атқарар жоспарлары да аз емес. Ендеше оларға табыс тілейік!

Қарасай ауданы.

Облыстық экология департаментінің ақпаратына сенсек, өңіріміздегі 741 елді мекенде жалпы көлемі 1113,6 гектар 513 заңдастырылған күл-қоқыс үйіндісі мен полигоны бар. Ондағы тұрмыстық қалдықтарды жинау және тасымалдау міндеті облыстағы 17 мемлекеттік коммуналдық кәсіпорын мен 20 жекеменшік кәсіпорынға жүктелген.



Жылдам өріс алып бара жатқан жерасты суларының ластануы таза ауызсу көздерінің азаюына әкеліп соқтыруда. Оған бей-берекет төгілген тұрмыстық қалдықтар араласып, адамзаттың денсаулығын мейлінше улап жатырмыз.

Тіпті, тұрғындар жол бойындағы ұңғымаларды күл-қоқыс төгетін полигонға айналдырып алыпты.



Сурет облыстық экология департаментінен алынды.

Алматы облыстық қоғамдық-саяси, әлеуметтік-экономикалық газет Сайт: WWW.Zhetysu-gazeti.kz e-mail: Jetisu2002@mail.ru Газет 1918 жылғы маусымнан шығады

ҚАЛДЫҚСЫЗ ӘЛЕМ

ҚАТТЫ ТҰРМЫСТЫҚ ҚАЛДЫҚТАРДЫҢ ЗИЯНЫ мен ҚАТЕРІ

Қазақ жұрты «Жеруйығы Жетісу» деп әспеттейтін Алматы облысындағы экологиялық жағдай алаңдатарлықтай. Еліміздегі жердің нәрі – мұнайы сорылып, кені қазылып жатқан өңірлерге қарағанда жағдайымыз біршама тәуір дегенмен, табиғаттың барлық белдеуі мен таусылмастай көрінген тамашасы орналасқан аймақта да қоршаған ортаны қорғауға, табиғи тепе-теңдікті сақтауға қатысты айтылған, айтылмағаны бар проблемалар жетерлік. Тіпті дабыл қағатын жағдайлар да кездеседі. Мұны қала, ауылда шашылып жатқан қатты тұрмыстық қалдыққа, полигондарда үйіліп қалған тастанды заттарға, бақылаусыз қалған кеніштердің радиациялық қалдықтар үйінділеріне қатысты айтуға болады.

Алматы облыстық экология департаментінің мәліметі бойынша, облыс аумағына жыл сайын 800 мың тоннаға жақын тұрмыстық қатты қалдық шығарылады. Оның 350 мың тоннасы Алматы қаласының, қалғаны облыс елді мекендерінің еншісінде. Бүгінде облыстағы жинақталған қалдық көлемі 9 млн. тоннаға жетті. Сондықтан облысымыздағы қатты тұрмыстық қалдықтарды қажетке жарату ісі бүгінгі күннің талабынан шығып отыр деп айта алмаймыз. Әрине, дамыған мемлекеттер сияқты қоқысты керекке жаратып, одан өміріміз бен тіршілігімізге тиімді заттарды өндіретін уақыт та келер. Ондай мүмкіндікке жету үшін жұрт болып жұмылған жөн. Сондықтан тұрмыстық қалдықты қайта өңдеуден бұрын оны есепке алу, жинау, сұрыптау жолын, сондай-ақ, қауіпті қалдықтарды залалсыздандыру, жоюдың әдіс-амалын үйренгеніміз дұрыс. Ол үшін қатты тұрмыстық қалдықтардың өміріміз бен табиғатқа келтірер зияны мен қаупін білгеніміз жөн.

Облыстық экология департаментінің ақпаратына сенсек, өңіріміздегі 741 елді мекенде жалпы көлемі 1113,6 гектар 513 заңдастырылған күл-қоқыс үйіндісі мен полигоны бар. Ондағы тұрмыстық қалдықтарды жинау және тасымалдау міндеті облыстағы 17 мемлекеттік коммуналдық кәсіпорын мен 20 жекеменшік кәсіпорынға жүктелген. Олар бүгінгі таңда тек 254 елді мекендегі қоқысты полигондарға тасымалдауға ғана қауқарлы. Осының салдарынан өңірлерде өндірістік және тұрмыстық қалдықтармен айналысу саласындағы заңбұзушылықтар жиілей түскен.

Мұның себебі – стандарттарды, нормаларды және экологиялық талаптарды сақтамау, өндірістік және тұрмыстық қалдықтарды орналастыру ережесін бұзу, өндірістік және тұрмыстық қалдықтарды жою және залалсыздандыру, есебін жүргізу ережесін орындамауға байланысты орын алуда. Жоғарыдағы кемшіліктерді жою үшін, ең алдымен, аса қауіпті өндірістік және тұтынған қалдықтарды есепке алып, өңдейтін және залалсыздандыратын халықаралық экологиялық талаптарға сай полигондар құрылысын қолға алған дұрыс.

Қазақстан Республикасы Экологиялық кодексінің 299-бабында 2-сыныпты қауіпсіз, ірі қатты тұрмыстық қалдықтар полигонына қойылатын талаптар көрсетілген. Қарасай ауданындағы «PLASMA Energy Inc» ЖШС, «Тазалық-Чистота» ЖШС, Іле ауданындағы «Қарасу» ЖШС, «Утилит» ЖШС, «МПП ЖКХ» ЖШС, «BIO-GARBAGE» ЖШС, Талғар ауданындағы «Тазар» МКК, «Эко Тазарту» ЖШС, Алакөл ауданындағы «Бағалы Алакөл», Қапшағай қаласындағы «Іскер-Т» ЖШС, «Туризм и зона отдыха» ЖШС, Кербұлақ ауданы Сарыөзек кентіндегі, Ескелді ауданы Қарабұлақ кентіндегі, Жамбыл ауданы Ұзынағаш ауылындағы қатты тұрмыстық қалдықтар полигоны ғана осы талапқа сай келеді.

Экономикасы қарыштап дамып, демографиялық ахуалы әлемді алаңдата бастаған көрші Қытай елінің ішкі өзен-көлдері мен су қоймаларын пайдалану салыстырмасының артуы сол елден елімізге ағып кіретін өзендердің су мөлшерін азайтып жіберді. Соның салдарынан өзен аңғарлары қоқыс төгетін заңсыз полигонға айнала бастады.

Арыға бармай-ақ қоялық, Алматыға барған сайын жол үстіндегі Қапшағай су қоймасының жағдайын көріп, жүрегің ауырады. Оның үстіне арнасы тартылып, құрғап жатқан өзен-шелердің қатары жыл өткен сайын көбейіп келеді. Кейінгі кездері Өзбекстаннан Қазақстанға кіретін өзендердің ластану деңгейі жоғары. Оған Сыр өзені суының егістікті суаруға жарамайтын деңгейде ластанғаны дәлел бола алады. Қырғыздан кіретін Шу өзенінің де тазалық жағдайының төмендігі жайлы ғалымдар дабыл қаға бастады. Іле мен Шу өзендеріндегі су көлемінің азаюы, ластануы Балқаш көлінің экологиялық жағдайын бүлдіре бастады. Оның зардабы Жетісу жеріндегі бай табиғатқа тиіп жатыр.

Алматы облысындағы экологиялық жағдайға талдау жасағанда дәл қазіргі кезде облыс тұрғындарының 50 пайызы тазалығы мен сапасы, пайдасы жағынан қойылатын талаптардың біразына сәйкес келмейтін ауыз-суды тұтынып отырғанын білуге болады. Жылдам өріс алып бара жатқан жерасты суларының ластануы таза ауызсу көздерінің азаюына әкеліп соқтыруда. Оған бей-берекет төгілген тұрмыстық қалдықтар араласып, адамзаттың денсаулығын мейлінше улап жатырмыз. Тіпті, тұрғындар жол бойындағы ұңғымаларды күл-қоқыс төгетін полигонға айналдырып алыпты. Жолшыбай көлікпен өтіп бара жатып, қолындағы целлофанын лақтыра салатын мәдениетсіздікті тежейтін бірде-бір ұнамды шараны көріп тұрған жоқпыз. Ал, облыс бойынша бұдан басқа қаншауы бар, санын тап басып айту қиын. Сонымен бірге Үйғыр ауданындағы Шонжы – Қалжат трассасының бойындағы ыстық су көздері орналасқан жер түгелімен жекеменшікке беріліп, көптеген демалыс-сауықтыру орындары салынып кеткен. Ағыл-тегіл, еш бақылаусыз ағып жатқан ыстық сулардың адам денсаулығына қаншалықты пайдалы екендігі белгісіздігімен қоса сол суды есепсіз тұтыну кесірінен осы өңірдегі жер астындағы таза ауызсу бассейндері ластанумен бірге таусылуға жақындаған.

Кейде пайдалы қазба байлықтардың көп болуының пайдасы мен зияны қоса жүре ме деп те ойлайсың. Жер қойнауынан қазылып алынған кен мен сорылып алынған қара алтынның орнын толтырудың оңайға соқпайтынын өмірдің өзі дәлелдеп отыр. Оған осыдан біраз ғана бұрын Шығыс Қазақстандағы Риддер қаласында тұтас үйдің бір сәтте жер астындағы кені алынған бос кеңістікке құлап кеткені дәлел бола алады. Сонымен бірге қажеттісі ажыратылып алынған, зиянды элементтері бар кен қалдықтарын дер кезінде өңдеуден өткізбеу, кеніш маңын қалпына келтірмеу мен қалай болса солай қалдыру да аса үлкен қатер көздерінің пайда болуына жол ашады. Осындай көзі ашық қатердің бірі Текелі қаласының желкесінде тұр. Кезінде қорғасын мен мырышты суытып, одан кейін далаға ығыстырылған су көлге айналып қалған. Текелідегі кеніш жабылғалы біраз жыл болғанымен көл сол орнында тұр. Улы суда бірде-бір тіршілік белгісі жоқ. Демек, құрамында тіршілікті өлтіретін улы зат көп. Өзенге қосылып жатқан у адамдардың денесіне тарап жатқан жоқ деп кім айта алады?..

Облыстық прокуратурадағылардың мәлімдеуінше, Жетісу жерінде радиобелсенді қалдықтарды тереңге көму мен жоюға қатысты проблемалар жылда көтерілгенімен әлі шешімін таппаған. Мәселен, Панфилов ауданындағы «Жаркент – Арасан» шипажайына таман тау беткейлеріндегі ескі уран кеніштерінен шығарылған үйінділер мен ұңғымалар радиобелсенділікпен ластанудың қауіпті көзі ретінде аймақтың экологиялық қауіпсіздігіне үлкен қатер төндіруде. Алматы облыстық мәслихатының шешімімен осындағы екі бірдей уран ұңғымасынан шықкан үйінділерді өңдеуден өткізіп, жерді қайта қалпына келтіру жұмыстарына тиісті қаржы бөлінген. Қалған бес барлау ұңғымасының радиациялық жағдайы зерделенбеген. Ондағы радиацияның әсері радиобелсенділіктің зиянсыз ұйғарымды мөлшері болып табылатын 0,34 мкзв/с-дан жеті есеге артық болып, сағатына 2,51 микрозиверді құрапты. Текелі және Рудничный кеніштеріндегі кен қалдықтары қоймасында да тура осындай проблема бар. Сонымен бірге, өңірде құрамында сынап бар қалдықтарды қайта өңдеуден өткізетін кәсіпорынның жоқтығы да алаңдатады.

Естеріңізге сала кетелік, 1987 жылы Кеңес одағы орта және жақын қашықтыққа ұшырылатын ядролық ракеталарды Қазақстанның елсіз мекендеріне жару туралы қаулы қабылдайды. Бұл шара 1989 жылдың 27 қарашасына дейін екі жылға жалғасады. Ал сондағы құжатта елсіз мекен деп көрсетілген жердің Көксу ауданына қарасты Тырнақ деп аталатын мал жайылатын учаске екенін бүгінде біреу білсе, біреу білмейді. Жалғыз Тырнақта емес, құпия әскери бөлімдер бұл жоспарын Алғабас елді мекенінің Мақпал мал жайылым учаскесінде де атқарған. Ал осы Тырнақ мал жайылымы Кербұлақ ауданының Сарыбұлақ ауылдық округінен 10, Сарыөзек кентінен 35, Айнабұлақтан 16, Алғабастан 30 шақырым жерде орналасқан. Ракета жарылғанымен әлі күнге ол мекенді залалсыздандыру жұмысы жүргізілген жоқ. Беті ғана жасырылған қалдықтар әлі де аспанға sahap шашып, сол маңдағы табиғат пен адамдардың денсаулығын бүлдіріп жатыр.

1989 жылы Талдықорған қаласындағы қорғасынды-аккумулятор зауыты ауаны ластағаны және адам денсаулығына зиян келтіргені үшін сол тұстағы облыстық ауруханаңың дәрігері Ғалия Әрінова сотқа береді. Сол арыз бойынша тексеріс жүргізген облыстық СЭС-тің мамандары зауыттың құю учаскесіндегі ауадағы қорғасынның қалыпты мөлшерден 150-200, қайта құю учаскесінде 250-300, кесу учаскесінде 250-300 есе артық екендігін анықтаған. Жылына Талдықорған қаласының әр азаматы 600 грамнан астам қорғасын жұтады екен. Міне, осыдан кейін қорғасын ұнтақтарын ауаға таратпай ұстап қалатын қондырғы орнатылыпты. Ал қазір бір Талдықорғанның өзінде бірнеше зауыт бар. Оның сыртында қайта өңдеу цехтары жұмыс істейді. Олардан шыққан қатты қалдықтар зауыт маңында үйіліп жатыр. Өкінішке қарай, қазір бұл туралы ешкім де бас қатырып жүрген жоқ.

Жаппай үнемдеуге көшкен жұртшылық насихатына бола сынабы бар энергоүнемдеуші шамдар мен құралдарға көшкелі қашан. Олардың тозғанын өткізетін орын таппайтындар сынабы бар дүниелерін қоқыс контейнерлеріне тастай салатынын күнделікті көреміз. Мұның соңы онсыз да дер кезінде өңделмейтіндіктен айналасын әбден бүлдіріп болған қоқыс полигондарының қауіптілігін еселеп арттырары сөзсіз. Ресми дерек бойынша әлемде соңғы 50 жылда адамдар қажеттілігі үшін өндірілген өнімдер адамзаттың өткен ғасырдың алғашқы жартысына дейінгі тұтынған тауарларының көлемімен бірдей екен. Соның салдарынан өсімдіктер мен жан-жануарлардың жүздеген түрі жойылып, өңделетін жерлердің үстіңгі құнарлы қабатының 5/1 мүлде жарамсыз қалыпқа келген.

Дүниежүзілік тамақ өндірісінде азықтық қоспаның үш түрін қолдануға мүлдем тыйым салынған. Олар Е-121 қоспасы – қызыл цитрус тағамдық бояуы, Е-123 – амарант бояуы, Е-240 – формальдегид консерванты. Жақында Швейцария ақпарат құралдарында таңғаларлық деректер жарияланды. Бұдан отыз жыл бұрын жерленген адам мүрделері сол күйінде бұзылмай сақталған. Ғалымдар бұл жағдайды зерттей келе денелердің бұзылмай сақталуына жеген тамақтарының құрамындағы консерванттардың тікелей қатысы бар екенін анықтады. Малдың немесе құстың тамағына қосылатын антибиотиктер мен етті өңдеуде қолданылатын химикаттар оның құрамында сақталып қалады. Соңғы кездері ет өнімдерінен уланудың көбейіп кеткені содан. Демек химиялық заттар жылдар бойы ағзамызға шөгіп, ішкі мүшелерімізді зақымдап жатыр.

Азық-түліктің сақталу мерзімін ұзарту – тамақ өнеркәсібімен айналысатын көптеген компаниялардың басты мақсаты. Олар өнімді ұзақ мерзімге сақтаудың түрлі тәсілін қолданып бағады. Сенімді ақпарат көзіне сүйенсек, қазіргі сауда орындарында сатуға шығарылған азық-түлік заттарының 80 %-ы алдын ала өңдеуден өткен екен. Сол азық-түліктің тұтынудан артылғаны полигондарға жөнелтіледі. Оның құрамындағы химиялық заттар сол өңірде тотығып, адам болашағына үлкен қауіп төндіретін қосылыстарды жасап жатыр.

Айта берсек, экологиялық проблемалар жеткілікті. Сондықтан Қоршаған ортаны қорғау министрлігінен бастап, оның барлық деңгейдегі құрылымдарының құзыретін кеңейтіп, қосымша уәкілеттіктер берумен қатар ондағылардан өз міндеттерін орындауды қатаң талап ету керек. Сонымен бірге, табиғат қорғау заңын бұзғандарға қатысты жауапкершілікті барынша күшейткен жөн.

Қажет АНДАС,
жоба жетекшісі.
Andas_Kazhet@mail.ru



Бұл басылым Еуропалық Одақ қолдауымен әзірленген. Басылымның мазмұны автордың жауапкершілігіне жатады және Еуропалық Одақ көзқарасын білдірмейді.

● Қайта өңдеу

Ғалымдар мен қоғам белсенділері планетамыздың түтін мен күл-қоқысқа тұншығып жатқанын айтып дабыл қағуда. Әсіресе, өнеркәсібін дамытуды ойлап, экологияға мән бермейтін елдерде жағдай күрделене түскен. Қазақстан да, өкінішке қарай, бұл қауіптен ада емес. Қарасай ауданына қарасты Абай ауылында жұмысын жолға қойған «Kagazy recycling» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің қызметі, міне, осындай мәселелерді шешуге бағытталған.



ҚАҒАЗ ҚОРАП

Жетісу
Қуат ҚАЙРАНБАЕВ

– Біздің кәсіпорын шикізат ретінде тұрмыс қалдықтарын, пайдаланылған қағаздарды, атап айтқанда, газет-журналдарды, кітаптар мен буклеттерді, қолданыстан шыққан кеңсе қағаздарын пайдаланады, – дейді серіктестіктің бас директоры Виктория Горобцова. – Бұл табысты бизнес болумен қатар қоршаған ортаның экологиясын жақсартып, миллиондаған түп жасыл желекті аман сақтап қалуға мүмкіндік береді. Себебі, адамзат бүгінгі күнге қағаз атаулыны ағаштан жасап келеді емес пе? Ал, тал жапырақтарының улы түтінді бойына сіңіріп алып, ауаға таза оттегін қайтаратынын, орманды алқаптар топырақтың ылғалын сақтайтынын еске алар болсақ, әрбір кесілген талмен бірге өмір сүру кеңістігіміздің де ластана түсетінін ұмытпағанымыз жөн.

Шын мәнінде біз тұрмыс қалдықтарын, қораптар мен газет-журналдарды өртеп жатқан жайларды күнде көріп жүрміз. Озық технологияны жолға қойған мемлекеттер қала маңында тау-тау болып үйіліп жататын күл-қоқысты пайдалы бизнеске айналдырып алған.

Әрине, жылына 50 мың тонна қағаз қалдықтарын өңдеуге қабілетті кәсіпорынды шикізатпен қамтамасыз етіп отыру да оңай емес. Бұл үшін серіктестік қағаз өнімдерін көп мөлшерде пайдаланатын мекемелермен шартқа отырып, тұрақты түрде тасымалдауды жүзеге асырады. Қағаз қалдықтары Қазақстанның барлық аймақтарынан жеткізіледі. Мұнда шикізатты тұрғындардан жинау жобасы да табысты орындалуда. Бір ғана Алматы қаласында тұрмыстық қағаз қалдықтарын қабылдайтын бес арнайы дүңгіршектер жұмыс істеп жатыр. Бұл, бір жағынан, тұрғындарды үйден шығарылатын күл-қоқысты сұрыптап, бөлек жинауға дағдыландыруда.

Жан-жақтан тайланып әкелінген жарамсыз қағаз кәсіпорында қайта өңделіп, бірыңғай қағазға айналғаннан кейін тапсырыс берушілердің қалауы бойынша кез келген қалыптағы қораптарға айналдырылады. Мұндай қораптар өлкеміздегі өнім шығаратын кәсіпорындар үшін ауадай қажет. Осылайша серіктестік «Қазақстандық мазмұн» жобасын да табысты жүзеге асырып келеді.

Заман талабына сай озық технология бойынша жұмыс істейтін компания 2015 жылы «ISO14001: 2008» экологиялық менеджментінің, «ISO14001: 2004» денсаулық сақтау мен еңбекті қорғау менеджментінің және «OHSAS 18001: 2007» халықаралық стандарттары бойынша үздік деп танылған болатын.

«Kagazy Recycling» компаниясы қайырымдылық шараларына да белсене атсалысып келеді. Осылайша американдық сауда палатасымен әріптесе отырып, «Табиғатты қорғау – балаларға көмек» атты жобаны қолға алған. Қорға жинақталған қаржы мүмкіндігі шектеулі балаларға күтім жасауға, оқытуға, емдеуге жұмсалып келеді.

«Іс тетігін маман шешеді» дейді емес пе. Осы орайда компания жұмысшыларды шетелден шақырудан бас тартып, жергілікті тұрғындарды мамандыққа баулуды басты мақсат етіп алған. Мысалы, 2016 жылы ғана 300-ге жуық жұмысшы кәсіби біліктілігін жетілдіру курстарынан өтіп келді. Сол сияқты, компанияның 6 қызметкері халықаралық көрмелер мен семинарларға қатысып қайтты. Елімізде ұйымдастырылып тұратын семинарлар мен тренингтерге тұрақты түрде өз мамандарын жіберіп отырады.

Алматы қаласы мен ауылдардан қатынап істейтін жұмысшыларды жеткізу, тегін аспен қамтамасыз ету жүзеге асырылады. Жалпы, зауыттың табысты болуы адамдарға байланысты болғандықтан мұндағы жұмыс орындарының жайлы, таза әрі қауіпсіз болуы басты назарда. Орташа жалақы мөлшері 124 мың теңге көлемінде болғандықтан мамандар жиі ауыса бермейді. Бұл да кәсіпорынның өркендеуіне ықпал ететін фактор болса керек.

Қаншама адамды жұмыспен қамтып, өздеріне табыс әкелумен қатар қоршаған орта тазалығына үлесін қосып жүрген компанияның келешекте атқарар жоспарлары да аз емес. Ендеше оларға табыс тілейік!

Қарасай ауданы.

Облыстық экология департаментінің ақпаратына сенсек, өңіріміздегі 741 елді мекенде жалпы көлемі 1113,6 гектар 513 заңдастырылған күл-қоқыс үйіндісі мен полигоны бар. Ондағы тұрмыстық қалдықтарды жинау және тасымалдау міндеті облыстағы 17 мемлекеттік коммуналдық кәсіпорын мен 20 жекеменшік кәсіпорынға жүктелген.



Жылдам өріс алып бара жатқан жерасты суларының ластануы таза ауызсу көздерінің азаюына әкеліп соқтыруда. Оған бей-берекет төгілген тұрмыстық қалдықтар араласып, адамзаттың денсаулығын мейлінше улап жатырмыз.

Тіпті, тұрғындар жол бойындағы ұңғымаларды күл-қоқыс төгетін полигонға айналдырып алыпты.



Сурет облыстық экология департаментінен алынды.

Тәуелсіздік – біздің мақтанышымыз!
Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ.

Жетісу

АЛМАТЫ ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ, ӨЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ГАЗЕТ

Газет 1918 жылғы маусымнан шығады

WWW.Zhetysu-gazeti.kz Jetisu2002@mail.ru

№ 49 (18325)

Бейсенбі, 4 мамыр, 2017 жыл

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ ЖАРЛЫҒЫ

Үзінді

Көп балалы аналарды «Алтын алқа» және «Күміс алқа» алқаларымен наградтау туралы

ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:

1. Жеті және одан да көп бала туып, тәрбиелегені үшін мына аналар «Алтын алқа» алқасымен наградталсын:

Алматы облысы бойынша

Бимуханова Айжан Ермухамбетовна – үй шаруасында, Балқаш ауданы
Дарабаева Сания Смаиловна – үй шаруасында, Панфилов ауданы
Жумабаева Фируза Сундетбаевна – үй шаруасында, Талғар ауданы
Жумабаева Халима – үй шаруасында, Жамбыл ауданы
Жумагулова Акмарал Ондағановна – үй шаруасында, Қарасай ауданы
Керим Зулайха – үй шаруасында, Қарасай ауданы
Кенжалиева Балшекер – үй шаруасында, Қарасай ауданы
Керимбаева Арманғул Сарсеновна – үй шаруасында, Уйғыр ауданы
Мажай Ауесхан – үй шаруасында, Талдықорған қаласы
Марсыбаева Куралай Манитовна – үй шаруасында, Кербұлақ ауданы
Мирсалова Пивазе – үй шаруасында, Қарасай ауданы
Поцукова Наталья Николаевна – үй шаруасында, Сарқан ауданы
Рахметова Жадыра Жанабыловна – үй шаруасында, Енбекшіқазақ ауданы
Самарханова Айжан Самархановна – үй шаруасында, Қарасай ауданы
Саркарова Анжелика Салаватовна – үй шаруасында, Текелі қаласы
Утебагимева Жанар Амангелдиевна – үй шаруасында, Қарасай ауданы
Шынбаева Сауле Балтаевна – үй шаруасында, Қарасай ауданы

2. Алты бала туып, тәрбиелегені үшін мына аналар «Күміс алқа» алқасымен наградталсын:

Абдухамитова Зарина Асановна – үй шаруасында, Уйғыр ауданы
Абдумут Гулсара – үй шаруасында, Сарқан ауданы
Абдикамова Айбике Полатбековна – үй шаруасында, Қарасай ауданы
Абилханова Шолпан Болатовна – үй шаруасында, Талдықорған қаласы
Айша – үй шаруасында, Текелі қаласы
Атамкулова Каракас Ержановна – үй шаруасында, Талғар ауданы
Ахмет Думагүл – үй шаруасында, Енбекшіқазақ ауданы
Ахметжанова Шынар Калкеновна – үй шаруасында, Талдықорған қаласы
Ахметова Жанар Патиховна – үй шаруасында, Енбекшіқазақ ауданы
Ахметова Сауле Кумарханова – үй шаруасында, Іле ауданы
Алпова Алма Амандыковна – үй шаруасында, Іле ауданы
Багадиева Арайлым Сандибаевна – үй шаруасында, Уйғыр ауданы
Базарбаи Баян – үй шаруасында, Сарқан ауданы
Балбологова Назира Тынышбековна – үй шаруасында, Балқаш ауданы
Байгабулова Салтанат Орынбаевна – үй шаруасында, Қарасай ауданы
Байтокова Ботагоз Сейсембекқызы – үй шаруасында, Балқаш ауданы
Джанабергенова Акзер Кабуловна – үй шаруасында, Қарасай ауданы
Ерманова Райхан Бердаковна – үй шаруасында, Енбекшіқазақ ауданы
Есенгулова Айнур Смагуловна – үй шаруасында, Талдықорған қаласы
Ескожова Эльмира Мухаметжановна – үй шаруасында, Уйғыр ауданы
Ескендір Күлмахан – үй шаруасында, Сарқан ауданы
Жунусова Калия Ильясовна – үй шаруасында, Талғар ауданы
Ибрагимова Алмагүл Асылбековна – үй шаруасында, Қарасай ауданы
Кастымова Анара Жангазиевна – үй шаруасында, Қаратал қаласы
Кекеш Жанылган – үй шаруасында, Текелі қаласы
Когембаева Мира Сериковна – үй шаруасында, Қаратал қаласы
Кошер Хадиша – үй шаруасында, Қарасай ауданы
Курбантаева Гулжахан Кыпшакбековна – үй шаруасында, Қарасай ауданы
Кулжан – үй шаруасында, Текелі қаласы
Мекинбаева Алтынай Керимбековна – үй шаруасында, Қарасай ауданы
Мукажанова Пазият Сатыбалдиевна – үй шаруасында, Балқаш ауданы
Мырзагалиева Алия Карасаевна – үй шаруасында, Жамбыл ауданы
Нашарбаева Калдыкуль Кенесовна – үй шаруасында, Балқаш ауданы
Нургазиева Гулбану Болатбаевна – үй шаруасында, Уйғыр ауданы
Омарқызы Нұршала – үй шаруасында, Енбекшіқазақ ауданы
Омарқызы Айшахан – үй шаруасында, Енбекшіқазақ ауданы
Оралхан Мерилен – үй шаруасында, Қаратал ауданы
Отынчиева Жанар Назартаевна – үй шаруасында, Қарасай ауданы
Рыспаева Индира Маратовна – үй шаруасында, Сарқан ауданы
Садикова Нигора Юлдашевна – үй шаруасында, Уйғыр ауданы
Серикбаева Гульмира Абдуманатовна – үй шаруасында, Балқаш ауданы
Ташкожаева Дильфуза Рахматкожаевна – үй шаруасында, Уйғыр ауданы
Тилеубаева Жанерке – үй шаруасында, Талғар ауданы
Толепбергенова Бибигуль Карасартовна – үй шаруасында, Уйғыр ауданы
Тохтахунова Сабибаби Гайратовна – үй шаруасында, Уйғыр ауданы
Турдиева Санам Рашидовна – үй шаруасында, Енбекшіқазақ ауданы
Туспакан Кадуан – үй шаруасында, Текелі қаласы
Хабибулла Сад Гуль – үй шаруасында, Қарасай ауданы
Хамитова Анда Зикрияновна – үй шаруасында, Уйғыр ауданы
Шаядымбекова Анар Бактыбаевна – үй шаруасында, Уйғыр ауданы
Шормен Бақытгүл – үй шаруасында, Енбекшіқазақ ауданы

3. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының Президенті Н. НАЗАРБАЕВ.

Астана, Ақорда, 2017 жылғы 5 сәуір
№ 455

АЛМАТЫ ОБЛЫСТЫҚ АУМАҚТЫҚ САЙЛАУ КОМИССИЯСЫ

Орталығы: Талдықорған қаласы, Тәуелсіздік көшесі, 38, тел. 246836, 247046.

Комиссия төрағасы – **Даутов Тимур Ермекұлы;**

Комиссия төрағасының орынбасары – **Құрманғалиев Асқар Жанабайұлы;**

Хатшы – **Байтасова Бижамал Әбенқызы;**

Комиссия мүшелері – **Жылқайдаров Шыракбай Ғалымбайұлы, Қантарбаев Құдайберген Сәрсенбайұлы, Нүсіпова Бақытгүл Темірханқызы, Кәрімов Ержан Керейұлы.**

Құрметті ұлттық ат спортының жанкүйерлері!



2017 жылғы 9 мамыр күні сағат 12.00-де облыстық «Талдықорған» ипподромында Жеңіс күніне арналған ұлттық ат спорты түрлерінен республикалық жарыстар өтеді.

Жарыс бағдарламасында: 3 шақырымға тай жарысы, 9 шақырымға күнгі бәйге, 15 шақырымға топ бәйге, 7 шақырымға жорға аттар жарысы, 21 шақырымға Алаңдық бәйге және көлік жарыстары ұйымдастырылады. Бәйгенің барлық түрінен жүлдеге ақшалай сыйлықтар тігіледі.

Жарысқа қатысуға сұраныстар мекемелер мен жеке адамдардан қабылданады. Жарыстың барлық түрлеріне жазылу Талдықорған қаласы, Жетісская көшесі № 222 үй, 304, 307 бөлме, тел: 8-7282 25 35 82, 25-39-45, 25-64-08 (факс).

Келіңіздер, қорапшылар!!!

ҰЙЫМДАСТЫРУ КОМИТЕТІ.

МЕРЕКЕ ШУАҒЫ

ТАЛДЫҚОРҒАНДА БІРЛІК КҮНІ НҰР ЖАУДЫ. ШАҺАР ТҰРҒЫНДАРЫ ЖАУЫННЫҢ СЕБЕЛЕУІН ЖАҚСЫЛЫҚҚА БАЛАДЫ. ӘУЕЛЕГЕН ӘН ЖИНАЛҒАНДАРДЫҢ КӨҢІЛІН КӨТЕРДІ. «ЖАСТАР» САЯБАҒЫНДА БАС ҚОСҚАН ҚАУЫМ БІР-БІРІН МЕРЕКЕМЕН ҚҰТТЫҚТАП, ӘСЕМ ӘННІҢ ЫРҒАҒЫНДА БИ БИЛЕДІ. ТҮРЛІ ЭТНОС ӨКІЛДЕРІНІҢ ҚОЛӨНЕРШІЛЕРІ КӨРМЕ ҰЙЫМДАСТЫРДЫ.



Суреттерді түсірген Д. ЕРОФЕЕВ.

БІР ШАҢЫРАҚ АСТЫНДА

Жетісу

Гүлжан ТҰРСЫН

Сахнадағы лед-экраннан мерекені айшықтайтын көрініс көрсетілді. Ортадағы үлкен шаңырақтан түрлі-түсті ленталар төмен қарай төгіліп тұрды. Мұндағы шаңырақ қазақ елі ретінде бейнеленді. Уықтар қара шаңыраққа шаншылып тұр. Бұл – еліміздегі 130 ұлттың бірлігінің көрінісі. Бірлікті ұлықтап, ынтымақ пен татулықты әспеттейтін күні барша халық мерекелік көңіл-күйге бөленді.

Қала тұрғындары мен қонақтарын Талдықорған қаласының әкімі Бағдат Қарасаев құттықтап, бірлігі бекем, ынтымағы жарасты елге бақыт тіледі.

– *Баршаңызды Қазақстан халқының бірлігі мерекесімен шын жүректен құттықтаймын! Бұл мереке сындарлы да баянды салиқалы мемлекеттік саясаттың және халқымыздың айрықша татулығының арқасында бірліктің нышаны мен елжандылықтың үлгісіне айналды. Туымыз көкте желбіреп, Гимніміз әлем мінберінің төрінде шырқалғанда әрбіріміздің жүрегімізді мақтаныш сезімі кернейді. Біздің этномәдени орталықтарымыз қандай да болмасын мәденикөпшілік, бұқаралық шараларда өзгеге үлгі болып, ел бірлігіне үйытқы болуда,* – деді қала басшысы.

Орталық сахнада Сүйінбай атындағы филармонияның «Алтынай», «Солнышко», «Туған тел», «Шағала», «Ачимноуль» халықтық ән-би ансамбльдері мен жеке әншілер өнер көрсетті. Мереке көрігін «Талдықорған әуендері», ансамблі мен «Өнерім – өмірім» республикалық фестивальдің жеңімпаздары қыздырды. Ер ұлттың таңымал әндері орындалғанда жиналған қауымның делебесі қозып, төтеп тұрған жауынға қарамай айнала билеп кетті. Мерекеде қыдырыстап жүрген қала тұрғыны Аида Әлімбердиева:

– Қазақстан – біздің ортақ Отанымыз. Осы жерде есіп-өндік. Білім алдық. Балаларды үйлендірдік. Құдажекжатымыз қасымызда. Береке-бірлікте ғұмыр кешіп жатырмыз. Міне, бірлік күнінде көпұлтты ел тұрғындары бірге той тойлап, шаттық күйін шертуде. Береке-бірлігіміз шайқалмасын. Бақыт дегеніміз – Отанның тыныштығы, – деді ол ағынан жарыла.

Мерекеде Жетісу жерінде мекен ететін этномәдени орталық мүшелері ұлттық киімдерін паш етті. Баршаның айтатыны – берекелі де баянды, татулықтың мәні терең. Ел-жұрттың амандығы. Мәдени көрмелер әрбір ұлттың салт-дәстүрін жаңғыртуына, тілі мен әдебиетін дамытуына қамқорлық көрсететінін байқатты. Оны мерекеге жиналғандардың өз ауыздарынан да естідік.

Мәселен, Татьяна Криворучко: «Мен украин халқының өкілімін. Қазақ жерінде туып-өстім. Өмірімді, болашағымды осы жермен байланыстырамын. Мен Қазақстан халықтары Ассамблеясының құрамында еңбек етемін. Мұнда әр елдің тілін, дәстүрін құрметтеуше, үйренуіне мол мүмкіндік жасалған. Ұлттық мерекемізді ұйымдастырып, басқалармен тереземіз тең өмір сүріп жатырмыз, – дейді қуаныштан бал-бұл жанып.

Елдің ішкі саяси тұрақтылығын сақтау осында мекен ететін ұлттардың парасаттылығымен тікелей байланысты. Сондықтан, бір-бірімізді бауырлас, көрші, тағылымды әріптес ретінде құрметтеу – басты парыз. Сөйтіп, Талдықорғандағы татулық мерекесінде бірлігіміздің жарастығы салтанат құрды.

Кешке жақын жаңбыр саябырсыды. Жастар саябақта би кешін өткізді. Татулық пен бірлік бар жерде көңіл-күй де көтеріңкі. Үлкендер аулаларда қыдырыстап, бозбала-бойжеткендер демалыс орындарын бетке алды. Көпшіліктің көңілінде ел аман, жұрт тыныш болса екен деген бір ғана тілек тұрды.

• • •

Қазақстан халқының бірлігі мерекесі облыстың жер-жерінде аталып өтті. Этномәдени орталықтар мәдени-көпшілік, бұқаралық шараларда өзгелерге үлгі көрсетіп, ел бірлігі мен тірлігіне үйытқы болуда. Ортақ мақсатымыз – берекелі де баянды, тату-тәтті ғұмыр кешу. Бүгінгі бақуатты өміріміз – ортақ Отанымызға деген сүйіспеншілік пен алдағы күнге деген сенімнің жемісі.

● *Жыр-шашу*

Татулықтың тұмары

Жарастырып барша халық бірлігін,
Нұрын төккен ынтымақты күн бүгін.
Ай-жұлдызым жарқырап тұр көгімде,
Татулықтың әнін шырқап бүлбұлым.

Бірге соғып барша халық жүрегі,
Орындалған асқақ арман, тілегі.
Мекендеген бір шаңырақ астында
Сауық құрып бірге ойнап, күледі.

Байлық, бақыт ынтымақпен үйлескен,
Тату-тәтті, қызықты да бір кешкен.
Арманы жоқ Қазақстан халқының
Бір кісінің баласындай бірлескен.

Ұлы далам құшағы кең ашылған,
Күн күлімдеп, нұр шуағы шашылған.
Әз халқымның қуанышын еселеп
Биіктетіп мәртебесін асырған.

Бірге шырқап Тәуелсіздік жыр әнін,
Қастерлеген татулықтың тұмарын.
Желбіретіп көк байрақты көтеріп
Салтанатпен сап түзеп тұр ұланым.

Тәуелсіздік – мақтанышы, айбыны,
Бірлік деген басты мақсат байлығы.
Достық әнін бірге шырқап қуанып
Сәуле шашып, жарқырайды ай нұры.

Жасыл желек жайнап өсіп көктеген,
Білім ізден биіктерге бет тескен.
Татулық пен ынтымақтың арқасы –
Армандарға қол жеткіздік көптеген.

Бақытғали МЕЙРАМБЕКҰЛЫ.

Балқаш ауданы.



СЕССИЯ

Облыстық мәслихаттың кезектен тыс XV сессиясы өтті. Басқосуға облыс әкімінің орынбасарлары, облыс әкімдігі аппаратының басшысы, облыстық сот, прокуратура, басқармалар мен департаменттердің өкілдері, аудандық және қалалық мәслихат хатшылары қатысты. Төрағасы, облыстық мәслихат депутаты А. Сүлейменов күн тәртібінде қаралатын Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясының 2017 жылғы 28-сәуірдегі «2017 жылғы 28-маусымға тағайындалған Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаттарын сайлауды әзірлеу мен өткізу жөніндегі негізгі іс-шаралардың күнтізбелік жоспары туралы» №9/157 қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаттығына кандидатты ұсыну ережесімен таныстырды.

ЖЕТІСУЛЫҚТАР сенім артты

Жетісу

Еңлік КЕНЕБАЕВА

ҚР Парламенті Сенатының депутаттығына кандидатты ұсыну үшін облыстық мәслихаттың депутаты Ғалиаскар Сарыбаев сөз алды. Ол ҚР Парламенті Сенатының депутаттығына Нұрлан Қылышбаевтың кандидатурасын ұсынып, оның қысқаша өмірбаянын айта келе, халық пен билік арасына алтын көпір орнатып, ел дамуы жолында жемісті еңбек етіп жүрген мемлекеттік қызметкердің жеткен жетістіктеріне тоқталды. Күн тәртібінде қаралған мәселе бойынша облыстық мәслихаттың депутаты Ызғарбек Бектұрсынов сөз алып, өз пікірін білдірді. Ұлттық мәдениет сақталмаса, ешқандай жаңғыру болмайтындығын алға тартқан мәслихат депутаты елдігімізді сақтау тек өзіміздің қолда екенін тілге тиек етіп, ұсынылған кандидаттың алдағы уақытта ел болашағы жолында аянбай қызмет ететініне сенім білдірді. Облыстық мәслихаттың депутаттары Виктор Хильпинченко, Серік Мұқанов Нұрлан Наурызұлының іскерлігі мен адами қасиеттеріне тоқталып, Ұлт Көшбасшысы берген нақты тапсырмаларды орындауда осындай азаматтарға жауапты міндет жүктелетінін жеткізді. ҚР Парламенті Сенатының депутаттығына кандидат болып Нұрлан Наурызұлы Қылышбаев ұсынылсын деген пікірге облыстық мәслихаттың депутаттары бірауыздан дауыс берді.

Осы уақытқа дейін дауазымды қызметті абыроймен атқарып келген Нұрлан Қылышбаев сенім артқан жетісулықтарға алғыс айтты.

– *Өмірдегі ең үлкен жетістік – халықтың батасын алу. Маған сенім артқандарыңызға алғысымды білдіремін. Тәуелсіз еліміздің өсіп-өркендеуі жолында аянбай тер төгуге дайынмын. Осы уақытқа дейін жинаған тәжірибемді пайдаланып, елге адал қызмет етемін деп сөз беремін,* – деді ол.

Сессияның күн тәртібіне енгізілген мәселе бойынша ҚР Парламенті Сенатының депутаттығына кандидат ретінде Нұрлан Қылышбаев ұсынылды.

ЖӘРМЕҢКЕ

Сатушы да, алушы да риза

КӨПҰЛТТЫ ХАЛҚЫМЫЗДЫҢ ЫНТЫМАҒЫ МЕН БІРЛІГІН ПАШ ЕТЕТІН 1 МАМЫР МЕРЕКЕСІ ҚАРСАҢЫНДА ОБЛЫС ТАУАР ӨНДІРУШІЛЕРІНІҢ АЛМАТЫ ҚАЛАСЫНДАҒЫ ЖӘРМЕҢКЕСІ ҰЙЫМДАСТЫРЫЛДЫ.

Жетісу

Үлбосын ИСАБЕК

Мерейлі мереке қарсаңында алып шаһардың «Астана» алаңына арнаулы шатырлар тігіліп, облысқа қарасты қалалар мен 16 ауданнан жеткізілген 200 тоннадан аса ауылшаруашылығы өнімдерін саудалаудың сәті түсті. Сол күні таңғы бойы толассыз жауған жаңбыр да шаңын тауып, тұрғындардың сауда-саттық жасауына қолайлы жағдай туды.

Дала мен қала тұрғындарын дидарластыратын жәрмеңкені тұтынушылардың тағатсыздана күтері анық. Оған, ең алдымен, азық-түлік өнімдерінің табиғи таза қалпында келетін себеп болса, екіншіден, нарық бағасынан 20 пайызға арзан саудаланатынына қызығушылық басым.

Базарға қалалықтар қопарбасын сүйретіп ерте бір қоңдорбасын көтеріп ертемен ағылды. Қатарқатар сап түзеген сауда сөрелері Жетісудың құнарлы топырағында өсіп-өнген көкөніс түрімен, ең бастысы, табиғи таза ет-сүт өнімдерімен қамқорсаң. Мұнда азық-түліктің алуан түрі сатылымға шығарылған. Айталық, бүгінде бағасы күрт көтерілген сиыр мен жылқы ет бағасының 1300-1500 теңгеден аспауы сатып алушылардың қатарын көбейтті.

– Жасыратыны жоқ, қазіргі кезде «етке сойылатын малды бордақылауда түрлі дәрілік қоспалар қолданылады» дегенді жиі естіп болдық. Оған қоса, базардағы ет бағасы да қымбаттап кетті. Ауылдық жерлерден келетін тауар өндірушілердің жәрмеңкеге арнайы келіп, ет сатып алуды дағдыға айналдырғанына Шөбі шүйгін таулы өңірде өскен малдың еті семіз болмайды. Қазіргі балалар аса майлы етті сүйсініп жемейді, – деп алғаны жарлыған Вагерий Ақжолов ағамыз берден 30 келі етті сатып алды.

– Тұтынушылары мол қала орталығында ұйымдастырылған бұл жәрмеңкенің өзге өндірушілерге тигізер екжақты пайдасы бар. Біріншіден, ауылшаруашылық өнімдері делдалсыз саудаланса, екіншіден, өнімді еш кедергісіз өткізу мүмкіндігі молаяды. Мәне, Сарқан ауданы Екаша ауылында жылыжай шаруашылығымен айналысатын жеке қосалқы Меңрхан Осіпова осы күні несі таңғысы жаратын қызанақ, қияр, редискасы бар жаңғы тонна өнімін саудалады.

Ал Балқаштың балығының бағасын білетін тұтынушылар Құйған ауылынан әкелінген көксерке, сазан, жайын, маңке, жиланбас сынды 1 тонна балықты түс болмай-ақ ортадан тастады. Аталған өңірдің ақмаржан күрішіне де сұраныс артты.

Салынған сауда алаңында Ақсу ауданының тауар өндірушілерінің өнімдері де қызу саудаланды.

– Бүгінгі жәрмеңкеге ауданымыздан барлығы 5 млн. теңгенің өнімі жеткізілді. Тарқатып айтсақ, 9 бас ірі қара, 8 жылқы және 30 қойдың еті мен көкөніс түрі саудаға шығарылды. Кешегі қалың жаңбырдан кейінгі ауа райының қолайсыздығына қарамастан сауда қыза түсуде. Жәрмеңкеге ауданның ашық қатарлары «Амирова Ш.» шаруа қожалығы 2 бас ірі қара мен 1 жылқы әкелді. Мал бордақылаумен айналысатын шаруашылық қайта өндіріске де дамытып келеді. Сауда сөресінен орын алған бұқтырылған қой тауық еті сонау дәлелі. Жалпы, жәрмеңкеге жеткен тауардың толықсанды өтетіндігіне еш күмәніміз жоқ, – деді Ақсу ауданы әкімінің орынбасары Есім Базарханов.

«Жүзеңдің жаңалықтары, жаңалықтың үздіксіз шағы» деп бекерлейтін кектеуінің көкжек уақытында құнарлы тамақтанудың адам денсаулығына тигізер пайдасы орасан зор. Бұл орайда, ертең қатар сүт, ірімшік, құрт-майдың да апар орны ерекше екендігін ескерген тұтынушылар табиғи ет-сүт өнімдерін көкөніс, бал, балық, құрмен толықтырып, сауда алаңынан көңілдерін тоғайтып тарқасты.

Алматы қаласы.

ПРИМЕР ДЛЯ ПОДРАЖАНИЯ

Тернистый путь ветерана

Как известно, ветераны органов безопасности Казахстана окружены вниманием и заботой со стороны КНБ РК на постоянной основе. Им воздаются соответствующие почести и знаки внимания. Особый подход в этом плане уделяется ветеранам, участникам Великой Отечественной войны, как воинам-освободителям и героям-победителям.

Сегодня среди ветеранов ДКНБ РК по Алматинской области здравствует единственный фронтовик второй мировой войны, орденоносец, Почетный гражданин города Талдыкоргана, наш земляк, подполковник в отставке П.Н.Дзюбин.

Петр Николаевич родился 17 июля 1924 года в г.Талдыкоргане. После окончания средней школы по месту жительства в 1942 году призвался в ряды Советской Армии, с последующим направлением на учебу в Туркестанское военно-пулеметное училище. В мае 1943 года успешно окончив ускоренные курсы данного военного заведения, получил воинское звание «лейтенант» и отправлен на фронт.

С указанного времени до 1944 года, в качестве командира пулеметных взводов 138-го стрелкового полка 47-й стрелковой бригады и 573-го стрелкового полка 135-й стрелковой дивизии Юго-Западного и 3-го Украинского фронтов соответственно принимал участие в боях против фашистских оккупантов.

При этом проявил себя как умелый командир, отважный боец, надежный товарищ и патриот Отечества.

За проявленное мужество награжден боевыми наградами, в том числе орденом Великой Отечественной войны 1-й степени, медалями «За боевые заслуги», «За доблесть и отвагу», «За Победу над Германией», многочисленными юбилейными и ведомственными медалями.

В ходе боев на фронтах ВОВ, П.Н. Дзюбин дважды получил серьезные ранения. В конце 1944 года демобилизован по инвалидности и направлен на лечение к месту жительства.

Прибыв в родной Талды-Курган, Петр Николаевич, поправив здоровье, с 1948 по 1950 г.г. работал заведующим отделом горкома комсомола.

Учитывая личные и деловые качества, богатый боевой и жизненный опыт, в 1950 году зачислен в органы безопасности СССР. До 1959 года проходил службу в УМГБ по Талды-Курганской области в следственном и оперативных подразделениях. Зарекомендовал себя с положительной стороны. За хорошие показатели в работе неоднократно поощрялся руководством.

В 1959 году попал под сокращение штатов. Затем, еще долгие годы трудился старшим инженером Талды-Курганской автобазы. Отличался высокой дисциплиной, ответственностью за порученное дело. Как правило, находился среди передовиков производства.

Среди коллег пользовался авторитетом и уважением. Активно участвовал в общественной жизни города и области. И сегодня Петр Николаевич Дзюбин, несмотря на преклонный возраст, по мере сил и возможностей принимает участие в патриотическом воспитании молодежи, щедро делится опытом и знаниями.

Поздравляя его с наступающим 25-летним юбилеем органов КНБ РК, желаем ему крепкого здоровья, бодрости духа, семейного благополучия и долгих лет жизни!

Совет ветеранов ДКНБ РК по Алматинской области.

ПОЗДРАВЛЯЕМ!

Очередная победа Кажета

Корреспондент областной газеты «Жетісу» Кажет Андас стал победителем республиканского конкурса среди СМИ «Зеленая пресса». Наш коллега удостоился 2-го места в номинации «Лучшая статья в газете» за публикацию высококачественных аналитических статей, посвященных охране природы и экологии.

Бейбит МАМЛЕЕВ

Церемония награждения состоялась 28 апреля в Астане на первом республиканском Форуме лидеров зеленой экономики «Зеленый Казахстан», организованном Международным секретариатом G-Global и Коалицией за зеленую экономику и развитие G-Global.

Отрадно, что в номинации «Лучшая статья в газете» Кажет стал единственным номинантом из областных печатных изданий и единственным автором, пишущим на государственном языке. В этот раз богатая копилка наград журналиста газеты «Жетісу» пополнилась благодарственным письмом Министерства информации и коммуникаций, денежным сертификатом организаторов Форума на 200 тысяч тенге и статуэткой конкурса «Зеленая пресса».



Фото Аслана КАЖЕКЕ.

В первом республиканском Форуме лидеров зеленой экономики участвовали депутаты Парламента РК, представители министерств и ведомств, институтов развития, научных и бизнес-сообществ, НПО и СМИ.

На мероприятии были продемонстрированы достижения в области «зеленой экономики», презентованы «зеленые» якорные проекты регионов, реализованные усилиями общественных организаций при поддержке международных организаций и бизнес-структур.

Программа форума состояла из выставки работ ученых и инноваторов, победителей республиканского конкурса «Online EXPO», церемоний вручения дипломов, статуэток номинантам в области «зеленой экономики» и награждения победителей республиканского конкурса среди СМИ «Зеленая пресса».

Должны отметить, что ранее Кажет Андас одержал победу в конкурсе «Медиа для эффективного освещения вопросов окружающей среды и природных ресурсов в Центральной Азии». Он проводился международной организацией по развитию СМИ «Internews» при финансировании Европейского Союза. Из 60-ти предоставленных конкурсантами проектов были отобраны 16, среди которых работа нашего коллеги «Переработка твердых бытовых отходов».

Руководство, творческий и технический составы редакции областной газеты «Огни Алатау» от всего сердца поздравляют коллегу с очередной творческой победой. Желают крепкого здоровья, счастья, благоденствия и дальнейших успехов на профессиональном пути!

МИНИСТЕРСТВО ЭНЕРГЕТИКИ РГП «КАЗГИДРОМЕТ»
ГИДРОМЕТЦЕНТР
Управление краткосрочных прогнозов погоды.
Прогноз погоды по Алматинской области на 07.05.-12.05.2017 г.

7 мая ночью дождь, местами сильный, днем местами дождь, местами гроза. 8, 10 мая местами дождь, гроза. Ветер восточный, юго-восточный 9-14 м/с, при грозе – 15-20 м/с. Температура ночью 7 мая 10-15 °С тепла, местами 18 °С; 8-9 мая 10-15 °С, местами 7 °С тепла; во второй половине периода 13-18 °С, местами 10 °С тепла, днем повышение от 20-25 °С тепла, местами 28 °С, до 27-32 °С, местами 35 °С тепла.

Информационное сообщение

Государственное учреждение «Отдел финансов города Текели» объявляет о проведении аукциона по продаже объектов коммунальной собственности на веб-портале Реестра государственного имущества www.gosreestr.kz.

Продажа объектов коммунальной собственности осуществляется в соответствии с Правилами продажи объектов приватизации, утвержденными постановлением Правительства Республики Казахстан от 9 августа 2011 года №920.

Дата и время аукциона: **30 мая 2017 года с 10.00 до 17.00 по времени города Астаны:**

Государственное учреждение «Отдел финансов города Текели» (Алматинская область, город Текели, ул. Абылай хана, 34, кабинет № 21).

На аукцион с применением метода на понижение цены выставляются:

1. Автомобиль «Kia Cerato», 2006 год выпуска, гос/номер B568DE, балансодержатель - ГУ «Аппарат акима города Текели», стартовая цена - 1 182 000 тенге, минимальная цена – 591000 тенге, **гарантийный взнос – 177 300 тг.**

Телефоны для справок: 8 (72835) 4-21-50, 4-44-75.

Регистрация участников аукциона производится со дня публикации извещения и заканчивается за два часа до начала аукциона, по истечении которых участники не могут отозвать поданную заявку.

Гарантийный взнос для участия в аукционе вносится на реквизиты единого оператора по сфере учета государственного учета: получатель гарантийного взноса: АО «Информационно-учетный центр»; наименование банка: АО «Казкоммерцбанк»; ИИК: KZ529261501102032004; БИК: KZKOKZKX; БИН: 050540004455; КНП-171, Кбе-16.

Внимание! Основанием для отказа веб-порталом реестра в принятии заявки является несоблюдение участником требований, указанных в извещении, а также непоступление за два часа до начала аукциона гарантийного взноса, указанного в извещении о проведении торгов, на специальный транзитный счет единого оператора.

Для участия в аукционе необходимо предварительно зарегистрироваться на веб-портале реестра с указанием:

1) для физических лиц: индивидуального идентификационного номера (далее – ИИН), фамилии, имени и отчества (при наличии);

2) для юридических лиц: бизнес-идентификационного номера (далее – БИН), полного наименования, фамилии, имени и отчества (при наличии) первого руководителя;

3) реквизитов расчетного счета в банке второго уровня для возврата гарантийного взноса;

4) контактных данных (почтовый адрес, телефон, факс, e-mail).

При изменении вышеуказанных данных участник в течение одного рабочего дня изменяет данные, внесенные в веб-портал реестра.

Для регистрации в качестве участника аукциона необходимо на веб-портале реестра зарегистрировать заявку на участие в аукционе по форме, подписанную ЭЦП участника.

По результатам автоматической проверки веб-портал реестра направляет на электронный адрес участника, указанный на веб-портале реестра, электронное уведомление о принятии заявки либо причинах отказа в принятии заявки.

Участнику, допущенному к аукциону, представляется доступ к аукционному залу по аукционному номеру, присваиваемому веб-порталом реестра.

Участники аукциона в течение одного часа до начала аукциона заходят в аукционный зал, используя ЭЦП и аукционный номер. Аукцион начинается в указанное в извещении о проведении торгов время города Астаны путем автоматического размещения в аукционном зале стартовой цены объекта приватизации.

При проведении аукциона стартовая цена объекта приватизации равна начальной цене объекта приватизации.

Поядок проведения аукциона с применением метода на понижение цены:

1) если в течение двух минут с начала аукциона ни один из участников не подтвердит свое желание приобрести объект приватизации в аукционе, то стартовая цена объекта приватизации уменьшается на шаг, установленный согласно пункту 46 настоящих Правил;

2) если в течение двух минут после уменьшения цены ни один из участников не подтвердил свое желание приобрести объект приватизации, то последняя объявленная цена объекта приватизации уменьшается с установленным шагом.

Победителем аукциона на понижение цены признается участник, первый подтвердивший свое желание приобрести объект приватизации по объявленной цене, и аукцион по данному объекту приватизации признается состоявшимся.

3) если цена объекта приватизации достигла установленного минимального размера, и ни один из участников не подтвердил свое желание приобрести объект приватизации, то аукцион признается несостоявшимся.

Результаты аукциона по каждому проданному объекту приватизации оформляются электронным протоколом о результатах аукциона, который подписывается на веб-портале реестра продавцом и победителем с использованием ЭЦП в день проведения торгов.

Протокол о результатах аукциона является документом, фиксирующим результаты аукциона и обязательства победителя и продавца подписать договор купли-продажи объекта приватизации по цене продажи. Договор купли-продажи с победителем подписывается в срок не более десяти календарных дней со дня проведения аукциона.

Победитель аукциона представляет продавцу при подписании договора купли-продажи копии следующих документов, с обязательным предъявлением оригиналов для сверки либо нотариально засвидетельствованные копии указанных документов:

1) для физических лиц: паспорта или документа, удостоверяющего личность физического лица;

2) для юридических лиц: свидетельства либо справки о государственной регистрации (перерегистрации) юридического лица;

документа, удостоверяющего полномочия представителя юридического лица, а также паспорта или документа, удостоверяющих личность представителя юридического лица.

Оригиналы документов после сверки возвращаются в течение одного рабочего часа.

Жетісу
1918–2017
Сайт: WWW.Zhetysu-gazeti.kz e-mail: Jetisu2002@mail.ru

ҚАЛДЫҚСЫЗ ӘЛЕМ

Қоқысқа қатысты заңдық талаптар

Қоршаған ортаны қорғау қызметінің негізгі бағыттарының бірі Қазақстан Республикасының тұрақты дамуының Тұжырымдамасында көрсетілген параметрлерге қол жеткізу. Өніріміздің экологиялық мәселелері және оларды шешу жолдары Қазақстан Республикасы Президентінің 2013 жылғы 30 мамырдағы №577 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының «жасыл экономикаға» көшу жөніндегі Тұжырымдамасының, сонымен қатар, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 9 маусымдағы «Тұрмыстық қатты қалдықтарды басқару жүйесін жаңғыртудың 2014 − 2050 жылдарға арналған бағдарламасы» негізінде жүзеге асырылады.



Қатты тұрмыстық қалдықтардың пайда болуының динамикасына талдау жүргізгенде 2015 жылмен салыстырғанда өткен жылы оның көлемінің 129,4 мың тоннаға немесе 20,2%-ға артық болғаны байқалды, оның себебі халықтың өсуі мен әл-ауқатының жақсаруына және қатты тұрмыстық қалдықты қайта өңдеу деңгейінің төмендігіне байланысты. Керісінше, 2013 – 2016 жылдар аралығында қайта өңделген қатты тұрмыстық қалдықтардың көлемі тек 7,8 мың тоннаға немесе 0,9%-ға ғана өскен. Демек, қатты тұрмыстық қалдықтар төңірегінде әлі де күрмеулі мәселе ушығып тұр. Осы тұрғыдан зерделеп көргенде оның басты себептерін полигондар мен қоқыс орындарының нормативтік, санитарлық, экологиялық және құрылыс нормалары мен талаптарына сәйкес жабдықталмауы, көптеген жабайы қоқыс орындарының әлі де ашық күйінде қалғанынан көруге болады. Ендеше, осы тұрғыдан туындаған заңбұзушылықтардың біразына тоқталайық.

2011 жылдың 15 шілдесінде №461-IV Заңы бойынша Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізілді. Онда қолданыстағы заң аясында кәсіпкерлерге лицензиялық-рұқсат ережелерін жетілдіру және оңайлату мәселесі қарастырылған. Сондай-ақ, шағын және орта бизнес өкілдеріне әкімдіктер мен басқармалар тарапынан болуы мүмкін кедергілерді жою ісі де осы заңның аясында айтылады. Ондай өзгертулер мен толықтырулар 57 заң актілеріне, атап айтсақ, Жер, Салық, Экологиялық кодекстерге, ҚР-ның «Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу туралы», «Лицензиялау туралы» және тағы басқа Заңдарына енгізілді. Аталған өзгертулер мен толықтырулар жекелеген рұқсаттық құжаттар берудегі басы артық талаптарды азайтуға, беру уақытын тиімділендіруге бағытталған. Соның ішінде елеулі өзгертулер мен толықтырулар Қазақстан Республикасының Жер кодексіне жасалды. Нақтырақ айтсақ, нақты бір жер телімінің кадастрлік (бағалау) құнын еншілес мемлекеттік кәсіпорындар үш күннің ішінде анықтайды. Ол жер теліміне кадастрлік (құны) бағалау актісімен рәсімделіп, жер қатынастары бөлімдерімен бекітіледі. Мұндай кадастрлік бағалау мерзімі алдыңғы заңнамаларда көрсетілмеген еді. Өкінішке қарай, облысымыздағы 741 елді мекендегі 354 полигон мен күл-қоқыс үйіндісі ғана заңдастырылған. Оның ішіндегі 10 полигон ғана (полигондар туралы айырым материал дайындалады) мемлекеттік тіркеуге алынған. Демек, өніріміз әлі де заңдық талаптарға сай жұмыс жасап жатқан жоқ.

Еңбекшіқазақ ауданы прокурорының 2013 жылғы 6-ақпандағы №7-12-13 талабы бойынша Алматы облыстық экология департаменті «ХЭМКО» ЖШС-не экологиялық талаптардың орындалуына байланысты жоспардан тыс тексеру жүргізді. Тексеру барысында «ХЭМКО» ЖШС жер қойнауын пайдалану жұмыстарын жүргізуге арналған келісімшартты мемлекеттік тіркеу актісімен Алматы облысы Еңбекшіқазақ ауданындағы Сарыбұлақ кен белгісінде құрылыс тастарын өндіру жұмыстарын жүргізуге алғандығы, №01-06-12 келісімшарт Алматы облысы әкімдігінің табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасында тіркелгендігі анықталды. Алайда, «ХЭМКО» ЖШС жер қойнауынан кен өндіру жұмыстарын келісімшарт аумағынан тыс жерден, яғни Сарыбұлақ кен белгісінен емес, «Жалайыр-Шора» кен белгісінен өндіріп, заңбұзушылыққа жол берген. Сөйтіп, ҚР «Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы» Заңының 76-бабы 1-бөлімі 1-тармағының талаптарын өрескел бұзғандығы белгілі болды.

Аумақтық геология және жер қойнауын қорғау инспекциясы қызметкерлерінің берген мәліметі бойынша («Тас-Құм» АҚ-да) 1 текше метр құрылыс тастың нарықтағы орташа бағасы 550 теңгені құрайды. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 27-маусымдағы №535 Қаулысымен бекітілген «Қоршаған ортаны ластаудан келтірілген залалды экономикалық бағалау ережесінің» 16 бөліміне сәйкес, өз бетінше заңсыз пайдаланылған жер қойнауындағы кең таралған жалпы пайдалы қазба байлықтың өтем шығыны он есеге көбейтіліп есептеледі. Сонымен, «ХЭМКО» ЖШС ҚР «Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы» Заңының 10-бабы 1-бөлімінің, 35-бабы 1-бөлімінің және 76-бабы 1-бөлімі 1-тармағының талаптарын бұзғандығы анықталып, шығын көлемі төленген.

ҚР Экологиялық кодексінің 321-бабында, «Экологиялық құқық бұзушылықтар жасаған тұлғалар өздері келтірген залалды осы Кодекске және Қазақстан Республикасының өзге де заңнамалық актілеріне сәйкес өтеуге міндетті» екендігі анық жазылған. Экологиялық заңды бұзғандығы үшін, экологиялық сараптаманың қорытындысының және қоршаған ортаға эмиссияға рұқсаттың жоқтығына байланысты да құзырлы мекеме кәсіпорынның өндірістік қызметін тоқтатуға құқылы.

Бүгінгі таңда табиғат пен жануарлар әлемін қорғау бойынша «біз осыған жеттік» деп жар салатындай жетістік таппайсың. Таптаурын тәсілдерден арыла алмағандар өз беттерімен ықпалды шараларды қолдана да алмайды. Сан рет дабыл қағылып, айтылып, жазылғанымен еліміздегі ғана емес, әлемде сирек кездесетін өсімдік түріне айналған сексеуілді заңсыз отау, түбірімен қопару жиі кездесетін заңсыздық болып тұр. Тек прокуратура органдарының рейдтер ұйымдастыруы арқасында ғана сексеуілді оңай пайда табу жолына айналдырғандар айылын жия бастады. Прокурорлар ондай табиғат қорғау заңдылығын бұзушылардың үстінен 2015 жылы Қылмыстық кодекстің 290-бабы бойынша 34 қылмыстық іс қозғапты.

Экология кодексінің 114-бабы, 12-тармағында жер қойнауын пайдалану нысандарын тұйықтау және істен шығару мемлекеттік экологиялық бақылауға сай жүргізілетіні айтылады. Ал, осы Кодестің 117-бабы, 1-тармағының 6-тармақшасында мемлекеттік экологиялық бақылау жүргізетін лауазымды тұлғалардың жеке және заңды тұлғаларға ҚР экологиялық заңнамасының бұзылғандығы туралы ескерту бере алатындығы көрсетілген. Мысалы, «Ақбұлақ» бағдарламасының аясында «Оңтүстік Қазақстан геология және жер қойнауын пайдалану бойынша аймақаралық департаменті» мемлекеттік мекемесі 2010 жылы облыс аумағынан суы сыртқа ағып кететін ұңғымаларды анықтау жұмыстарын жүргізген болатын. Зерттеу жұмыстары жүргізілген 100 нысанның 72-сі Панфилов ауданында және 28-і Еңбекшіқазақ ауданында орналасқан. Зерттеу нәтижесі бойынша ұңғымалардың басым бөлігін пайдаланудан шығаруға, тұйықтауға ұсыныс берілген. Одан бөлек 33 су скважинасын пайдалануға рұқсат берілуі тиіс болатын. Алайда «Оңтүстік Қазақстан геология және жер қойнауын пайдалану бойынша аймақаралық департаменті» мемлекеттік мекемесі жүргізген жұмыстың нәтижесі кемшіліктерді жою үшін мемлекеттік уәкілетті органдарға не жергілікті атқарушы органдарға жолданбаған. Бұл уәкілетті және жергілікті атқарушы органдар арасындағы қарым-қатынастың жоқтығын білдіреді. Тіпті бүгінгі таңда өндірістік және тұрмыстық қалдықтардың негізгі бөлігі қайта өңдеуге және қайталама пайдалануға асырылмай заңдастырылған және заңдастырылмаған қоқыс орындарына төгіліп, кәсіпорындардың аумағына жинақталып, жалпы экологиялық жағдайды қиындата түсуде. Нәтижесінде, тұрғындар мен кәсіпорындардың жұмысшыларының денсаулығына елеулі қауіп тудырады және қайталама ресурстардың орны толмас мүмкіндіктерін жоғалтады.

Қатты қалдықтармен айналысу жүйесінің негізгі көрсеткіштерінің бірі – оны жою дәрежесі. Қалдықтарды алғашқы сұрыптау жүйесімен қол күшімен немесе механикалық жолмен кәсіпорындарда өңдеу арқылы қара және түсті металл, пластмасса, шыны, қағаз сияқты бағалы бөлігін алуға және қатты қалдықтардың негізгі массасын органикалық тыңайтқышқа, жылу энергиясына, құрылыс материалдарына айналдыруға болады. Бірақ, бүгінгі таңда зауыт құрылысын қаржыландыру көзінің болмауынан тұрмыстық қатты қалдықтарды сұрыптап өңдеу проблемасы облыста ашық күйінде қалуда. Әкімшілік құқықбұзушылық туралы кодекстің 434-бабына сәйкес ұсақ бұзақылық үшін 10 АЕК мөлшерінде айыппұл немесе 10 тәулікке қамау жазасы қарастырылған. Егер осы талапты шынайы қолданатын болсақ бірқатарымыз тәртіп бұзушы болып шыға келеміз. Расында қазір өңірдегі тұрғын үйлердің ауласына контейнер қойылған. Бірақ кей адамдар қоқысты контейнерге дейін жеткізбей, көрінген жерге лақтырып кетеді. Швейцариядағы сияқты Астанаға да қағаз, пластик, шыны және аралас қалдықтарды бөлек-бөлек жинауға арналған түрлі түсті контейнер орнатылған. Тұрғындар қызыл, жасыл, сары және көк түсті 4 контейнердің қайсысына шыны, органика, пластик бұйым немесе қағаз тастау қажеттігін шатастырмауы үшін контейнерлердің бетіне нұсқаулық жазылған. Бұдан бөлек, бірнеше сауда орталықтарына істен шыққан электрондық құралдарды тастайтын 10 экобокс қойылған. Қала тұрғындары мұның біріне де назар аудармайды. Тұрмыстық қалдықты қоқыс жәшігіне әдеттегідей бір пакетпен тастай салады. Көшені қоқыспен ластамау қажеттігін Елбасының өзі бұрған дейін бірнеше мәрте ескертті. Президент 2012 жылы тәртіп сақшыларына қоғамдық орындарда тазалық сақтамайтын адамдарды қатаң жазалауды ұсынды. «Мұндай адамдарды 3 тәулікке қамау керек» деген Елбасы 2015 жылы аталмыш мәселеге айналып соққанда көше ластайтындарды таяқпен жазалайтын Сингапурды мысал етті.

ҚР Экологиялық кодексінің талаптарына сәйкес шаруашылық жүргізуші нысан соның ішінде қатты тұрмыстық қалдық полигондары іске қосылмастан бұрын қоршаған ортаға тигізетін әсеріне бағалау жүргізу, қалдықтарды орналастыру нормативтерінің жобасы мен қалдықтарды басқару бағдарламасын әзірлеу, санитарлық-эпидемиологиялық және мемлекеттік экологиялық сараптамалардың оң қорытындысын алып және қалдықтарды қоймалауға және орналастыруға қоршаған ортаға эмиссияға экологиялық рұқсат алу сияқты нормативті рұқсат құжаттарын рәсімдеуі тиіс. Облысымызда 2004 және 2011 жылдар кезеңінде 11 қатты тұрмыстық қалдық полигонын жобалауға және құрылысына облыстық бюджеттен 1 077,5 млн. теңге бөлініп игерілген. Бірақ, бірқатар аудан мен қаладағы полигон құрылысы әлі күнге аяқталмаған. Бүгінгі таңда Алматы облысындағы 12 ірі типті полигонның тек қана 8 полигоны, яғни Қарасай ауданындағы «Kaz Waste Conversion» ЖШС, Қапшағай қаласындағы «Искер-Т» ЖШС, Алакөл ауданы, Достық стансысындағы «Достық» ҚММ, Іле ауданындағы «Іле Су Құбыры» ЖШС, Талдықорған қаласындағы «Көркем Талдықорған» МКК, Көксу ауданы, Балпық би кентіндегі, Балқаш ауданы, Бақанас ауылындағы, Қаратал ауданы, Үштөбе қаласындағы полигондар Қазақстан Республикасы экологиялық заңнамаларының талаптарына сай келеді. Ал Ескелді ауданы, Қарабұлақ ауылы, Еңбекшіқазақ ауданы, Есік қаласы, Жамбыл ауданы, Ұзынағаш ауылы, Кербұлақ ауданы, Сарыөзек кентіндегі полигондардың қоршаған ортаға әсерді бағалау жобасы әзірленбеген, мемлекеттік экологиялық сараптаманың оң қорытындылары жоқ, қоршаған ортаға эмиссияға рұқсаттарын әзірлемеген.

ҚР Экологиялық кодексінің 288-бабының 2 бөліміне сәйкес қалдықтарды орналастыру мен жою қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органмен және санитарлық-эпидемиологиялық қызметтің мемлекеттік органдарымен және өзге де арнайы уәкілетті органдармен келісім бойынша жергілікті атқарушы органдардың шешімдерімен айқындалатын орындарда жүргізеді. Сондай-ақ, Алматы облысы әкімінің 2016 жылғы 16 қыркүйектегі №473 Қаулысымен тұрмыстық және өндірістік қалдықтарды шығару және орналастыруға 353 орын анықталған. Тіпті, Қазақстан Республикасының 2016 жылдың 28 сәуіріндегі № 506-V «Қазақстан Республикасының «жасыл экономикаға» көшуі мәселелері туралы кейбір заңнамалық актілерге өзгертулер мен толықтырулар енгізу» Заңына сәйкес ҚР Экологиялық кодексінің өнеркәсіп және тұтыну қалдықтарымен жұмыс істеу бөлімдеріне толықтырулар 2016 жылдың қаңтар айынан қолданысқа енгізілді.

Айта кетерлігі, Қазақстан Республикасы Экологиялық кодексінің 301-бабының 1 тармағы бойынша полигондарда сұйық қалдықтар, полигон жағдайында жарылатын, коррозиялы, қышқылданатын, өрт қаупі жоғары немесе өрт қаупі бар қауіпті қалдықтар, сумен реакцияға түсетін қалдықтар, медициналық немесе ветеринариялық мекемелердің жұқпалы болып табылатын қалдықтары, рекультивациялау кезінде тұрақтандырушы материал ретінде қолданылуын қоспағанда, пайдаланылған тұтастай шиналар және олардың бөліктері, жойылмайтын органикалық ластаушыларды қамтитын қалдықтар, пестицидтер, қабылдау критерийлерін қанағаттандырмайтын қалдықтар, пластмасса, пластика қалдықтары, полиэтилен терефталат орамасы, полиэтилен қалдықтары, макулатура, картон және басқа да қағаз қалдықтары, құрамында сынап бар лампалар мен аспаптар, шыны сынықтары, түсті және қара металдар сынықтары, пайдаланылған автомобиль майлары мен сұйықтықтары, литий, қорғасын-қышқыл батареялары, ұйымдастыру техникасы, тұрмыстық техниканы, жиһазды және өзгелерді қоса алғанда, ірі габаритті қалдықтар, құрылыс материалдарының қалдықтары, тамақ қалдықтары полигондарға төгілмеуі керек.

Осыған орай жергілікті атқарушы органдар коммуналдық қалдықтарды жинау, тасымалдау, сұрыптау, екінші қайтара пайдалану, полигонда орналастыру сияқты жұмыстарды істейтін шағын және орта кәсіпкерліктің қызметі мен керекті инфрақұрылымды ұйымдастыруды назарда ұстаулары қажет. (ҚР ЭК 292 ст. 3 т). Сондай-ақ ҚР Экологиялық кодекстің 41-1 тарауына енгізілген талаптарды орындаумен қатар, Экологиялық кодексінің 285-1 бабына сәйкес өндірушілердің өнім тізбесіне сәйкес өнімді Қазақстан Республикасының аумағында өндіруді және ел аумағына әкелуді жүзеге асыратын барлық міндеттер толық қамтылған. Сол міндеттер бойынша қарастырғанда, ең алдымен, қалдықтарды жинаудың, қайта өңдеудің және кәдеге жаратудың меншікті жүйесін қолдануға баса мән берілген. Алайда, қалдықтарды жинаудың, қайта өңдеудің және кәдеге жаратудың меншікті жүйесін қолдану жөніндегі талап көлік құралдарын өндірушілерге және импорттаушыларға қолданылмайды. Сонымен қатар, өндірушілер тұтыну қасиеттері жоғалған қалдықтарды жинауды, тасымалдауды, қайта өңдеуді, залалсыздандыруды, пайдалануды және кәдеге жаратуды ұйымдастырғаны үшін төлемақы түрінде ақша төлеуге міндетті.

Шынымен, ҚР Экологиялық кодексі және тағы да басқа нормативтік құжаттарда қатты тұрмыстық қалдықтарды қайта өңдеуге қатысты көптеген заңдық міндеттер айқындалған. Ал осы заңды білместіктен немесе онда көрсетілген талаптарды орындамаудан бірқатар келеңсіздіктер туындап жатады. Айталық, 2015 жылы экология департаменті Алматы облысының мамандандырылған табиғат қорғау прокуратурасымен, ҒӨО Жер РМК АӨФ-пен, жер қатынастары басқармасымен бірге жабайы заңсыз үйінділер орналасқан жер учаскелерін және жер иелерін анықтауға түгендеу жүргізген. Нәтижесінде облыстағы 370 жер учаскесіне көлемі 1000 гектардан асатын қатты тұрмыстық қалдық төгетін полигон мен жабайы күл-қоқыс үйіндісі анықталған. Атап айтар болсақ, Ақсу ауданында 38, Ескелді ауданында 16, Кербұлақ ауданында 20, Алакөл ауданында 33, Панфилов ауданында 41, Еңбекшіқазақ ауданында 33, Сарқан ауданында 25, Жамбыл ауданында 31, Көксу ауданында 28, Іле ауданында 5, Қаратал ауданында 19, Балқаш ауданында 14, Ұйғыр ауданында 25, Райымбек ауданында 31, Талғар ауданында 10, Текелі қаласында 1 жабайы күл-қоқыс үйіндісі бар.

Жабайы қоқыстар үйіндісіне жол берген тұлғаларға департаменттің мемлекеттік экологиялық инспекция бөлімі тарапынан тексерістер жүргізілді. 2015 жылы 56 тексеру жүргізіліп, 56 заңбұзушылық анықталып, нәтижесімен 55 айыппұл 1 714,4 мың теңгеге салынды. ҚР Экологиялық кодексінің 321-бабына сәйкес тұрмыстық және өндірістік қалдықтарды заңсыз орналастырғаны үшін жалпы сомасы 132 865,3 мың теңгеге 40 талап-арыз қанағаттандырылған. Соның ішінен 8 аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөліміне және 31 ауылдық округтік әкімдіктерге айыппұл салыныпты. Сондай-ақ, мамандандырылған ауданаралық экономикалық соттың шешімімен жалпы сомасы 4 248,1 мың теңгеге 20 талап-арыз қанағаттандырылып, 4 142,5 мың теңгесі өндірілген. Ал былтыр жергілікті атқарушы органдарға 104 тексеру жүргізіліп, 104 заңбұзушылық анықталып, нәтижесімен құны 3 022,4 мың теңгеге 104 айыппұл салыныпты.

Осы материалды жазу барысында өндірістік және тұрмыстық қалдықтармен айналысу саласындағы заңбұзушылықтарды мүмкіндігіміз жеткенше талдап, зерделеуге тырыстық. Осы тұрғыдан келгенде Жетісу жерінде стандарттарды, нормаларды және экологиялық талаптарды сақтамау, өндірістік және тұрмыстық қалдықтарды орналастыру ережесін бұзу, өндірістік және тұрмыстық қалдықтарды жою және залалсыздандыру, есебін жүргізу ережесін бұзу сияқты заңбұзушылықтың жиі орын алатынын білдік. Сонымен бірге, 2015 жылдың 28 қазанында «Алматы облысының экологиялық проблемалары және оны шешу жолдары» атты жиналыс өткізіліп, қатты тұрмыстық қалдықтар полигондарының жағдайы, жабайы қоқыс үйінділерін жою, қалдықтарды сұрыптап, өңдеу зауыттарының жоқтығы, биологиялық қауіпті қалдықтарды жою, Текелі қалдық сақтаушының жағдайы көпке таныстырылып, полигондарды экологиялық және санитарлық нормаларға сәйкестендіріп, тәртіпке келтіру бойынша қатаң тапсырмалар берілген.

Жоғарыдағы кемшіліктерді жою үшін, ең алдымен, аса қауіпті өндірістік және тұтынған қалдықтарды есепке алып, өңдеу және залалсыздандыратын халықаралық экологиялық талаптарға сай полигондар құрылысын қолға алған дұрыс болар. Ол үшін қалдық иелерінен алдағы кезеңде өздері шығаратын қалдық мөлшерін азайту шарасын енгізуін талап ету және екінші қайтара игерудің ұтымды жолдарын қарастыру керек. Мұндай тәжірибе әлемнің біраз елінде мықты дамыған. Мүмкіндігінше сол тәжірибені елімізге енгізгеніміз жөн. Мұның өзі Елбасы айтқан дамыған отыздыққа енудің басты талабының бірі. Сондай-ақ, екінші дәрежелі қалдықтарды түртүрімен сұрыптап, жинақтау жүйесін енгізіп, қалдықтарды залалсыздандыру мақсатындағы инфражүйе мен өндірістік қуатты дамыту да кейбір келеңсіздікті түзетудің жақсы тәсілі. Бұл үшін кіші және орта бизнестің, жалпы тұрғындардың ынтасын оятудың экономикалық және құқықтық механизмін жасаған жөн.

Қажет Андас,
жоба жетекшісі.
Andas_Kazhet@mail.ru



Бұл басылым Еуропалық Одақтың қолдауымен әзірленген. Басылымның мазмұны автордың жауапкершілігіне жатады және Еуропалық Одақтың көзқарасын білдірмейді.

Мың тонна

2013 жыл			2014 жыл			2015 жыл			2016 жыл		
Пайда болу	Кәдеге жарату	%	Пайда болған	Кәдеге жарату	%	Пайда болған	Кәдеге жарытыла	%	Пайда бо.	Кәдеге жарату	%
513,8	6,0	1,2	515,2	7,5	1,4	512,1	9,1	1,8	641,5	13,8	2,1

Бұл кестеде 2013 – 2016 жылдар аралығында ТҚҚ-ның пайда болғаны және кәдеге жаратылғаны туралы мәлімет көрсетілген.

Жасыл экономикаға жол

Қазіргі таңда әлем жұртшылығы қоршаған ортаның экологиялық жағдайына көп көңіл бөлуде. Халық санының өсуі мен тұрғындардың әлеуметтік хал-жағдайының жақсаруына байланысты жұртшылықтың тұрмыстық қажеттілігі де өсуде.

Осыған орай сұранысты қанағаттандырушы қызмет көрсету орындары мен түрлі өндіріс орындары да көптеп бой көтеруде. Әрине, бұл қуанарлық жағдай, алайда көпшілігінің іс-әрекеті табиғатқа кері әсерін тигізуде. Кәсіпкерлердің басым көпшілігі құжат жасату барысында қоршаған ортаны қорғау талаптарын ұмыт қалдырады. Соның салдарынан қажетті құжаттар жасалмай, тексеріс кезінде орын алған заңбұзушылықты көрсетсе: «Бізге неге алдын ала айтпайды? Біз мұндай талап барын білмедік», – деп дауласа кетеді. Алайда заң талаптарын білмеу жауапкершіліктен босатпайтыны белгілі. Осы жағдаймен күресу және алдын алу бағыты бойынша облыстық экология департаменті тарапынан біршама іс-шара атқарылуда. Атап айтсақ, 2016 жылы 291 тексеру жүргізіліп, 578 заңбұзушылық анықталды. Анықталған заңбұзушылықтар бойынша 365 нұсқама беріліп, 355 нұсқама дер кезінде орындалды.

Жергілікті атқару органдары осы уақытқа дейін экологиялық талаптардың бұзылуы негізінде тексеру жүргізілген мекемелерге 35,5 млн. теңге көлемінде айыппұл салып, оның 33,0 млн. теңгесі мемлекет қоржынына құйылды. Сонымен қатар, есепті кезеңде 91 мекемеге 20,0 млн. теңге көлемінде қоршаған ортаға келтірген залалды өтеу үшін нұсқама беріліп, толықтай қазына есебіне түсті.

Ендігі бізге алаңдаушылық туғызып отырған мәселенің бірі – тұрмыстық қалдық. Облыс бойынша жыл сайын 800,0 мың тоннадай тұрмыстық қалдық жиналатын болса, соның 350,0 мың тоннасы аудандық, селолық округтердің үлесінде. Бізде арнайы қоқыс өңдейтін зауыт жоқ, экологиялық талаптарға сай 8 полигон ғана жұмыс жасайды. Яғни, ашық далада жатқан қоқыс ауа, су, топырақты ластауда. Қоқыс төгетін орындардың маңайы жел бағытымен бірнеше шақырымға дейін полиэтилен қалталар мен дорбалардан көрінбейді. Ал, полиэтилен заттар 50 жылға дейін толық ыдырамай, топырақты ластап жата береді. Соңғы уақытта Текелі қаласындағы қалдық проблемасы да республикалық деңгейде көтеріліп жүр.

Қалдыққойма 1965 жылдан қолданыста, қазіргі уақыттағы иесі «Текелі кенді қайта өңдеу кешені» ЖШС 2013 жылдан уақытша тоқтап тұрғандықтан, құрамында шамалы қалқыма заттары бар аздаған көлемдегі Текелі кен орнының шахталық суынан өзге қалдыққоймаға өндірістік қалдықтар төгілмейді. Қалдыққоймадағы барлық қалдық қоры 34502,5 мың тоннаны құрайды. Аталған техногенді минералды түзілімдер, ауыр металдар тұрғындардың денсаулығы мен қоршаған ортаға қауіп туғызатыны анық.

Біздің басты мақсатымыз – тазалығымен талай елдің таңдайын қақтырып, тамсандырған тұмса табиғатымыздың сұлу көркін қайта қалпына келтіру. Елбасымыз атап өткендей, еліміздің даму жолының бір бағыты – «Жасыл экономика». Бұл дегеніміз, ресурстарды тиімді пайдалану және басқару, қолданыстағы инфрақұрылымды жетілдіру мен жаңа инфрақұрылым қалыптастыру, қоршаған ортаға әсерді тиімді түрде азайту арқылы тұрғындардың әл-ауқатын көтеру. Ендеше осы көрсетілген бағыт-бағдарға әрқайсымыз өз үлесімізді қосайық. Тым болмаса өз үйіміз, өз ауламызды қоқыстан тазартып, қоршаған ортаны бірге қорғайық. Сонда біз әлеуметтік ахуалы жоғары, саяси және экономикалық жағдайы тұрақты, әлеуетті елге айналамыз.

Т. БАЙҒУАТОВ,
облыстық экология департаментінің мемлекеттік экология бақылау бөлімінің басшысы.



ҚАЛДЫҚСЫЗ ӘЛЕМ

ЖИНАУ МЕН СҰРЫПТАУДЫҢ жаңа тәртібін енгізу

Қазіргі уақыттағы экологиялық жағдай кез келген мемлекеттің күн тәртібіндегі мәселесіне айналды. Өйткені ол адамзат тіршілігінің маңызды факторы. Біздің айналамыздағының бәрі – табиғат, біздің өмір сүріп жатқан ортақ әлеміміз. Технология ілгері дамыған сайын «жасыл» орта бүлініп барады. Ғаламшарымыз жалғыз, сондықтан оны көзіміздің қарашығындай сақтауымыз керек. Соңғы 100-150 жылда адамның өндірістік тұрмыс-тіршілігінен туындаған жағымсыз экологиялық ахуал қазіргі уақытта адамның өзіне, денсаулығы мен өміріне зиянын тигізуде. Кейінгі жылдары дамушы елдердегі өндіріс көлемінің ұлғаюына байланысты көбейе түскен қатты тұрмыстық қалдықтардың зардабы да көбейіп келеді.

Қоршаған ортаға тигізген зардаптың ең басында ауаның ластануы тұрса, орман ағаштарын кесу қарқыны апаттық деңгейге жетті. Енді оны қалпына келтіру үшін он жылдың, тіпті, жүз жылдың өзі аз. Мамандардың ақпараты бойынша, жыл сайын жер бетінен 13 миллион гектар орман жойылады екен. Соның кесірінен құстардың әрбір төртінші түрі және қосмекенділердің әрбір үшінші түрі жойылып кетуге шақ тұр. Ауызсу қорының азаюы да адамзат үшін ең өзекті мәселелердің бірі. Ауызсу тапшылығының болашақта үлкен экологиялық мәселеге айналатыны бесенеден белгілі. Жануарларды қырып-жою кез келген қоғам үшін орны толмас олқылық. Адамның қоршаған ортаға келтірген зияны жер шарының жануарлар әлеміне де зардабын тигізіп отыр. Аңдардың бірнеше түрі жер жүзінен жоғалып кетуге шақ тұр, кейбірі соңғы 50–70 жылдың ішінде жойылып та кетті. Ұрпағымыз тіршіліксіз, сөніп бара жатқан ғаламшарға ие болып қалсын демесек, өзіміз мекендейтін биосфераны аман алып қалу үшін нақты әрекеттерге баратын кез жетті.

Адам баласы табиғаттың ажырамас бөлігі ретінде экожүйенің тәртібіне көніп, заңдарына бағынуы тиіс. Қарапайым қала тұрғыны жыл сайын 48 келе қауіпті канцероген жұтып, ауыл тұрғынына қарағанда 4 жыл аз өмір сүреді. Мысалы, орта көлемді жеңіл автокөлік бір жылда өз салмағымен бірдей көмірқышқыл газын ауаға шығарады. Автокөліктің ауаға шығарған қалдықтарының құрамында 280-нен аса зиянды зат бар. Бір ғана Еуропаның өзінде зиянды газдардан туындаған аурудан жыл сайын 225 мың адам көз жұмады. Дамушы елдерде бұл көрсеткіш 2 есеге көп.

Адамзат барда күл-қоқыс ешуақытта таусылмайды. Швецияда тұрмыстық қалдық қайта өңдеуден кейін электр қуаты ретінде пайдаланылса, әлемнің ең таза елінің бірі саналатын Сингапурде қоқыстың 90%-ы қайта өңделеді. Бұл көрсеткіш Германия мен Жапонияда 30%-ды, АҚШ-та 27%-ды, Швейцарияда 25%-ды құрайды. Дамыған елдерде қоқысты кәдеге жарату экономиканың қозғаушы күшіне айналып отыр. Қазақстанда 43 млрд. тоннаға жуық өндірістік және тұрмыстық қалдық жинақталған. Өкінішке қарай, оның тек 2%-ы ғана қайта өңдеуге жіберіледі. Демек, елімізде қоқыс көп бола тұра, оны өңдейтін зауыттар шикізатқа жарымай отыр. Бұл бизнес әрі әлеуметтік жауапты іс. Қоқысты қайта өңдеуден түскен ақша кәсіпкер мен қоршаған ортаға бірдей пайда әкеледі.

Экологиялық кодекстегі 288-баптың 3-бөлімінде «қауіпсіз жағдайда сақтауға арналған орындарда тұрмыстық қалдықтар 3 жыл ғана сақталуы тиіс» деп көрсетілген. Осы мерзім ішінде қайта өңдеуден өткізілуі немесе жерге көмілуі шарт. Өкінішке қарай, бұл тапсырма бізде орындалмай келеді. Әлемнің көп жерлерінде қоқысты өртеуге тыйым салынған, өйткені тұрмыс қалдықтарынан түрлі улы газдар бөлініп, ауаны ластайды. Қалдықтарды өртеуге АҚШ пен Жапонияда рұқсат етілген, бұл елдерде плазмалық газдау әдісі қолданылады. Португалияда өртелген қоқыс күлін арнайы құрылғылармен тығыздап, құрылыс заттарын өндіреді, ғимараттар тұрғызып, тіпті бүтін жасанды аралдар салынуда. Париж қаласы тазалығымен тамсантады. Түрік қоқыс тазалаушысы – беделді әрі жалақысы жоғары мамандық. Тазалыққа жауапты қызметкерлер үшін әлеуметтік қолдау жолға қойылған: медициналық сақтандыру, жоғары зейнетақы, қолжетімді баспана алуға мүмкіндіктері зор. Өкінішке қарай, ТМД елдері қалаларындағы қалдықтарды сұрыптап жинау жүйесі реттелмеген. Үйінділерді сұрыптауға арзан жұмыс күші саналатын мигранттар тартылған, күнделікті шайлығын табуға мұқтаж жандар осындай лас жұмысқа жалдануға мәжбүр. Тіпті біз өз отбасымызда да тұрмыстық қалдықтарды сұрыптау, реттеу, тәрізді әдеттегі қағидаларға мән бермейміз. Бұл туралы сауаттылықты арттыратын бағдарлама, насихаттау жұмысымен айналысатын қоғамдық ұйымдар да жоқ. Мектеп бағдарламасында да қалдықтарды сұрыптау тұралы нақты білім беретін арнайы тарау енгізілмеген.

Басынан дұрыс жиналмаған қоқыс қайта өңделетін шикізат ретіндегі құндылығын жояды. Қазіргі таңда қоқысты іріктеуді игере алмай жатқан мемлекеттер – дамушы елдер. Бұл қатарда біздің еліміз де бар. Мұның түрлі себебі бар, біріншіден, тұрмыс қалдықтарын өңдейтін технологияның жолға қойылмауы, қажетті ресурстардың тапшылығы, күнделікті шығатын қалдықтардың үлкен көлемі, сонымен қатар, адамдардың қоқыстан болатын залалды, экологияға әкелетін қауіпті толық сезінбеуі. Күнбе-күн қалдықтарды қоқыс жәшігіне салмас бұрын көпшілігіміз мұның бәрі қайда кетеді деп ойланбаймыз. Пакеттерге тамақ қалдықтары, жуынды, қағаз, пластик аралас салынып, толассыз тасталып жатыр. Сол жауапсыздықтан бүгінгі таңда үлкен қателік жібергенімізді сезіндік. Әлі де кеш емес. Барлық жұмысты үйлестіріп, батыл әрекетке келсек, қомақты нәтижелерге жететіндігіміз анық.

Қазақстанның «Жасыл экономикаға» көшуін ескере отырып, еліміздің барлық өңірінен қалдықтарды бөлек жинау бойынша іс-шаралар қолға алынған. 2013 жылдан бастап халықтан құрамында құрылымында сынап бар энергия үнемдегіш шамдарды жинау және одан әрі пайдаға асыру бойынша жоба жүзеге асырылып жатыр. Бірақ бүгінде мұны біреу білсе, біреу білмейді. Қазіргі таңда құрамында сынап қалдығы бар көптеген заттар қоқыспен бірге полигондарға жөнелтілуде. Ал сынаптың тотыққаннан кейін ауаны көп дәрежеде бүлдіретіні белгілі. Тіпті, тотыққан сынап жұққан қағаз, ағаш, пластик, тағы да басқа өңделетін қатты қалдықтар заңсыз қалдық жинаушылардың қоржынына түсіп. зауыттарға жөнелтілуде. Ал еліміздегі қалдық өңдейтін зауыттарда шикізаттың залалды, залалсыздығын ажыратын жоғары технологиямен жабдықталған лаборатория жоқтың қасы. Салдарынан тұтынушылардың бәрі: «Зауытта жасалған өнімнің бәрі сенімді», деп есептейді де, қайта өңдеуден өткен заттардың зияндылығы мен тазалығына мән бермейді. Қауіпті аурулардың дені, міне, осындай жағдайдан туындап жатыр.

Айталық, дәретхана қағазы, тамақ салатын целлофан, тағы басқа күнделікті тұрмыста қолданылған қажетті заттардың дені қалдықтардан қайта өңделген өнім деп есептеледі. Мысалы, тамақ салатын целлофан шығаратын зауыт ешқандай да таза полиэтиленнен өнім өндірмейді. Ондай болса, тапқан табысы шикізатқа жұмсалған қаржысының орнын толтыра алмайды. Тіпті, шаш етектен шығынға батуы мүмкін. Сондықтан көп ретте қаржы жұмсап сатып алмайтын, тек қоқыс жинаушылардың өте арзан мөлшердегі тасымал ақысын төлеу арқылы жиналған қатты қалдықтарды қайта өңдеу арқылы дайындалады. Ендеше, полигондағы уы мен суы араласып жатқан зиянды қалдықтан дайындалған дәретхана қағазы сіздің денсаулығыңызға пайдалы дей аласыз ба? Улы қалдықтан жасалған тамақ салатын целлофонның ағзаңызды бүлдіріп жатқанын білесіз бе? Мұның бәрін зауыттан көруге болмайды. Оның бәрі күнделікті тұрмыста шығатын қалдықтарды сұрыптамай, бәрін бір қалтаға жинап, контейнерлерге лақтыра салуға әдеттенген өзіміздің кінәміз. Қысқасы, өз денсаулығымызды бүлдіруге өзіміз үлес қосып келеміз.

Әлемнің әр елі қоқысты қайта кәдеге жарату, сұрыптауда түрлі тәсіл қолданады. Бұл саладағы жетекші орында еуропалықтар тұр. Өкінішке қарай, еуропалықтардың менталитеті бізге мүлде жат. Оның үстіне олардың қоқысты кәдеге жаратудың жарты ғасырлық тәжірибесі бар. Жапондықтар қоқысты іріктеу, реттеу жұмыстарына аса үлкен жауапкершілікпен қарайды. Олардың қоқыс контейнерлері қағаз, пластик, әйнек, темір, жанғыш, жанбайтын, қайта өндірілетін деп іріктеледі. Мәселен, көк пакетте қағаз қалдықтары болса, жасыл түсті пакетте пластик болады, егер қоқыстар аралас тасталса, сол үшін «шатасқан» тұрғын қомақты айыппұл төлейді. Олардың да тәжірибесі бірден біздің елге көшіріп, қолдануға келмейді.

Осы тұста көршілес Қытайда қоқыс сұрыптаудың, қайта өңдеудің үлкен бизнес саласына айналғанын айта кетуге болады. Бүгінгі таңда қытайлардың тұрмыстық қалдықты қайта өңдеу ісі 56 пайызға жетіп, әлемде екінші орынға шығып отыр. Күнделікті тұрмыста қолданылатын Қытай өнімдері, тұрмыстық жиһаздардың көпшілігі тұрмыстық қалдықтан өндірілген өнімдер. Былайша айтқанда, бүкіл әлемдегі Қытай тауарлары, міне, осындай жолмен дайындалады. Түптеп келгенде Қытай экономикасын өркендеткен Қазақстанның қалдық темірлері екендігі анық.

Расымен адамзаттың үштен бірі тіршілік етіп жатқан Қытайда қоқыс өңдеу ісі мықтап қолға алынбаса аумағының күл-қоқысқа толып қалатыны анық. Аспанасты елінің Бейжің іспетті ірі қалаларында қоқысты түрлі әдіспен сұрыптайды, заманауи технологиялар мен адам күші қатар қолданылады. Қоқыс жинаушыларға төлемақы күнбе-күн төленгендіктен қолма-қол ақшаға мұқтаж жұмысшылар бұл іске үйір. Бір Шанхайдың өзінде мыңдаған қоқыс қабылдау орындарында 2,5 миллионнан астам жұмысшы еңбек етеді екен. Салыстырмалы түрде қарайтын болсақ, елімізде жыл сайын көктем және күз айларында жүргізілетін тазалық айлығына қыруар қаржы бөлінеді. Сондай-ақ, күл-қоқыстарды тасымалдауға, полигондарды залалсыздандыруға да бөлінетін ақша аз емес. Оның дені мемлекеттік мекемелерге бөлініп, игеріледі. Яғни, көктем шыға және күз түсе тазалық айлығы басталысымен сенбіліктер, тағы да басқа науқандық шаралар ұйымдастырылады. Керісінше, еліміздегі қоқыс тасымалдаумен, сұрыптаумен, өңдеумен айналысатын жекеменшік мекемелерге қолдау жоқтың қасы. Аспанасты елінде бұл жұмыспен мемлекеттік мекеме айналыспайды. Керісінше, тұрмыстық қалдықты сұрыптау тасымалдау қоймалау оны кәдеге жаратын жекеменшік мекемелерге жүктелген.

Нақтылап айтатын болсақ, көрші елдің тұрғындары таң атқаннан кеш батқанша тұрмыстық қатты қалдықтар жинайтын жеке компания өкілдерінен мезі болады. Алайда, олардың өз тәртібі бар. Алдымен көше-көшені аралап темір қалдықтарын жинайтындар, жүріп өтеді. Сосын қағаз, пластик, мақта, шаш тәрізді бір күнде үйіңізден шығатын керекке жарайтын қалдықты әрбір жекеменшік мекеме осындай жолмен жинап алып кетеді. Ең соңында үйіңіздегі өңдеуге келмейтін қалдықтарды аулаңыздағы контейнерге тастайсыз. Ол сол күні түнімен залалсыздандыру орындарына немесе полигондарға жөнелтіледі. Қоймаланған қалдық қоқыс жинайтын кәсіпорынның қамбасында сұрыпталып, келісімшарт бойынша қоқыс өңдейтін зауыттарға жөнелтіледі. Бүгінгі таңдағы әлемдегі миллиардерлердің үшеуі қытайлық. Олар осы қоқыс тасымалдаумен байығандар. Ал Қытайдағы алдыңғы 50 миллиардердің 22-і қоқыс өңдеу саласымен айналысатындар.

Өкінішке қарай, бізде қоқыс өңдеп, оны бизнеске айналдыру былай тұрсын, күнделікті жиналып қалған тұрмыстық қалдықты қайда төгуді білмей есіміз шығып жүр. Талап бойынша 24 сағатта сұрыпталып, залалсыздандырылатын күл-қоқыстар мен қатты тұрмыстық қалдықтар аулалардағы контейнерлердің аузы-мұрнынан шығып, жартысы далада шашылып жатады. Сондықтан елімізде де қытайлық тәжірибені қолданғанның зияны жоқ. Яғни, қалдықты байлыққа айналдырамыз десек, мемлекет қоқыс өңдеумен айналысатын жекеменшік мекемелерді қаржыландыруды мықтап қолға алуы керек. Мысалы, бір жылдың көктеміндегі тазалық айлығына бөлінетін миллиондаған қаржы арқылы қалдықты сұрыптап, өңдеумен айналысатын бірнеше жекеменшік кәсіпорынды қаржыландыруға болады. Мейлі, олар зауыт салмай-ақ қойсын, сол қаржымен қоқыс тасымалдауға керекті көлік сатып алады, қойма салады, қоқыс жинайтын адамдарға жалақы төлейді. Сонымен бірге, еліміздегі, тіпті шетелдегі шикізатқа тәуелді кәсіпорындармен келісімшарт жасап, жұмыс ауқымын ұлғайтады. Осы арқылы Үкімет қоржынына түсетін салық артады, жұмыссыздар азаяды. Ең бастысы, Үкіметтің жыл сайынғы қыруар қаржысы желге ұшпайды. Бұл тұрғындар үшін де қолайлы болмақ. Өйткені, күнде контейнерге лақтырылатын заттарды сатып, азын-аулақ тиын-тебен таба алады. Мысалы, Қытайдағы әрбір отбасы тұрмыстық қалдықтан кірген кірісі арқылы ай сайынғы коммуналдық шығынын жауып отыр.

Шындығына үңілсек, еліміздегі қатты тұрмыстық қалдықтарды қайта өңдеуге қатысты жұмыстарда жүйелілік жоқ. «Біз осыған жеттік» деп жар салатындай жетістік таппайсың. Таптаурын тәсілдерден арыла алмай келеміз. Өз бетімізбен ықпалды шараларды қолдана да алмаймыз. Сан рет дабыл қағылып, айтылып, жазылғанымен естір құлақ кемшін. Қоқыстан кәдеге асыратын зат жасау әлемдік тәжірибеде әуелден-ақ жолға қойылған. Ендеше, тиімді істі жандандыра түсу үшін бізде не жетпейді? Қайтсек, шетелдің озық технологиясын қолдана отырып, жаңа тауар шығарамыз? Полигонда тау болып үйіліп жатқан қалдықты қалай азайтамыз?

Ол үшін табиғи ресурстарды дұрыс пайдалану, қоршаған ортаны ластанудан қорғау және қалпына келтіруге бағытталған мемлекеттік бақылаудың, халықаралық және қоғамдық іс-шаралардың жоспарлы жүйесін енгізу – біздің ең басты міндетімізге айналуы керек. Алайда, біз сол міндетті ойдағыдай орындай алмай келеміз.



Бір дана пластмасс бөтелкеден осыншама зат өндіріледі.

Қалдық өңдеу жүйесі



Қалдық өңдеудің әлемдік ортақ заңдылығы осы.

Қағаз қалдығы



Қалдық қағаздан да кәдімгідей пайдалы зат өндіруге болады.

Шиналар



Машина дөңгелегінен жабдық пен бензин өндіруге болады.





Қажет Андас,
жоба жетекшісі.
Andas_Kazhet@mail.ru



Бұл басылым Еуропалық Одақтың қолдауымен әзірленген. Басылымның мазмұны автордың жауапкершілігіне жатады және Еуропалық Одақтың көзқарасын білдірмейді.

Алматы облыстық қоғамдық-саяси, әлеуметтік-экономикалық газет Сайт: WWW.Zhetysu-gazeti.kz e-mail: Jetisu2002@mail.ru Газет 1918 жылғы маусымнан шығады

ҚАЛДЫҚСЫЗ ӘЛЕМ

▼ Тұрмыстық қатты қалдықтарды сұрыптау, жинау, қайтадан өңдеп кәдеге жарату тұрғысынан алғанда қоғамның әр саласы өкілдерінің өзіндік айтары бар. Жинақтап келгенде, саналуан пікірден екі түрлі мағынаны пайымдауға болады. Бірінші, тұрмыстық қатты қалдықтарды дұрыс басқару қоршаған ортаның ластануын азайтып, экологиялық ортаның тазаруын тездетеді. Ал екінші тараптың пікіріне сенсек, тұрмыстық қатты қалдықтарды қайта өңдеу – асып-төгіліп жатқан байлық көзі. Аз қаржымен миллиондаған ақша табатын бизнес, адамдарды мыңдап жұмысқа тартатын жұмыс көзі деуге болады. Осы ретте біздің жобамызға атсалысып, сарапшы ретінде көмек көрсетіп жүрген бірқатар мамандардың пікірін назарға алуды жөн көрдік.



БАБЫН ТАПСАҚ байлық табылады



Ерлан АНДАСБАЕВ, І. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университетінің профессоры, техника ғылымдарының докторы:

ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯНЫҢ ТИІМДІЛІГІ

– Қоршаған ортаның ластануы – адам өміріне және экологияға зиянды әсер ететін физика-химиялық және биологиялық заттардың қоршаған ортаға нұқсан келтіруі. Оған табиғат құбылыстары мен заңдылықтарына қайшы келетін сандық, сапалық және құрамдық өзгерістердің барлығын жатқызуға болады. Соның ішінде тұрмыстық қатты қалдықтар қоршаған ортаны ластайтын көздердің бірі. Жер бетіндегі зиянды заттардың жинақталған массасы топырақ жамылғысына, өсімдіктерге, жерүсті және жерасты суларына жағымсыз әсерін тигізеді. Қалдықтар жанған кезде атмосфераға өте көп улы заттар бөлініп, тыныс жүйесі, тері аурулары мен репродуктивті және иммундық жүйелердің ауытқуларына әкеліп соғуы да мүмкін.

Қоршаған ортаның қатты тұрмыстық қалдықтармен ластануын, қалдықтарды қайта өңдеу және жою жолдарын талдау қазіргі кездің өзекті мәселесі. Тұрмыстық қалдықтардың жағдайын және кәдеге жарату әдісін анықтап тексеру үшін бірқатар салмақты міндеттерді атқару керек. Алдымен өнеркәсіптік және тұрмыстық қалдықтар туралы мәліметтерді жинақтау және өңдеудің әлемдік әдістерімен танысу арқылы оларға талдау жасау керек. Сондай-ақ, экологиялық тиімділігін анықтап, тұрмыстық қалдықтар мәселесін шешу мақсатындағы мемлекет тарапынан жасалып жатқан іс-әрекеттерге басымдық берген жөн. Тіпті, қаланың тұрмыстық қатты қалдықтармен ластану дәрежесін бағалау тетігін күшейтіп, қатты тұрмыстық қалдықтарды пайдаға асыру жолдарын қарастыру. Осы міндеттер жеке дара шешілмей, қалдықтарды жүйелі басқарудың консепциясына әкеледі.

Қалдықтарды жүйелі басқарудың қазіргі стратегиялық мақсаты адам денсаулығы мен қоршаған ортаға зиянды әсерін болдырмау. Сонымен қоса шаруашылық айналымға қосымша шикізат ретінде пайдалануды тоқтату. Ол үшін қалдықтарды жүйелі басқару принциптерін меңгеру керек. Аз қалдықты технологияны енгізу. Қалдықтардың шығуын минимизациялау. Жойылуға арналған қалдықтардағы қауіпті заттардың құрамын азайту. Материалдық потенциалын қолдану: шикізат ретінде пайдалану, компостерлеу. Энергетикалық потенциалын пайдалану: қалдықтардан энергия өндіру. Экологиялық қауіпті қалдықтарды қолданбау. Қолдану технологиялары кешенді болуы тиіс, экологиялық, экономикалық эффектісі болуы керек. Оны әкімшілік және экономикалық құралдармен кешенді қамтамасыз етуі қажет.

Бұл технологиялардың орындылығы әлеуметтік аспектілерді есепке ала отырып, барлық деңгейде жергілікті ұйымға оптималды нұсқа таңдап, экологиялық және экономикалық негізделген технологияны анықтау болып табылады. Қалдықтарды өңдеуге арналған заманауи технологияларды енгізу біраз инвестицияны қажет етеді. Оған тек құзырлы органдардың ғана араласуы жеткіліксіз. Оған жеке инвесторларды көптеп тарту қажет.

Қалдықтармен жұмыстың аймақтық жүйесін жетілдіру үшін тұрмыстық қатты қалдықтар мәселелері бойынша қоғамды ақпараттандыру және тұрмыстық қатты қалдықтарға байланысты мәселелер туралы білімді тарату жолдарын ұсыну бізден талап етіледі. Қоғамды ақпараттандыру бағдарламасының концепсиясы мақсатына жету үшін қоғамдық пікірді қалыптастыра отырып қоршаған ортаны қорғаудың ақпараттық жүйесін құру және азаматтардың экологиялық сауаттылықтарын көтеру мәселелері де қолға алынуы тиіс деп ойлаймын.



Тынышбай ДОСЫМБЕКОВ, республикалық қой шаруашылығы палаталары кеңесінің төрағасы, ауылшаруашылық ғылымдарының докторы:

– Төрт түліктің ішінде қой малына ерекше көңіл бөліп, қадірлеп өсірген халқымызда: «Мал өсірсең, қой өсір, өнімі оның көлкөсір» деген аталы сөз бар. Десе де кейінгі жылдары осы түлікке көңіл бөлу кенжелеп барады. Баяғыда малшылар қауымы жүн қырқымы кезінде бір байып қалушы еді. Ал бүгінде қой жүні неге іске жарамай қалды? Кеңес одағы кезінде Қазақстанда 37 миллион бас қой болған. Кейін бұл көрсеткіш құлдырағанымен, қазір өріс қайтадан қойға толып, түлік саны 18 миллион бастан асты. Мұның ішінде облысымызда 3 миллионнан астам қой өсірілуде. Бүгінде елімізде жылына 37 мың тоннаның төңірегінде жүн өндіріледі. Бұл жүннің 5500 тоннасы шетелге кетеді, 5500 тоннасы өзімізде өңделеді, 26 мың тоннасы іске жарамай қалып жатады. Ал, жоғарыда айтқандай, жылына 7 миллионнан астам қой сойылады. Жыл сайын шетелге 10 мың дана тері сатылады екен. Ішкі сұраныс та шамалы. Демек, қой терісінің 99,8 пайызы далаға тасталып жатыр.

ТЕРІ МЕН ЖҮН ДЕ КЕРЕККЕ ЖАРАЙДЫ

Кезінде Алматы облысының аумағында ғана қой жүнін алғашқы өңдеуден өткізетін 5 кәсіпорын болды. Талдықорғанның өзінде, Қаратал, Райымбек аудандарында жүнді алғашқы өңдеуден өткізетін, түбіт түтетін кәсіпорындар, Талғарда киіз басатын фабрика, Жамбыл ауданында Қарғалы шұға комбинаты жұмыс істеді. Өкінішке қарай, қой жүніне деген сұраныстың төмендеуіне орай бұл кәсіпорындар жұмысын тоқтатты. Оның үстіне, синтетикалық материалдан тоқылған, жасалған, бағасы арзан киімдер базарды жаулап алғандықтан қой жүнінен тоқылған, сапалы әрі қымбаттау киімдерге жұрт қызықпайтын болды. Сондай-ақ, қой жүніне қойылатын талап та өсіп отыр. Мәселен, қазіргі сұраныс 19 микронның көлемінде болса, біздегі қой жүні жіңішкелігінің бұл өлшемнен әлдеқайда төмен. Содан кейін де бұл бағытта атқарылатын жұмыстар жетіп-артылады. Бұл орайда ең алдымен қой, түйе жүнін өңдеуді өзімізде іске асыру жайын ойластыруымыз қажет.

Мұндай маңызды мәселені қолға алған кезде ең алдымен өндірісті шикізатпен қамтамасыз ету жайын назарға алмай болмайды. Онсыз қандай да бір жақсы бастаманың, игілікті істердің өзінің де көп ұзамай тығырыққа тірелуі ғажап емес. Қойдың жүні неге өтпейді. Себебі, жүнді сұрыптау жоқ. Қырқым кезінде ала қой мен қара қойдың жүні араласып кетеді, оны бөлектеп, тазалап, сорттап жатқан ешкім жоқ. Оның орнын, қылшығын тазалау жұмыстары жүргізілмейді. Міне, осылай жүні араласып кеткендіктен фабрика қабылдамайды, қабылдаған күннің өзінде жаңағы себептерден бағасын көп төмендетеді. Мұның өзі кәсіпкердің қой жүнін қабылдап, сақтап, тасымалдаған еңбегін зая кетіреді. Сондықтан қырыққан бетте-ақ, қойдың жүнін бөліп алып классировка жасап, қара қойды қырқып сондай екшеуден өткізіп, орнын тазалап отырса, жаңағыдай мәселе туындамайды. Сонымен қатар, қойдың біртектілігіне ерекше мән берген жөн.

Қазір қой терісін қабылдамайды. Себебі, оның сапасы нашар. Біреуі шіріп, біреуі ойылып кеткен, енді біреуі тұздалмаған деген сияқты. Содан кейін де ондай теріге сұраныс жоқ. Шетелдерде теріні алатын да шығар, бірақ соны жинап сататын адам табылмай тұр ғой. Әркім өзінше жинап сатқанынан көп пайда түскен жоқ, мемлекеттік қолдау болмады. Менің ойымша, теріні қабылдап, сату сервисін бөлек жасау керек. Онымен бір адам айналысуы тиіс, оны қолға алған кәсіпкерге субсидия беруіміз қажет. Ашқан адам байып кететін болса, кейін субсидияны қысқарта салуға болады ғой. Осындай мәселелердің шешімін тапсақ, қой шаруашылығын ретке келтірдік деуімізге болады. Сонымен қатар, экологиялық мәдениет пен білімді насихаттау болып табылады.





Қонысбек БАЙЕДИЛОВ, Алматы облысы бойынша экология департаментінің басшысы:

ҚОМАҚТЫ ҚОЛДАУ КЕРЕК

– Еліміздің экологиялық қауіпсіздігі әр аймақтың табиғат жағдайына байланысты. Десе де, Жетісу өңірі жер жаннаты деген атпен танымал. Оның үстіне Елбасының туған жері, өскен өлкесі. Оның экологиялық жағдайының заң талаптарына сай бақылауда болуы, басқа өңірлерге үлгі ететін жетістіктермен толығып отырғаны жөн. Осыған орай, жыл сайын өңірімізде облыстық әкімдіктің ұсынысы, облыстық мәслихаттың шешімімен қатты тұрмыстық қалдықтар полигондарының құрылысына және қайта жөндеу жұмыстарына, жаңадан салынатын қатты тұрмыстық қалдықтар полигонының жоба-сметалық құжаттарын әзірлеуге, табиғат қорғау шараларының жоспарын бекітуге қыруар қаржы бөлінеді.

Қатты қалдықтармен айналысу жүйесінің негізгі көрсеткіштерінің бірі – оны жою дәрежесі. Тұрмыстық қатты қалдықтарды алғашқы сұрыптау немесе механикалық жолмен кәсіпорындарда өңдеу арқылы одан қара және түсті металл, пластмасса, шыны, қағаз сияқты бағалы бөлігін алуға және қатты қалдықтардың негізгі массасын органикалық тыңайтқышқа, жылу энергиясына, құрылыс материалдарына айналдыруға болады. Бірақ, бүгінгі таңда зауыт құрылысын қаржыландыру көзінің жүйелі жұмыс істемеуінің салдарынан тұрмыстық қатты қалдықтарды сұрыптап, өңдеу проблемасы облыста ашық күйінде қалуда.

Өндірістік және тұрмыстық қалдықтармен айналысу саласындағы заңбұзушылықтың себебі – стандарттарды, нормаларды және экологиялық талаптарды сақтамау, өндірістік және тұрмыстық қалдықтарды орналастыру ережесін бұзу, өндірістік және тұрмыстық қалдықтарды жою және залалсыздандыру, есебін жүргізу ережесін орындамауға байланысты орын алады.

Жоғарыдағы кемшіліктерді жою үшін, ең алдымен, аса қауіпті өндірістік және тұтынған қалдықтарды есепке алып, өңдеу және залалсыздандыратын халықаралық экологиялық талаптарға сай полигондар құрылысын қолға алған дұрыс болар. Ол үшін қалдық иелерінен алдағы кезеңде өздері шығаратын қалдық мөлшерін азайту шарасын енгізуін талап ету және екінші қайтара игерудің ұтымды жолдарын қарастыру керек. Мұндай тәжірибе әлемнің біраз елінде мықты дамыған. Мұмкіндігінше сол тәжірибені елімізге енгізгеніміз жөн. Мұның өзі Елбасы айтқан дамыған отыздыққа енудің басты талабының бірі. Сондай-ақ, екінші дәрежелі қалдықтарды түр-түрімен сұрыптап, жинақтау жүйесін енгізіп, қалдықтарды залалсыздандыру мақсатындағы инфражүйе мен өндірістік қуатты дамытуда кейбір келеңсіздікті түзетудің жақсы тәсілі болмақ. Бұл үшін кіші және орта бизнестің, жалпы тұрғындардың ынтасын оятудың экономикалық және құқықтық механизмін жасаған жөн.



Айжан РЫСҚҰЛОВА, «KazWaste» қазақстандық қалдықтарды басқару бойынша қауымдастығының үйлестірушісі:

ҚАЙТА ӨҢДЕУ ҚАРҚЫНДЫ

– Тұрмыстық қатты қалдықтарды жинау, сұрыптау, қайта өңдеу саласымен айналысып, бизнеске айналдырамын деген кәсіпкерлерге бағыт сілтейтін «KazWaste» (http://www.kazwaste.kz/kaz/) қалдықтарды басқару бойынша қауымдастығы бар. Ұйым 2013 жылы кәсіпорындарға, мемлекет органдарына, жұртшылыққа қалдықтарды басқару саласындағы қызметті жүзеге асыру барысында туындап отыратын мәселелерді шешу мақсатында құрылған.

Қауымдастықтың құрамына жасыл экономиканы қолдайтын жеке кәсіпкерлер мен 40-дан астам ұйым кірген. Қалдықтар саласындағы мәселелерді инновациялық технологияларды қатыстырумен, Халықаралық стандарттарды ұстанумен кәсіби тұрғыдан шешуге бағытталған. Қауымдастық жұмысы өнеркәсіптік кәсіпорындардың, мемлекет пен халықтың мүддесін қорғауға ықпалын тигізеді.

Қауымдастықтың құрамында коммуналдық және өнеркәсіп қалдықтарын, сонымен бірге макулатура («Kagazy Recycling», «Kazakhstan Waste Recycling», «Астанавтрком») шыны («САФ»), ескі электроника (“ALEKS-ASU”, «ПромТехноРесурсKZ»), қауіпті қалдықтарды жою («Промотход Казахстан»), қалдықтарды кешенді басқару бойынша 10 компания, сондай-ақ қайталама материалдардан өнім шығару кәсіпорындары бар. Аталған компаниялар күнделікті ондаған, жүздеген тонна қалдықтарды өңдеп қоршаған ортаны қорғауға үлкен үлес қосады.

«KazWaste» қауымдастығы қалдықтарды басқару саласында нормативті құжаттар мен заң шығару актілерді әзірлеуге атсалысады. Қазіргі таңда қауымдастық «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне, «жасыл экономикаға» көшу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасына белсене қатысуда.

Қазіргі таңда еліміздегі қатты тұрмыстық қалдықтардың тек екі пайызы ғана өңделеді. Ал 98 пайызы далада шашылып жатыр. Осы тұрғыдан келгенде, облысымыздағы қатты тұрмыстық қалдықтарды қажетке жарату ісі бүгінгі күннің талабынан шығып отыр деп айта алмаймыз. Әрине, дамыған мемлекеттер сияқты қоқысты жұз пайыз керекке жаратып, одан өміріміз бен тіршілігімізге тиімді заттарды өндіретін уақыт та келер. Ондай мүмкіндікке жету үшін жұрт болып жұмылған жөн. Алайда біз әлі де қоқысты керекке жаратудың мәдениетті жолын қалыптастыра алмай келеміз. Сондықтан тұрмыстық қалдықты қайта өңдеуден бұрын оны есепке алу, жинау, сұрыптау жолын, сондай-ақ, қауіпті қалдықтарды залалсыздандыру, жоюдың әдіс-амалын үйренгеніміз дұрыс.



Қажет АНДАС, жоба жетекшісі. Andas_Kazhet@mail.ru



Гүлнар МАДЫБАЕВА, «ЭкоСервис–Арман» ЖШС директоры:

– Бүгінгі таңдағы өндірістің дамуы қоршаған ортаның тазалығын сақтап, қоқыстарды өңдеп, тұрмыстық мақсатқа пайдалану міндетін күн тәртібіне шығарды. Осыған орай, өңірдегі қатты тұрмыстық қалдықтар мәселесін шешу мақсатында Талдықорған және Қапшағай қалаларында қалдықтарды қайта өңдеу зауытын салу экологиялық мәселелер тізіліміне енгізілген.

ҚОҚЫС – КІРІС КӨЗІ

Ел келешегінің қауіпсіздігін ескере отырып, біз де осы іске өзіндік үлес қосуды мақсат еттік. Ойлана келе Талдықорған қаласынан түрлі қалдықты өңдейтін ірі зауыт салуды қолға алдық. Осындай мақсатпен бизнес саласында жүрген әріптестерімізбен ақылдаса келіп, тұрмыстық қатты қалдықты өңдеуде тәжірибесі мол қытайлық әріптестерімізбен бірлесе жұмыс жүргізу бекіміне келдік. Сонымен 2015 жылы наурыз айында қаланың ыңғайлы жерінен жер сатып алып, құрылыс жұмысын бастап кеттік. Құны 3 миллион 200 мың долларды құраған зауыт қондырғысының идеясы Италиянікі болғанымен, барлық жабдығы Қытайда жасалды. Оны құрастыру, дайындау, іске қосу барысындағы техникалық жұмысты қытайлық мамандар атқарды. Жоба инновациялық “Еуро-4” санатты экологиялық талаптарға сай болғандықтан шикізат қалдықсыз өңделеді.

Зауыт резеңке, пластик, қағаз, медициналық қалдықтар, тіпті мал өлекселерін де өңдеп, газ, қара май, соляр-ка мен бензин, техникалық көміртегі мен жартылай кокс алады. Бұл өнімнің бәрін қайтадан өндіріске қолдануға мүмкіндік мол. Тіпті, өңдеуден кейінгі күйенің өзі баспахана бояуын шығаратын кәсіпорындарда сұранысқа ие. Сондай-ақ, зауыттың өндіріске кететін шығыны да көп емес. Пеш қызғанша ғана аз-маз көмір тұтынғаны болмаса, арнайы пештер өзі жаққан қалдық заттардан шыққан газ арқылы жұмысын жүргізе береді. Көмірден шығатын түтін мен қалдықтар жанғанда шығатын зиянды заттар пеш ішіндегі катализаторда, арнайы дайындалған су бассейнінде сүзіліп қалады. Ауаға зиянсыз ақ түтін мен бу ғана шығады. Сондықтан зауыттың мұржасынан бұрқырап шығып жатқан түтін емес, денсаулыққа зиянсыз бу екенін ескерте кеткім келеді.

Осы тұста тағы да бір айта кететін жайт, көпшілігіміз тұрмыстық қатты қалдықтарды қайта өңдеу мәселесін тек экологиямен байланыстырып жатамыз. Алайда, оның экологиялық тиімділігінің мол екендігін ескермейміз. Сондықтан да қоқыс жинауды лас, мәдениетті адам істемейтін жұмыс деген көзқарас қалыптасып қалған. Алайда, дамыған елдерде қоқыс өңдеумен, сұрыптаумен, жинаумен, тасымалдаумен айналысатын мекеме немесе жеке тұлғаларды адамзаттың өркениетіне үлес қосып жатыр деп жоғары бағалайды. Бізде әлі де мұндай көзқарас қалыптаса қойған жоқ. Иә, қоқыс өңдеу заман талабы. Бүгінде Талдықорған қаласынан күніне 50 тонна қоқыс шығарылады. Олар қала сыртындағы полигонда тау-тау болып төгіліп жатыр. Өкінішке қарай, қалада қоқыс өңдейтін жалғыз цех бар. Ол тек қана пластик өнімдерімен жұмыс жүргізеді. Ал жаңа зауыт айналаның сәнін бұзған қоқыстарды өңдеп, қоршаған орта үшін қауіпсіз жағдай тудырады. Ен бастысы, қоқыс өңдеуді жоғары деңгейге көтеру үшін оны сұрыптайтын арнаулы орын мен алаң қажет. Сондықтан аудан, қалалардан тұрмыс қалдықтарын жинайтын орындарды ашу ауадай қажет. Сонда ғана тұрмыстық қалдықтарды қайта өңдеу ісін мықтап жолға салуға болады.

▼▼ Бұл басылым Еуропалық Одақтың қолдауымен әзірленген. Басылымның мазмұны автордың жауапкершілігіне жатады және Еуропалық Одақтың көзқарасын білдірмейді.

ҚАЛДЫҚСЫЗ ӘЛЕМ

▼ Біздің елде қайта өңдеу саласы кештеу қолға алынды. Сондықтан бүгінде кенже қалған саланы қайта түлетудің тиімді жолдары қарастырылуда. Сол қатарда отандық бизнесмендердің арқасында бірқатар игілікті жұмыс атқарылуда. Қысқасы, қайта өңдеу саласының тамырына қан жүгіре бастады. Соған орай біз осы жазбамызда өңіріміздегі қатты қалдықтарды қайта өңдеу арқылы қалдықсыз өнім шығарумен айналысатын бірқатар кәсіпорын мен зауыттың мүмкіндігі туралы оқырмандармен бөліскенді жөн көрдік.



ҚАЙТА ӨҢДЕУ ҚАРҚЫН АЛА БАСТАДЫ

«Қайнар-АКБ» ЖШС-нің қайта өңдеу цехында 2014 жылы 13.385 тонна, 2015 жылы 11.885 тонна, 2016 жылы 19 тонна, биылғы бірінші тоқсанда 7 538.78 тонна аккумулятор өңделген.

Қайта өңдеу жайлы сөз болғанда алдымен Алакөл ауданындағы балық өңдеумен айналысатын «Рыбпром» және «SAROS» ЖШС көз алдыға келеді. Үшарал «Рыбпромда» балықтың таза сүбесін шығаратын және балық етінен дайындалатын жартылай фабрикаттар, өңдеуден өткеннен кейінгі балық қалдығынан азықтық ұнтақ шығаратын үш цех тұрақты жұмыс істеуді бастаған. Сәтті басталған сол жұмыс жылдар бойы өзіндік жемісін беріп, өндіріс заман талабына сай жабдықталып, Қазақстан балық шаруашылығы саласында өзіндік орнын ала бастапты. Мұнда өндірілген балық өнімдерін Германия, Франция, Голландия, Канада елдеріне сату құқын алған. Аталған өндірістің екінші зауыты Балқаш ауданы, Құйған ауылында болса, үшінші зауыты Өскемен қаласында жұмысын жүргізуде. Тағы бір баса айтар жетістік, осынау өндіріс орнындағы қалдықтар сол маңдағы зауыттарға жөнелтіліп, ұнтаққа айналдырылады. Осы азықтық ұнтаққа Өскемен, Семей, Павлодар қалалары мен облысымыздың бірнеше ауданындағы құс фабрикаларынан үзіліссіз сұраныс түсіп отырады.

Өндіріс орнында 1 автоматты тазалағыш машина, 3 механикалық тазалағыш машина, сүбе дайындайтын үстел, балықтарды қозғауға арналған механикалық арба, 7 тоңазытқыш, 1 – ГП, 3 мұздату камерасы, шикізатқа арналған 2 мұздатқыш камерасы және 1 контейнер бар. Жобалық және нақтылы қуаты бойынша күніне 5 тонна өнім шығарады. Бұл жұмысты 125 адам атқарады. Жыл сайын өндіріс ауқымын кеңейте түскен кәсіпорын балық қорын көбейту мақсатымен Бесағаш ауылынан балық уылдырығын өндіретін цех ашқан. Онда дайындалған уылдырық көлге шашылып, балық санын арттыруға сеп болуда.

Есік қаласында орналасқан «Электрокабель зауыты» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің электр-техникалық өнімдері нарықта ерекше сұранысқа ие. Зауыт жылына 1000 километрге жуық кабель шығарады. Өнімдері еліміздің барлық аймағын қамтамасыз етіп отыр. Сонымен қатар, Алматыдағы бірнеше қосалқы стансы зауыт шығарған материалдарымен жарақталған. Солардың бірі – «Медеу» мен «Шымбұлақтағы» электр жүйелері.

Айта кетерлігі, кәсіпорында өнімнің сапасын бақылайтын арнайы лаборатория жұмыс істейді. Мұнда алюминий сымының диаметрін штангенциркуль арқылы өлшейді екен. Оның мөлшері қондырғыда дайындалған мөлшермен сай болуы керек. Одан кейін кептіру мен суытуға арналған жабдықтарда ыстыққа, суыққа төзімділігін анықтайды. Сосын арнайы тартқышпен алюминий сымын керіп тартады. Электр өнімдеріне қажетті шикізаттардың бәрі бұрын шетелдерден тасымалданыпты. Ал, қазір алюминий Павлодар облысынан әкелінеді екен. Мұның өзі зауыттың шығынын азайтып, уақытын үнемдеуге өз септігін тигізіп отыр.

Қарасай ауданындағы «СТМС – С.К.» компаниясы полимер құбырлары мен оған қажетті бөлшектер шығаратын зауыт ашып, өнімдерін Қазақстан нарығына шығара бастады. Мұнда алғашында немістің озық технологиясын пайдалана отырып, диаметрі 120 мм.-ге дейінгі полимер құбырларын шығару жолға қойылған. Бұл жұмысты игергеннен кейін соңғы үлгідегі еуропалық қондырғылар жеткізіліп, енді диаметрі 630 мм. болатын құбырлар жасалына бастапты. Июге, созуға көнетін, сыртқы әсерге бола бірден сынып кетпейтін бұл өнімдер әсіресе біздің өлке сияқты сейсмикалық қауіпті аймаққа өте тиімді. Пластиктен жасалған құбырлардың коррозияға ұшырамайтынын, тозбайтынын, су мен ауа ықпалынан шірімейтінін, пайдалануда өте қарапайым екенін ескерсек, оның артықшылығы көп. Мұндай құбырдың пайдалану мерзімі 50 жылға жуықтайды. Егер темір құбырлар жоғары кернеулі электр желілерінің жанында тез бүлінетін болса, полимер өнімдері оның әсерін елемейді. Темірге қарағанда әлдеқайда жеңіл болғандықтан полимер құбырын тасымалдау, тиеп-түсірудің де арзан болатыны түсінікті. Оларды бір-біріне жалғап, қалаған жеріңнен кесіп, қосымша тармақ шығаруда да ешқандай қиындық тудырмайды. Ең ақыры, жыл өткен сайын құбырлардың ішкі қабырғасы жылтырап, өткізу қабілеті де арта түседі дейді мамандар.

Бүгіндері полимер құбырлар ауызсу желісімен бірге кәріз жүйесінде де кеңінен пайдаланылуда. Сонымен бірге жылу жүйелерін жүргізуде таптырмайтын құрал болып табылады. Соңғы жылдары көптеген үйлер еден арқылы жылытылады. Осыған байланысты кәсіпорын жуырда пластмасса пен металл қоспасынан жасалатын «Pert» маркалы арнайы құбыр шығаруды жолға қойды. Бұл металлопластик құбырлар суық пен ыстыққа төзімді, қалай исең де көнетін әрі жоғары қысымға төтеп бере алатын болғандықтан су желілері мен жылу жүйесінде кеңінен пайдаланылуда.

Ақсу ауданы Суықсай ауылындағы «Жетісу – Гранит» ЖШС «Даму – өндіріс-2» бағдарламасы бойынша Қапал өңіріндегі гранит кен қазба орнын өзірлеу және өнім өндіру мақсатында 256 млн. теңге несие алып, кен барлау, анықтау жұмысын жүргізіп, өткен жылдан бастап гранит блоктарын өндіре бастады. Қазіргі жұмыс ауқымы да ойдағыдай. «Олар «Экспо – 2017» нысандарын салу үшін «АБК Құрылыс» ЖШС-ін құрылысқа қажетті гранит бұйымдарымен қамтамасыз ету туралы келісімшарт жасасқан. Қазірде мұнда жұмыс істеп жүрген 60-қа жуық адамның бәрі сол өңірдің тұрғындары екен. Жұмысшылар жатақханасының өзінде қаладағыдай жағдай жасалған. Сонымен қатар, «Жетісу – Гранит» ЖШС жобалық құны 1 млрд. 800 млн. теңге болатын гранит өңдейтін зауыт салып, өңірлік даму картасына ену үшін тиісті құжаттарын облыстық кәсіпкерлік және инновациялық-индустриялық даму басқармасына өткізіпті. Егер жоба бекітіліп, тиісті қаржы бөлінсе, Суықсай ауылынан 100-ге жуық адамды жұмыспен қамтитын ірі өндіріс орны бой көтермек. Онда тасты қажетке жаратудың қалыпты үрдісі қалыптасады деген сөз. Сондай-ақ, олар осы өндіріс орны арқылы бұрын керекке жаратылып, кейін сүріліп тасталған гранит блоктарды қайта өңдеуден өткізіп, тұрғындардың қажеттілігіне қайталай жаратпақ. Бұл алдағы күннің еншісінде. Десек те, игілікті бастама көп өтпей жүзеге асса, полигондарға төгілген керексіз тас қалдықтар қайталай кәдеге жаратылатын болады.

Үшқоңыр ауылындағы «Керуен» агрофирма ЖШС жемісті өңдеп, сақтау мақсатында жұмыс істеп келеді. Оның 2200 тонна өнімді германиялық технология бойынша ұзақ мерзімге сақтай алатын заманауи жеміс-жидек қоймасы бар. Кәсіпорын австралиялық қондырғылардың көмегі арқылы табиғи шырын өндіру мүмкіндігіне қол жеткізді. Ешқандай қант, бояуыш пен қоспасыз сығу арқылы өндірілген шырын балғын қалпында ұзақ уақытқа сақталады. Сапасы тестіктікке қарасты ауданда жүз гектарға жуық бау-бақша бар. Онда негізінен алма өсіріледі. Сол жерден жиналған өнім алдымен іріктеліп, сапасы жоғарылары тікелей сауда орындарына жіберіледі. Ал қалғаны өңделеді. Мұны шығынсыз өндіріс деп айтуға болады. Заманауи технологиямен бір сағатта бес жүз литр шырын, жүз елу келі алма тосабы өңдіріледі. Дәмі тіл үйіретін «ECO JUICE» шырыны алдағы уақытта тек еліміздеғана емес, сондай-ақ, шетелдерге де экспортталып, саудаланбақ.

Талдықорған қаласындағы «ST BEST» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі экономиканың басымдық берілген саладағы өңдеуші өнеркәсіп болып табылады. Компания негізінен тас, мақта, жылу және дауыс оқшаулау минералды жылытқышы, тау жыныстарынан балқып атқылаған кеннен жасалған базальт тобын шығарады. Бұл мақта 1000 градусқа дейін шыдайтын, жанбайтын материал. Оны қабырға, қалқа, еден, шатыр асты, жабдықтар мен құбыржолдарды оқшаулау кезінде кеңінен пайдаланады. Компания П-35, П-50, П-75, ПЖ-100 маркалы әртүрлі тығыздықтағы төрт түрлі минералды плиталар шығарады. Негізгі өндірістік шикізат базальт және металлургиялық шлак болып табылады. Желімдеу үшін фенолформальдегидті шайыр пайдаланылады. Еру шикізаты кокс және көмір көмегімен жүзеге асырылады. Жабдықтардың өндірістік қуаты аптасына 855,8 текшеметр, ал айына 3 423,2 текшеметрді құрайды. Осы тұста бұл өндірістің қоршаған ортаға тигізер ықпалының тым төмендігін айта кеткен жөн.


Іле ауданындағы «Компания В» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі қағаз қалдықтарын өңдеумен айналысуда. Зауытта тәулігіне 20 тонна, айына 750 тоннадан астам қағаз өңделеді. Қалдық негізінен Алматы қаласы және облыс аумағынан жинап әкелінеді. Кәсіпорынның жұмыс істеп келе жатқанына он бес жылға жуықтапты. Содан бері талай істің басын қайырып үлгерген өндіріс ұжымының бүгінгі тірлігі жаман емес. Оған қоршаған ортаны ластанудан сақтап, экологиялық жағдайды жақсартуға үлес қосып отырғандары дәлел. Кейбір мәліметтерге сүйенсек, егер бір тонна қағаз қайта өңдеуден өтсе, он алты ағаш сақталатын көрінеді. Сондай-ақ, бұл жұмыс ағаш өңдеуге қарағанда қуат жағынан үнемді әрі экологиялық тұрғыдан тиімді өндіріс болып табылады.

Қапшағай қаласындағы «Агат» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі қыш бұйымдарын өндірумен танымал. Бұл жерде жарты литрлік кішкене ыдыстан бастап, гүлзарларды безендіретін бұйымдарға дейін табылады. Ал өнімге қажетті шикізатты қала маңындағы арнайы орыннан алады. Қышшеберi қолынан шыққан заттар алдымен кептіріледі. Оған көлеміне қарай екі апта немесе одан да көп уақыт қажет. Әбден кепкендерін ыстық пешке салады да, шыққаннан соң сыртын бояйды, өрнектейді, жылтыратады. Сөйтіп, дайын болғанға дейін бірнеше кезеңнен өтеді. Бір ерекшелігі – бәрі қол еңбегімен атқарылады. Сөрелердегі өзіндік нақыш, жоғары сапамен жасалған құмыралар мен кәдесыйлар, гүл отырғызатын және тұрмыста қолданылатын ыдыстар өз ерекшелігімен менмұндалап тұр. Әсіресе, ұлттық нақышта безендірілген дүниелер таңғажайып өнер әлемін паш етіп тұрғандай. Өрнектердің дені ыдыс сыртына айналдыра салынған. Ішінара өсімдіктер мен жануарлардың, неше түрлі гүлдердің суретін аңғаруға болады. Бір сөзбен айтқанда, ұлттық ерекшелікті даралап, көңілге ой салатын дүниелердің сан түрі бар мұнда.

Қаратал ауданындағы «Үштөбе-Айдын» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі. Бүгінде толық қуатында жұмыс істеп тұрған зауытта жылына алты мың тонна, ал күніне он бес тоннаға дейін сүт өнімдері өндіріледі. Мұнда сүт, сары май, сыр, айран, сүзбе, кілегей, қатық секілді өнім түрлері әзірленеді. Сүтті жақын маңдағы ауылдар мен аудандардан сатып алады. Өнімдерінің дәмділігі мен сапасы жағынан тұтынушылар көңілінен шығып, жүрегін жаулап та үлгерген. Зауыттың тағы бір ерекшелігі, елімізде алғашқылардың бірі болып «Ақылды тағамдар» өндірісін, яғни йодталған белокпен құнарланған сүт өнімдерінің өндірісін жолға қойып, халыққа ұсынып отыр. Дайын өнімдер арнайы зертханада тексеруден өткізіліп, сапасы қадағаланады. Бұдан соң қапталып, тиісті орындарға жөнелтіледі.

Өңделетін шикізат сүт өндірумен айналысатын жақын маңдағы елді мекендерден және шаруа қожалықтарынан тасымалданады. Қысқасы, зауыт малшы қауымның өндірген шикізатын қайталай өңдеу арқылы ел игілігіне жаратумен әйгілі. Осы ұмтылысы арқылы нәпақасын малдан айырып отырған қауымның дайын шикізатты далаға төкпей, ел кәдесіне жаратқанымен де жұрт ықыласына бөленуде.

Қажет АНДАС,
жоба жетекшісі.
Andas_Kazhet@mail.ru



Бұл басылым Еуропалық Одақтың қолдауымен әзірленген. Басылымның мазмұны автордың жауапкершілігіне жатады және Еуропалық Одақтың көзқарасын білдірмейді.

ОТАНДЫҚ ӨНДІРІС

Өндірісі өркен жайған Талғар ауданында отандық өнім өндіретін кәсіпорындардағы қайта өңдеу ісі ілгерілеп келеді. Белбұлақ ауылдық округінен орын тепкен сондай кәсіпорынның бірі «Артпрайм Қазақстан» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің іске қосылғанына екінші жылға аяқ басты.

ҚУАТЫ АРТТЫ

Жетісу

Үлбосын ИСАБЕК

«Кәсібіне қарай – нәсібі» демекші, нарықтық экономикада тыңнан түрен салғандай тұрмысқа қажетті бұйымдар шығару жолында тыным таппай ізденген кәсіпорын жетекшілерінің осы қысқа мерзімде жеткен жетістігі аз емес. Діттеген мақсатқа жету – нарық заңдылығы. Жаңа бастаманың жан-жақтылығын сараптап, елеп-екшеп, ерінбей еңбектенгенде ғана оң нәтижеге қол жеткізуге болады. Осы тұрғыда «Артпрайм Қазақстан» серіктестігі тротуарларға төсейтін резіңке плиткалар шығарумен түбегейлі айналысуда. Жаңа кәсіпорынның өндірістік қуаттылығы жылына 40 мың шаршыметр резіңке төсеніш өндіруді көздесе, өзірге оның үштен бір бөлігі жүзеге асып отыр. Бірер жылда 40-қа жуық адамды еңбекпен қамтыған аталған кәсіпорынның тауарларына сұраныс артуда.

– Бұл резіңке төсеніштерге пайдаланылатын қоспаларды көршілес елдерден, атап айтсақ, арнайы Ресейден алдырамыз. Кәдімгі көліктердің жарамсыз боп қалған ескі дөңгелектерін ұнтақтап, соны қайта престеу арқылы жасалатын резіңке төсеніштер балабақшалар мен спорттық ойын алаңдарына, аулаларға төсеуге өте ыңғайлы. Себебі, жұмсақ боп жасалатын бұл төсеніштер бала денесін жарақаттан сақтайды. Экологиялық қауіпсіз екендігі де ескеріліп, сұраныс артып келеді, – дейді аталған серіктестіктің директоры Диас Байтұғанов.

Аталған кәсіпорын шығаратын резіңке төсеніштер барлық технологиялық талаптарға сай келетін Қазақстанның құрылыс саласындағы жаңа өнім. Тротуарға төсейтін резіңке плиткаларды қалпына келтіру өте оңай әрі ыңғайлы. Бұл бұйымдарды өндіру жұмыстары жартылай автоматтандырылған жаңа технологиялар негізінде жүзеге асырылады. Мұндағы еңбек адамдарының қалыпты әрі тұрақты жұмыс істеуіне бар жағдай жасалғандығы қуантады. Әсіресе, Белбұлақ, Бірлік ауылдарының тұрғындары үшін жаңа жұмыс орнының ашылуы зор жетістік.

Міне, қарапайым ғана отандық өнім өндіретін кәсіпорынның бұл тыныс-тіршілігі таңдандырмай қоймайды. Көз тартып, көңіл қуантарлық түрлі түске боялатын резіңке төсеніштерге еліміздің әр түкпірінен тапсырыстар түсуде. Дей тұрсақта, осы төсеніштерді даярлауға қажетті шикізаттың шетелден алынатындығы ойландырады. Себебі, жарамсыз дөңгелектердің біздің елімізде де көп болмаса аз еместігі анық. Ал, әр жерді қоқысқа толтырып, босқа шіріп жататын дөңгелек атаулыны қайта өңдеп, отандық өндірісте кәдеге жаратар болсақ, мұндай кәсіп керегесінің кеңи түсері даусыз.

Белбұлақ ауылы,
Талғар ауданы.



Шағын зауыт міне, осындай!

Еуропалық, ресейлік және жапондық стандарттармен жұмыс жүргізетін «Қайнар-АКБ» ЖШС өнімінің 70%-ы шетелге экспорталуда. Бір қуанарлығы, зауыт өнімі өткен жылдан бастап Қытай нарығын жаулай бастады. Демек, бұл осыған дейін Қытай кәсіпорындарымен бәсекелесуге қауқарсыз болып келген отандық өндірістің жаңа дәуірге қадам басқанын әйгіледі. Сонымен қатар, өндіріс орны еуропалық нарыққа батарея сатуда Польшамен келісімге келудің жолдарын қарастыруда.

ӨТЕ ТИІМДІ

Әрине, «Қайнар-АКБ» ЖШС бұл деңгейге жайдан-жай жеткен жоқ. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарындағы сан түрлі қиындықты жеңіп, нарық бәсекесіндегі аумалы-төкпелі жағдайды бастан өткерді. Соның бәрін төзімділікпен жеңген кәсіпорын өңірдің өндірістік айнасына айналып отыр. Тіпті, аталмыш зауыт көне аккумуляторларды қайта өңдеу арқылы өнім көлемін арттырып, шығынсыз өнім өндірудің мүмкіндігін дәлелдеген өңірдегі бірден-бір өндіріс орны. Олар қолданыста (қолданылған) жүрген аккумуляторларды механикаландырылған әдіспен топтастыруды көздейді. Зауытта итальяндық құрылғылармен жабдықталған қайта өңдеу цехы бар. Оның бір ауысымдағы өнімділігі сағатына 5 тоннаны құрайды. Цех ауысымның қажеттілігіне қарай жұмыс істейді, қазіргі кезде 7 адам жұмыспен қамтылған. Қайта өңдеуге керекті шикізат Қазақстанның әр өңірінен жеткізіледі. Тіпті жақын шетелдегі қолданылмайтын аккумуляторларды да тасымалдап, қайта өңдеу арқылы су жаңа өнім шығарып, экспорттың көлемін арттырып отырады. Таратып айтар болсақ, шикізат алдымен цехтың қоймасына жиналады. Одан кейін таспалы конвейерге тиеу мақсатында дірілдеткіші бар бункерге жіберіліп, ұсақталғаннан кейін «Сантамария» құрылғысына түсіп, фракцияларға бөлшектенеді. Нақтылап айтар болсақ, бір аккумулятор құрамынан 21% электролит, 28% қорғасын сульфаты, 13 %, қорғасын оксиді, 26% металл торлар, 6% полипропилен, 6% пластик бөлініп шығады. Сұрыптаудан өткен қорғасын пастасы, ылғалдылығы кем дегенде 11%, металл қорғасын, ылғалдылығы кем дегенде 2 %, пешке қайта балқытуға жіберіледі.

Аталмыш қайта өңдеу цехында 2014 жылы 13.385 тонна, 2015 жылы 11.885 тонна, 2016 жылы 19 тонна, биылғы бірінші тоқсанда 7 538.78 тонна аккумулятор өңделген. Әдетте, қорғасын паста және металдандырылған фракция автомобильдерді өлшейтін таразыға өлшеніп, цехта дайындау аймағына жіберіледі. Мұнда қорғасын қалдықтан арылып, кокс және кальций қосылған содадан, сондай-ақ, темір жоңқалардан тазарады. Осыдан кейін 1200 градус температурадағы пешке 8 сағат балқытылғаннан кейін таза қорғасын алынады. Ол қалыпқа құйылып, қоймаға сақталады. Осы өнімнен жаңа, сапасы ойдағыдай аккумулятор өндіріледі.

Бұрынғы жылдары шикізаттың тапшылығынан жылына жарты миллион дана аккумуляторды әзер өндіретін зауыт қайта өңдеу цехы жұмысқа кіріскелі өнімнің сапасы мен санын күрт арттырды. Яғни, өткен жылы 1 миллион 700 мың дана аккумулятор өндірген кәсіпорын биылғы жылы өнім көлемін 2 миллионнан асыруды жоспарлап отыр.

Айдана ҚАЛИМОЛДАНОВА,
«Қайнар – АКБ» ЖШС-нің маркетологі.

Талдықорған қаласы.



Бүгінде өңір экономикасының дамуына сүбелі үлес қосып жатқан Іле ауданында 20 ірі, 109 шағын өндіріс орны жұмыс істеп келеді. Сол қатарда «ДАНОН БЕРКУТ» ЖШС-ін ерекше атап айтуға болады. Сапалы сүттің жиырмадан астам түрін шығаруға бейімделген өндірістің жылдық қуаттылығы 12000 тоннаны құрайды.

ИГІ БАСТАМА

Балалардың таңсық асына айналған «Данон», «Растишка» иогурттары мен іш кебуінен сақтайтын «Активия» иогуртты шырындары жасалатын алып зауыт алыстан менмұндалайды. Зауыт қызметкері Надежда Сергун зауыт ішін аралатса, мұндағы технологияның құпиясы мен қыруар еңбектің сырларын өндіріс менеджері грек жігіті Софереди Константин әңгімелеп берді.

Франция технологиясы бойынша сертификатталған «АйСО 22000» құрылғысы қадағалау жүйелерімен қамтамасыз етеді. Сүттің майлылығына бөлініп, сепаратор арқылы 78 градуста ең ұсақ деген микробтардан тазаланып, пастерленіп барлық процестен өткен күндегі 30 тонналық ыдыстың ішіндегі сүт иогуртқа айналады. Құрамына қант, дәрумендер, ақуыздың құнарлылығын арттыратын құрғақ суттер қосылып, лабораторияға жіберіледі. Құрғақ сүттің өзі кәдімгі шикі сүттен жасалады. Құрамындағы заттар анықталған соң 95 градус температурада қыздырылып, пастерленеді. Бұдан соң 36 градуста суытылып, 8 сағат ішінде қалпына келеді. Мінеки, сіз бен біз көптен күткен дәмді иогурт та дайын болды. Иогурттардың арнаулы құтылары да осында жасалады. Арнайы ыдысқа құйылғанға дейін өндірістен жүк көлігіне, көліктен дүкендерге дейін таратылым процесінде 4 градус суық температурада сақталады. Ал, негізінен сақталу мерзімі 30 – 35 күнді құрайды.

Соңғы жылдары өндірісте түрлі дәммен, түрлі қасиеттерімен иогурт өнімдері шығарылуда. Әсіресе денсаулыққа пайдалы өнімдер тұтынушылардың басты назарында. Дәмі тіл үйіретін аталмыш өнімнің қолжетімділігі де маңызды фактор. Зауыт директоры Сергей Цапаевпен әңгіме барысында бұған дейін 14 мың тонна өнім шығаруға толық дайын зауыттың алдағы уақытта өнім көлемін 24 мың тоннаға дейін жеткізуді жоспарлап отырғанын білдік. Демек, сүт өнімдерін қайта өңдеу саласындағы көшбасшы компания осы жетістігі арқылы далаға төгіліп, табиғатқа зиян салатын көптеген шикізаттың жұрт қолына табысты өнім болып жетуіне сеп бола бермек.

М. МЫСА.
Іле ауданы.

Алматы облыстық қоғамдық-саяси, әлеуметтік-экономикалық газет Сайт: WWW.Zhetysu-gazeti.kz e-mail: Jetisu2002@mail.ru Газет 1918 жылғы маусымнан шығады


ҚАЛДЫҚСЫЗ ӘЛЕМ

▼ ЗАМАН КӨШІ АЛҒА ОЗЫП, ЭКОНОМИКА ДАМЫҒАН САЙЫН ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУ ҚИЫНҒА СОҒЫП БАРАДЫ. ӨНДІРІСТІ ДАМЫТПАСА, ЭКОНОМИКА АЛҒА БАСПАЙТЫНЫ БЕЛГІЛІ. ҚАЗІР ӘЛЕМДЕ ИНДУСТРИАЛДЫ КЕЗЕҢ БАСТАЛДЫ. ӨЗІНІҢ ИНДУСТРИАЛДЫ БАҒДАРЛАМАСЫ АРҚЫЛЫ ЖАһАНДЫҚ ЭКОНОМИКАДАҒЫ БЕДЕЛІН БЕКЕМДЕЙ БІЛГЕН ҚАЗАҚСТАН ДА КӨШТЕН ҚАЛМАУДЫ БАСТЫ НАЗАРДА ҰСТАП КЕЛЕДІ. ЕЛІМІЗ ИНДУСТРИЯЛАНДЫРУ КАРТАСЫН ЖҮЗЕГЕ АСЫРЫП, СОҢҒЫ ЕКІ ЖЫЛДА 550-ДЕН АСА КӘСІПОРЫНДЫ ІСКЕ ҚОСЫП, 100 МЫҢНАН АСА ЖҰМЫС ОРНЫ АШЫЛДЫ. НӘТИЖЕСІНДЕ ЕЛ ҚАЗЫНАСЫНА ЕСЕЛЕП ТАБЫС КЕЛДІ. ЕНДІ АЛДАҒЫ УАҚЫТТА «ЖАСЫЛ ЭКОНОМИКАНЫ» ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ АРҚЫЛЫ ДА ЖАҒДАЙДЫ ЖАҚСАРТУ КӨЗДЕЛГЕН. ЕСЕПТЕУЛЕР БОЙЫНША, 2050 ЖЫЛҒА ҚАРАЙ «ЖАСЫЛ ЭКОНОМИКА» ШЕҢБЕРІНДЕГІ ЖАҢАРТУЛАР ЖІӨ 3% ҰЛҒАЙЫП, 500 МЫҢНАН АСТАМ ЖҰМЫС ОРНЫН ҚҰРУҒА, ӨНЕРКӘСІП ПЕН ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУЛЕРДІҢ ЖАҢА САЛАЛАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУҒА, ХАЛЫҚ ҮШІН САПАЛЫ ӨМІР СҮРУ СТАНДАРТТАРЫН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУГЕ МОЛ МҮМКІНДІК БЕРЕДІ.





Қоқыс, қалауын тапса, байлық көзі



Елімізде қоқысты өңдеуден туындайтын экономикалық мүмкіндікті пайдалану ісі әлі де кенжелеп тұр. Тіпті, біз қоқыстардың экологияға тигізер әсерін жоюдың жолын да таба алмай отырмыз. Мысалы, еліміз бойынша бүгінгі таңда 43,1 млн. тонна қоқыс бар. Шетелдік мамандардың пайымынша, біз Қазақстандағы барлық кенді жауып тастап, сол кеннің қалдықтары мен полигондарға төгілген қалдықтарды қайта өңдеумен айналыссақ, қазақстандықтарды жарты ғасыр уайымсыз асырауға жетеді. Бұл бағытта да нақты шараларды қарастырылып жатқанын жасыра алмаймыз. Мысалы, осыдан бірнеше жыл бұрын Елбасы тұрмыстық қатты қалдықтарды басқару жүйесін жаңғырту бағдарламасын жетілдіру жөнінде Үкіметке тапсырма жүктеді. Аталмыш бағдарлама бұл секторды жоғары деңгейде басқаруға қол жеткізуге, сонымен бірге, жасыл экономика негіздері мен қағидаларын сақтай отырып, саланы бизнес пен жеке құрылымдар үшін тартымды етуге мүмкіндік береді. Бұл тәжірибе шетелдерде сынақтан өтіп, дәлелденген. Ендеше, алдымен соның ең тиімді жағына тоқталайық.

Шетелдіктердің тұрмыстық қатты қалдықтарды қайта өңдеуде жеткен ең үлкен табысы – қалдықтарды энергияға айналдыру немесе энергияны қалдықтардан өндіру әдісі. Мұны жүзеге асыратын ең алғашқы зауыт Альберт Фрайердің жобасы бойынша Manlove, Alliott & Co., Ltd. компаниясымен 1874 жылы Ұлыбританияның Ноттингем қаласында салынды. АҚШ-та қалдықтарды өртейтін алғашқы зауыт Нью-Йоркте, Говернюс аралында 1885 жылы іске қосылды. Данияда қалдықтарды өртейтін бірінші зауыт Фредериксборг қаласында 1903 жылы салынды. Чехияда мұндай алғашқы нысан Брно қаласында 1905 жылы салынған болатын. Ал қалдықты өңдейтін кәсіпорындар өткен ғасырдың соңын ала өркендей бастады. Айталық, 2001 – 2007 жылдар аралығында қалдықтарды энергияға айналдыру қуаттылығы жылына шамамен төрт миллион тоннаға артты. Жапония мен Қытай тікелей балқытуға немесе қатты қалдықтарды қайнату қабатында жағуға негізделген бірнеше зауыттар салды. Қазірдің өзінде Қытайда қалдықты энергияға айналдыратын 50 зауыт бар. Жапония 40 миллион тонна көрсеткішпен әлемдегі ҚТҚ-ны термалдық өңдеудің ірі пайдаланушысы болып отыр. Бір айта кетерлігі, қазіргі таңдағы қалдық өңдейтін жаңа зауыттар стокер технологиясын пайдаланады, басқалары озық өтегі байыту технологиясын қолданады. Сонымен қоса, тікелей балқыту, Эбара флюидизация процесі және Термиялық-таңдау-JFE газдандыру және балқыту технология процесі сияқты біршама жаңа процестерді пайдаланатын жүзден астам термиялық тазарту зауыты бар. Грекияның Патрах қаласында Грек компаниясы жай әлеует көрсететін жүйені сынақтан өткізуді жақында ғана аяқтады. Бұл бастамалар қатты тұрмыстық қалдықтарды қайта өңдеу арқылы кіріс көзін молайту мүмкіндігін кеңейте түспек.

Десе де, жоғарыда айтқандай, шетелдерде тұрмыстық қалдықтарды қайта өңдеу ісі осыдан бір жарым ғасырға жуық бұрын басталды. Қазіргі таңда ол елдер қоқыстың экологияға тигізетін зардабын түбегейлі жойып болып, енді экономикалық мүмкіндігін ұлғайтуға көшті. Сөзіміз дәлелді болу үшін өркениетті елдердің бірқатар тәжірибесін айта кеткеніміз жөн сияқты. Жапония астанасының тұрғындары 2020 жылғы Олимпиада ойындары медальдарын құюға ескі телефондарын өткізуге кезекке тұруда. Мұндай алғашқы акциялардың бірі жуырда Токио муниципалитеті ғимаратында өтті. Олимпиада ойындарын ұйымдастыру комитеті мен демеушілік көрсететін компаниялар телефондар үйіндісінің астында қалды.

Ұйымдастыру комитеті ұялы телефондар мен ескі тұрмыстық техникалардан 40 киле алтын және әрқайсысы 3 тоннадан күміс пен қола алуды жоспарлап отыр.

– Біз қоғамда ұзақмерзімді даму идеясын насихаттау және тұрғындардың «Олимпиада 2020» ойындарына тікелей атсалысуын қамтамасыз ету мақсатында осындай бастама көтердік. Сіздің ұялы телефоныңыз Олимпиада медалінің бір бөлшегі болуы мүмкін деген идея қоғамның спортқа деген ынтасын арттырды, – дейді Токио губернаторы Юрико Коикэ.

Шикізат ретінде жиналған телефондар тиісті өңдеуден өткізілген соң олардан Олимпиада және паралимпиада ойындарына арнап 5000 медаль соғылады. Сәуір айында ескі электроника құралдарын қабылдайтын осындай тағы 2400 орын ашылатын көрінеді.

Малайзиялық суретші Рэд Хонг Йи (Red Hong Yi) елді елең еткізерлік туындыны жұртшылық назарына ұсынды. Ел назарын ерекше аударған портрет «Teh Tarik Man» деп аталады. Оған кәдімгі шайдың пакеттері пайдаланылған. Суретші оларды бояп, түрлі кейіпке енгізіп, өз дүниесін жасап шыққан. Бұған 20 мың дана боялған шай пакеттері жұмсалған.

Ресейдің қоқыс пен әйнек шөлмектер шашылып жататын жағажайы тамаша демалыс орнына айналды. Қатты толқын әйнек бөтелкелерді мүжіп, олардан әдемі "бұйымдар" жасаған. Владивосток маңындағы жағажай бір кездері қоқыс тастайтын орын болған. Уақыт өте келе толқын әйнек шөлмектерден тамаша "бұйымдар" жасапты. Енді бұл жерге туристер ағылып келіп жатыр. Бір қарағанда жағажайдың маңында көптеген шырақ жанып тұрғандай көрінеді. Алайда бұл бар болғаны күнге шағылысқан әйнектің сынықтары. Бұрындары адамдар бұл жерден аяқ алып жүре алмайтын болған. Ал соңғы 10 жыл ішінде жағдай толықтай өзгерді десек те болады. Жергілікті тұрғындар бұл жерді "Әйнек жағажай" деп атап кеткен екен. Ресейдің билік өкілдері бұл жағажайдың қорғалатынын мәлімдеді. Сол жердің халқына жағажай маңына қоқыс тастауға тыйым салды. Түрлі түсті әйнектер жазда құмның үстінде жатса, қыста аппақ қардың үстінде жарқырайды. Жылдың төрт мезгілінде туристер үзілмейтін орынның ел экономикасына қаншалықты қаржы құйып жатқанын есептей беріңіз.

Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында: «Тек өткен ғасырдың ортасында, небәрі бірнеше жыл ішінде миллиондаған гектар даламыз аяусыз жыртылды. Ықылым замандардан бері ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келген ұлттық прагматизм санаулы жылда адам танымастай өзгеріп, ас та төк ысырапшылдыққа ұласты. Соның кесірінен, Жер-ана жаратылғаннан бері шөбінің басы тұлпарлардың тұяғымен ғана тапталған даланың барлық құнары құрдымға кетті. Түгін тартсаң майы шығатын мыңдаған гектар миялы жеріміз экологиялық апат аймақтарына, Арал теңізі аңқасы кепкен қу медиен шөлге айналды. Осының бәрі жерге аса немқұрайды қараудың ащы мысалы. Біз жаңғыру жолында бабалардан мирас болып, қанымызға сіңген, тамырымызда бүлкілдеп жатқан ізгі қасиеттерді қайта түлетуіміз керек» деп айтылғандай, бүгінгі таңда еліміздегі, облысымыздағы экологиялық ахуал нашарлап барады. Оны бүгін қолға алмасақ, ертең кеш боламыз анық.

Мамандардың зерделеуінше, елімізде жыл сайын пайдалануға жарамды материалдық ресурстардан 500 мың тонна қағаз бен картонды, 300 мың тонна шыныны, 200 мың тонна металл мен 500 мың тонна пластмассаны қайта өңдеуге болады. Яғни, бұл қайта өңдеуге жарамды материалдық ресурстарды екінші рет пайдалануда үлкен әлеуеттің барын көрсетеді. Алайда, қайта өңдеу ісі толық жүйеге түспегендіктен бұл бағыттағы жұмыс ақсап тұр. Осы ретте елімізде тұрмыстық қалдықтарды сұрыптау ісін 2020 жылға қарай 90, 2035 жылға қарай 100 пайызға жеткізу көзделуде. Сондай-ақ 2020 жылы санитарлық полигондармен қамтылу деңгейін 50 пайызға дейін жеткізу қарастырылған. «Жасыл» энергияны өндіру үлесін арттыру маңызды көрсеткіш ретінде орнығып, бұл тұрғыда биологиялық қалдықтарды қайта өңдеу кезінде жылу мен электр энергиясын өндіру үшін газ шығаруға ерекше мән беріледі. Бұл ретте «жасыл» энергияны өндіру бағытында пайдаланылатын қалдықтар үлесін 2020 жылы 5 пайыздан бастап, 2050 жылға қарай 30 пайызға дейін жеткізу жоспарланып отыр. Ол үшін «Жасыл даму» бағдарламасы негізінде тұрмыстық қатты қалдықтарды басқарудың бірыңғай орталығын құру ұсынылды. Бағдарламаның бастапқы кезеңі үшін 52 млрд. теңге көлеміндегі бюджет шығыстары қарастырылып, республикалық бюджеттік комиссия тарапынан қолдау тапқан. Осыған орай, қоқыс өңдейтін зауыт құрылысын Ақтау мен Қарағандыда, ал жалпы, еліміздің тоғыз қаласында бастау жоспарланған. Сол қатарға Алматы облысы да енген болатын. Жасыратыны жоқ, біздің өңірде бұл іс кенжелеп тұр.

Облыс әкімі Амандық Баталов биыл облыс тұрғындары алдында берген есебінде осы жағдайды тілге тиек етіп:

«Облыста тұрмыстық қалдықтарды өңдейтін зауыт жоқ. Жыл сайын облыс аумағына шамамен 800 мың тонна қатты қалдықтар шығарылады. Бүгінгі шығарылған қалдықтардың көлемі 8,4 млн. тоннаға дейін жетті. Осы уақытқа дейін қалдықтар полигоны толып кеткен және бұл мәселе дер кезінде шешуді қажет етеді», – деп өзекті мәселенің бар екенін және қай бағытта жұмыс атқаруымыз керек екендігін көрсетіп берді.

Бұл өңірімізде қайта өңдеу саласы мүлдем өркендемей қалды дегенді білдірмейді. Өкінішке қарай, кәсіпорындар тек өз қажеттілігіне қарай қайта өңдеу саласымен шағын көлемде ғана айналысуда. Ал өңір басшысының «облыста тұрмыстық қалдықтарды өңдейтін зауыт жоқ» дегені қайта өңдеудің бизнестің бір саласы ретінде қалыптасып үлгермегенін меңзегені. Осы ретте, біз солардың бірқатарының өңір экономикасын өркендетіп, жұмыссыздық деңгейін азайтуға сеп болып жатқаны жайында айта кеткен жөн деп шештік.

Айталық, Қарасай ауданы Елтай ауылдық округіндегі лак және бояу шығаратын өндіріс ошағына финляндиялық «Tikkurila» компаниясы инвестиция салған. «Tikkurila» Финляндия, Швеция және Ресейдің қымбат бояулар нарығында көшбасшы болып саналады. Алдағы уақытта өндіріс өнімдері Қырғызстан, Түрікменстан, Тәжікстан және Өзбекстан сияқты мемлекеттерге экспортталмақ. Егер сұраныс өссе, өнім көлемін ұлғайтуға да дайын. Зауыт жылына екі миллион литр бояу өндіруге қауқарлы. Өндірістегі заманауи технология лак және бояудың мыңнан аса түрін шығаруға қабілетті. Қазір бұл компания он алты елде жұмыс істейді. Сапалы сүт өнімдерін шығаратын «Danone-Bercut» ЖШС-нің құрылысы өткен жылғы тамызда «Даму» индустриялдық-логистикалық орталығы аумағында басталды. Жалпы 5 гектар аумаққа орналасып, йогурт пен айранның жиырмадан астам түрін шығаруға бейімделген өндірістің жылдық қуаттылығы 12000 тоннаны құрайды. Жобаның жалпы құны 3068 млн. теңге, құрылыс жұмыстарына 80 адам тартылған. Ұйғыр ауданындағы жалпы аумағы 1,5 гектар жерге салынған Шонжы тері-жүн өңдеу зауытына инвестордың 800 млн. теңге қаржысы жұмсалыпты. Заманауи үлгідегі жабдықтармен жабдықталған өндіріс орны қой мен ірі қара терісін өңдеп, жүн жуатын болады.

«Қайнар-АКБ» ЖШС өткен жылы 1 миллион 700 мың аккумулятор батареясын өндіріп, рекордтық өнім шығарды. Өнімнің осы деңгейге жетуіне зауыттағы қайта өңдеу саласы барынша ықпал еткен. Зауыттың сапалы өнімі бұрындары ТМД елдері мен көршілес Ресей және Украинаға экспортталып келсе, ендігі уақытта Германия, Иран, Моңғолия және Араб біріккен әмірлігі сияқты шет мемлекеттерге сатылуда. Зауыттың қайта өңдеу саласы бойынша 2014 жылы 13.385 тонна, 2015 жылы 11.885 тонна, 2016 жылы 19 тонна, биылғы бірінші тоқсанда 7. 538 тонна аккумулятор өңделген. Бір ауысымда 5 адам жұмыс істейді. Олардың еңбекақысы 80 мың теңгеден жоғары.

Іле ауданындағы «Компания В» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі «Бизнестің жол картасы – 2020» мемлекеттік бағдарламасы аясында 6 пайызбен 33 миллион теңгеден астам несие алып, жаңа қондырғылар сатып алған. Қазіргі кезде зауытта тәулігіне 20 тонна, айына 750 тоннадан астам қағаз өңделеді. Қалдық негізінен Алматы қаласы және облыс аумағынан жинап әкелінеді. Шілде айында Қырғыз еліне 200 тонна өңделген қағаз экспортталған. Есік қаласында орналасқан «Электрокабель зауыты» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі жылына 1000 километрге жуық кабель шығарады. «Colden and Young» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі «Бизнестің жол картасы – 2020» мемлекеттік бағдарламасы аясында 154 миллион теңгеден астам несие алып, ол қаражатты осы зауыттың құрылысына жұмсады. Одан бөлек 25 миллион теңге несие алып, айналымдағы қаржыны толтыруда. Осының арқасында өндіріс ауқымы кеңейіп, өнім көлемі артты. Ал «Алель Агро» акционерлік қоғамының «СейМар» сауда маркасы бойынша елеулі жұмыс атқарғанын білеміз. Олар 2012 жылы 20 мың тоннаға дейін сапалы өнім шығарған болатын. 2013 жылы бұл көрсеткіш 25 мың тоннаға жеткізілсе, өткен жылы 30 мың тонна өнім сатылымға жол тартты. Биыл 35 мың тонна өнім өндіру мүмкіндігі бар көрінеді. Ал, болашақта өндіріс көлемін 50 мың тоннаға жеткізу жоспары жасалынып-ты. «Эфес Қазақстан» компаниясы ел экономикасына 245 миллионнан аса АҚШ долларын инвестициялап, осы уақытқа дейін 40 миллиард теңгеден аса салық пен өзге де міндетті төлемдерді төлеген.

Қайта өңдеу саласындағы осындай жетістіктер өңір экономикасының дамуына ерекше серпін берді. Айталық, 2016 жылы өндірістің жылдық өсім деңгейі 2%-дық өсімді көрсетсе, оған облыстағы жұмыссыздық деңгейінің 2011 жылғы (өңірдегі қайта өңдеу саласы осы жылдан басталды) 5,1%-дан 4,8%-ға, ең төменгі күнкөріс деңгейінен төмен тұратын халықтың үлес салмағының 3,0-дан 2,1-ға дейін азайғанын қосайық. Демек, облыстағы осындай жетістікте қайта өңдеумен айналысатын кәсіпорындардың үлесі аз болмағаны айдан анық. Мұның өзі бізде мол мүмкіндіктің болғанын айғақтайды. Жетпей жатқаны тынымсыз еңбек, ұзаққа бағдарланған жоспардың жоқтығы. Егер біздегі осы кемшіліктер түзетіліп, тұрмыстық қалдықты қайта өңдеу саласы ойдағыдай өркендесе, Елбасы айтқандай, «Қайта өңдеу саласын дамытудың бизнестің өміршеңдігін арттыратындығы» бесенеден белгілі.

Қажет АНДАС,
жоба жетекшісі.
Andas_Kazhet@mail.ru



ИНДУСТРИЯЛАНДЫРУ

Жаркент қаласындағы темір-бетоннан құрылыс материалдарын дайындаумен айналысатын «Сұңқар» ЖШС-нің өнім өндіре бастағанына 5-6 жыл болды.

Табыс еселене түсті

Жетісу

Мырзағали НҰРСЕЙІТ

Бетоннан ірге блоктар, су жолдарына, құбырларға қажет қуыс бетон бұйымдар, олардың қақпақтары, су жолдарына салатын дайын арықтар жасаумен және дайын бетон сұйығын дайындап берумен жұмыс бастаған жас кәсіпорын өндірген өнімінің сапасын жақсарту арқылы өндірісін өрге домалатып келеді. Нәтижесінде, бүгінгі күні Панфилов ауданындағы «Қорғас» ШМХО, «Алтынкөл», «Құндызды» теміржол бекеттері, «Құрғақ порт», Индустриялық және логистикалық орталықтар, «Байсерке-Агро» жылыжай кешені, Нүркенттегі екі 60 пәтерлі тұрғын үй және Жаркент қаласындағы орталық аурухана, Шолақай ауылындағы жаңа амбулатория құрылыстарына дайын бетон сұйығын, іргетас, төбе жабатын бетон құймалар дайындайтын негізгі кәсіпорынға айналып үлгерді.

– Бүгінгі күні, шағыл мен цемент араластырып қолдан әзірленген бетон сапа талаптарына жауап бере алмайды және құрылыс қарқынына кедергі келтіреді, – дейді «Сұңқар» ЖШС құрылтайшысы Закир Исмазов. – Мемлекеттік стандартқа сәйкес бетон арнаулы араластырғышта, қоспалардың тәзімділігі, сапасы компьютермен белгіленген жағдайда әзірленуі тиіс. Сондықтан, біз талапқа сай сапалы шағылдан, арнаулы орындарда әзірленген тас қиыршықтардан, шайылған құмнан, жоғары маркалы цементтен және өнімнің тәзімділігін жоғарылататын «Криопласт» химиялық қоспасын араластыру арқылы бетон дайындаймыз.

Серіктестік өткен жылы өндірісін кеңейтіп, бүгінгі таңда жергілікті тұрғындар арасында үлкен сұранысқа ие бетоннан жасалатын қуыс кірпіштер, үй ауласына және жүргіншілер соқпағына қалайтын өрнекті төсеніш, әртүрлі көлемді үй төбесін, көпірлер мен қораларды жабатын плиталар, электр бағаналарын, тағы басқа темір-бетон бұйымдар шығаруды қолға алыпты. Оларды құюға қажет жабдықтарды қытайлық кәсіпкерлерден келісімшарт арқылы алдырып, іске қосқан. Болашақта жоғары кернеулі электр желілеріне арналған бағандар жасауды ойластырып жатқан көрінеді.

Закир Шабазұлының айтуынша, алдағы уақытта бетон бұйымдарды булайтын жаңа цех ғимараты жасалады. Технологиялық стандартқа сәйкес зауыттан шығарылған барлық темір-бетон бұйымдар осы цехта талапқа сай дәрежеге жеткізіледі. Өндіріс қуатын арттыруға, алға басуға қажет жұмысшы күші мен техникалары жеткілікті. Серіктестікте жалпы 30-дан астам арнаулы техника бар. Олардың арасында дайындалған бетон сұйығын құрылыс объектісіне жеткізіп беретін арнаулы көліктер тоқтаусыз қызмет атқарады. Қазір зауытта мамандығына байланысты арнаулы орта оқу орындарын тамамдаған 30 жас жігіт еңбек етіп жүр.

Жаздың шыжығын ыстығында, қыстың аязды күндерінде темір-бетон бұйымдарын дайындау оңай емес. Алайда бұл зауытта алғашқы сәттен еңбек ететін Оспан Арсланов, Рахим Юсупов, Евгений Улич, Андрей Шестаков, Олег Домоковичуте, тағы басқалар өндіріс технологиясын сақтаудың түрлі әдісін меңгерген. Осы мамандардың біліктілігінің арқасында жас «Сұңқардың» жұмысы уақыт өткен сайын жанданып келеді.

Жаркент қаласы.



▼ Бұл басылым Еуропалық Одақтың қолдауымен әзірленген. Басылымның мазмұны автордың жауапкершілігіне жатады және Еуропалық Одақтың көзқарасын білдірмейді.

Алматы облыстық қоғамдық-саяси, әлеуметтік-экономикалық газет Сайт: WWW.Zhetysu-gazeti.kz e-mail: Jetisu2002@mail.ru Газет 1918 жылғы маусымнан шығады

ОБЛЫС ӘКІМДІГІНІҢ ҚАУЛЫСЫ

2017 жылғы 10 мамыр
Талдықорған қаласы №191

Алматы облысының әділет департаментінде 2017 жылғы 23 мамырда 4216 нөмірімен тіркелді

АЛМАТЫ ОБЛЫСЫ ӘКІМДІГІНІҢ 2015 ЖЫЛҒЫ 10 МАУСЫМДАҒЫ «ОБЛЫСТЫҚ ЖӘНЕ АУДАНДЫҚ МАҢЫЗЫ БАР ЖАЛПЫҒА ОРТАҚ ПАЙДАЛАНЫЛАТЫН АВТОМОБИЛЬ ЖОЛДАРЫНЫҢ ТІЗБЕСІН БЕКІТУ ТУРАЛЫ» № 243 ҚАУЛЫСЫНЫҢ КҮШІ ЖОЙЫЛДЫ ДЕП ТАНУ ТУРАЛЫ

«Құқықтық актілер туралы» 2016 жылғы 6 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабына сәйкес, Алматы облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Алматы облысы әкімдігінің «Облыстық және аудандық маңызы бар жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарының тізбесін бекіту туралы» 2015 жылғы 10 маусымдағы № 243 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3287 тіркелген, 2015 жылдың 11 қыркүйегінде «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) қаулысының күші жойылды деп танылсын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасары А. Байжановқа жүктелсін.

3. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Облыс әкімі А. БАТАЛОВ.

2017 жылғы 10 мамыр
Талдықорған қаласы № 192

Алматы облысының әділет департаментінде 2017 жылғы 23 мамырда 4217 нөмірімен тіркелді

АЛМАТЫ ОБЛЫСЫ ӘКІМДІГІНІҢ 2015 ЖЫЛҒЫ 10 МАУСЫМДАҒЫ «ОБЛЫСТЫҚ ЖӘНЕ АУДАНДЫҚ МАҢЫЗЫ БАР ЖАЛПЫҒА ОРТАҚ ПАЙДАЛАНЫЛАТЫН АВТОМОБИЛЬ ЖОЛДАРЫ ИНДЕКСТЕРІНІҢ АТАУЛАРЫН БЕКІТУ ТУРАЛЫ» № 244 ҚАУЛЫСЫНЫҢ КҮШІ ЖОЙЫЛДЫ ДЕП ТАНУ ТУРАЛЫ

«Құқықтық актілер туралы» 2016 жылғы 6 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабына сәйкес, Алматы облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Алматы облысы әкімдігінің «Облыстық және аудандық маңызы бар жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдары индекстерінің атауларын бекіту туралы» 2015 жылғы 10 маусымдағы № 244 (Нормативтік-құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3292 тіркелген, 2015 жылдың 14 қыркүйегінде «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) қаулысының күші жойылды деп танылсын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасары А. Байжановқа жүктелсін.

3. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Облыс әкімі А. БАТАЛОВ.

Жер қатынастары саласында 8 мемлекеттік қызмет көрсетіледі

Атап айтқанда, мемлекет жекеменшікке сататын нақты жер учаскелерінің кадастрлық (бағалау) құнын бекіту;

жер учаскелерін қалыптастыру жөнінде жерге орналастыру жобаларын бекіту;

жер учаскесінің нысаналы мақсатын өзгертуге шешім беру;

іздестіру жұмыстарын жүргізу үшін жер учаскесін пайдалануға рұқсат беру;

суармалы егістікті алқаптардың суарылмайтын түріне ауыстыруға рұқсат беру;

ауыл шаруашылығы алқаптарын бір түрден екінші түрге ауыстыруға рұқсат беру;

елді мекен шегінде объект салу үшін жер учаскесін беру;

сауда-саттықты (конкурстарды, аукциондарды) өткізуді талап етпейтін мемлекет меншігіндегі жер учаскелеріне құқықтарды алу.

Аталған 8 мемлекеттік қызмет бойынша регламенттері әзірленіп, облыс әкімдігінің 2015 жылғы 21 тамыздағы № 376 және 2016 жылғы 1 қарашадағы № 547 қаулыларымен бекітілген.

Жер қатынастары басқармасымен 2016 жылы 52 мемлекеттік қызмет көрсетілді *(жер учаскелерін қалыптастыру жөнінде жерге орналастыру жобаларын бекіту – 49, іздестіру жұмыстарын жүргізу үшін жер учаскесін пайдалануға рұқсат беру -2, суармалы егістікті алқаптардың суарылмайтын түріне ауыстыруға рұқсат беру – 1).*

Ағымдағы жылдың 1 тоқсанында 8 мемлекеттік қызмет көрсетілді *(жер учаскелерін қалыптастыру жөнінде жерге орналастыру жобаларын бекіту – 8).*

Мемлекеттік қызметтер туралы мәлімет жер қатынастары басқармасы ғимаратындағы стендте орналасқан.

Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша анықтаманы 8 (7282) 32-93-52 байланыс телефоны арқылы алуға болады.

БАЙҚАУ

«ЭКСТРЕМИЗМГЕ ЖОЛ ЖОҚ!» ПОСТЕРЛЕР БАЙҚАУЫНЫҢ ЕРЕЖЕСІ

1. Жалпы ережелері:

«Алматы облысы дін істері басқармасы» ММ «Дін саласындағы мәселелерді зерттеу орталығы» КММ-нің ұйымдастыруымен **«Экстремизмге жол жоқ!»** атты суретшілер арасында постерлер байқауын өткізеді.

1.1 **«Экстремизмге жол жоқ!»** атты байқау кез келген суретшілер арасында өткізіледі;

1.2 **«Экстремизмге жол жоқ!»** постерлер байқауы дін саласындағы өзекті мәселелерді, еліміздің тыныштығын, ынтымақ-бірлігін арттыруға бағытталған іс-шара болып табылады;

1.3 Байқауға ерікті суретшілер қатысады.

2. Байқаудың мақсаты және міндеттері:

2.1 Елбасымыз Н.Ә. Назарбаевтың елімізде ынтымақ пен бірлікті нығайтуға, бейбітшілікпен татулықты сақтауға шақырған барлық мұраттарына қолдау көрсете отырып, дініміздің асыл құндылықтарын өркениетті жолдармен насихаттауға қызмет етіп, халқымыздың ынтымақ пен бірлігін сақтауға атсалысуға шақыру;

2.2 **«Экстремизмге жол жоқ!»** тақырыбында суреттер жариялауға суретшілердің назарын аудару;

2.3 Байқауға қатысушылардың шығармашылық қабілетін анықтау және көпшілікке көрсету, суреттердің маңыздылығы мен өзектілігін анықтау, байқауға қатысушылардың кәсіби мүмкіндіктерінің жан-жақтылығын және жеке басының жұмыс сапасын көрсету;

3. Байқауға қатысушыларға қойылатын талаптар:

3.1. Байқау тақырыбының өзектілігі және мәнділігі;

3.2. Қабылданатын жұмыстарға кез келген сурет стилистикасы (майлы бояу, графика, компьютерлік графика ж.т.б.) құралдарын қолдануға болады;

3.3. Жолданған жұмыс мазмұны байқаудың тақырыбы мен міндеттеріне сай болуы тиіс;

3.4. Кез келген дін өкілдерін немесе белгілі дінді ұстанатын адамдардың дініне сенімін кемсітуге болмайды;

3.5. Ұйымдастырушыларға **15 маусымға** дейінгі мерзімде өтініш жіберіп, конкурстық жұмысты жолдау қажет;

3.6. Электронды пошта арқылы байқауға қатысуға өтініш жіберу, тіркелу;

3.7. Салынған жұмысқа суретші өзінің жеткізгісі келген ойын қағазға түсіріп қосымша жіберу керек.

3.8. Сурет форматы А1 көлемінде салыну керек.

4. Постерлер байқауының өткізу тәртібі

Байқауға **2017 жылғы 1 ақпаннан 15 маусымға** дейінгі уақыт аралығында тапсырылған постерлер есепке алынады. Осы ереже талаптарына сәйкес, жеңімпаздарын сарапшылар анықтайды. *(Байқауды өткізу мерзімі, уақыты қосымша хабарланады);*

5. Сарапшылар:

Белгілі суретшілер, БАҚ өкілдері (*аты-жөні қосымша хабарланады).*

6. Байқауды марапаттау:

6.1. Сарапшылар мүшесі анықтаған байқау жеңімпаздары дипломдармен және арнайы ақшалай сертификаттармен марапатталады. Байқау жеңімпаздары **үшін бір бірінші орын, екі екінші орын, үш үшінші орын және бес ынталандыру** сыйақылары белгіленген.

7. Байқауға ұсынылған материалдар мына мекенжайға жолдануы тиіс:

Алматы облысының дін істері басқармасының «Дін саласындағы мәселелерді зерттеу орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі. Талдықорған қаласы, І. Жансүгіров көшесі, 13 «А» үй.

Байланыс телефоны: 8(7282) 40-13-39, факс 30-59-10.

e-mail: m.religyia@mail.ru

«Экстремизмге жол жоқ»
облыстық шығармашылық постерлер байқауына қатысу
ӨТІНІШІ

Шығарманың аты
Шығармадағы басты мәселенің көтерілуі
Шығарманың басылымға шығу күні
Автор туралы мәлімет
А.Ж.Ә.
Лақап аты *(егерде болса)*
Автордың қысқаша өмірбаяны *(ерікті түрде)*
Автордың жұмыс орны *(егер де телеарна мен редакция негізгі жұмыс орны болмаса ғана толтырылады)*
Автормен байланысу үшін мәлімет *(пошталық мекенжай, ұялы телефон, электрондық адрес)*

ТАҒЗЫМ

Абай топырағындағы ядролық сынақтың жабылуы үшін аянбай тер төккен, ұлт зиялыларын қорғап, әл-Фарабиді қазаққа жеткізген заңғар тұлғалардың қатарында Әнуар Әлімжановтың есімі ерекше аталады. Қазақтың ұлы перзенті бүгінгі және келер ұрпақтың да мақтанышы.

Жетісу

Құралбек СӘБИТОВ



Суретті түсірген Аслан ҚАЖЕКЕ.

Әнуар оқулары өтті

«Әне, анау жатқан құмдауыт төбеден асып түссең, ескі қара жол бар, ол жолмен түнделете жүріп отырып, балалық шағымның базары болған көгілдір тауға ертеңгі таң сәріде жетуге болады», – деп өзінің балалық бал шағын қалдырған Көгілдір тауды да көзімізбен көрдік. Айдынды Алакөл ауданындағы, қасиетті өлке Қабанбай ауылына табан тіреп, Әнуар Әлімжановтың 87 жылдығына куә болдық. «Өз елі, өз ерлерін ескермесе, ел тегі қайдан алсын кемеңгерді», – деп Ілияс Жансүгіров айтпақшы, қазақ елін әлемге танытқан біртуар тұлғаның тойы өз ауылынан, өзі туған өлкеден бастау алды.

Қазақ халқының өткен дәуірдегі мүшкіл халін қаламынан төгіп, қоғамына жеткізген жазушыға деген құрметтің бүгінде сәл кенжелеп тұрғаны ақиқат. Бірақ Әнуар мәңгі ұмытылмақ емес. Оның сыр толы, нұр толы әдемі әлемі бүгінгі ұрпаққа еңбекқорлығымен танымал. Сондай-ақ, батылдығымен, қайсарлығымен қымбат. Ол тек бір ауданның ғана, болмаса өзі өскен өлкенің ғана игілігі үшін емес, ол жалпы қазақ қоғамы үшін жанын берді. Халықаралық деңгейде өрбіген мәселелерді шешу үшін шынайы жолда бар күшімен күресті. Міне, осындай текті тұлғаны бүгінгі ұрпақ қалай ұмытсын?! Қарапайым да кішіпейіл мінезімен қазақтың қазақтығын танытқан жанның еңбегін ұрпақ кәдесіне жарату – бүгінгінің міндеті. Осыған орай, Қабанбай ауылында алғаш рет Әнуар оқулары өткізілді. Жауапкершілігі жоғары шараны ұйымдастырып, Әнуар мұрасын зерттеп жүрген жазушының жерлесі, «Жас қалам медиа» ЖШС директоры Ербол Ақшолақов мерейтойдың жоспарын жасап, жоғары деңгейде дайындалды. 2011 жылы Қабанбай ауылында Әнуар атамызға арналған ескерткіш бой көтерген болатын. Осынау тұғыр орын тапқан саябақтың да атын жазушының құрметіне беріп, «Әнуар Әлімжанов саябағы» деп атаған. Әлемге есік ашқан зиялының туған күніне орай өткен шараға жиналған қауым ескерткіш тақтаға гүл шоқтарын қойып, құрмет көрсетті. Сөз тізгінін алған Алакөл ауданы әкімінің орынбасары Алмас Абдинов жазушының қазақтың бағына туған қасиеттілігін айтып, оның мұрасын насихаттау жұмыстарын жүйелі жүргізу керектігін жеткізді. Артынша азаматын ардақтаған алакөлдіктерге алғысын жеткізген ақын Қажет Андас жазушының әлі де зерттелмеген мол мұрасының бар екенін айтып өтті. Қазақ дамуы үшін игілікті істер атқарған зиялының оқулары ауылдық Мәдениет үйінде жалғасын тапты. Оқушылар арасындағы байқау үміткерлеріне сәттілік тілеген ақын Ербол Ақшолақов биыл бастау алған Әнуар оқуларының үзілмей жалғасын табатындығын тілге тиек етті. Жазушының жан дүниесінен сыр тарқатып, оның ешкімді, ешбір елді, ұлтты жатырқамай, «сыздаған жарасының аузынан» табылатындығын айтып өтті. «Кішкене ғана Қарлығаш ауылынан шыққан қаршадай ұлдың бар қазақтың нұрлы болашағына күрескендігі біз үшін мәңгі мақтаныш», – деді ол өз сөзінде. Шара шымылдығы ашылған соң оқушы Назерке Бақытова Ербол Ақшолақовтың «Ауылды аңсау» атты арнауын тебірене оқып, байқау қатысушыларына қуат сыйлады. Мыңнан тұлпар, жүзден жүйрікті анықтайтын әділқазылар төрағасы, «Жетісу» телеарнасының редакторы Есболат Айдабосын бастаған зиялы қауым оқушылар дарынын саралады. Аймақтық жарысқа бас-аяғы 11 мектептен оқушылар қатысты. Байқау шарты бойынша, топ болып жазушының шығармаларынан көрініс көрсетуі керек. Мүдіргендер де, сыннан сүрінгендер де бар. Дегенмен, оқушылардың өз ауылынан шыққан тұлғаны терең танитындығы қуантты. Туындының сөздерінен шатаспау, реквизит қолдану секілді қағидаларды қалыс қалдырмады. Біріненбірі асқан сахналық қойылымдар көрермен қауымға жігер сыйлап, мерейтой сәнін арттыра түсті. Балалардың бойынан туған жерге деген сүйіспеншіліктің, махаббаттың биіктігі көрініс тауып, сахналық қойылымдары арқылы қошеметке кенелді. Алғаш рет өткізіліп отырған байқау осылай өз мәресіне жетті. Әділқазылар сахнадағы жүріс-тұрысына, сөз мәнеріне, музыкалық сүйемелдеуге назар аударып шынайы шабандоздарды анықтады. Өздерінің өрлігімен, сахнадағы еркіндік, кеңдігімен Аққжар орта мектебі бас жүлдені иеленіп, мерейге бөленді. Байқау бірінші рет ұйымдастырылса да ұрпаққа берерлік, көз көрерлік тамаша тұстары көп. Келер жылы да үлкен көлемде жүзеге асса деген тілекпен тарқасты жазушысын құрметтеп жиналған жұрт.

Шара аясында жазушының қаламына қасиет сыйлаған көгілдір таудың көркемдігін көзбен көріп, тұнық суынан тәніне тазалық тапқан Ақтұмасынан ауыз тидік. Заңғар тұлғасын құрметтеген Қарлығаш ауылының оқушылары Әнуарға арнау айтты. Ұлылықты ұлықтаған, қаламгер қасиетін ұмытпаған ұрпаққа тамсанып қайттық. Әнуар десе жаны бөлек қауым- ның құрметіне бөлендік, мейіріміне кенелдік. Ауылдағы Әнуар Әлімжанов атындағы мектепке барып, жазушының қолтаңбасы қойылған мұралармен таныстық. Мектеп ішінде елі үшін туған ерге мұражай ашылған. Ал жазушының шығармаларынан шындық тауып, тереңнен білім алып жүрген оқушылардың дарыны бір басқа. Сөйлегені шешендей, ой өргені көсемдей қыз-ұлдарды көріп көңіл қуанды. Өмірден ерте кетсе де қазақтың жүрегінде, ең ғажап тілегінде сақталған жазушының аты алтын әріппен өрілгеніне тағы бір мәрте көз жетті. Қарлығаш ауылынан адамдықтың, адалдықтың, өз еріне деген құрметтің биік белгісін көріп, шаттыққа бөленіп тарқастық. Әнуар мұрасы ешқашан өлмек емес.

Алакөл ауданы.

МАМАН МІНБЕРІ

ЕҢБЕК ҚАТЫНАСЫН РЕТТЕЙДІ

Мемлекет басшысы 2015 жылдың 23 қарашасында қол қойып, 2016 жылдың қаңтарынан бастап қолданысқа енген заңдардың бірі — Еңбек кодексі.

Кез келген ел дамуының көрсеткіші заманға сай заңның болуымен тікелей байланысты. Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы елдерінің тәжірибесіне сүйене отырып жасалған жаңа Еңбек кодексінің қоғам өмірінде алар маңызы зор. Онда Кодекстің негізгі құрылымы сақталып, сарапшылардың сүзгісінен әбден өткеннен кейін бірқатар баптар ғана алынып тасталды.

Ескі Еңбек кодексі 257 баптан тұрса, жаңа Кодекс 204 баптан тұрады. Басты ұстаным баптың санында емес, сапасында екендігін айтып кеткен жөн. Кодексте жұмыс беруші мен жұмыскер мүдделерінің теңгерімі қамтамасыз етіліп, еңбек қатынастары субъектілерінің рөлі мен жауапкершілігін үйлестіру ұсынылған. Мемлекет қызметкерлерге кепілдік пен өтемақылардың төменгі еңбек стандарттарын орнатып, құқықтары мен міндеттерін белгілеп, жұмыс берушілер тарапынан орындалуына бақылау жүргізу мүмкіндігіне ие.

Еңбек құқығының сақталуын қамтамасыз ету Конституциямыздан бастау алады. Сондықтан жаңа Кодекс әрбір тұлғаның еңбек етуге қатысты конституциялық құқығын толығымен қамтыған. Жұмыс беруші мен жұмыскердің арақатынасы әдеттегіше ұжымдық келіссөздер, келісімдер, шарттар негізінде реттеледі. Кодексте ұжымдық шартты жасасу бойынша заңнаманың талаптарын бұзғаны, еңбек шартынсыз тұлғаларды жұмысқа тартқаны, еңбекақы төлемі бойынша талаптарды бұзғаны үшін жұмыс берушінің жауапкершілігі күшейтілген. Жаңа заң еңбек қатынастарының реттелуін жақсартып, еңбек заңнамасындағы кемшіліктерді жояды, соның нәтижесінде инвестициялық ахуал тұрақталып, еңбек нарығы мен кәсіпкерлік дами түседі деген сенімдемін.

А. БЕЛГІБАЕВА,
Жамбыл аудандық сотының судьясы.

КҮРЕТАМЫР

Ұлт болашағының КЕПІЛІ

Қай ұлттың болса да ана тілі бар. Тіл – ұлттың басты белгісі. Тілі жойылса, ұлт та жойылады. Тілі дамыса, ұлт та кемелдене түседі. Көне замандардан бері қолданыстан түспей келе жатқан қазақ тілі аса бай, көркем, баламасы көп, айтуға жеңіл, мағыналы-мәнді тілдер қатарына жатады. Оны мақтан етуге тиіспіз. Кең-байтақ жері, өміршең әдет-ғұрпы, салт-дәстүрі, ұлттық тілі бар қазақ халқы ғасырдан-ғасырға жасай береді. Ұрпақтан-ұрпаққа үзілмей берілетін асыл қазынамыз, ұлт руханиятының асқар шыңы ретінде қазақ тілін көздің қарашығындай сақтай білу – баршаның басты борышы, айнымас парызы.

«Қазақстан Республикасының тіл туралы» Заңы 1997 жылғы 11 шілдеде қабылданды. Осы заңның 4 бабында: «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік тілі – қазақ тілі. Мемлекеттік тіл – мемлекеттің бүкіл аумағында, қоғамдық қатынастардың барлық саласында қолданылатын мемлекеттік басқару, заң шығару, сот ісін жүргізу және іс қағаздарын жүргізу тілі. Сонымен бірге, Үкімет, мемлекеттік органдар мемлекеттік тілді, яғни, қазақ тілін барынша дамытуға, оның халықаралық беделін нығайтуға және қазақ диаспорасына ана тілін сақтауы мен дамытуы үшін көмек көрсетуге міндетті» деп көрсетілген.

Мемлекеттік тілдің аясын кеңейту – зор мақсат. Еліміздің тиісті сала басшылары, тілшіғалымдар мен тіл жанашырлары әрдайым соған назар аударып, ортақ мәселелерге байланысты ой-пікірлерімен бөлісіп отыруы – келелі іс. Мемлекеттік тілдің жағдайы әрбір жанашыр азаматты толғандырары сөзсіз. Бар шамыз осы іске біркісідей атсалысып, өз үлесімізді қосатын болсақ, қазақ тілінің тұғырын биіктете түсетініміз хақ. Қазіргі таңда мемлекеттік органдар мен ұйымдарда қоғамның жан-жақты салаларында оңтайлы әлеуметтік лингвистикалық кеңістікке қол жеткізу үшін жаңа қадамдар жасалуда. Басты мақсат – тілдік мұраны сақтау және қоғамдық өмірдің барлық саласында қазақ тілінің қолданылуын қамтамасыз етіп, оның барынша дамуына қол жеткізу. Осы мақсатта бірқатар ауқымды іс-шаралар қолға алынуда. Мысалы, қазір қазақ тілінің терминологиялық қорын жасап, жетілдіруге ерекше көңіл бөлініп отыр. Терминологиялық жұмыстардың тұжырымдамасына сәйкес 2017 жылы 2018 жылдарға арналған терминология жөніндегі салалық бағдарлама енгізу жоспарлануда.

Көңілге қуаныш ұялататын жақсы нышан, ол көптеген қазақстандықтардың балаларын қазақ мектептерінде оқытып, олардың мемлекеттік тілде білім алуы үшін жағдай жасауға ұмтылуы болып отыр. Соңғы әлеуметтік зерттеулер нәтижесі балаларына қазақша білім беруді қалайтын қазақстандықтар санының артып отырғанын байқатты. Балаларына қазақ тілінде кәсіби білім беруді қалайтын қала қазақтары санының көбейіп келе жатқаны да қуантады. Республика бойынша төрт мыңға жуық өзге тілді оқушы қазақ тіліндегі мектептер мен сыныптарда білім алуда. Сондықтан да білім беру мекемелеріне мемлекеттік тілді терең детіп енгізу және халықтың ықпалды бөлігі жастарға баса назар аудару арқылы тіл саясатын жүргізу мол жемісін береді деп ойлаймын.

Тіл – мемлекеттің негізі, тілсіз ұлт болмайды, ал біздің мемлекет үшін мемлекеттік тілдің қолданысын өзіміз жандандырып, әркім өз саласында осы іске нақты қатысып, тәжірибелік қолдау жасауы және жүзеге асыруы керек. Сонда ғана Елбасы Жолдауындағы 2017 жылы мемлекеттік тілді білетін азаматтар саны 80 пайыз, ал 2020 жылға қарай бұл көрсеткіш 95 пайызды құрауы тиіс деген нұсқауы орындалмақшы деп сенемін.

А. САҒЫНАЕВ,
Алматы қаласы әділет департаментінің жеке сот орындаушылар қызметін ұйымдастыру бөлімінің жетекші маманы.

ЕСКЕ АЛУ



Талдықорған мектеп-интернатының тәтті ботқасын бөліп жеп, балалық шақтың, студенттік өмірдің қызығын бөліскен қимас досымыз **Оразбаев Қыдырханды** сағынышпен еске аламыз. Бүгінде арамызда жүрсе 31 мамыр күні 70 жасқа толар еді. Амал қанша, Алланың маңдайға жазғанынан озбақ жоқ. Жаттың да қызығына қуана білетін ғазиз дос, жігіттің сұлтанына лайықты азамат өмірден қайтқалы бері де аттай зулап 6 жыл өте шықты...

Еліне елеулі, халқына қалаулы болған азамат бар ұмырын туған жерін түлетуге арнады. Айналасындағылардың бәрін бауыр, туыс көріп, достыққа адал, кішіге қайырымды, үлкенге ізетті болды. Еркін ауылында бас агроном, партком хатшысы, директор болып абыроймен қызмет атқарды. Мектепте бірге оқыған асыл жары Күнжәмілә екеуі заманға сай өнегелі ұрпақ тәрбиелеп, ұлын ұяға, қызын қияға қондырды. Қызы Эльмира Еркін орта мектебінің үлгілі мұғалімі, ұлы Қазбек "Ақ құс" фирмасында кәсіпкер, кенжесі Елнұр Талдықорған қалалық ішкі істер басқармасында беделді қызмет атқаруда. Бүгінде балаларынан 3 немере, 2 шөбере өсіп келеді.

Досымыз, бауырымыз болған дара тұлғаның, жылы жүректі азаматтың бейнесі көзден кетсе де көңілден кетпейді. Марқұмның жатқан жері жайлы, топырағы торқа болсын, иманы жолдас болсын дейміз.

Қыдырхан, сені еске алады достарың,
Көп еді ғой алға қойған жоспарың.
Алып кетті ортамыздан сұм ажал,
Жүруші едің қамын ойлап басқаның.
Қалды аңырап Күнжәмілә жан жарың,
Жылауменен атырды ғой таңдарын.
Балаларың еске алады өзіңді,
Немерелер, шөберелер балдайын.
Сыйлаушы еді жора-жолдас, халқың да,
Жаны ауырып үш дос қалды артында.
Топырағың торқа болсын, ғазиз жан,
Мың сан алғыс еске алған жалпыңа.

ЕСКЕ АЛУШЫЛАР – қимас достары: **Меделбай-Кенже, Марал, Өміржан-Зәуре, Түркеш-Гүлнәр, Сәлім, Мұрат-Ұлдархан, Тілеубек-Әдепхан, Шәми-Хадиша, Мейіз, Ғалымжан-Райхан.**

Эл. мекенжайымыз: WWW.Zhetysu-gazeti.kz Эл. поштамыз: Jetisu2002@mail.ru

Жетісу

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:
Алматы облысының әкімдігі

Меншік иесі: "Өлке тынысы" ЖШС

Директоры:
Мейрам ЖАНӘДІЛОВ

Директордың қабылдау бөлмесі: 41-09-51

Бас редактор:
Әміре ӘРІН

Газет Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі Байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитетінде 2015 жылғы 4 желтоқсанда тіркеліп, № 15725-Г куәлігі берілген.

Қабылдау бөлмесі және факс – **41-10-46**, бас редактордың орынбасарлары – **41-10-47, 41-10-49,** жауапты хатшы – **41-10-50,** бөлімдер – **41-10-43, 41-10-68, 41-10-71,** уақыт және әлеуметтік мәселелер бөлімі – **41-10-52,** фототілшілер – **41-10-53,** жарнама бөлімі – **41-10-51**.

Алматы қаласындағы тілшілер қосыны – **279-13-37, 279-13-86.**

Меншікті тілшілер: Панфилов – **9-12-27**, Іле және Қапшағай қаласы – **8-777-016-44-11**, Жамбыл – **8-701-254-97-55**,Талғар – **8-701-400-28-49**, Қарасай – **8-701-347-60-32**, Еңбекшіқазақ – **8-701-212-00-96.**

Газет табыс етілмесе – 8 (7282) 60-11-21 телефонына хабарласу керек.

Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты.

Компьютерде 16-шы қаріппен терілгенде 6 беттен асқан материал қабылданбайды.

"Жетісу" газетінің компьютер орталығында теріліп, беттеледі.

Газет аптасына үш рет — сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.

Суреттердің сапасы үшін редакция жауап береді.

БІЗДІҢ МЕКЕНЖАЙЫМЫЗ:
Талдықорған қаласы, Жұмахан Балапанов көшесі, 28-үй, 4-қабат

Газет Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32-үйде, "Алматы — Болашақ" АҚ филиалы "Офсет" баспаханасында басылады.

М. 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10 П. 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10

Тапсырыс — 815.
«Өлке тынысы» ЖШС басылымдарының жалпы таралымы 58 454, оның ішінде «Жетісу» газетінің таралымы — 34 502.
Индексі — 33 374.

Кезекші редактор: Қозыбай ҚҰРМАН.

Тәуелсіздік – біздің мақтанышымыз!
Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ.

Жетісу

АЛМАТЫ ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ, ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ГАЗЕТ

Газет 1918 жылғы маусымнан шығады

WWW.Zhetysu-gazeti.kz Jetisu2002@mail.ru

№ 65 (18341)
Сейсенбі, 13 маусым, 2017 жыл.

ТАТАРСТАН бөлімі ашылды

ЭКСПО – 2017 көрмесінің Ресей Федерациясы ұлттық секциясында Татарстан бөлімі ашылды. Оған Татарстан Республикасының Президенті Рустам МИННИХАНОВ арнайы келді. Салтанатты шараға «Астана ЭКСПО – 2017» ҰК АҚ басқарма төрағасы Ахметжан ЕСІМОВ пен облыс әкімі Амандық БАТАЛОВ қатысты.



– Бұл әлемдік деңгейдегі оқиға. Астанаға бүкіл әлем назарын тігіп отыр. Энергия мәселесі – өмірдің барлық қажеттіліктері үшін аса маңызды. Мұнда ең заманауи технологиялар мен әдістер жиналып отыр. Әрине, жоба ауқымды әрі күрделі. Жарты жыл бұрын осында келгенде Ахметжан Есімов маған құрылыс пен дайындық жұмыстарын көрсеткен еді. Соңғы жартыжылдықта атқарылған жұмыстардың барлығы – ғасырлар бойы мақтануға тұрарлық бірегей ескерткішті тұрғызған адамдардың орасан зор еңбегі. Мұның барлығы Қазақстан халқы үшін қызмет ететін болады, – деді Рустам Минниханов.

Сөз кезегінде «ЭКСПО – 2017» ҰК АҚ басқарма төрағасы Ахметжан Есімов бауырлас Татарстанмен ежелгі тарих байланыстыратынын және екі елдің тығыз қарым-қатынаста екенін атап өтті.

Шараның салтанатын арттыру үшін Татарстан Республикасының Мемлекеттік ән-би ансамблі өнер көрсетті. Айта кетерлігі, Татарстан көрмесінің көрерменін ерекше қызықтыратыны анық. Себебі, онда интерактивті және мультимедиалық жабдықтар арқылы Татарстанның 15-ке жуық ірі компаниялары таныстырылған.

Еске сала кетсек, биыл наурыз айында Татарстан Республикасы Менделеев муниципалдық ауданының басшысы В. Чершинцев бастаған ресми делегацияның Панфилов ауданына жасаған сапары барысында екі аудан арасында достық қарым-қатынас туралы келісімге қол қойылды. Сол делегацияны облыс әкімі Амандық Баталов арнайы қабылдап, қос тараптың ортақ дамуы туралы әңгіме өрбіткен болатын. Міне, сол бастама Астана төрінде тағы да жаңғырды.

Татар мәдениет бөлімінің ресми ашылуынан кейін Татарстан Республикасы мен Алматы облысының делегациясы кездесіп, қос тараптың алдағы уақыттағы жұмыс жоспары туралы пікірлесті. Кездесу барысында Татарстан Республикасының Президенті Рустам Минниханов пен облыс әкімі Амандық Баталов Қорғас шекара маңы ынтымақтастығын дамыту аясындағы ойларымен бөлісті. Сондай-ақ, бауырластықтың одан ары нығая түсуі үшін екі тарап бір-бірін қонаққа шақырды. Демек, екі жаққа да тиімді ынтымақтастық алдағы уақытта өз жемісін беретін болады.

Қ. ОМАРАҚЫН.



ҰЛЫ ДАЛАДАҒЫ ЖАҺАНДЫҚ ЖИЫН

Өткен аптада бүкіл әлемді елең еткізген керемет шараның өткені мәлім. Әлемнің әр түкпірінен жиылған 115 мемлекеттің сорпа бетіне шығар азаматтары, 22 халықаралық ұйымның тізгін-шылбырын мығым ұстап отырған қайраткерлер, ғылым, білім, мәдениет, өнер, тағы да басқа салалардың көшін бастап жүрген тұлғалар Астана қаласында бас қосты. Олар ЭКСПО – 2017 көрмесінің ашылу салтанатына қатысып, әлем тарихында қалатын ғаламат оқиғаға куә болды.

Жетісу
Қажет АНДАС

САЛТАНАТТЫ АШЫЛУ РӘСІМІ

Ашылу салтанаты көрме аумағындағы Конгресс-орталықта өтті. «ЭКСПО – 2017» көрмесінің ашылу салтанатына Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев пен 17 мемлекет және Үкімет басшылары қатысты. Оларды көрме кешенінде Қазақстан Президентінің өзі қарсы алды. Осыдан кейін биік мәртебелі меймандар Қазақстан Көшбасшысына еріп, «Нұр Әлем» атты Қазақстан павильонын аралады.

Таныстыру рәсімі аяқталған соң көп күткен «ЭКСПО – 2017» халықаралық көрмесінің ашылу салтанаты да басталды. Ашылу салтанатында сөз алған Елбасы Халықаралық көрмелер бюросының президенті Стин Кристенсенге, Ұйымның Бас хатшысы Висенте Лоссерталес мырзаға айрықша алғысын жеткізді.

Мемлекет басшысының сөзін Халықаралық көрмелер бюросының президенті Стин Кристенсен қолдайтынын білдірді.

– Мен үшін Қазақстан астанасында басталған осынау көрмеге қатысу зор мәртебе, – деді ол.

Халықаралық көрмелер бюросының президенті халықаралық қоғамдастық тарапынан көрмеге деген зор қызығушылыққа оған қатысушылардың санының көптігі нақты дәлел бола алатындығын атап өтіп, Астана көрмесіне 115 мемлекет пен 22 халықаралық ұйым өкілінің қатысып жатқандығын еске салды. Сөз соңында Стин Кристенсен ҚР Президенті Нұрсұлтан Назарбаевқа, Қазақстан Үкіметіне және көрменің барлық ұйымдастырушылары мен қатысушыларына атқарған жұмыстары үшін шынайы ризашылығын білдірді.

Көрменің ашылу салтанатын қазақстандықтар республикалық телеарнада тікелей эфир арқылы тамашалады. Сондай-ақ, Медиа орталық 4 түсірілім арқылы 60 түсірілім орнынан хабар таратты. Ал әлемнің әр түкпірінен жиналған 1200-ге жуық БАҚ өкілі осы тамаша көріністі дүниенің түкпір-түкпіріне сүйіншілеп жеткізді. Сөйтіп, 9-шы маусым Қазақ елі барша әлемнің көгілдір экранында өз мемлекеттігінің әлеуетін көрсеткен ерекше күн ретінде тарихқа таңбаланды.

Шараның соңында көрермендер лазер шоуы мен тамаша отшашуды тамашалады.

ТАҢҒАЖАЙЫП ТАҚЫРЫПТЫҚ КӨРМЕЛЕР

Жалпы көлемі 25 гектар жерді алып жатқан көрме аумағында 115 ел мен 22 халықаралық ұйымның көрмелері орналастырылған. Көрме алаңындағы ең керемет көрініс еліміздің «Болашақ Энергиясы» музейі ретіндегі тұжырымдамасы ұсынылған «Нұр Әлем» кешені болды. Қай тараптан қарасаң да дәл ортадан көрінетін кешеннің көрінісі керемет. Алып ғимаратта негізгі энергия түрлері – ғарыш, күн, жел, су және кинетикалық энергия үлгілері көрсетіледі және «Астана – болашақтың қаласы – 2050» экспозициясы ұсынылған. «Нұр Әлемде», сондай-ақ, 5000 шаршы метрлік алаңда Қазақстанның Ұлттық павильоны орналасқан. Оның бірінші бөлігінде келушілер Қазақстанның тарихы мен мәдениетімен, осы күнгі тынысымен және болашаққа құрған жоспарымен таныса алады. Ал «Жасампаз қуат» аймағында көрме тақырыбы аясында отандық ғалымдардың үздік жобалары, Мемлекет басшысының энергетика және қоршаған ортаны қорғауға қатысты бастамалары, өңірлерде табысты іске асырылатын «Жасыл экономика» жобалары қойылыпты. «Үздік тәжірибелер аймағы» атты арнайы павильонда тұрақты энергия көздері саласындағы технологиялар мен жобалар көрініс тапқан.

«ЭКСПО» көрмесіне мемлекеттер мен халықаралық ұйымдардың 130-дан астам экспозициясы әкелінді. Екі тақырыптық павильонда энергетиканың дамуы, оның XXI ғасырдағы мәселелері және осы саладағы технологиялық өрлеу сәті көрсетіледі. Осы тұста бізді ерекше қызықтырған Біріккен Ұлттар Ұйымының павильоны болды. Оған «Астана. ЭКСПО – 2017» АҚ басқарма төрағасы Ахметжан Есімовтің өзі қатысты. Бұл павильонда қымбат емес және таза энергиямен 2030 жылға дейін температураны 1,5 градус шеңберінде индустрияға дейінгі дәрежеде ұстап, бір мезгілде қамтамасыз етуге арналған құрылғылардың таныстырылымы болды. Ал Малайзия павильонында халал өнеркәсібінің дамуындағы және ислам жасыл қаржыландыру секторындағы дүние жүзіне танылған жетістіктер көрсетілді. «Тайланд өмір сүру қуанышы» тақырыбындағы Тайланд елінің ойын-сауық мәдениеті мен мәдени көңіл көтеру дәстүрлері назарға ұсынылды.

Әлемдегі жаңа энергияның көшбасшысы саналатын жапондардың энергия үнемдеу мен энергетикалық микс саласындағы жетістіктері, сутек, балдырған биомассасын қолдану саласындағы үздік технологиялар, ЛТД және басқа да көптеген технологиялар қонақтар назарына ұсынылды. Корея павильоны «Болашақ энергия. Ақылды өмір» атты тақырыпқа негізделе отырып дайындалған. Олар ең алдымен көрермен назарына 1-қабаттағы жанды сурет шоуын ұсынды. Содан кейін Корея Республикасының энергетика саласындағы шешімдері мен жаңғыртылатын энергия саласындағы технологияларын таныстырды. Ал 2-қабаттағы Корея мәдениет аумағында сол елдің мәдениеті кеңінен көрсетілді.

Жұртты көбірек қызықтырған «Энергия дұрыс жолда» атты Германия павильоны болды. Олар ақпарат пен ойын-сауықтың тартымды үйлесімін қамтып, табиғатты сақтау технологияларын, инновациялық үрдістер мен жаңашыл шешімдерді ұсынды. Әсіресе, ондағы электр қуатымен қозғалатын көліктер жұртты қызықтырмай қоймады. Ал «Энергетикалық шоу» үлкен дөңгелек үстелі бар он екі жақты кеңістікте өтеді. Келушілер smartstisk құралдарын үстел үстіне қояды, олар зарядталған жарық импульстерін түрлендіріп, керемет кескіндердің еліктіргіш лазерлік шоуын жасайды. ЭКСПО-ға барғандар мұны міндетті түрде көруі керек.

Жұртты ең керемет таңғалдырғаны Қытай павильонындағы сол елдің жаңа энергия саласында жеткен жетістіктері болды. Қытайлық көрме жалпы бес бөлімнен тұрады. Онда су, жел, күннен энергия алудың түрлі технологиясы қамтылған. Бір қызығы, қытайлықтар өз көрмесін көк түспен безендіруге келіскен. Олар көк түсті таңдап алу себебін қазақ елінің Көк Туымен байланыстырып отыр. Олар балшықтан энергия өндіретін құрылғыны бірінші рет көрсетіп отыр.

Жалпы павильонға 20-дан астам жоба қойылған. Ал Түрікменстан павильонының ашылуына сол елдің Президенті Гурбангулы Бердімұхамедовтің өзі қатысты. ЭКСПО – 2017 көрмесінде павильонның ашылу салтанатына қатысқан Мемлекет басшысы да сол болды.

ӘЛЕМ НАЗАРЫНДАҒЫ ЭКСПО

Енді барша Қазақ елі дөңгеленген дүниені үш ай бойы жаңашылдық пен жаңғырудың жасампаз рухына бөлеп, «жасыл» дамуда жаңа белестерге бастайтын болады. Расымен, бүгінде Астана қаласының әлем елдерінің келісім мен татулығының орталығына айналғанын көрменің ашылу салтанатына қатыса жүріп сезіндік. Былайша айтқанда, бүкіл дүниенің озық жетістігін жаңа Елордамыз бір көрмеде ғана көрсетті. Тұтас дүние Сарыарқаның сайын даласына көшіп келіп орнай қалғандай болды. Тілі, түрі, ұғымы, түсінігі бөлек жүздеген елден келген мыңдаған қатысушы бірімен-бірі түсініскісіп, жүрегімен сөйлесті. Қысқасы, бұған дейін де бейбітшілік пен келісімнің мекені болған қазақ даласы сол қасиетін тағы бір паш етті. Көрме барысында қонақтарға қызмет көрсетіп жүрген ерікті қазақ жастары қай тілде сұрасаң сол тілде жауап қайтарып, барлық жұмысты үйлестіріп жүрді.

Жасыратыны жоқ, осы күнге дейін ЭКСПО жайлы сан түрлі әңгімені естіп келдік. Сегіз қабаттан тұратын «Нұр Әлемді» аралап шыққанда қазақстандық ғалымдардың жетістігіне тәнті болған белгілі республикалық басылымның танымал тілшісі:

– Осы күнге дейін ЭКСПО туралы бөтен пікірде болғандардың бірі едім. Бәрін де көрмей, білмей, сезінбей келіппін. Міне, бүгін Қазақ елінің бұл шараны тегіннен-тегін қолға алмағанына көзім жетті. Осы үшін Елбасының ерен еңбегіне бәрекелді айту керек, – деді ағынан жарылып.

Мүмкін болса барлық жетісулықтарға көрмені бір көріп қайтуды ұсынамын.

Астана қаласы.

ЭКСПО-ны қолдау

Талдықорғандағы Достық үйінің алаңында облыстық Қазақстан халқы Ассамблеясы және облыстық жастар саясаты мәселелері басқармасының ұйымдастыруымен «ЭКСПО – 2017» көрмесін қолдау мақсатында «Болашақ энергиясы» атты форум өтті.

Шараның шымылдығы «Достық үйі – Қоғамдық келісім орталығының» директоры Тәңірберген Қасымберкебаевтың алғы сөзімен бастау алды.

– Бәріңізге белгілі, Астанада «ЭКСПО – 2017» көрмесі ашылды. Көрме маңыздылығы жағынан дүниежүзілік экономикалық форумдармен, ал туристік тартымдылығы бойынша ең танымал жаһандық ауқымдағы шара. Сонымен қатар, бұл ТМД елдерінде өтетін алғашқы көрме. Әлемнің 115 елі және 22 халықаралық ұйым қатысатын көрме біздің достық, ынтымақтастық татулығымыздың белгісі, – дей келе форумды ашық деп жариялады.

Келесі сөз кезегін облыстық «Нұр Отан» партиясы төрағасының бірінші орынбасары Ғалиасқар Сарыбаев алып, барша жұртқа елімізде өтетін Экспоның маңыздылығын кеңінен тарқатып, көрменің ашылуымен құттықтады. Осыдан кейін жастар «ЭКСПО – 2017» көрмесін қолдау мақсатында әуелетіп ән шырқап, флешмоб биледі. Жиын соңы жастарға арналған би кешімен жалғасын тапты.

А. НАЗАРҰЛЫ.

КҮН ТӘРТІБІНДЕГІ МӘСЕЛЕ

ҚАЛА КӨРКІ НАЗАРДА

Облыс әкімінің бірінші орынбасары Лаззат Тұрлашов Талдықорған қаласында құрылысы жүріп жатқан бірқатар нысанды аралады. Бірінші кезекте атқарылып жатқан жұмыстардың сапасына назар аударып, кем-кетіктеріне сын-ескертпелер айтты.

Лаззат Махатұлы бастаған жұмыс тобы алдымен аралауды Талдықорған қаласының кіреберісінен бастады. Бірінші кезекте тазалыққа мән беріп, абаттандырылуына көңіл бөлді. Кемшіліктерін сынға алып, оларды тез арада ретке келтіру қажеттігін міндеттеді. Үшінші бөлімшеде төселіп жатқан жаңа жолдарға да назар аударып, оның бекітілген кестеге сай түзу болуын қадағалауды тапсырды. Жұмыс тобы бұдан соң құрылысы тамыз айында аяқталуы тиіс көрме павильонында болды. Заман талабына сай бой көтерген жаңа ғимаратқа көз жүгіртіп, ішін қажетті құрал-жабдықтармен қамтамасыз етуді қала әкімі Бағдат Қарасаевқа жүктеді.

Таяуда тағы бір баспана пайдалануға беріліп, көпшіліктің қуанышын еселемек. Осы ретте облыс әкімінің бірінші орынбасары алтыншы шағынауданда тұрғызылған үйлерді көру үшін арнайы барды. Заман талабына сай салынған үйге бас сұғып, бөлмелерін аралады. Ауласының абаттандырылуына да мән беріп, балалар ойнайтын алаңды көрді.

Лаззат Махатұлы ойын алаңына құмның орнына заманауи төсеніштер төсеу керектігін айтып, сала мамандарына тапсырмалар жүктеді. «Жастар» саябағында да болып, бүлінген тас-төсеніштерді қалпына келтіру қажеттігін назарға салды.

Айгүл БАЙЖҰМАҚЫЗЫ.



Суретті түсірген Дмитрий ЕРОФЕЕВ.

ИГІЛІК

Әлемді жасыл экономикаға тиімділігі жағынан өзіне қаратқан Астана қаласында өтіп жатқан халықаралық «EXPO-2017» көрмесінің ашылуына орай, Боралдай кентінде тағы бір нысан пайдалануға берілді. Заманауи үлгіде жұмыс істейтін «жасыл» мобильді пошта бөлімшесі іске қосылды.

Жетісу
Мақпал МЫСА



ПОШТА ТОРАБЫ ашылды

Тұтынушыларға қызмет көрсету жолдары жетілдірілген «Қазпошта» АҚ-ның жаңартылған Орталық операция учаскесінің ашылу рәсіміне «Қазпошта» АҚ-ның басшысы Сәкен Сәрсенов, аудан әкімі Қыдыргелді Медеуов, аудандық «Қазпошта» торабының басшысы Райгүл Мейірова қатысып, ұжым қызметкерлерін пошта бөлімшесінің ашылуымен құттықтады.

Айта кетейік, дербес қуат көзімен жабдықталған пошта байланысының мобильді бөлімшесі ел бойынша жалғыз нұсқа. Бұл пилоттық жоба болғандықтан, әрі қарай атқарылатын жұмыстың маңыздылығы, тиімділігі жіті тексеріледі. Егер тиімді болса, еліміздің барлық өңіріне салынады. Бұл туралы «Қазпошта» АҚ-ның басшысы Сәкен Сәрсенов кеңінен айтып берді.

– Қазпошта қашанда өз жұмысына ең соңғы технологияларды пайдалануға талпынады. Бұл біздің жұмысымызды оңтайландырып қана қоймайды, қоршаған ортаны да қорғайды. Біз энергияны үнемдеуші технологиялармен жұмыс істейтін алғашқы мобильді бөлімшемізді ашып отырмыз. Мұны пилоттық режимде іске қостық, бір жыл ішінде пайдалану нәтижесіне қарап, бұл тәжірибені басқа өңірлерге де тарату туралы шешім қабылдайтын боламыз, – деді ол.

Заманның сұранысына сай өркениетті елдердің үлгісіне өтіп, 200-ге жуық қызмет түрін көрсетуге көшудің өзі үлкен жетістік. Мұндай жаңашыл бағыттағы жұмысты ауданымыздағы «Қазпошта» филиалында еңбек ететін 149-ға жуық маман жүргізуде.

Жаңа бөлімше операторлардың жұмыс орындарымен, шаруашылық бөлігімен, халықты қабылдау және қызмет көрсету орын жайларымен жабдықталған. Бөлімше дербес болып табылатындықтан, электр желілеріне қосылуды қажет етпейді. Бұл модульді ғимарат үш контейнерден бірікгірілген, ешбір артық шығынсыз ұзақ уақыт пайдалануға болады. Арнайы жылу жүйесімен жабдықталған, ол жазда желдеткіш жүйесі ретінде жұмыс істейді, су жылытқышы орнатылған, ол жыл бойы қызметкерлерді ыстық сумен қамтамасыз етеді. Аталған формат компанияның өндірістік шығындарын қысқартуға айтарлықтай үлесін қосады, тұрғындарға да жайлы.

– Боралдайда 80 мыңға жуық тұрғын тұрады. Күн сайын 200-ге жуық адам келіп хат-хабар зейнетақы және басқа да қызмет түрін пайдаланады. Ал мына мобильді пошта біз үшін өте қажет еді. «Қазпошта» акционерлік қоғамына ауыл тұрғындары атынан алғыс айтамын, –деді Боралдай ауылдық округі әкімі Мұрат Сәлімбаев.

Пошталық және қаржылық қызметтер бойынша жеке тұлғалар үшін операциялық зал аптасына 6 күн қызмет етеді. Сондай-ақ, боралдайлықтарға газет-журнал, хат хабарлардың дер кезінде жетуіне және қызмет көрсету сапасын жақсарту мақсатында жаңа автотранспортпен қатар бір скутер, үш велосипед пайдалануға берілді.

Іле ауданы.

Тәуелсіздік – біздің маңдайға басқан бағымыз!
Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ.

Жетісу

АЛМАТЫ ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ, ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ГАЗЕТ

Газет 1918 жылғы маусымнан шығады

WWW.Zhetysu-gazeti.kz

Jetisu2002@mail.ru

№ 64 (18340)
Сенбі, 10 маусым, 2017 жыл.

ОБЛЫС ӘКІМІНІҢ ІССАПАРЫ



ЖАҢА ЖОБАЛАРМЕН ЖАНДАНҒАН ӨҢІР

Облыс әкімі **Амандық БАТАЛОВ** «Қорғас – Шығыс қақпасы» арнайы экономикалық аймағындағы бірқатар нысанды аралады. Арнайы экономикалық аймақ аумағындағы «Қорғас» шекара маңы ынтымақтастығы халықаралық орталығында» облыс басшысы соңғы айларда бой көтерген жаңа құрылыс нысандарын көрді. «Қорғас – Шығыс қақпасы» АЭА одан әрі дамыту үшін Пенжім ауылының іргесінен 1267 гектар жер бөлінген. Оның 600 гектарына болашақта 100 мың адам қоныстанатын жаңа Нұркент қаласының инфрақұрылымы жасалмақ.

Жемісу
Мырзағали НҰРСЕЙІТ

Арнайы аймақтағы құрылыс қарқыны күн санап үдеп, Қорғас өзенінің жағалауында сәнді де зәулім ғимараттар бой көтеруде. Сапар барысында облыс әкімі «Қорғас» шекара маңы ынтымақтастығы халықаралық орталығында» соңғы бір жарым жылда бой көтерген «Хуан – Шыңғыс», «Қорғас – КАТ», «Viktoria city», «TZNs Devolopment Group» сауда орталықтарын аралап, инвесторлармен сұхбаттасты. «Қорғас» шекара маңы халықаралық ынтымақтастығы орталығының құрылысы ҚР мен ҚХР басшыларының бастамасымен бірлесіп жасалған ірі жоба. Мақсат Қытай елімен сауданы жеңілдетуге бағытталған. Бастысы, Батыс Еуропа – Батыс Қытай трансконтиненталды жол жобасын жүзеге асыру арқылы екі мемлекеттің де тасымал әлеуетін дамытуға арналған. Бүгінде бұл орталық әлемде теңдесі жоқ жаңа жоба. Ол өндірістік, көліктік әлеуетті күшейтіп, шағын және орта бизнесті барынша табысты етуге кеңінен мүмкіндік береді. Елімізде бәсекеге қабілетті тауарлар өндіріп, қызметтерді дамыту және құруды, сондай-ақ кәсіпкерлердің әлемдік нарықтағы белсенділігін арттыруды көздеген.

Жобаны жүзеге асырудың негізі ҚР мен ҚХР Үкіметінің арасында жасалған келісім болды. 2004 жылдың 24 қыркүйегінде Елбасы Н. Назарбаевтың Қытайға барған сапарында екі ел Үкіметінің өкілдері Қазақстан мен Қытай шекаралары арасында «Қорғас» халықаралық шекаралық әріптестік орталығын» құру туралы негіздемелік келісімге қол қойды. Келесі жылы шілде айында ҚХР-дың бұрынғы басшысы Ху Цзиньтаоның Қазақстанға келген ресми сапарының аясында орталықтың қызметін реттеуге келісім жасалды. Осы жылы тамыз айында ҚР Үкіметінің қаулысымен жоба операторы қазақстандық тараптан «Қорғас» шекара маңы ынтымақтастығы халықаралық орталығы» болып бекітілді. Орталықтың құрылысы екі бөліктен тұрады. Олар Панфилов ауданындағы орналасқан қазақстандық және ҚХР-дың Іле-Қазақ автономдық облысы аймағындағы тұрған қытайлық бөлік деп аталады. Орталықтың жалпы аумағы 528 гектар жерді қамтиды, оның 185 гектары қазақстандық, 343 гектары қытайлық бөлік. Орталықтағы бөліктердің арасындағы жол қатынасы арнайы көлік, жүргінші өткелдері арқылы жасалған. Арнайы экономикалық аймақта қазір екі ел азаматтары өз мемлекеттері тараптарының құзыретті органдары бекіткен құжаттардың негізінде виза рәсімдемей-ақ 30 тәулік мерзімге дейін жүре алады. 2016 жылдың қараша айынан бастап Қазақстан азаматтарына жеке куәлігімен орталыққа кіруге рұқсат етілді. Басқа мемлекеттерден келген азаматтар халықаралық сапарларға арналған құжаттарға сәйкес рәсімделеді.



Суретті түсірген **Ж. МҰСАБЕКОВ.**

Облыс әкімінің өңірдегі сапарының алғашқы күні Жаркент гуманитарлық-техникалық колледжі жиынжайында аудан активімен кездесуімен қорытындыланды. Мұнда өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуы, өндіріс орындарында, білім беру мекемелерінде шешімін күткен мәселелер қызу талқыланды. Алдымен аудан тіршілігі жайлы кең көлемді хабарлама жасаған аудан әкімі Бердәулет Абдулдаев өңірде жүзеге асырылған жұмыстар жайында баяндады. Жиында Үлкеншығаң ауылдық округіндегі «Қамқорлық» ЖШС төрағасы Әлен Жолдасов, Славян этномәдениет орталығының мүшесі Полина Емец, зейнеткер Тұрсын Жалилходжаев, Жаркент гуманитарлық-техникалық колледжінің студенті Гүлдана Самалбекова сөз сөйлеп, ойларын ортаға салды.

Амандық Ғаббасұлының Жаркент өңіріне сапарының екінші күні шекарадағы «Нұрлы жол» кедендік өткеліндегі логистикалық кешен құрылысын көруден басталды. Логистикалық кешен толық іске қосылғанда бір жұмыс күнінде 875 көлікке жүк тиеліп жолға шығатын болады. Соның 60 пайызы (525) қысқа мерзімді сақтау ғимаратында қайта тиеліп, 350 көлік ашық алаңнан жүк алуға бейімделген. Осы жерде облыс әкіміне Жаркент өңірін табиғи газбен қамту жұмысы таныстырылды. «Интергаз Орта Азия» АҚ директоры Валентин Хван таныстырған жаңа жобаның өңірге әкелер жақсылықтары орасан мол. Ірі транзиттік және магистральді газ құбырлары облыс арқылы өткенімен аймақты газдандыру деңгейі жоғары емес. Бұған қоса қазір қалыптасып отырған күрделі экономикалық ахуал тұрғындарды газбен қамту үшін жаңа құралдардың қолданылуын талап етеді. Мысалы, инфрақұрылымдық жобалардың жүзеге асуы үшін қуатты инвесторлар табуға тура келеді. Сондықтан «APL Construction» ЖШС секілді жеке инвесторлардың тартылуы аймақты газдандыру үшін ең тиімді тәсіл болмақ. Ұлттық оператор «ГазТрансГаз» АҚ инвестициялық серіктесі «APL Construction» ЖШС-імен бірлесіп, Жаркент қаласына жеткізуші газ құбыры мен автоматтандырылған газ тарату стансысын салып, наурыз айында іске қосылған. Қолданысқа берілген «Жаркент» АГТС-і мен газ құбырлары биыл аудан орталығының 43 мыңнан астам тұрғыны мен 161 өндірістік және коммуналдық-тұрмыстық кәсіпорынын, сонымен қатар «Қорғас – Шығыс қақпасы» арнайы экономикалық аймағын табиғи газбен жабдықтайды. Қазір газ құбырлары «Қорғас –Шығыс қақпасы» АЭА тартылуда. Жалпы, ауданда 324 шақырым газ құбыры салынып, 11800 тұтынушыны қамтымақ.

Баяндаушыны ден қоя тыңдаған облыс әкімі АҚ басшысы мен облыстағы осы салаға жауапты тұлғаларға газ тартуды сапалы атқарып, оның жалпы халыққа қолжетімділігіне баса назар аударуды тапсырды. Әсіресе, жобаға салынған қаржымызды жедел қайтарамыз деп тұрғындарды қинамау қажеттігін қадап айтты.

Келесі кезекте Нұркент қаласының іргесіне келген облыс басшысы осындағы аудан тұрғындарына арналып салынған 60 пәтерлі коммуналдық қос үйді көрді. Үй құрылысын «New Construction» ЖШС атқарып, жергілікті бюджеттен бөлінген 800 миллион теңгені сапалы игергені байқалады. Әр үйде 28 бір, 32 екі бөлмелі жаңа жайлы пәтерлер бар. Амандық Ғаббасұлы осы қалашық іргесінен салынатын болашақ Нұркент қаласына бөлінген жер теліміне барып, оның бас жобасымен танысты.

– Еліміз тәуелсіздік алған жылдардан бері аймақтарда бірде-бір жаңа қала салынбапты, Нұркент тыңнан салынған алғашқы қала болмақ, – деді облыс әкімі.

Іссапар «Қорғас – Шығыс қақпасы» АЭА-ның «Құрғақ порт» терминалында Қазақстан – Қытай мемлекеттері басшыларының қатысуымен Астанадағы «Экспо – 2017» көрмесінің Қытай павильонымен арада ұйымдастырылған «Қазақстан мен Қытай Еуразияның транзиттік көпірі» атты телекөпірмен түйінделді.

Телекөпірде екі ел басшылары ҚХР-дың Ляньюньган портындағы Қазақстан – Қытай логистикалық орталығы мен «Қорғас – Шығыс қақпасы» АЭА арасындағы контейнерлік қызметті іске қосты. Телекөпірде облыс әкімі мен «Қазақстан теміржолы» ҰК» АҚ вице-президенті Санжар Елубаев екі ел басшыларына «Қорғас – Шығыс қақпасы» АЭА-да атқарылған жұмыстар туралы баяндады. Ұлы Жібек жолын жаңғырту жобасының маңызы мен мәні жөнінде ҚР Президенті Нұрсұлтан Назарбаев пен ҚХР Төрағасы Си Цзиньпин сөз сөйлеп, «Құрғақ порттан» Қытайдың Шингу қаласына, Ляньюньганнан Түркияның Стамбул қаласына жүк тиелген алғашқы контейнерлік пойыздардың аттануына рұқсат берді.

Панфилов ауданы.

СЕЛЕКТОР

Өзгерістер түсіндірілді

БҰЛ ЖОЛҒЫ ҮКІМЕТ ОТЫРЫСЫНДА ЖАҢА ФОРМАТТАҒЫ АТАУЛЫ ӘЛЕУМЕТТІК КӨМЕКТІ ЕНГІЗУГЕ БАЙЛАНЫСТЫ ДАЙЫНДЫҚ БАРЫСЫ ТАЛҚЫЛАНЫП, АРНАЙЫ ЭКОНОМИКАЛЫҚ АЙМАҚТАР МЕН ИНДУСТРИЯЛДЫ АЙМАҚТАРДЫ ДАМЫТУДЫҢ ЖАҢА ТӘСІЛДЕРІ ПЫСЫҚТАЛДЫ.

Жемісу
Айгүл БАЙБОСЫНОВА

Қазақстанда алдағы жылдың бірінші қаңтарынан бастап енгізілетін жаңа форматтағы атаулы әлеуметтік көмек жәрдемақы тағайындау рәсімін едәуір жеңілдетіп, оны алушыларды барынша қамтуға мүмкіндік бермек. Бұл туралы ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі Тамара Дүйсенова мәлімдеді. Аталған көмек қазіргі қолданыстағы жәрдемақылардың үш түрін алмастырып, нәтижесінде жәрдемақы алуға қажет құжат санын айтарлықтай қысқартпақ. АӘК шартсыз және шартты ақшалай көмекке бөлінген. Шартсыз көмек еңбекке жарамды мүшелері жоқ немесе еңбекке жарамды мүшелері белгілі бір себеппен жұмысқа араласа алмайтын барлық отбасыға беріледі. Мұндай отбасыларға жәрдемақы алу үшін жұмыспен қамту шараларына қатысу талап етілмейді.

Ал шартты ақшалай көмек кем дегенде еңбекке жарамды бір мүшесі бар отбасылар әлеуметтік келісімшартқа қол қойып, отбасының еңбекке жарамды барлық мүшесі жұмыспен қамту шараларына қатысқан кезде берілмек. Әлеуметтік көмек жүйесіндегі реформаның нәтижесінде жаңа форматтағы АӘК-тің әрбір алушысы үшін жәрдемақы сомасы келесі жылы орта есеппен 25 пайызға ұлғайтылады. Әлеуметтік көмек алу ережелеріне енгізілген өзгерістерге халықты дайындау үшін елдің үш өңірінде 2014 жылдан бастап пилоттық режимде «Өрлеу» жобасы іске асырылған. Бағдарламаға шамамен 79 мың азамат қатысып, олардың 19 мыңға жуығы еңбекпен қамтылыпты. Өңірлерде пилоттық жобаны жүзеге асыру мен жұмыспен қамту шаралары туралы Ақмола және Жамбыл облыстарының әкімдері баяндады. Бұдан соң ҚР Инвестициялар және даму министрі Жеңіс Қасымбек хабарлама жасап, арнайы экономикалық аймақ (АЭА) қызметіне жүргізілген талдау қорытындысы бойынша бірқатар мәселенің анықталғанын мәлімдеді.

Елде түрлі салалық бағыт бойынша өндеу өнеркәсібінде 10 АЭА құрылған. АЭА режимі «Қорғас – Шығыс қақпасы» соңғы буынның логистикалық кластерін құруға, Астанада теміржол машиналарын жасауға, «Оңтүстік» АЭА-да тоқыма өнеркәсібін қайта қалпына келтіріп, «Химпарк Тараз» бен «ҰИМТ» АЭА-да химия және мұнай-химия кластерінің негізін қалауға мүмкіндік берілген. Бүгінде АЭА аумақтарында 154 жоба іске қосылып, 651 млрд. теңге инвестиция салынған. Нәтижесінде 11 мыңнан аса жұмыс орны құрылып, бюджетке салық түрінде 107 млрд.-тан аса теңге қайтарылған. Биыл үш мың жаңа жұмыс орнын ашу бойынша қосымша 24 жобаны іске қосу жоспарланыпты. Сондай-ақ, жиынды индустриялды аймақтарды дамытуға байланысты мәселелер қаралып, оны жүзеге асырудың жаңа тәсілдері әзірленді.

Айта кетейік, бүгінде Қазақстанда өңдеу өнеркәсібі жобалары үшін дайын инфрақұрылыммен 22 индустриялды аймақ бар. Инвестиция көлемі шамамен 100 млрд. теңге болатын 107 өндіріс іске қосылып, 7 700 жұмыс орны құрылған. Он үш облыста тағы 150 инвестициялық жоба жүзеге асырылып, 21 индустриялды аймақ құрылыс және жобалау кезеңінде. Жиын барысында бизнес қоғамдастықтың позициясы туралы «Атамекен» ҮКП басқарма төрағасы Абылай Мырзахметов, АЭА-дағы инфрақұрылым құрылысы жайлы «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ басқарма төрағасы Өмірзақ Шөкеев баяндады. Бұдан соң Бақытжан Әбдірұлы Үкіметке еңбекке қабілетті халықты жұмыспен қамту үшін барынша жағдай жасау қажеттігін тапсырып, арнайы экономикалық және индустриялды аймақтардың қызметін жетілдіруді жүктеді.

ЖАСЫЛ ОРАҚ

Жемшөп дайындау қарқын алды

АГРАРЛЫ АУДАН БОЛҒАНДЫҚТАН МАЛ МЕН ЕГІН ШАРУАШЫЛЫҒЫН БАРЫНША ДАМЫТУ БАСТЫ НАЗАРДА. СОҒАН ОРАЙ ӨҢІРДЕ МАЛ БАСЫ ДА ЖЫЛ САНАП КӨБЕЙІП КЕЛЕДІ. АЛ ОСЫ ТӨРТ ТҮЛІККЕ ҚАЖЕТТІ ЖЕМШӨПТІ ДЕР УАҒЫНДА ДАЙЫНДАУ БҮГІНГІ ТАҢДА ШАРУАШЫЛЫҚТАРДЫҢ НЕГІЗГІ ЖҰМЫСЫНА АЙНАЛЫП ОТЫР.



Осындайда «Қыстың қамын жаз ойла», деп дана халқымыз тегін айтпаған. Жадыраған жаз келіп, жайқалған көк майсаға орақ түсетін кезең де келіп жетті.

Жауапты науқанның өз деңгейінде жүргізілуін басты назарда ұстаған аудан әкімі Ғалым Тоқпейісов күн сайын атқарылуға тиіс жұмыстар жайында ауылшаруашылық саласының мамандарына тапсырмалар жүктеп отырғандықтан шөп шабу науқаны жылдағыға қарағанда көңіл марқайтатындай дәрежеде жүргізілуде.

Аудан көлеміндегі 10031 гектар жоңышқа алқабының бүгінгі таңда 4280 гектары шабылып, 1893 гектардың шабылған шөбі тайланды. Орташа есеп бойынша гектарына 50 центнерден айналуда. Мұның сыртында 730 гектар жердегі жоңышқалықтан 4880 тонна пішендеме дайындалды. Жалпы айтқанда, бұл науқанға аудан көлемінде 32 дана шөп шабатын комбайн, 58 дана шөп тайлайтын техникалар жұмылдырылып, жоңышқа ору науқанының бірінші орылымы маусым айының соңына дейін аяқталады деп жоспарлануда. Қарқынды түрде атқарылып жатқан жұмыстардың мән-жайымен жақынырақ танысу мақсатында аудан орталығы Бақанасқа жақын орналасқан бірнеше шаруашылықтарды аралап қайттық.

«Өтес Ақдала» ЖШС-інің №5 бөлімшесінің жоңышқа алқабын аралағанымызда аталмыш шаруашылыққа тиесілі 320 гектар жоңышқалық жердің 210 гектары орылып, оның 180 гектарындағы шөптің тайланғанының куәсі болдық. Биылғы жылдың шөп шабу науқанына «Өтес Ақдала» ЖШС-і арнайы шөп шабатын екі «Мещера Е-403» маркалы техникасын сатып алған. Жаңа техникалар пішен шабу науқанында тоқтаусыз жұмыс атқарып, өнімділігін айрықша көрсетуде.

Шөп шабу науқанында көш бастап тұрған шаруашылықтардан «Бірлік» агрофирмасын және «Динара» өндірістік кооперативін, «Агрофирма «Өтес» жауапкершілігі шектеулі серіктестігін, сондай-ақ, «Марат» шаруа қожалығын атап өтуге әбден болады.

Осылайша аудан көлемінде шөп шабу науқаны қарқын алуда.

Күмісбек ЕРБАЕВ.
Балқаш ауданы.

EXPO 2017
• Future Energy •
Astana Kazakhstan

Алаш жұрты ерекше толқыныспен көз тіккен «ЭКСПО – 2017» көрмесінің ашылу сәті де келіп жетті. Елбасы Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ пен бірнеше мемлекеттің басшылары, көптеген қоғамдық ұйымның жетекшілері қатысқан шараның салтанаты ерекше болды. Астана көгін қалықтаған ән, көңілді күй, шуақты тілектер шоғыры баурады.

Алаш рухы асқақтады

Жемісу
Қажет АНДАС

Әлемнің әр қиырынан келген мыңдаған қонақ әуеде қалықтап өнер көрсеткен скрипкашыларды, үздік диджейлер мен MTV концертіне тәнті болды. Бір айта кетерлігі, көрменің ашылу салтанатындағы мәдени ойын-сауық бағдарламасындағы қазақстандық үлес шамамен 80%-ға жетті. Халықаралық көрме жұмысы отандық «Ұлы Дала симфониясы» шоуымен басталды. Бұл таңғажайып шоуға мәдениетімізді, салт-дәстүрімізді паш ететін 600-ден астам әртіс қатысты. Арнайы шоуда Қазақстан композиторларының шығармалары қамтылған. Сондай-ақ, осы күні «Нұр Әлем» нысанында проекциялық шоу көрсетілді. Бұл таңғажайып көрініспен қонақтар қыркүйекке дейін күн сайын кешкі мезгілде тамашалай алады. Көрме ЭКСПО аумағында өткен кешкі парадпен аяқталды.

Осындай салтанатпен ашылған көрме жұмысының алдағы уақыттағы кереметтерінің аз болмайтыны анық. «ЭКСПО – 2017» көрмесінің ұйымдастырушыларынан алған ақпаратқа сүйенсек, ЭКСПО аумағында ұйымдастырылатын барлық мәдени ойын-сауық іс-шарасы 10 мың адам сыятын Амфитеатр, 1 мың адамға есептелген Энергия холл, сондай-ақ, 2 100 адамға арналған Конгресс орталықта өтеді. Оларға көрменің билеті болған жағдайда ғана кіруге болады. Ал Арт орталықтың Амфитеатрында өтетін шараларға тегін кіруге болады. Оның ішінде Қазақстанда тұңғыш рет өтетін MTV-нің концерті және «Gakku» телеарнасының Қазақстан эстрадалық орындаушыларының фестивалі бар. Сонымен қатар, «ReuniondesMuseesNationaux-GrandPalais «Artists&Robots» зерттеу-көрмесі тегін бағдарламалар қатарына енген, онда көрермендердің көз алдында өнер туындылары жасалады. Ал «Garage» қазіргі заман өнері музейінде арт-нарық, заманауи кураторлық тәжірибе мен баспа ісіне арналған дәрістер мен пікірталастар сериясы өтеді. Сонымен бірге, қазіргі заманның өнеріне арналған үш жүзден астам фильм көрсетіледі. «CreativeEnergyArea» шығармашылық энергия аймағында қазіргі мәдениет саласындағы қазақстандық және халықаралық мамандар бірігіп дайындаған онлайн дәрістер, кинокөрсетілімдер және интерактивті іс-шаралар есігін айқара ашады. Afrojack, Axwell және SteveAoki сынды танымал диджейлер көрме келушілері үшін тегін өнер көрсетеді.

Концерттер «Сарыарқа» велотрегінде және «Астана Арена» стадионында да өткізіледі. Бұл сахналарда ресейлік және шетел жұлдыздары өнер көрсетеді. Мәселен, Полина Гагарина мен Егор Крид, BlackStarParty (MOT, KristinaSi, L'One, Timati), ThirtysecondstoMars, LimpBizkit, ErosRamazotti. Билет құны 6 мыңнан 28 мың-ға дейін жетеді. Бұл концерттерге билет сатып алған әр көрермен сыйлыққа көрме билетін алады. Барлық мәдени бағдарлама кешкі демалыс уақытына сай әзірленген және бірнеше күн бойы қайталанады. Ұйымдастырушылардың айтуынша, бұл адамдар арнайы көрме үшін жасалған бірегей шоу мен концерттерді көрсін деп жасалып отыр. Мұндай шараның бірі «Дәстүрдің жаңа өмірі» атты классикалық концерттер топтамасы. Мұнда танымал диджейлер, тіпті, имперлік орыс балеті де өнер көрсетеді. Сол үшін Ресейдің театр режиссері Алексей Франдетти арнайы шақырылды. Ол әр концертке «Батылдық», «Махаббат», «Шабыт» деп жеке-жеке ат қойды.

«А-студио» тобының мюзиклі 6 күн бойы көрсетіледі. «NoMadKarma» тобы танымал Қазақстан композиторы, әнші, «URKER» тобының солисі Айдос Сағаттың жаңа қазақ-британ музыкалық жобасы да ЭКСПО-ға арнайы бағдарлама дайындап жатыр. Ол «Болашақ энергиясы» атты көрменің тақырыбына арналған инновациялық-мультимедиялық шоу көрсетеді. Билет сатылымдары бойынша Дю Солей циркі және «Би2», «Мумий тролль» топтары алда келе жатыр.

Қазақстандық павильондарындағы көптеген нысан көрме біткеннен кейін де жұмыс атқарады. Мысалы, «Нұр Әлем» Болашақ музейіне айналады. Себебі, онда үздік үлгілер жинақталған. Ғарыш, күн, жел энергиясынан бастап кинетикалық энергиясы тақырыптық павильондары да көрменің мұрасы ретінде қалады. Босаған халықаралық павильондардың екеуіне халықаралық қаржылық орталық орналасады. Сондай-ақ, БҰҰ қамқорлығымен жасыл энергия халықаралық орталығы ұйымының Бас Ассамблеясы, IT-стартаптар ашылады. Яғни, көптеген нысан жұмысын жалғастырып, одан ары қызмет көрсете береді.

Тәуелсіздік – біздің мандайға басқан бағымыз!
Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ.

Жетісу

АЛМАТЫ ОБЛЫСТЫҚ
ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ,
ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ГАЗЕТ

№71 (18347)

Газет 1918 жылғы маусымнан шығады

WWW.Zhetysu-gazeti.kz Jetisu2002@mail.ru

Сейсенбі, 27 маусым, 2017 жыл.



АРҚА ТӨСІНДЕГІ АЙТУЛЫ ЖИЫН

Өткен аптада Астана қаласында Алаштың айбынын асырған, елдің рухын көтерген, қазақтың бірлігін паш еткен алқалы жиын өтті. Әлемнің 39 елінен жиналған қандастарымыз үш күн бойы жаңа Елорданың көркем көрінісіне көзайым болып, Есілдің ерке самалымен желпінді. Көкке бой созған Байтеректен биіктікті сезініп, этноауылды аралап, болашаққа сенім ұялатты. Астана операдан «Қыз Жібек» фильмін тамашалап, Ұлттық кітапханада ұрпақты ұлылыққа бастайтын ұлағатты бастамалар жайлы әңгіме өрбітті. «ЭКСПО – 2017» көрмесін аралап, қазақстандықтардың ғылым саласында жеткен жетістігіне тәнті болды. Республикалық «Нұр Отан» партиясы Орталық аппаратының гимаратында бас қосқан жастар рухани, мәдени, тағы да басқа салалардағы ынтымақтастықты бекемдеп, әлемдегі қазақ жастарының белсенділігін арттыру жөнінде уағдаласты. Тәуелсіздік сарайында Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың қатысуымен өткен салтанатты жиын әр қазақтың жүрегіне «Қазақстан» деген қасиетті ұғымды бұрынғыдан да терең ұялатты.

Салтанатты жиында Елбасы ең алдымен алғашқы құрылтай өткеннен бергі 25 жыл ішінде еліміздің жеткен жетістіктері мен жүргізілген реформаларды атап өтті. Онда «Қазақстан – 2030» Стратегиясының үлкен жетістігін тілге тиек еткен Мемлекет басшысы сол үрдістің бүгінде «Мәңгілік Ел» идеясына арқау болып, Ұлт жоспарын жүзеге асыру жолындағы ұлы істерге жол ашқанын атап көрсетті. Сонымен қатар, Президент рухани жаңғыру аясында іске асырылып жатқан алты жобаға айрықша тоқталды. Соның ішінде латын әліпбиіне көшу, гуманитарлық бағыттағы үздік 100 оқулықты қазақ тіліне аудару, «Туған жер», «Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы», «Жаһандағы заманауи қазақстандық мәдениет», «Қазақстандағы 100 жаңа есім» сияқты жобаларды тыңғылықты атқарудың маңыздылығын айрықша атап өтті.

Жетісу
Қажет АНДАС

Елбасы баяндамасында шетелдегі қандастарымызға қолдау көрсетіп, қамқорлық жасау тұрғысында атқарылатын жұмыстарға да ерекше мән берілді. Президент қандастарымызды қолдаудың маңыздылығы жайында айта келіп «Отандастар» қорын құруды тапсырды. Сондай-ақ, Мемлекет басшысы шетелдердегі елшіліктерге атажұртқа оралуға ниетті қандастарымыздың құжаттарын дайындау және оларға кеңес беру жөніндегі жұмыстарды қадағалап, жеңілдетудің жолын қарастыру туралы тапсырмалар жүктеді. Бұдан бөлек, Қазақстан Президенті іргелес елдерде мемлекеттік телеарналардың көрсетілуі мен мерзімді баспасөздің таралу мәселелерін пысықтау, қандастарымыздың арасындағы дарынды және кәсіби мамандарды елге тартып, оларды бейімдеу тетіктерін қарастыру, еліміздің оңтүстігінен солтүстік облыстарына қоныс аудару бағдарламасына қатысқан азаматтарды орналастыруға жағдай жасап, оларды жұмыспен қамту тетіктерін жетілдіру туралы да ойларымен бөлісті.

Елбасы баяндамасынан кейін жарыссөзге шыққан құрылтай делегаттары алыстағы ағайынның Елбасына сәлемін жеткізіп, дүниежүзі қазақтарының береке-бірлігін нығайтуға қатысты жоба-жоспарларын ұсынды. Сол қатарда Түркі академиясы халықаралық ұйымының (TWESCO) басшысы Дархан Қыдырәлі мәдени жауһарларымызды жаһанға жүйелі таныту мақсатында шетелдерде, әсіресе диаспора шоғырланған елдерде арнайы орталықтар ашылса деген ұсыныс білдірді. Бұл ұсыныстың қолдау табатындығы анық. Құрылтай соңында делегаттар Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевты Дүниежүзі қазақтары қауымдастығының Төрағасы етіп қайта сайлады. Ал оның бірінші орынбасары болып Зауытбек Тұрысбеков тағайындалды. Оның кандидатурасын ұсынған Елбасы бұған дейін Украина, Ресей, Молдова, Өзбекстан елдерінде төтенше және өкілетті елші, 2015 жылдың желтоқсан айынан бастап «Нұр Отан» партиясының хатшысы қызметін атқарған Зауытбек Тұрысбеков шетелдегі 5 миллион қазақтың мүддесін қорғап, мұң-мұқтажын шеше алады деген сенімін білдірді.

Тәуелсіздік сарайындағы салтанатты жиыннан кейін құрылтай делегаттары ҚР Ұлттық кітапханасында өткен «Шетелдегі қазақ диаспорасы: мәдениет, спорт, ақпарат құралдары жөніндегі қолдау көрсету және дін істері мәселесі» тақырыбындағы «дөңгелек үстелге» қатысты. Ондағы көтерілген сұрақтарға Мырзатай Жолдасбеков, Алдан Смайыл, Ғарифолла Есім, Дос Көшім, Ерден Қажыбек сияқты мемлекет және қоғам қайраткерлері мен ҚР Мәдениет және спорт министрлігі Тілдерді дамыту және қоғамдық-саяси жұмыс комитетінің төрағасы Қуаныш Асылов жауап берді. Ал «Нұр Отан» партиясы орталық аппаратында өткен «Рухани жаңғыру және жастар» атты қазақ жастарының I халықаралық форумына «Нұр Отан» партиясы төрағасының бірінші орынбасары Мұхтар Құл-Мұхаммед, Дүниежүзі қазақтары қауымдастығының Төрағасы Өзгехан Кесижи Елбасының қамқорлығымен Қазақстанға келіп білім алып жатқан жастардың атынан алғысын білдірді. Сонымен қатар, шара аясында Италия, Ирландия, Қытай, Моңғолия, тағы да басқа елдерден келген жастар сөз алып, атажұртқа қызмет етуді парыз санайтынын, шетелден алған білімі мен тәжірибесін Қазақстанның игілігіне жұмсауға дайын екендіктерін жеткізді.

Үш күнге созылған құрылтай осылай өрілді. Қысқасы, Дүниежүзі қазақтарының V құрылтайы жүрекке жалын, өмірге қуат берген салиқалы жиын болды. Ең бастысы, бұл жолғы құрылтай делегаттарының 80 пайызы 45 жастан төменгі жастар болды. Олар бірімен-бірі танысты, болашаққа жоспар жасады, үлкен мақсаттар жолындағы бауырмалдыққа жол салды. Иә, жаңа Астана әлемдегі қазақ жастарының ақыл-парасатын бір қазанда қайнатып, ұлттың мүддесі үшін сарқа жұмсауға жол ашқан ұлы жиын болды. Еске сала кетейік, Дүниежүзі қазақтарының V құрылтайына облыс әкімі Амандық Баталов бастаған, құрамында облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы Ермек Келемсейіт, облыстық тілдерді дамыту басқармасының басшысы Айдар Башбаев, зейнеткер Сәуле Баймолдақызы және осы жолдардың авторы бар, делегация қатысып қайтты.

Астана қаласы.

БҮТІНГІ НӨМІРДЕ:

АЗАМАТТЫҚ САНА – АРДЫҢ ІСІ
2-бет

ӘКЕНІҢ ЖӨНІ БІР БӨЛЕК
3-бет

ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!

Құрметті Әміре ӘРІНҰЛЫ және «Жетісу» газетінің ұжымы!

Сіздерді кәсіби мерекелеріңіз – Байланыс және ақпарат қызметкерлері күнімен Алакөл ауданының жұртшылығы атынан шын жүректен құттықтаймын! Бұл – бүкіл еліміз үшін маңызы зор, мәні бөлек мереке.

Себебі, бұқаралық ақпарат құралдары мен байланыс саласы кез келген мемлекеттің дамуында айрықша орын алады.

Сіздердің тәуелсіз Қазақстанның ақпараттық кеңістігінің қалыптасуы мен нығаюына, еліміздің саяси тұрақтылығын, экономикалық жағынан шарықтап дамуын, әл-ауқатының айтарлықтай жақсаруын жан-жақты насихаттауға қосып отырған үлестеріңіз зор.

Халық сіздерге сенеді, сіздерге құлақ асады. Сіздер билік пен бұқараның арасындағы алтын көпір дәйекті дәнекерсіздер.

Сіздерді тағы да шын жүректен құттықтай отырып, дендеріңізге саулық, отбасыларыңызға амандық тілеймін.

Әрдайым шығармашылық табыстың көкжиегінен көріне беріңіздер!

Ә. ЖАҚАНБАЕВ,
Алакөл ауданының әкімі.

EXPO 2017 • Future Energy • Astana Kazakhstan

Жуырда ауылдық округ ветеринариялық пункттерінің меңгерушілері, аппарат мамандары, барлығы 30 адам Астана қаласында өтіп жатқан «ЭКСПО – 2017» халықаралық көрмесін көріп қайттық. Көргеніміз көп, алған әсеріміз мол. Ең бастысы, бізді Елордамыздың ажарын ашқан сәулетті құрылыстары, заманауи көркі мен келбеті қуантты.

Үлкен әсермен оралдық

Жалпы ЭКСПО қалашығы аумағында 115 ел мен 22 халықаралық ұйымның көрмесі орналастырылған. Ондағы ең керемет көрініс – еліміздің «Нұр Әлем» кешені. Қай тараптан қарасаң да дәл ортадан көрінетін кешеннің көрінісі керемет. Алып ғимарат 8 қабаттан тұрады. Онда негізгі энергия түрлері – ғарыш, күн, жел, су және кинетикалық энергия үлгілері көрсетіледі және «Астана – болашақтың қаласы – 2050» экспозициясы ұсынылған. Оның бірінші бөлігінде келушілер Қазақстанның тарихымен, мәдениетімен, осы күнгі тынысымен және болашақтың жоспарымен таныса алады. Ал «Жасампаз қуат» аймағында көрме тақырыбы аясында отандық ғалымдардың үздік жобалары, Мемлекет басшысының энергетика және қоршаған ортаны қорғауға қатысты бастамалары, өнірлерде табысты іске асырылатын «Жасыл экономика» жобалары қойылыпты. «Үздік тәжірибелер аймағы» атты арнайы павильонда тұрақты энергия көздері саласындағы технологиялар мен жобалар көрініс тапқан.

Бүгінгі күні әлем назары Астана қаласына ауды. Астанамыз дәл осындай дүние жүзін тамсандырар тамашасын жүйрік уақыттың жалына жармастырып, замана көшіне ілестірген игілігімен сүйсіндіріп отыр. Әсіресе, ЭКСПО – 2017 көрмесі көрген жанға керемет көңіл-күй сыйлап, барша қазақстандықтарды мақтанышқа бөлеуде. «Жақсыны көрмекке» дейді халқымыз. Жолыңыз түссе сіз де көріп қайтыңыз.

Мырзаш ИЗЕНТАЕВ,
Райымбек аудандық ветеринариялық пунктінің маманы.

ҚАЗАҚСТАН ПОЛИЦИЯСЫНА — 25 ЖЫЛ



Сүретті түсірген Ж. МҰСАБЕКОВ.

Қоғам қауіпсіздігі мен азаматтардың тыныштығын күзететін полиция қызметкерлеріне артылған жауапкершілік жүгі ауыр. Заңсыздық пен құқықбұзушылықтың болмауын қадағалау олар үшін басты борыш. Соған орай 8 адамды өрттен құтқарған полиция аға лейтенанты Серікбек Алпысбеков және сержант Мақсат Әлиев, қылмыскерді құрықтап, екі ғаз баллонының жарылуын болдырмаған полиция аға лейтенанты Нұржан Батқалбеков, шұғыл-қызметтік көрсеткіштер бойынша үздік жетістікке жеткен аға лейтенанттар Нұрсұлтан Бекетаев пен Аян Нұрахметов сынды ерлердің есімі ұмытылмайды.

ТӘРТІП САҚШЫЛАРЫ МАРАПАТТАЛДЫ

Осындай жас мамандарға ұлағатты ұстаным мен өнегелі өсиет қалдырған Болат Қожақов, Өмірбек Ізбасаров, Егеубек Өмірзақов, Болат Молдабеков сынды ішкі істер органдарының ардагерлері өскелең ұрпаққа тәрбие беруден танған емес. Мұның бәрі Қазақстан полициясының құрылғанына 25 жыл толуына орай Талдықорған қаласындағы «Жастар» мәдениет және демалыс саябағында өткен салтанатты жиында айтылды.

Жетісу полициясының жетістіктері мен көрсеткіштеріне арналған салтанатты шарада облыс әкімінің бірінші орынбасары Лаззат Тұрлашов көпшілікті айтулы мерекемен құттықтап, жергілікті полиция қызметіне көрсетіліп жатқан қолдаудың жалғаса беретінін жеткізді. Өз сөзін:

– Құрметті ішкі істер органдарының қызметкерлері мен ардагерлері! Сіздерді Қазақстан полициясының 25 жылдық мерейтойымен шын жүректен құттықтаймын! 25 жыл бойғы қалыптасу кезінде еліміздің ішкі істер органдары күрделі жол кешіп, дамудың жаңа кезеңіне өтті, – деп бастаған Лаззат Махатұлы қоғамның тыныштығы мен қауіпсіздігін қадағалайтын

Жетісу
Мәди АЛЖАНБАЙ

тәртіп сақшыларына деген ел сенімінің жоғары екендігін айтып өтті. – Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев: «Полиция қызметкерлері азаматтардың сеніміне ие болып, олардың қызметі ең алдымен халыққа қызмет көрсетуге бағытталуы тиіс» – деп атап өткен болатын. Әр азаматтың өмірі мен денсаулығы – еліміз үшін басты құндылық. Сондықтан, полициядағы қызмет тәртіп сақшыларына зор жауапкершілік жүктейді. Полиция қызметкерлері азаматтардың конституциялық құқықтарын қамтамасыз етеді. Олар күн сайын қоғам дамуына зор үлесін тигізе отырып, қоғамдық тәртіпті қорғайды.

Лаззат Махатұлының айтуынша Алматы облысында 5 мыңға жуық полиция қызметкерлері абыроймен еңбек етуде. Қауіпті де абыройы қызмет жолын таңдаған тәртіп сақшыларының қатарында қызмет кезінде ерлікпен көз жұмған ерлерді ұмытуға болмайды. Азаматтардың өмірін қорғай жүріп қаза тапқан боздақтар полиция майоры Тұрғанжан Тұрдиев, полиция капитанды Азамат Мұртбаев, Ержан Ахметов, Виктор Иванов, полиция лейтенанттары Алмас Алинов, Ерлан Керімбеков, Ғалым Тәттібеков, Еділ Әділжан, старшиналар Ермұқаш Қасенов пен Манас Жұмаділов, полиция сержанты Мүсрет Абдулдаев.

Облыста ішкі істер органдарының материалдық-техникалық базасын нығайту үшін қаржыландыру мөлшері жыл сайын артып келеді. Биыл қызметтік автотранспорт, қажетті техника мен мамандар штатын ашу үшін 12 миллиард теңгеден астам қаржы бөлініп отыр. Одан бөлек, «Қауіпсіз аула» жобасы аясында облыс орталығына құны 4,5 миллиард теңге болатын 800 бейнекамера орнатылады. Дәл қазір облыста орнатылған 360 бейне-бақылау камерасы қоғамдағы тәртіпті қадағалауға қызмет етуде. Сондай-ақ, биылға 62 учаскелік полиция бекетінің құрылысын жүргізу жоспарланған. Онда учаскелік полиция қызметкерінің отбасына арналған қызметтік үй бірге салынады. Осындай жетістіктердің қатары мол екенін жеткізген облыс әкімінің бірінші орынбасары бұдан соң облыстық, қалалық және аудандық ішкі істер органдарының бөлімшелеріне жаңа 50 автокөліктің кілтін беріп, үздік мамандарға облыс әкімі Амандық Баталовтың Құрмет грамотасын және Алғыс хатын табыстады.

Мінберге көтерілген облыстық ішкі істер департаментінің бастығы, полиция генерал-майоры Мұрат Үрұмханов ҚР Ішкі істер министрі, полиция генерал-полковнигі Қалмұханбет Қасымовтың бұйрығымен кезектен тыс арнайы атаққа лайықтыларды марапаттап, қызметте жоғары жетістіктерге жеткен мамандардың кеудесіне «Қазақстан полициясына 25 жыл» төсбелгісін тақты. Одан бөлек, қоғамдық тәртіпті қадағалауға қажетті жұмыстарды ұйымдастырған мамандарға «Құқық тәртібін қамтамасыз етуге қосқан үлесі үшін» медалі және II дәрежелі «Ішкі істер органдарының үздігі» төсбелгісі табысталды.

Салтанатты жиын соңы еліміздің эстрада жұлдыздарының концерттік бағдарламасына ұласты.

ҚҰРЫЛЫС

Талдықорғанда жаңа оқу жылына дейін «Жетісу» футбол клубының жатақханасы, №20 мектептің және қазақ-түрік лицейінің ғимараттары жаңармақ. Осыған орай облыс әкімінің орынбасары Жақсылық ОМАР күрделі жөндеу жүріп жатқан білім және спорт нысандарын аралап, жұмыс қарқынымен танысып қайтты.



Күрделі жөндеудің күрмеуі шешілді

Бірінші болып орталық «Жетісу» стадионына бас сұқты. Орталық алаңның сапасы мен жүріп жатқан құрылысты тексеріп, бірқатар тапсырмалар берді. Сын-ескертпелер де айтты.

– Бірінші лига «Жетісу» командасының деңгейі емес. Облыс әкімі «Жетісу» командасына 1.5 млрд. теңге қаржы бөлді. Бұл бірінші лигадағы командалардың бюджетінен төрт есе артық. Сондықтан келесі жылы премьер-лигада өнер көрсетулерің керек. Сонымен қатар, стадионның тек алаңына ғана емес, айналасына да қараңыздар. Жазғы маусымда балалардың кешке футбол ойнауына мүмкіндік жасаңыздар, – деді Жақсылық Мұқашұлы.

Бұдан соң ҰБТ-дан орташа 106,6 балдық көрсеткіші бар № 20 лицейге барып, оқу орнының спортзалы таршылық ететінін көрді. Сондай-ақ облыс әкімінің орынбасары жұмысты сапалы әрі уақытылы аяқтау керектігін алға тартты. Лицейдің құрылысымен 105 адам айналысуда. Әзірге жұмыс қарқыны жақсы. «Тамыз айында оқушылар су жаңа нысанда оқиды», – дейді құрылысшы мамандар.

Осыдан кейін № 19 мектепке барып, күрделі жұмысты талап ететін үйірме залын көріп қайтты. Оқу жылын 280 баламен тамамдаған үйірмеге мектеп оқушылары мен мүмкіндігі шектеулі балалар қатысады. Мектепте шахмат, дойбы, тоғызқұмалақ, би, ән, домбыра, футбол, театр үйірмелері жұмыс істейді. Сонымен қатар, математикадан қосымша сабақ өтеді. Бүгінде дайындыққа әр ауданнан келген оқушылар көп. Жақсылық Мұқашұлы: «Біздің болашағымыз осы жастар. Сондықтан оларға барлық жағдай жасауымыз керек. Сіздер соған атсалысыңыздар. Балаларды үйірмеге тартыңыздар», – дей келе, ғимараттың құрылысы шешімін табатындығын айтты.

Келесі кезекте Жақсылық Мұқашұлы қазақ-түрік лицейіне барды. Ол мұнда жұмыстың баяу атқарылып жатқандығын көріп, құрылысшылар саны мен жұмыс сапасын арттыру керектігін айтты.

– Мына қарқынмен жаңа оқу жылы басталғанша мектеп құрылысын бітіре алмайсыздар. Қазақ-түрік лицейінің 3 ғимаратын жөндеуге алпыс адамды жұмылдыру аз. №20 лицейде бір ғимараттың өзінде 105 құрылысшы жұмыс істейді. Бірінші кезекте – сапа, одан кейін уақыт. Сондықтан жұмысшылар санын көбейтіп, күн-түн демей жұмыс істеу керек, – дей келе арнайы келіп тексеретіндігін айтты. Сондай-ақ, оқу ордасына білім сапасын арттыру керектігін ескертті.

А. НАЗАРҰЛЫ.

Тәуелсіздік – біздің мақтанышымыз!
Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ.

Жетісу

АЛМАТЫ ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ, ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ГАЗЕТ

Газет 1918 жылғы маусымнан шығады

WWW.Zhetysu-gazeti.kz Jetisu2002@mail.ru

№ 101 (18377)
Сейсенбі, 12 қыркүйек, 2017 жыл.

БРИФИНГ

ТУҒАН КҮНІҢМЕН, Талдықорған!

Әсем қаламыздың мерейлі мерекесі басталып та кетті. Айшықты шара айдың аяғына дейін жалғасады. Қала күні биыл да ерекше тойланады. Соған орай қала әкімі Бағдат ҚАРАСАЕВ БАҚ өкілдеріне арнап баспасөз мәслихатын өткізді.

Баспасөз конференциясында қала әкімі мерекеге орай өткізілетін шаралар легін атап өтті.

– Өздеріңізге белгілі, қыркүйек айында қала күніне арналған іс-шараларды бастаймыз. Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласына орай, түрлі шаралар ұйымдастырылады. Талдықорған қаласы тек жарқын да заманауи облыс орталығы ғана емес. Бұл біздің еліміздің өркендеуіне сүбелі үлес қосып келе жатқан шырайлы шаһар, – деді Бағдат Әбілмәжінұлы. Сонымен қатар, қала басшысы мерекелік бағдарлама толық бекітілмегенін, уақытында тағы да өзгерістер болуы мүмкін екендігін ескертті.

Жыл сайын қала күнін атап өту дәстүрге айналған. Талдықорған – өндірісі өркендеген, өткен ғасыр басында ұлт зиялылары қызмет еткен рухани орда. Облыс орталығының сан ғасырлық тарихи бейнесінде терең саяси, рухани мән жатыр. Сондықтан, Талдықорғанның туған күніне әрбір тұрғын атсалысуы тиіс. Бір айта кететіні, қала күніне бұрын-соңды өңірімізге келмеген өнер жұлдыздары қатыспақ.

ӨЗ ТІЛШІМІЗ.

КҮРЕТАМЫР

Жастарға қызмет көрсету орталығының мәжіліс залында «Мемлекеттік тілдің латын графикасындағы әліпбиінің бірыңғай стандартын енгізу мәселелері» туралы парламенттік тыңдауды жетісулықтар арнайы телеэкраннан көрді. Елорда төрінде өткен басқосуға ҚР Парламенті Мәжілісінің Төрағасы Нұрлан Нығматулин, Премьер-Министрдің орынбасары Ерболат Досаев, қос палата депутаттары мен мемлекеттік орган өкілдері, әліпби жобасын әзірлеуші Ахмет Байтұрсынов атындағы Тіл білімі институтының және Шайсұлтан Шаяхметов атындағы Тілдерді дамытудың республикалық үйлестіру-әдістемелік орталығының басшылары, жоғары оқу орындарының ректорлары, ғылым және мәдениет қайраткерлері, ғалымдар мен сарапшылар қатысты.

Әлем қазақтарын біріктіретін әліпби

Жетісу
Еңлік КЕНЕБАЕВА

– Біздің ұлттық санасезім, рухани даму, өркендеу жолымыз, осының барлығы, қазақ тілінің жаңа әліпбиін жасаудан басталады. Себебі, Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев айтқандай, қазақ тілі – ол біздің рухани негізіміз. Осы жолда тілдің халықаралық мәртебесін көтеру – біздің әлемдік өркениетке жетуіміздің басты кепілі. Сонымен бірге, жаңа әліпби бүкіл әлем қазақтарын біріктіретін өте маңызды фактор, – деді Мәжіліс Төрағасы Нұрлан Нығматулин.

Жергілікті агенттіктердің хабарлауынша, әліпби нұсқасын Ахмет Байтұрсынов атындағы Тіл білімі институтының директоры Ерден Қажыбек пен Тілдерді дамыту орталығының директоры Ербол Тілешов таныстырды. Жаңа әліпби жобасында 25 таңба бар. Ербол Тілешовтің айтуынша, әліпбиді құрастыруда қазақ тілінің үндестік заңдылығы ескеріліп, нәтижесінде 25 таңба шыққан. Оның айтуынша, әліпби жобасын құрастыруда Тіл білімі институты мен Тілдерді дамыту орталығы мамандарының пікірлері ескеріліп, оған қарапайым азаматтар да қатысқан.

Ерден Қажыбектің сөзіне сүйенсек, Парламентте таныстырылған жаңа латын әліпбиін институт қызметкерлері мен сарапшылар бірауыздан қолдаған. Ол осыған байланысты әліпби жобасын қазақстандық ғалымдардың ортақ пікірі ретінде қабылдауды сұрады.

Отырыс барысында халық қалаулылары мен белгілі саясаткерлер, зиялы қауым өкілдері, ғалымдар, сарапшылар мен тіл мамандары, қоғамдық ұйым мүшелері жаңа әліпбидің жобасын әзірлеген мамандардың еңбектерімен таныстық.

ҚР Президенті өзінің «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласында 2017 жылдың соңына дейін жаңа графикадағы латын әліпбиінің бірыңғай стандартын қабылдауды, ал 2018 жылы оқу әдебиеттерінде дайындықты бастау міндетін қойған болатын. Парламенттік тыңдау қорытындысы бойынша Елбасы тапсырмасына орай тиісті ұсынымдар қабылданады деп ұйғарылды.

(2-бетке назар аударыңыз).



EXPO 2017 • Future Energy • Astana Kazakhstan

Бес жылдан бері қазақстандықтардың басты назарында болған, баламалы энергияның ерекше мүмкіндігін мүлде басқа қырынан көрсетіп үлгерген «ЭКСПО – 2017» көрмесінің де жабылу салтанаты өтті. Әлемнің түкпір-түкпірінен жиналған түрі бөлек болса да жүрегі ортақ, тілегі телегей жандар иық тіресіп тұрып, осы бір маңызды шараның сәтті аяқталғанына қуанышын білдірді. Әсіресе, көрме қалашығындағы көріністер көңіл қуантты. Үш ай бойы ауылын алысқа тастап, қазақ елінде жүрген шетелдіктер мен көрменің басы-қасынан табылған отандастарымыздың көңілдері шат. Олар көрменің жабылғанына емес, алға қойған мақсат-жоспардың ойдағыдай орындалғанына қуанышты.

ЕЛ ТАРИХЫНДАҒЫ ЕЛЕУЛІ КЕЗЕҢ

Жетісу
Қажет АНДАС

Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаев қазақстандықтарды осынау маңызды шараның сәтті аяқталғанына орай ыстық ықыласпен құттықтады.

Елбасы жиынға қатысушылар алдында сөйлеген сөзінде Астана мен елдің барлық өңірінің күш жұмылдыруының арқасында «ЭКСПО – 2017» көрмесінің табысты өткенін айтты. Нұрсұлтан Назарбаев көрменің Қазақстан экономикасын дамытуға мультипликативтік тұрғыдан оң әсер еткенін ерекше атап өтті. Елбасы атап өткендей, көрме аясында шағын және орта бизнестегі 1400-ден астам кәсіпорын құны 640 миллиард теңге болатын тауарларды жеткізуге және қызмет көрсетуге тапсырыс алды. Туристік сектор жандана түсті. Туроператорлардың қызметіне деген сұраныс 1,8 есе артса, бас қаладағы кәсіпкерлік субъектілерінің саны 10 пайыздан аса көбейді. Елорда бюджетіне қызмет көрсету саласынан түскен салық 1,2 есе өскен. Жалпы, ЭКСПО аясында 6 мыңнан астам түрлі іс-шара өткізіліп, әлемнің интеллектуалдық және технологиялық әлеуетін көрсетуге зор мүмкіндік берді. Мұнда жаңартылатын энергия көздері саласындағы 140-қа жуық ғылыми жаңалық көпшілік назарына ұсынылды. Сонымен қатар, ЭКСПО аясында қазіргі заманғы энергетикалық саясаттың басымдықтары жөнінде жаһандық диалог ұйымдастырылып, энергетика мен экология саласындағы заманауи проблемаларды шешуге арналған ұсынымдар әзірленді. Сондай-ақ, көрменің аяқталуы бірнеше ауқымды жаңа жобаларды бастауға мүмкіндік береді.

Елбасы айтқандай, Қазақстанның беделін асырып, елімізді әлемге танытқан көрме бұдан кейін де өміршеңдігін жоғалтпайды. Расында, үш ай бойы Астана қаласына қаншама елдің өкілдері келді, қазақ елін мүлде білмейтін жандар кең-байтақ жеріміздегі кеңпейіл халқымыздың қонақжайлығына тәнті болып қайтты. Болашақта атқарылатын келісімдер Арқа төсінде бекітіліп, атқарылуға жол алды. Мұндай кереметтерді санай берсек көп.

Әлем назарын аударған салмақты шараның салтанатын театрландырылған шоу аша түсті. Күрделі инженерлік, көркемдік және қойылымдық көріністер қолданылған ауқымды Hi-Light Show жарықтық иллюзиялар, графикалық проекциялар мен шынайылықты бір арнаға тоғыстырып, тамаша үйлесім тапты. Әуе гимнастикалары қозғалысымен бірге әуеде қалқыған көп тонналы декорациялар және үнемі кейіптенетін сахна көрме қонақтарына фантастикалық болашақ әлеміне сапар жасауға мүмкіндік берді. Көрменің жабылу салтанатының бас продюсері Борислав Володиннің айтуынша, шоуда көрмеде ұсынылған энергетика және технология саласындағы әзірлемелерді көрсетуге ерекше ден қойылыпты.

Басы. Жалғасы 3- бетте.

ЖАЙДАРМАН

СПОРТТЫҚ КЕШЕН бой көтереді

Бұл күнде тұрғындар саны шамамен 80 мыңға жуықтаған Талғар қаласында орталық «Жастар» стадионы салынып, пайдалануға берілгелі, әсіресе, спорттқұмар жастарға қолайлы жағдай жасалған. Аталған ауданда спортқа қызығушылар қатары артты. Бұл салада жетістікке жетіп жүргендер саны да аз емес. Тұрғындар саны жыл санап өсіп отырған талғарлықтар үшін тағы бір спорт кешенінің бой көтеретіндігі жағымды жаңалыққа айналуда.

Жаңа нысанға арнайы атбасын бұрған облыс әкімінің міндетін атқарушы Лаззат Тұрлашов құрылыс жұмысына жауапты мердігер компания басшылығымен кездесіп, жұмыстың жайымен танысты. Ақбас Алатауға жақын маңнан бой көтеретін жаңа спорттық-сауықтыру кешенінің құрылысына облыстық бюджеттен 759 млн. 600 мың теңге қаражат бөлініп, өткен мамыр айынан құрылысты бастап кеткен. Жалпы аумағы 2 гектар жерді құрайтын спорттық кешен заманауи үлгіде салынбақ.

– Негізгі үш блоктан тұратын нысанның бүгінде іргетасы қаланып, жертөлесі жасалды. Биылға 393 млн. 890 мың қаржы бөлінсе, соның 97,6 млн. теңге қаржысы игерілді. Нысан құрылысын 15 айда аяқтау жоспарланған. Жұмыс жоспарға сай атқарылуда, – дейді құрылыс жұмысына жауапты «Еламан» ЖШС-нің басшысы Әбдіғали Миразов.

Спорттық-сауықтыру кешенін сапалы етіп салып, белгіленген мерзімде өткізуді діттеген серіктестікте осы күні жиырмаға жуық жұмысшы еңбек етуде. Құрылысқа жұмылдырылған техника гүрілі тыным табар емес. Ауа райының қолайлылығын ұтымды пайдалануға ұмтылған құрылысшылардың қарқынды қимылы көңіл қуантады.

Келер жылдың жазында аталмыш спорттық-сауықтыру кешенінің пайдалануға берілетіндігіне іштей қуанып қайттық.

Ұ. БӨРІБАЙҚЫЗЫ.
Талғар қаласы.

КҮЗ БЕРЕКЕСІ

Миллиондар мекеніне айналған Алматы қаласының Жібек жолы көшесінің бойында облыс аудандарының атсалысуымен ауылшаруашылығы жәрмеңкесі ұйымдастырылды. Жылына екі мәрте өткізу дәстүрге айналған бұл ауқымды жәрмеңкеде ауылшаруашылығының 48 түрлі өнімі сауда сөрелеріне шығарылып, 180 млн. теңгеге саудаланды. Бұл көрсеткіш былтырмен салыстырғанда 10 млн. теңгеге артық.



ТҰТЫНУШЫЛАР ЛЕГІ толастамады

Жетісу
Ұлбосын ИСАБЕК

Жәрмеңке жұмысына облыс әкімінің орынбасары Серікжан Бескемпіров, Алматы қаласы ауылшаруашылығы басқармасының басшысы Айдын Керімбек, облыстық ауылшаруашылығы басқармасының басшысы Сексенбай Бекішов және барлық ауданның аталған салаға жауапты басшылары мен мамандары қатысты.

Жер жаннаты Жетісудың құнарлы топырағында өскен табиғи таза өнімді сатып алуға алматылықтар таңмен таласа келді. Қала базарларының бағасынан 20 пайызға арзан ет-сүт, көкөніс пен жеміс-жидек, бал мен балыққа деген сұраныс мол болды. Тіптен, бір талы 23 теңгеге бағаланған жұмыртқаға тұтынушылар ұзынсонар кезекке тұрды. Сөйтіп, бұл күні 30 мың дана жұмыртқа сатылды.

Қыстың қамын жасап алуды ойлаған қалалықтар қияр мен қызанаққа, сәбіз бен картопқа көп сұраныс тудырды. Ал жаңа сойылған ірі қара мен қой еті, тауық, балық өнімдері еш іркіліссіз саудаланды. Әсіресе, құрт-ірімшік, май мен кілегей, күбіде күрпілдей пісілген сары қымыздың иісі тәбетті ашты. Табиғи өнімнің қадірін білетіндер Райымбек ауданы, Кеген ауылынан келген «Бақдәулет» шаруа қожалығының иесі Рысхан Жұмашеваны айналып өте алмады.

– Жәрмеңкенің өткізілуін асыға күтемін. Себебі, сауда жақсы жүреді. Бүгін 150 литр қымыз, 40 келіге жуық құрт, осы мөлшерде май мен ірімшігімді алып келген едім, бірер сағаттың аралығында орталанып қалды, – дейді Рысхан апа.

Сауданың көрігін қыздырған ауылшаруашылығы жәрмеңкесіне Талғар ауданынан 14,6 тоннаның өнімі әкелініп, 4,5 млн. теңгеге саудалады. Қайта өңдеу ісін мықтап жолға қойған ауданның «Байсеркен-Агро», «Бекон» және «Макария» ЖШС-нің тауарлары жақсы өтті.

1100 гектар жерге бақ отырғызып, тамшылатып суару әдісімен мол өнім алуды жолға қойған атақты «Жаркент-Фрукт» ЖШС-нің шабдалысына сұраныс болды.

– Серіктестік жер көлемі жағынан республика бойынша ең ірі бақ өсірушілер санатында. Озық технологияға негізделген жеміс бағы өнімдерінің сапасы өте жоғары. Бір қызығы, биыл алғаш жеміс берген шабдалы сауда сөресіне шығарылысымен сатып алушылар сөмкесіне түсуде. Соған қарағанда, бұл жәрмеңкені қалалықтардың асыға күткені байқалады, – дейді Панфилов аудандық кәсіпкерлік бөлімінің бас маманы Қуандық Мұсабеков.

Қала мен ауыл арасына алтын көпір болған ауылшаруашылығы жәрмеңкесін бақылап қана қоймай, алыс-жақыннан тауарын арқалап келген шаруашылық жетекшілерімен, сатушылармен пікірлескен Серікжан Ісләмұлы Еңбекшіқазақ ауданының «Сапар» шаруа қожалығының иесі Ақлима Айтжановаңың сөзіне құлақ асты.

– Шаруа қожалығымызда 12 гектар жерге алманың 24 сорты өсіріледі. Жыл сайын Алматы қаласында өткізілетін «Алма» фестиваліне қатысып, 1-орынды иеленіп келеміз. 10 дипломымыз бар. Бірақ, осы алмамды тұрақты түрде сатуыма қолайлы жер таппай жүргенімді несіне жасырамын. Маған осы мәселені шешуге көмектесеңіздер, – деген өтінішін білдірді.

Алма өсірудің шебері атанған апаның бұл тілегін асықпай тыңдаған Алматы қаласы ауылшаруашылығы басқарамасының басшысы Айдын Жанұзақұлының мәселені бір демде шешіп беруі шаруашылық иесінің көңілін жайландырды.

– Алматы қаласы тұрғындарын табиғи таза ауылшаруашылығы өнімдерімен қамтамасыз ету мақсатында ұйымдастырылған жәрмеңкеге бұл жолы 180 млн. теңгені құрайтын 360 тонна өнім әкелінді. Жылдағыға қарағанда өнім көлемі 10 тоннаға артып отыр. Облыс әкімі Амандық Баталов ауылшаруашылығы жәрмеңкесіне белсене қатысушылар арасында байқау жариялағаны белгілі. Сондықтан да бұл жәрмеңкеге тұрақты қатысып, сапалы да құнарлы отандық өнімін ұсынған шаруашылық иелері қараша айының соңында байқау қорытындысы бойынша марапатқа ілікпек. Осыны ескерген барлық ауданның ауылшаруашылық бөлімдері белсенділік танытуда, – деді облыстық ауылшаруашылығы басқармасының ауылшаруашылығы өнімдерін қайта өңдеу және маркетинг бөлімінің басшысы Талғат Алыбаев.

Сарыала күзде әр шаңырақтың ырысын тасытып, берекесін арттыратын ауылшаруашылығы жәрмеңкесі осылайша қызу өтті. Бұл күнгі жәрмеңкеге сатушы да, сатып алушы да риза болды.

Алматы қаласы.

Тәуелсіздік – біздің мандайға басқан бағымыз!
Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ.

Жетісу

АЛМАТЫ ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ, ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ГАЗЕТ

Газет 1918 жылғы маусымнан шығады

WWW.Zhetysu-gazeti.kz

Jetisu2002@mail.ru

№ 49 (18325)

Бейсенбі, 4 мамыр, 2017 жыл.

МЕРЕКЕ ШУАҒЫ

ТАЛДЫҚОРҒАНДА БІРЛІК КҮНІ НҰР ЖАУДЫ. ШАҺАР ТҰРҒЫНДАРЫ ЖАУЫННЫҢ СЕБЕЛЕУІН ЖАҚСЫЛЫҚҚА БАЛАДЫ. ӘУЕЛЕГЕН ӘН ЖИНАЛҒАНДАРДЫҢ КӨҢІЛІН КӨТЕРДІ. «ЖАСТАР» САЯБАҒЫНДА БАС ҚОСҚАН ҚАУЫМ БІР-БІРІН МЕРЕКЕМЕН ҚҰТТЫҚТАП, ӘСЕМ ӘННІҢ ЫРҒАҒЫНДА БИ БИЛЕДІ. ТҮРЛІ ЭТНОС ӨКІЛДЕРІНІҢ ҚОЛӨНЕРШІЛЕРІ КӨРМЕ ҰЙЫМДАСТЫРДЫ.



Суреттерді түсірген Д. ЕРОФЕЕВ.

БІР ШАҢЫРАҚ АСТЫНДА

Жетісу
Гүлжан ТҰРСЫН

Сахнадағы лед-экраннан мерекені айшықтайтын көрініс көрсетілді. Ортадағы үлкен шаңырақтан түрлі-түсті ленталар төмен қарай төгіліп тұрды. Мұндағы шаңырақ қазақ елі ретінде бейнеленді. Уықтар қара шаңыраққа шаншылып тұр. Бұл – еліміздегі 130 ұлттың бірлігінің көрінісі. Бірлікті ұлықтап, ынтымақ пен татулықты әспеттейтін күні барша халық мерекелік көңіл-күйге бөленді.

Қала тұрғындары мен қонақтарын Талдықорған қаласының әкімі Бағдат Қарасаев құттықтап, бірлігі бекем, ынтымағы жарасты елге бақыт тіледі.

– Баршаңызды Қазақстан халқының бірлігі мерекесімен шын жүректен құттықтаймын! Бұл мереке сындарлы да баянды салиқалы мемлекеттік саясаттың және халқымыздың айрықша татулығының арқасында бірліктің нышаны мен елжандылықтың үлгісіне айналды. Туымыз көкте желбіреп, Гимніміз әлем мінберінің төрінде шырқалғанда әрбіріміздің жүрегімізді мақтаныш сезімі кернейді. Біздің этномәдени орталықтарымыз қандай да болмасын мәденикөпшілік, бұқаралық шараларда өзгеге үлгі болып, ел бірлігіне ұйытқы болуда, – деді қала басшысы.

Орталық сахнада Сүйінбай атындағы филармонияның «Алтынай», «Солнышко», «Туған тел», «Шағала», « Ачимноуль» халықтық ән-би ансамбльдері мен жеке әншілер өнер көрсетті. Мереке көрігін «Талдықорған әуендері», ансамблі мен «Өнерім – өмірім» республикалық фестивальдің жеңімпаздары қыздырды. Әр ұлттың танымал әндері орындалғанда жиналған қауымның делебесі қозып, төтеп тұрған жауынға қарамай айнала билеп кетті. Мерекеде қыдырыстап жүрген қала тұрғыны Аида Әлімбердиева:

– Қазақстан – біздің ортақ Отанымыз. Осы жерде өсіп-өндік. Білім алдық. Балаларды үйлендірдік. Құдажекжатымыз қасымызда. Береке-бірлікте ғұмыр кешіп жатырмыз. Міне, бірлік күнінде көпұлтты ел тұрғындары бірге той тойлап, шаттық күйін шертуде. Береке-бірлігіміз шайқалмасын. Бақыт дегеніміз – Отанның тыныштығы, – деді ол ағынан жарыла.

Мерекеде Жетісу жерінде мекен ететін этномәдени орталық мүшелері ұлттық киімдерін паш етті. Баршаның айтатыны – берекелі де баянды, татулықта өмір сүру. Ел-жұрттың амандығы. Мәдени көрмелер әрбір ұлттың салт-дәстүрін жаңғыртуына, тілі мен әдебиетін дамытуына қамқорлық көрсететінін байқатты. Оны мерекеге жиналғандардың өз ауыздарынан да естідік.

Мәселен, Татьяна Криворучко: «Мен украин халқының өкілімін. Қазақ жерінде туып-өстім. Өмірімді, болашағымды осы жермен байланыстырамын. Мен Қазақстан халықтары Ассамблеясының құрамында еңбек етемін. Мұнда әр елдің тілін, дәстүрін құрметтеуіне, үйренуіне мол мүмкіндік жасалған. Ұлттық мерекемізді ұйымдастырып, басқалармен тереземіз тең өмір сүріп жатырмыз, – дейді қуаныштан бал-бұл жанып.

Елдің ішкі саяси тұрақтылығын сақтау осында мекен ететін ұлттардың парасаттылығымен тікелей байланысты. Сондықтан, бір-бірімізді бауырлас, көрші, тағылымды әріптес ретінде құрметтеу – басты парыз. Сөйтіп, Талдықорғандағы татулық мерекесінде бірлігіміздің жарастығы салтанат құрды.

Кешке жақын жаңбыр саябырсыды. Жастар саябақта би кешін өткізді. Татулық пен бірлік бар жерде көңіл-күй де көтеріңкі. Үлкендер аулаларда қыдырыстап, бозбала-бойжеткендер демалыс орындарын бетке алды. Көпшіліктің көңілінде ел аман, жұрт тыныш болса екен деген бір ғана тілек тұрды.

* * *

Қазақстан халқының бірлігі мерекесі облыстың жер-жерінде аталып өтті. Этномәдени орталықтар мәдени-көпшілік, бұқаралық шараларда өзгелерге үлгі көрсетіп, ел бірлігі мен тірлігіне ұйытқы болуда. Ортақ мақсатымыз – берекелі де баянды, тату-тәтті ғұмыр кешу. Бүгінгі бақуатты өміріміз – ортақ Отанымызға деген сүйіспеншілік пен алдағы күнге деген сенімнің жемісі.

● *Жыр-шашу*

Татулықтың тұмары

Жарастырып барша халық бірлігін,
Нұрын төккен ынтымақты күн бүгін.
Ай-жұлдызым жарқырап тұр көгімде,
Татулықтың әнін шырқап бұлбұлым.

Бірге соғып барша халық жүрегі,
Орындалған асқақ арман, тілегі.
Мекендеген бір шаңырақ астында
Сауық құрып бірге ойнап, күледі.

Байлық, бақыт ынтымақпен үйлескен,
Тату-тәтті, қызықты да бір кешкен.
Арманы жоқ Қазақстан халқының
Бір кісінің баласындай бірлескен.

Ұлы далам құшағы кең ашылған,
Күн күлімдеп, нұр шуағы шашылған.
Әз халқымның қуанышын еселеп
Биіктетіп мәртебесін асырған.

Бірге шырқап Тәуелсіздік жыр әнін,
Қастерлеген татулықтың тұмарын.
Желбіретіп көк байрақты көтеріп
Салтанатпен сап түзеп тұр ұланым.

Тәуелсіздік – мақтанышы, айбыны,
Бірлік деген басты мақсат байлығы.
Достық әнін бірге шырқап қуанып
Сәуле шашып, жарқырайды ай нұры.

Жасыл желек жайнап өсіп көктеген,
Білім іздеп биіктерге беттеген.
Татулық пен ынтымақтың арқасы –
Армандарға қол жеткіздік көптеген.

Бақтығали МЕЙРАМБЕКҰЛЫ.

Балқаш ауданы.



СЕССИЯ

Облыстық мәслихаттың кезектен тыс XV сессиясы өтті. Басқосуға облыс әкімінің орынбасарлары, облыс әкімдігі аппаратының басшысы, облыстық сот, прокуратура, басқармалар мен департаменттердің өкілдері, аудандық және қалалық мәслихат хатшылары қатысты. Төраға, облыстық мәслихат депутаты А. Сүлейменов күн тәртібінде қаралатын Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясының 2017 жылғы 28-сәуірдегі «2017 жылғы 28-маусымға тағайындалған Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаттарын сайлауды әзірлеу мен өткізу жөніндегі негізгі іс-шаралардың күнтізбелік жоспары туралы» №9/157 қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаттығына кандидатты ұсыну ережесімен таныстырды.

ЖЕТІСУЛЫҚТАР сенім артты

Жетісу
Еңлік КЕНЕБАЕВА

ҚР Парламенті Сенатының депутаттығына кандидатты ұсыну үшін облыстық мәслихаттың депутаты Ғалиасқар Сарыбаев сөз алды. Ол ҚР Парламенті Сенатының депутаттығына Нұрлан Қылышбаевтың кандидатурасын ұсынып, оның қысқаша өмірбаянын айта келе, халық пен билік арасына алтын көпір орнатып, ел дамуы жолында жемісті еңбек етіп жүрген мемлекеттік қызметкердің жеткен жетістіктеріне тоқталды. Күн тәртібінде қаралған мәселе бойынша облыстық мәслихаттың депутаты Ызғарбек Бектұрсынов сөз алып, өз пікірін білдірді. Ұлттық мәдениет сақталмаса, ешқандай жаңғыру болмайтындығын алға тартқан мәслихат депутаты елдігімізді сақтау тек өзіміздің қолда екенін тілге тиек етіп, ұсынылған кандидаттың алдағы уақытта ел болашағы жолында аянбай қызмет ететініне сенім білдірді. Облыстық мәслихаттың депутаттары Виктор Хильниченко, Серік Мұқанов Нұрлан Наурызұлының іскерлігі мен адами қасиеттеріне тоқталып, Ұлт Көшбасшысы берген нақты тапсырмаларды орындауда осындай азаматтарға жауапты міндет жүктелетінін жеткізді. ҚР Парламенті Сенатының депутаттығына кандидат болып Нұрлан Наурызұлы Қылышбаев ұсынылсын деген пікірге облыстық мәслихаттың депутаттары бірауыздан дауыс берді.

Осы уақытқа дейін лауазымды қызметті абыроймен атқарып келген Нұрлан Қылышбаев сенім артқан жетісулықтарға алғыс айтты.

– Өмірдегі ең үлкен жетістік – халықтың батасын алу. Маған сенім артқандарыңызға алғысымды білдіремін. Тәуелсіз еліміздің өсіп-өркендеуі жолында аянбай тер төгуге дайынмын. Осы уақытқа дейін жинаған тәжірибемді пайдаланып, еліме адал қызмет етемін деп сөз беремін, – деді ол.

Сессияның күн тәртібіне енгізілген мәселе бойынша ҚР Парламенті Сенатының депутаттығына кандидат ретінде Нұрлан Қылышбаев ұсынылды.

ЖӘРМЕҢКЕ

Сатушы да, алушы да риза

КӨПҰЛТТЫ ХАЛҚЫМЫЗДЫҢ ЫНТЫМАҒЫ МЕН БІРЛІГІН ПАШ ЕТЕТІН 1 МАМЫР МЕРЕКЕСІ ҚАРСАҢЫНДА ОБЛЫС ТАУАР ӨНДІРУШІЛЕРІНІҢ АЛМАТЫ ҚАЛАСЫНДАҒЫ ЖӘРМЕҢКЕСІ ҰЙЫМДАСТЫРЫЛДЫ.

Жетісу
Ұлбосын ИСАБЕК

Мерейлі мереке қарсаңында алып шаһардың «Астана» алаңына арнайы шатырлар тігіліп, облысқа қарасты қалалар мен 16 ауданнан жеткізілген 200 тоннадан аса ауылшаруашылығы өнімдерін саудалаудың сәті түсті. Сол күні тәулік бойы толассыз жауған жаңбыр да дамыл тауып, тұрғындардың сауда-саттық жасауына қолайлы жағдай туды.

Дала мен қала тұрғындарын дидарластыратын жәрмеңкені тұтынушылардың тағатсыздана күтері анық. Оған, ең алдымен, азық-түлік өнімдерінің табиғи таза қалпында келетіні себеп болса, екіншіден, нарық бағасынан 20 пайызға арзан саудаланатынына қызығушылық басым.

Базарға қалалықтар қолардасын сүйретіп, енді бірі қолдорбасын көтеріп ертемен ағылды. Қатар-қатар сап түзеген сауда сөрелері Жетісудың құнарлы топырағында өсіп-өнген көкөніс түріне, ең бастысы, табиғи таза ет-сүт өнімдеріне қайысқан. Мұнда азық-түліктің алуан түрі сатылымға шығарылған. Айталық, бүгінде бағасы күрт көтерілген сиыр мен жылқы еті бағасының 1300-1500 теңгеден аспауы сатып алушылардың қатарын көбейтті.

– Жасыратыны жоқ, қазіргі кезде «етке сойылатын малды бордақылауда түрлі дәрілік қоспалар қолданылады» дегенді жиі еститін болдық. Оған қоса, базардағы ет бағасы да қымбаттап кетті. Ауылдық жерлерден келетін тауар өндірушілердің жәрмеңкесіне арнайы келіп, ет сатып алуды дағдыға айналдырғанымын. Шөбі шүйгін таулы өңірде өскен малдың еті семіз болмайды. Қазіргі балалар аса майлы етті сүйсініп жемейді, – деп ағынан жарылған Валерий Ақжолов ағамыз бірден 30 келі етті сатып алды.

– Тұтынушылары мол қала орталығында ұйымдастырылған бұл жәрмеңкенің өнім өндірушілерге тигізер екіжақты пайдасы бар. Біріншіден, ауылшаруашылық өнімдері делдалсыз саудаланса, екіншіден, өнімді еш кедергісіз өткізу мүмкіндігі молаяды. Міне, Сарқан ауданы Екіаша ауылында жылжай шаруашылығымен айналысатын жеке кәсіпкер Мейірхан Оспанов осы күні иісі танауды жаратын қызанақ, қияр, редискасы бар жарты тонна өнімін саудалады.


Ал Балқаштың балығының бағасын білетін тұтынушылар Құйған ауылынан әкелінген көксерке, сазан, жайын, мөңке, жыланбас сынды 1 тонна балықты түс болмай-ақ орталап тастады. Аталған өңірдің ақмаржан күрішіне де сұраныс артты.

Сапырылған сауда алаңында Ақсу ауданының тауар өндірушілерінің өнімдері де қызу саудаланды.

– Бүгінгі жәрмеңкеге ауданымыздан барлығы 5 млн. теңгенің өнімі жеткізілді. Тарқатып айтсақ, 9 бас ірі қара, 8 жылқы және 30 қойдың еті мен көкөніс түрі саудаға шығарылды. Кешегі қалың жаңбырдан кейінгі ауа райының қолайсыздығына қарамастан сауда қыза түсуде. Жәрмеңкеге ауданның алдыңғы қатардағы «Амирова Ш» шаруа қожалығы 2 бас ірі қара мен 1 жылқы әкелді. Мал бордақылаумен айналысатын шаруашылық қайта өндеу ісін де дамытып келеді. Сауда сөресінен орын алған бұқтырылған қой, тауық еті соның дәлелі. Жалпы, жәрмеңкеге жеткен тауардың толыққанды өтетіндігіне еш күмәніміз жоқ, – деді Ақсу ауданы әкімінің орынбасары Есім Базарханов.

«Жуанның жіңішкеріп, жіңішкенің үзілер шағы» деп бейнелейтін көктемнің көкөзек уақытында құнарлы тамақтанудың адам денсаулығына тигізер пайдасы орасан зор. Бұл орайда, етпен қатар сүт, ірімшік, құрт-майдың да алар орны ерекше екендігін ескерген тұтынушылар табиғи ет-сүт өнімдерін көкөніс, бал, балық түрімен толықтырып, сауда алаңынан көңілдерін тоғайтып тарқасты.

Алматы қаласы.



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ ЖАРЛЫҒЫ

Үзінді

Көп балалы аналарды «Алтын алқа» және «Күміс алқа» алқаларымен наградтау туралы

ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:

1. Жеті және одан да көп бала туып, тәрбиелегені үшін мына аналар «Алтын алқа» алқасымен наградталсын:

Алматы облысы бойынша

Баимуханова Айжан Ермухамбетовна – үй шаруасында, Балқаш ауданы
Дараева Саниям Смаиловна – үй шаруасында, Панфилов ауданы
Жумабаева Феруза Сундетбаевна – үй шаруасында, Талғар ауданы
Жумабаева Халима – үй шаруасында, Жамбыл ауданы
Жумагулова Акмарал Ондагановна – үй шаруасында, Қарасай ауданы
Көрім Зулайха – үй шаруасында, Қарасай ауданы
Кенжалиева Балшекер – үй шаруасында, Қарасай ауданы
Керимбаева Армангул Сарсеновна – үй шаруасында, Ұйғыр ауданы
Мажай Ауесхан – үй шаруасында, Талдықорған қаласы
Марсыбаева Куралай Манатовна – үй шаруасында, Кербұлақ ауданы
Мирсалова Ливазе – үй шаруасында, Қарасай ауданы
Поцукова Наталья Николаевна – үй шаруасында, Сарқан ауданы
Рахметова Жадыра Жанабыловна – үй шаруасында, Еңбекшіқазақ ауданы
Самарханова Айжан Самархановна – үй шаруасында, Қарасай ауданы
Саркарова Анжелика Салаватовна – үй шаруасында, Текелі қаласы
Утебалиева Жанар Амангелдиевна – үй шаруасында, Қарасай ауданы
Шыныбаева Сауле Балтаевна – үй шаруасында, Қарасай ауданы

2. Алты бала туып, тәрбиелегені үшін мына аналар «Күміс алқа» алқасымен наградталсын:

Абдухамитова Зарина Асановна – үй шаруасында, Ұйғыр ауданы
Абдүмүт Гүлсара – үй шаруасында, Сарқан ауданы
Абдыкаимова Айбике Полатбековна – үй шаруасында, Қарасай ауданы
Абилханиева Шолпан Болатовна – үй шаруасында, Талдықорған қаласы
Айша – үй шаруасында, Текелі қаласы
Атамкулова Каракас Ержановна – үй шаруасында, Талғар ауданы
Ахмет Думангүл – үй шаруасында, Еңбекшіқазақ ауданы
Ахметжанова Шынар Калькенкызы – үй шаруасында, Талдықорған қаласы
Ахметова Жанар Патиховна – үй шаруасында, Еңбекшіқазақ ауданы
Ахметова Сауле Кумарковна – үй шаруасында, Іле ауданы
Аяпова Алма Амандыковна – үй шаруасында, Іле ауданы
Багадиева Арайлым Сандибаевна – үй шаруасында, Ұйғыр ауданы
Базарбай Баян – үй шаруасында, Сарқан ауданы
Байболова Назира Тынышбековна – үй шаруасында, Балқаш ауданы
Байгабулова Салтанат Орынбаевна – үй шаруасында, Қарасай ауданы
Байтокова Ботагоз Сейсембеккызы – үй шаруасында, Балқаш ауданы
Джанабергенова Акзер Кабуловна – үй шаруасында, Қарасай ауданы
Ерманова Райхан Бердаковна – үй шаруасында, Еңбекшіқазақ ауданы
Есенгулова Айнур Смагуловна – үй шаруасында, Талдықорған қаласы
Есжанова Эльмира Мухаметжановна – үй шаруасында, Ұйғыр ауданы
Ескендір Күлімхан – үй шаруасында, Сарқан ауданы
Жунусова Калия Ильясовна – үй шаруасында, Талғар ауданы
Ибрагимова Алмагул Асылбековна – үй шаруасында, Қарасай ауданы
Касымова Анара Жангазиевна – үй шаруасында, Қапшағай қаласы
Көкеш Жақылхан – үй шаруасында, Текелі қаласы
Когембаева Мира Сериковна – үй шаруасында, Қапшағай қаласы
Кошер Хадиша – үй шаруасында, Қарасай ауданы
Курбантаева Гулжахан Кылышбековна – үй шаруасында, Қарасай ауданы
Күлжан – үй шаруасында, Текелі қаласы
Мекенбаева Алтынай Керимбековна – үй шаруасында, Қарасай ауданы
Мукажанова Лаззат Сатыбалдиевна – үй шаруасында, Балқаш ауданы
Мырзагалиева Алия Карасаевна – үй шаруасында, Жамбыл ауданы
Надирбаева Калдыкуль Кенесовна – үй шаруасында, Балқаш ауданы
Нургазиева Гулбану Болатбаевна – үй шаруасында, Ұйғыр ауданы
Омарқанқызы Нұршала – үй шаруасында, Еңбекшіқазақ ауданы
Омарқызы Айшахан – үй шаруасында, Еңбекшіқазақ ауданы
Оралхан Мерикан – үй шаруасында, Қаратал ауданы
Отынчиева Жанар Назартаевна – үй шаруасында, Қарасай ауданы
Рыспаева Индира Маратовна – үй шаруасында, Сарқан ауданы
Садикова Нигара Юлдашевна – үй шаруасында, Ұйғыр ауданы
Серикбаева Гульмира Абдуманатовна – үй шаруасында, Балқаш ауданы
Ташкожаева Дельфуза Рахматкожаевна – үй шаруасында, Ұйғыр ауданы
Тилеухабыл Жанерке – үй шаруасында, Талғар ауданы
Толейбаева Бибигуль Карасаевна – үй шаруасында, Ұйғыр ауданы
Тохтякова Сахибям Гайратовна – үй шаруасында, Ұйғыр ауданы
Турдиева Саням Рашидиновна – үй шаруасында, Еңбекшіқазақ ауданы
Түсіпхан Қадуан – үй шаруасында, Текелі қаласы
Хабибулла Сад Гуль – үй шаруасында, Қарасай ауданы
Хамаева Аида Зикраҳуновна – үй шаруасында, Ұйғыр ауданы
Шалдыбекова Анар Бактыбаевна – үй шаруасында, Ұйғыр ауданы
Шорман Бақытгүл – үй шаруасында, Еңбекшіқазақ ауданы

3. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының Президенті Н. НАЗАРБАЕВ.

Астана, Ақорда, 2017 жылғы 5 сәуір
№ 455

АЛМАТЫ ОБЛЫСТЫҚ АУМАҚТЫҚ САЙЛАУ КОМИССИЯСЫ

Орталығы: Талдықорған қаласы, Тәуелсіздік көшесі, 38, тел. 246836, 247046.

Комиссия төрағасы – **Даутов Тимур Ермекұлы;**

Комиссия төрағасының орынбасары – **Құрманғалиев Асқар Жанабайұлы;**

Хатшы – **Байтасова Бижамал Әбенқызы;**

Комиссия мүшелері – **Жылқайдаров Шырақбай Ғалымбайұлы, Қаңтарбаев Құдайберген Сәрсенбайұлы, Нүсіпова Бақытгүл Темірханқызы, Кәрімов Ержан Кернейұлы.**

Құрметті ұлттық ат спортының жанкүйерлері!



2017 жылғы 9 мамыр күні сағат 12.00-де облыстық «Талдықорған» ипподромында Жеңіс күніне арналған ұлттық ат спорты түрлерінен республикалық жарыстар өтеді.

Жарыс бағдарламасында: 3 шақырымға тай жарыс, 9 шақырымға құнан бәйге, 15 шақырымға топ бәйге, 7 шақырымға жорға аттар жарысы, 21 шақырымға Аламан бәйге және көкпар жарыстары ұйымдастырылады. Бәйгенің барлық түрінен жүлдеге ақшалай сыйлықтар тігіледі.

Жарысқа қатысуға сұраныстар мекемелер мен жеке адамдардан қабылданады. Жарыстың барлық түрлеріне жазылу: Талдықорған қаласы, Желтоқсан көшесі № 222 үй, 304, 307 бөлме, тел: 8-7282 25 35 82, 25-39-45, 25-64-08 (факс).

Келіңіздер, көріңіздер!!!

ҰЙЫМДАСТЫРУ КОМИТЕТІ.

شركن ، جاستىق نه دەگەن كوركەم ەدىك ،

سويلەسەك اعلاشىنشا اسقاق ۇنەمەن ،

انداس ومارات ۇلى

كنار اتار

(جەلبىلەس ونەگەر)



ابايلا دوس

اباقتاس ەك بىرگە وسكەن ارمان قۇيىپ ،
لاي تەرگەن راۋعاش تاۋدان ٴجۇرىپ .
ل ەدىك ، وندا ٴبىز سىرلاس ەدىك ،
لپارىنا ارماننىڭ سالعان قۇرىق .

اماۋشى ەك ٴوزارا جالعان كۇلىپ ،
لعاندىردى ەندىگىڭ قايران قالىپ .
ى توستىڭ نۇسىرەر ٴبىر توقتىدان ،
ر «ونەردى» العانىڭ قايدان ٴبىلىپ .

تەرگەنىڭ قاپ ەمەس ، قالتالاعان
ساداعى جەڭىل جۇك بارشاعا ايان .
يدانىڭ بوپ قاپسىڭ اينەگىنەن ،
قىرىنا قارايتىن تارپاڭ ادام .

ٴىنسى جەيدەمنىڭ تارقاماعان ،
سمدا كوپ جۇك بار ارقالاعان .
يتانشاقتا سوندادا قولىم جەتپەي ،
نىمقتا كەلەمىن قانشالاعان .

سمىڭدى باسقادان اسىرىپ كىل ،
ي عانا بوپ العان باسىڭ ۇشكىر .
نىرماي دوستارعا مۇندايىڭدى ،
اس بەينەڭ بۇرىنعى جاسىرىپ تۇر .

ەمداعى الماپىن شامدانىرىپ ،
اقتاس ەك بىرگە وسكەن ارمان قۇيىپ .
لدىڭ جاراسپاس ، ابايلا دوس
سىپ جىعىپ كەتپەسىن اينالدىرىپ .

كيەسى اتىپ كەتەر ـ اۋ

ۇلەرمەن كيكىلجىڭ جاعالاسىپ ،
سىپ ەتكەن باسقاعا ارتان اشىپ .
كى ، ون ٴۇش جاستاردا ەكى ـ ٴۇش بالا
ۇزعا شىعىپتى ارالاسىپ .

كتىرىپ وتىرعان قالىڭ ەلدى ،
ەلەك ٴيت ٴيىسشىل تاعى كەلدى .
قان كورگەن مىسىقتاي تورۇلداپ
كە الدى ايەلدەر ، كارىلەردى .

گىنە جەلبەگەي شاپان ٴبىلىپ ،
ەلەيدى يمىقتاپ باسا ٴجۇرىپ .
ـ جوعىن ەك تۇيكى قالتاڭدا دا ،
اقاي قول ٴبىر سيپاپ جاتادى ۇيىمپ .

سكىلەپ قاراشى اينالاسىن ،
سىنە شاڭ جۇقپاس تاڭداناسىڭ .
جاعىمنان كەتەر دەپ قاعىپ ـ جۇلىپ ،
التاڭدى سيپالاپ قامدانىپسىڭ .
ەردى وزىنشە ەرمەكسىنىپ ،

وتىر ەدى ٴبىر ادام سەرگەك كۇلىپ .
ٴسال سۇيكەنىپ قالعانداي بولىپ ەدى ،
قالشىلدادى قالعانداي بەزگەك بۇىپ .

ۇرىلعانمەن لمال نە جارعا باسىڭ ،
لق پۇلىڭدى الدىرىپ زار قاعاسىڭ .
جونەلەدى ولجالى جالىگۇرىم ،
ٴبىر بەكەتتە كورسەتپەي ماڭ قاراسىن .

قالتاشىلار تويىمسىز جۇمىپ كوزىن ،
كەتسە داعى دايار اس جيىپ تەگىن .
شەمەن بولىپ بايلانىپ جۇمىرىنا
كيەسى اتىپ كەتەر ـ اۋ تۇنىق تەردىڭ ؟

اتقارايىق اتا سالتىن

قالتا تولىپ قۇتاپ قالار ،
وتكەندە ايتىپ قىز جاق حابار .
الدىن ال «سەلت ەتكىزۇ» ،
وتكىزبىلگەن «سىرماق قاعار» .
ەندى قۇدا شاقىرىلىپ ،
لراق سۇداي ساپىرىلىپ ،
اقسارباستار باۋىزدالدى ،
مۇرتتار مايعا ماتىرىلىپ .
لزىرىنشە قالىڭ مالعا ،
ريزا بول باردىڭ ال دا .
تىرشىلىكتى پەندەمىن عوي ،
قيمىلدارمىن جانىم باردا .
قۇلدىق ۇرا جاپىرىلىپ ،
بار تاپقانىن جاتىر ٴۇيىپ .
كەكىرەيگەن قۇدا الدىندا ،
ارىسكىنىز باسىن ٴيىپ .
قوس قاراگەر ، كۇرەڭ جورعا ،
جارادى ارەڭ بىرەر جولعا .
جۇلدىق باسى كىلەم ، موتو ،
تاعىلدى ۇكى بىلەم زورعا .
التىن سىرعا ، التىن ٴجۇزىك ،
قىمبات القا التىن ٴبىلىپ .
الۋان اسىل پازلاستىرىپ ،
كيىم كەلتىر ايتۇلى قىپ .
ٴتاپسى قوزسا ەسە كەلىپ ،
ار ـ ۇياتتان كەتەدى ەرىك .
قىزدىڭ قۇنى «قىرىق قارا» ،
بەرىلدى بەس ەسەلەنىپ .
قىز جاق كەتتى قىراڭ اسىپ ،
ۇل جاق قالدى تىراڭ اسىپ .
وتىرعىزدى تاقىر جەرگە ،
كورگەن قىرىق قۇدالاسىپ .
ويلاماڭىز ٴبوستى دەپ شىن ،
كەپ تۇرالىن كەسكىلەسكەڭ .
كوپ سۇمبىقتار كورىلمەگەن

تۇنداپتى ەستىمەپپىن .
جوق تۇسقان سال سارايقا ،
قارا جاڭا شار تارپىقا .
ۇل دا ٴوز بالاڭ ، ٴوز ٴوريىسىڭ ،
ۇيىم ـ مۇڭ ارقالاتپا .
سالتىنان اتاپ كەتسەڭ ەگەر ،
جۇرت قارعىسى دەرت بوپ ونەر .
اتقارايىق اتا سالتىن ،
تەگىن تاپسا ، تەككە بەرەر .

الا ياقتار

بايگە بولار جىلقىنىڭ الا ياعى ،
دەيتىن ٴبىر ٴسوز جادىمدا بايا‌عى ٴالى .
ادامنىڭ دا سوندايىن كەزىكتىرىپ ،
تۇسىنبەگىم تەرەڭدەپ بارادى ٴارى .

مۇمكىن سولار ادامدا الا ياق پا ،
كۇن ـ كۇن سايىن كەنەلەر جاڭا باقتا .
وراق ورمايى ، ٴبىر مەزەت بەل اۋىرتپاي ،
ەلدەن ەرەك بوگەدى دايار اسقا .

جەل اۋىزى جەلپىنبەي تۇرا المايدى ،
جىمىسماسىن سىرتقا تۇك شىعارمايدى
تومەنگىنى نەعارلاپ ، جوعارىعا
بۇرالقى يتتەي قىڭسىلاپ بۇلاڭدايدى .

قان شىعارماي ماقتامەن باۋىزدايدى ،
سۇ باسىنىڭ تۇنىعىن اعزىبايدى .
بۇگىن دوس بوپ ، باسقا ٴىس تۇسسە ،
ٴبىر تامشى ٴنار اۋىزىڭا تامىزبايدى .

ساقتانىڭدار ويى بار ازاماتتار ،
وندايلارعا تاعسلار جامان ات بار .
قۇ باسىنان قۇيرداقتىق ەت الاتىن ،
الاستالسىن ارادان الا ياقتار .

اعلا قالامىنان